

Жанат Ахиади

Мектілік
тегеуріні

Этнографиялық
ролан



ӘОЖ 821.512.122-31
ҚБЖ 84(5 Қаз)7-44
А 94

А 94

Жанат Ахмади.

Тектілік тегеуріні: Этнографиялық роман. /Жанат Ахмади.
Алматы: «Жас-Ай» медицина орталығының «Медиа»
баспасөз қызметі. 2016. 348 бет.

ISBN 978 – 601 – 06 – 3620 – 0

Көрнекті этнограф-жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Алматы облысының және Жамбыл ауданының «Құрметті азаматы» Жанат (Жәнетхан) Ахмадидің «Тектілік тегеуріні» аталған бұл романы шығарма оқиғасына орай бірнеше кезеңді қамтиды. Атап айтқанда, көшпенді қазақ заманы, онан соңғы Қытай компартиясының кезеңі және күретамыр кейіпкер Жасан Зекейұлының шығу тегі, әрі оның Қазақстанда «Жас-Ай» Шығыс Тибет медицина орталығын құрудағы ерен еңбегі сөз болады.

Роман тіл өрнегі әр заманның адамдарына лайықты айшықпен суреттелген. Ол көшпенді кездегі Тоқтық би, Уәйіз зәңгі, Шәріпхан төрелер сияқты қазы-би, шешендердің тапқыр, бейнелі сөз орамдарынан, афоризмдік тіркестерінен айқын көрініс береді.

ӘОЖ 821.512.122-31
ҚБЖ 84(5 Қаз)7-44

ISBN 978 – 601 – 06 – 3620 – 0

© Алматы, 2016
© Ахмади Ж., 2016.

Шектілік
тегеуріні





СӨЗ БАСЫ

Ақ бұлағы бал татып, ақ шабағы май татыған Іле, Алтай, Тарбағатай – үш аймақ. Жайлаған халқы төрт босағасы төр болған, төрт құбыласы тең болған, күні шуақты, қонысы суатты, өрісі малды, дастарқаны майлы, көшіп-қонған ел еді. Төрт түлік мал қасиетінен төрт тұрманы сай келіп, ырысы асып төгілген көшпенді жұрт өмір сүріп жатты. Бір сүріндіріп, екі сүйіндіріп; әдепті жігіт, көргенді ұл өсірген келелі кеңес қарты бар, бір күйіндіріп, екі сүйіндіріп қылықты қыз, құлықты келін өсірген, кермиық, кемел бәйбішесі бар, өзінше жатқан қауым еді. Әйелі ерімен, ері елімен ойласқан, ақ қалпақты атасы мен ақ жаулықты әжесін пір тұтынған, ұялы тамыр, ордалы ел көшпенді қазақ болатын. Орманды өңір, тұрманды тұрмысы бар жұрт еді.

Әр ауыл есті басшыға бағынып, бай-кедейі білінбеген ымыралы ел жайлауға қарай ыңыранып көшіп, мыңғырған малмен маңғыстап жылжып, мамырлап қонушы еді.

Дауыл келсе алты қанат ақ үйге өрнек құрдан арқан салған, дау келсе ердің құнын екі ауыз сөзбен мойнына алған қазы-шешені, көсемі бар еді. Таралғысын алты қабат тағынып, бөркін шекеге салып, үзеңгісін тіренген бай-бағланы бар, байтал мініп, құлыннан дәме қылмаған жарлы-жалшысы бар, әр мырзасы өзінше шіренген, әр ақсағы өзінше ақсаған, көшіп-қонған ұлыс жатты.

Мінезде, сыбағада, сөйлер сөз, өрелгі-жоралғыда жақсы атанып, «көргенді жер қызы» боп, «өскен аруақ келіні» боп, «киелі шаңырақ қормалы» боп қылаудай міні табылмай, жайқап отырған «Еділ мен Жайық» бәйбішесі бар, қысы-жазы бел шешпей бай малын сауып, сары ала етек, салбөксе болған сауыншы малай әйелі бар, тау жайлаған қазақ осы. Байдың іргесінде қосақбасты – нартайлақ болып байланып, шөмелені шөп етіп, қашқан сиырды мал етіп, шықпаған жаннан үміт, бітпеген малдан үміт өткен малшы еркегі бар, іші томпайған әйелге, тумаған балаға күні бұрын «кіндік шеше» болғыш кедей қатыны бар. Күбі пісіп, малма сапсыған, терінің ашыған иін жағып, терге малшынған құлақкесті күңі тағы бар. Қыстау мен жайлау арасында шаруа баққан көшпенді ел үшін тұлпар тұста, күлік күйде, жағасы жайлау, қам-мұңсыз – басқа етер ермек жоқ. Өмір тынысы өсірген шаруасы ғана. «Жаз – жарлынікі, қыс – әлдінікі» деп, жылыда жиналып, суықта қымтана білген көшпенді қазақ қыста сары ала қазы мен жал-жая бақса, жазда сапырулы сары қымызбен салқын белде жан шырайын баққан. Сонымен қоса қапысыз түрде ата-дәстүр, әдет-ғұрып, салт-тұрмысын дамытқан. Бұл жағынан келгенде, қазақ ұлты көрген түсін кереңге жорытқан жоқ, кекешпен кеңескен жоқ. Сан ұлық емес, сапа ұлық, көп ұлық емес, көргенді ұлық болатынын еске салып, тау мен дала табиғатының өзіндей таза, суындай тұнық күйде ғұмыр кешкен. Ал кейбір қала жайлаған жұрттардың темекі түтінінің өзін иіс-қоңыс санап, «тапқаның алтын болғанымен тартқаның темекі болған соң, қу жаныңа не пайда» деп қомсына қараған. «Насыбайшы келсе түкіреді, темекіші келсе сіңбіреді» деп, әлгіндей қоқыр-соқырдан «кәйіп» алғыш сарт-сауан саудагерлер ауылға келіп қақырынып түкірінсе жирене қараған. Ал көшпенді қазақтың кейбір жағына келсек, «жұмысы жоқ – куәгер, борышы жоқ – кепілгер», ат үстінен билік айтқан, шойжелке, мығым, жуандар атқа қонды. «Жылы қойың, салқын арқам» деп, «жақын отырған – құрметтім, алыс отырған – немкеттім» деп абыройды аластап, атасы

басқаны ауызбен демеген болып, аяқпен шалатын қасқыр ауыз, түлкі құйрық пысықтар кезіп жүрді. Кейбір дәулетмасы, бақмасы болғандар «алаяқтан – ақылшы, алапестен – нақылшы» шығып, көтеремін тұлпар етіп, көгершінін сұңқар етіп ел ішіне лаң салды. Қаршыға орнына қарғасын, тұйғын орнына тырнасын ұшыратындар – солар. Ала қарғадан азаншы, қара қарғадан қазаншы сайлайтындар да сол дүмекеуде, көдек байшыкештер.

Өмірінде жаны ауырып жаншылып көрмегендіктен, арына сүйенбей, барына сүйеніп, «алаштың аты озғанша, ауылдың тайы озсын» дегенді шығарған – осы ала қол, қарақұйындар.

Көшпенді кезде ата басы, ауыл басы, ру басысыз қазақ жоқ. Тұмарлы жүйрік, тұлымды ұл солар бәсіресінде. Кесір келін, кердең қыз солар несібесінде. Кигені жібек, іші кеуек, төні семіз, жаны азғын, шеншекпенді жігіт, есер ұл қай-қай заманда да көңілі асқақ байлардың, паңдардың қойын-қолтығынан шыққан. Бай мен басшы баласының кірпігіне шаң жуымайды. Есесіз халық әр заманда-ақ, мансаптылардың қаққы-түрткісін көрген. Жұртқа теңдік бермейтін, есігінен қаратпайтын – солар. Сол менмен, өркөкіректер. Сонымен жарлыға тіл бітіп, жабыға шыр біткенше, шолтаң етіп құрғыр ғұмыр да жетер жеріне жетіп тынар еді.

Қоңсы отырған малшылар мен жалшылар талай күйден тарығып, зарыққан соң, бай-бәйбішенің үйінен дәме етпестен дәметеді. Сондайменен сұраншақ, еміншек, аяншақ болады. Тіленшек, қорғаншақ болады. Бәйбіше «бұлар азаныңа келмейді, қазаныңа келеді» деп жазғырады. Жаңағы бейбақ оны елең қылмай өз көңілімен өзін жұбатып, сонысымен бәйбішенің де мерейін үстемдеткен сияқтанса, онысы «есептемегенге бәрі түгел» боп көрініп, кедей ессіз атанады. Сөз батпас, сарамас, тексіз атанады. «Көп қыдырғыш кезбе, көп сөйлегіш, езбе» атанатын – солар!..

Үсті-басын жаманған бұл дұрыс сөз малай қатын, салпы етек жалшы еркек әрі-беріден соң өз сыбағасына өзі құлдық ұратын болады. Қолына бірдеме түссе байға

бергіш, «сыйлағыш» жәреукеленгіш келеді. Балашағама тілі тимей жүрсе «еркек тоқты құрбандық» деп лашық күркесіне шалқалаған байларды шақырып бас жегізеді. Жарық шөміш, жыртық қоста кетік ыдыстан ас жегізеді. Табағымен қоса қабағын бағып, құрақ ұшып, сыйлап шығарады. Басына ақ құйып шығарған жыландай, сол кексіз құрмет ішінде «енді қайта тиіспессің» дегендей өтініш, тілек, зары да жатады. Кейде қарау бай оның жаңағы сойып сыйламақ болған жалғыз тоқтысын «семіз екен» деп сылтауратып, қарызға алып сояды да, аяқ жағын қара құрық етеді. Жоғалған пәлен малдың төлеуі деп бос құрық қайтарады. Сондайдан қазақ «жарлының байда тоқты қой ақысы кетеді» деп мәтел шығарады. Сонымен, кім жаман? Жағы – жар, тілі кез кедей жаман. Кім жаман? – назары аш, көзі тоймай тіленген кедей жаман. Ашынып шырылдаса, жағы босағаға тиген, заркөмей, сұмырай дейді. Ататек, үрім-бұтақ, әулет-зәузатынан бері жарып-жалшып көрмеген «нәсілсіз» неме болатын деп, біржолата қирайсоқ бола жұтаған жоқтықты шекесіне тас қып таңып береді. Тұқым-тұқиянынан нарықсыз, құнсыз қасқа болатын деп, маңдайға басқан сыдырғы таңбадай, жер бетіндегі «үкімін де» шығарып қояды. Оған намысы қысқан кедей әйел өзгелерге мазақ пенен күлкі боп: «Қой көрмесек те, қи көрген, ешкілі байдың қызы едік» дегендей шардақы, өтпес сөзге барады. Ұзын елдің руына ұран болады. «Жарлы пақыр, жарты әлемді алып жатыр» дегендей, қарапайым халықтың еңбегінен кеніш тапқанын ұқпайтын малға дос бай, таңы атып, күні батпас мазылдақ бай дүниеқоңыз-ақ болады. Қойшы баққан тышқақ лақ жоғалса, жылқышы баққан қотыр тайды қасқыр жесе, жасынан бері өрге тарт, мақтанкөй боп сөз жаттаған дәулетбасы, бақымасы бай жалшы үйін жер-жебір, жекен суына жеткізіп, жездей қақтайды. Үрпиген қатын-баласын ішкенін ірің, жегенін желім етеді. Сондай-сондай тауқымет тағдырымен жіп-құйысқан, құр белдік таққан аш-арық кедей бір күнін өткізіп кете барады! Қайыс баулы, тері жарғақ шалбарын түлеп тастап, дүниеден көше-е береді. Бірақ

соның кеудесінде қаншама өксікті арман кетпеді дерсіз... Өмірді жаншылып ұғынған, есесіз пақырлық кешкен кедейдің ойлаған ой мен мұраты, адамшылық ізгілік қасиеті күпілдеген паңдардың үйінен басқа болғаны анық.

«Байдың қалтасында, жарлының жүрегінде» болса, өз дүниені жүрекпен ұғынған, қаны ояу, жаны жабырқау кедейлер нелер шер-шеменді кешпеді дерсіз?! Ең өкініштісі, оның бәрі сол заманмен ғана кеткен жоқ, қарапайым халықтың жоқтаусыз сыбағасы күні бүгінге дейін үптеліп, тоналып, кейбір басшы мен байдың қалтасында жүр.

«Алтын өзі шірімесе де, талай басты шірітеді» дейтін тәмсіл бар. Құмырсқадан Құдайға дейінгі аралықты жаулап алғысы келетін тойымсыз ашкөздер «жасасын!»...



Бірінші бөлім

Шытырланды





ЕЛ АҒАСЫ

1

Тарбағатайдағы ең биік тау – Орқашар. Тек Тарбағатай ғана емес, Орқашар биіктік жағынан Алтай тауларымен теңеседі. Осы тау баурайындағы көкжайлау үсті. Әйгілі Әбіштай сазын төңіректен қонған Уәйіс зәңгінің ауылы түбінен тасы көрініп аққан, мөлдір сулы Өшеті өзенінің бойында отырған. Орқашардың аспанға шаншылған биіктері бұл таудың баурайын жайлаған елдің жарты аспанын қалқалап тұратын. Бергі Сарқусын жақтан көз салғанда, алыста көкке бой созған заңғар шоқы шыңдары бейне ертектерде айтылатын Қап тауы тәрізденіп, қиялыңызды қозғайтын. Сондай ұлы таудың еңірін, Әбіштай сазын жаз жайлап отырған Уәйіс зәңгінің ауылы бүгін абыр-сабыр. Шоғырланып отырған үйлер арасында қарбаласқан ер-әйелдер байқалады. Ауыл бір нәрсеге жабдынып жатқан түрі бар. Төменгі шеттегі қоңырқай ас үйдің алдында мал сойылып жатыр. Зәңгінің бәйбішесі, сөзгер Айханша алдын ала бұйырып, кара төбел ісекті бауыздаған жігітке:

– Шөп таза болса да, жерге соймаңдар. «Іліп сойған сойғылыққа жақсы, айтып қойған соңғылыққа жақсы» деген. Қыл-қыбырдан таза болсын, – деп жатты. Сол мығым бәйбіше бұ жақты өзі басқарып, ішек-қарын аршыған жас әйелдерге:



– «Жаман қатын ет тасыса, етегіне қан тигізеді, қарын аршыса, балағына жын тигізеді» болмай, жақсылап жөндендер. Ауылыңа сыйлы кісі кеп отыр, – деп, дауысы жарқын-жарқын шығады. Өзі араласқан шаруасына қылау түсірместей. Зәңгінің әйелі десе, дегендей-ақ.

Жер ошақтан шыққан қалың түгін үп еткен лебі жоқ, тұп-тұнық ауада жоғары көтерілмей, шоғырланған үйлер маңындағы тоғайды ықтап, боз тұман боп шөгіп қалған. Бұл да өз заманының бір белгісі тәрізді. Өзен жағасын сағалап тартылған желіде оншақты құлын көрінеді. «Уәйіс зәңгінің көп торысы» дейтін торылардан шыққан көбінше торы құлындар бірі сұлап жатса, бірі қатты керілген желіге тартылып байланған басын төмен сала түреген тұрған бойларында қалшиып қалған. Бүгін Уәйіс зәңгінің үйіне Уақ Мәмеке руының атқа мінер басты кісілерінің бірі Мәсели келіп отырған, қасындағы атқосшысымен бірге бір-екі үзеңгілес серіктері де бар еді. Дөдегесіне айналдыра өрнек салынған алты қанат үйдің сол жақ бүйіріндегі әшекей сырлы ағаш төсекке арқасын сүйей, үй иесі Уәйіс зәңгінің өзі отыр. Жалтыраған сары аю терісі үстіне жайғасқан. Әдемі шырпылған дөңгелек сақалды, керме қас, қызыл шырайлы Уәйіс – келбетті адам. Төр төбесіндегі сыйлы қонақ – жасы жетпісті аралаған, селдіреген сирек аппақ сақалды Мәсели, сөз арасында тұтқасында үш-төрт тесігі бар күрең сырлы саптаяқты ұстай отырып, бүгінгі негізгі сөздің шетін шығара:

– Міне, атаң қазақ «сабы тесік саптаяқ қолға жолдас», – депті... Сол айтқандай, бір-біріне байланған дүние ғой... Уәйіс мырза, сені елге жолдас, елдің иесі деп келіп отырмыз, – деп қойды.

– Ол айтқаныңыз рас қой, – деп Уәйіс зәңгі жауап қатты. – Басын берсе де, сырын бермейтіннен елші керек болады. Қасыңызға адам алып, осы жолы өзіңіз елші болып барсаңыз дұрыс болар еді. Өйткені қалмақтың Үкіржап зәңгісі оңай адам емес, көкжалдың өзі ғой.

– Айтып отырғаның рас. Оған мен ғана емес, менімен осы өзің де бірге барғаның жөн болар. Олай



дейтінім, «бір шешен мың кісіге шідер салады» дегендей, өзгемізден гөрі Үкіржапты өрелеп, шідерлеуге жетерлік тіліңнің қауқары бар емес пе?!

Екі ел ағасының бір-біріне үйлесіп отырған бұл сөздерінің астарында мән бар еді: Орқашар өңірінің арғы жағындағы Қобықсарының елу үйдей қалмағы осыдан екі-үш жыл бұрын Үкіржап деген зәңгісі бастап, қазақ жерінің шетіне баса-көктеп келіп, қоныстанып алған. Қалмақ келіп орнаған ол жерге Уәйіс зәңгінің елі бір жыл барса, бір жыл бармай, бос тұрған жайлауға аналар лап етіп, бірден орныққан. Бұны естіген Уәйіс «бұларың не?» деп кісі аттандырғанда, Үкіржап сол адамнан қайтара сәлем айтып:

– Қазаққа бауыздатып, тай сояйын, қолымда бір-екі үй малшы қазағым бар. Уәйіс зәңгі келіп, бізге сыйлы мейман боп қайтсын. Соғымына ту бие, астына ат мінгізіп қайтарамын, – депті. Барған үш кісінің басшысына да жарамды соғым жетелетіп қайтарыпты. Олар келген соң Уәйіс зәңгі қалмақтың пәреге берген малын тастап кетпей, мұртынан күліп, қуанып алып қайтқан Жазғанқұл деген жетесізге ашуланғаны соншалық, алған жылқысын тізгін ұшымен қайта апартқызып тастаған. Содан бергі жылдарда Уәйіс тағы екі рет қос-қос адам жіберіп, жерді босатуын сұраса да, алды алғашқы жаздың өзінде-ақ қыстау салып орнығып алған қалмақтың пиғылы жақсы емес еді. Өзі азулы, қыңыр қалмақ зәңгісі дұрыс жауап бермей, әр нәрсені айтып, сылтауратып келген. Қазаққа кеткен ежелгі ата кегін ойлап, ішіне қан қатып, жібімей жүретін дойыр мінез Үкіржап аяқтап келгенде, тіпті доңайбат байқатып:

– Уәйіс зәңгі мазамды ала бермесін. Жер адамдыкі ме, оны жаратқан тәңірдікі ме?! Бос жатқан жерге шаруа өсіріп, бала-шаға баққанымызды көп көрмесін! Етегім бе, жеңім бе, кәпір қалмақ теңім бе дейтін шығар. Өйтіп мені теңсінбей жатқанша, өзі бір келсе болмай ма? Ырза боларлықтай сый-сияпатын алса болмай ма? – деп бір жағы өкпесымақ наразылық байқатыпты. Бүгінгі әңгіме соның жөні болатын. Одан бергі аралықта жыл сайын шаруа өсіп, Орқашар, Жайыр елі де жайлау жағынан

тарғалаңдық көре бастаған. Әңгіме осы жөнінде біраз созылып, Мәсели тағы бір айналып сөйлегенде:

– Құдая, құдауанда!? Кәпір тоқ болса, мұсылман тыныш деуші еді. Ал мұсылман тоқ болса, кәпір тыныш дегенді неге айтпайды, соны ойлаңдаршы, – деді. Мәселиге ере келген кісінің өзгеден біліктісі – ел ішінде орта шаруа, өзі сөзгер атқамінердің бірі, шоқша сақалды, жұқалтаң келген Тұрсынбек болатын. Ол – Уақ руының Шоға табынан. Тұрсынбек Мәселидің әлгі айтқанына елеңдей түсіп:

– Мұсылман да, кәпір де әрқайсысы өзінің ыңғайлы бүйіріне қисаяды ғой.

Өзінікі өзекте, өзгенікі кезекте, сондай зомбылығы болған соң, кәпір болады да, – деген еді, соған әсерленген Уәйіс керме қасы керіле түсіп:

– Тіпті, кәпірсіз-ақ, өз қазағымыздың ішінде де «дүниеқоңызда ізгі ниет болмайды» дегендей, қойы мыңға жетсе, нәпсісі екі мыңға жететіндер жоқ емес қой, – деп, ежелгі сарынымен жамандықты мінеп, арғы жағын аша түскендей болды. Бұл сөзге Тұрсынбек қосылды:

– Иә, мына меңіреу дүниеде ешнәрсеге таңырқай алмайсың. Аузы-мұрны жоқ сүйек жұмыртқадан тірі құс шығады... Адам баласы бар жерде жалған атаулы құрып, жаман атаулы шіріп бітпейді. Көргені аз әйел, көзсіз бай дегендей, ашпасаң көрмейтін, айтпасаң білмейтін тобырларың тұрғанда, ісің қайтіп алға басады. Бүгінгі осы қалмақтың атасы баяғыда жоңғардың жаулағаны да сол емес пе.

– Рас, «тобырға түскен іс оңбайды» дейді, – деп бұл сөзді Мәсели жалғай түсті, – Жетекке жүрмейтін жетесіз, елдікке ермейтін атасызды жауға бермей етектеп жиып, ел етіп кеткен баяғы жақсылар ғой. Ішіміздегі сондайларымызды біз де бері тартып, қатарға алсақ ел боламыз. Жаман өзін білмейді, жақсыны күндейді. Осы отырғандарымыздың сыртымыздан кімдер не деп жүретінін білеміз бе. Жақсыға жаман күндеп жүріп теңеле алмайды. Олай болса, ырықсыздың райына қарай іс қылып, ел-жұрттың аңысын аңдай жүруіміз керек.

– Дұрыс айттыңыз, пасықтың көңілі биігі жаман, басыңды бағаламас күйігі жаман, – деді Уәйіс зәңгі желпініңкіреп. – Келелі кеңесті кемелденген қарттан сұра деген. Жақсыға ерген жан азбайды. Айтқаныңыз орынды. Өйткені қолыңдағы құсты қусаң орманға кетеді, қасыңдағы досты қусаң дұшпанға кетеді. Елді бері тартпасаң, ішіндегі кежірі ары жығылғанын қоймайды, – деді.

Осыдан кейінгі біраз әңгіменің беті Тұрсынбектің арғы атасы «әулие» атанған Бек емші деген тәуіпке ауысқан-ды. Мәсели бастаған сөз түйіні толып жатқан өзге сырқатты қоя тұрғанда, Бек әулиенің қалмақтарда болатын «қара шешек» дейтін текті жараны және қылтамақ ауруын жазғаны туралы еді. Бек өмір сүрген кезеңде Қобық қалмақтары әлгі қара шешек індетінен алды өліп, арты азап тарта бастайды. Бұл жоңғар хонтайжысы Ғалдан Цереннің тұсы екен. Қалмақтардың өз іштерінен ауыр індетке ұшыраған ел-жұртын емдейтін тәуіп табылмайды. Қобықпен көршілес Орқашар, Жайыр Уақтары ортасында бірен-саран жақсы шығысып, құдаласып қалғандар да жоқ емес-ті. Дерттен жүдеп қиналған жоңғарлар екі жақтағы әлгі құдалар арқылы Бек тәуіпке мол сый-сияпатымен адам жіберіп қолқа салады. Қобықтағы үлкен ноян Жамса гээлен өзінің атынан уәделі сәлем жолдап, Бек тәуіпке көп олжаға бататынын айтып, қызықтырмақ болады. Ал Бек тәуіптің оларға қойған шарты – «мен елдеріңе келген індетті жазып, қара шешектен құтылдырсам, өзге ешқандай сый-сияпаттарыңның керегі жоқ. Тек, біздің Орқашар маңына баса билеп келіп, орнығып алған бір бөлім халқыңды қайтарып әкетсең болды. Соған уағда байласаңдар, барайын» депті. Осымен қазақ-қалмақ болып, Бек әулиені малшы-қосшысымен бірге Қобық өзенінің шұрайлы бір аңғарына көшіріп апарып, сол жерде бір жаз бойы ауру емдейді. Өзі мол етіп дорбаға салып ала келген у сарымсақты қақ жарып, жіпке тізіп, мойнына тағып, күн сайын ауыстыра отырып, іске кіріседі. Алыс жақтардан түйемен кәдімгі жосаның түйіршіктерін алдыртады. Соны сырқат меңдеген

қалмақ үйінің қазанына қуыртып, ыстық жосаны кемпірауызбен ұстап, дененің әр жеріне шығатын баданадай-баданадай қара шешектің аузына күйдіріп басады. Арасында ішінен Исмағзам дұғасының оба, шума күнінде жаппай оқылатын дұғаны қирағаттап отырады. Үшінің суы мөлтілдеп тұратын түп жағы қара-көк шешек ыстық жоса басылғанда, «бырт-бырт» жарылады да, арам сары суы ыршып шығып, астыңғы жағы өзiрiнше тобарсып қалады. Және осы үйлерге адыраспан жинатып, есік-шаңырақты жапқызып, үй ішін, ауруларды адыраспанның танауды жарған ашқылтым көк түтініне қамалдырып тастайды. Бұл – үй ішіндегі бактерия-микробтарды жою тәсілі. Онымен де қоймай арасында әрбір үйдің ішіне арша тұтатып, бір үйге жиған науқастарды көзді қапқан ащы түтінге қамайды. Өстіп күніне екі-үш қайта ем жүргізіп, жосаны күйгізіп басқанда, бар-жоғы үш күн ішінде жара орны құп-құрғақ қалпында қызыл жалақтанып, жазыла бастайды. Сөйтіп, науқастың әрбір үйіне өз қолымен бір қайтара ем жасап өткен соң, өзі арғы бастан қайта түскенде, ана жақтағыларға бұрыңғы көрсеткен жолмен пысықай жігіттерге, аяқ-қолы жеңіл, жылдам жас қатындарға жосамен өздері емдей бастауды тапсырады. Кейбір жарасы өршіп, асқынып кеткен науқастар болса, тотияйынды қаңылтыр үстіне күйдіріп, талқандап, әлгі жосамен мөлтілдеп шыққан шешек жарасының аузына сеуіп, оны да уақыт өте келе жазып жатқаны осы Қобық өңіріндегі тұтас қалмақ ішінде үлкен дүмпу әңгіме болған. Шипа қонған қалмақ үйлері өздері табынатын тас құдайларына шексіз сиынып, «ия, бұрқын», «ия, ағлаби», «көктеңгіріме өршөгерзэй» (көк тәңіріне құлдық) десіп, Бек тәуіпті өз тілдерімен «гээлен» атандырып, «әулие, дана» дегенді «гээлен суут күнхемен байна» деп, өзара қызу құлдырласып жатқан. Бірақ олар аты жаман қарашешектен ада-күде айыққанымен, Қобыққа көшкеннен сай-салада жырылып қалған қалмақтың Орқашар маңында қайта көбейгендерінің бүгінгі басшысы мына Үкіржап болатын. Оның үстіне сондағы Бек тәуіпке қара шешекті емдеткен ел билеуші

өлгі Жамса гээлен ноян... бүгін сөз болып отырған Үкіржап зәңгінің тікелей арғы бабасы екен. Оны өткен жазда Уәйіс зәңгі жіберген елшіге Үкіржап өзі білдіріп:

– Менің бабам – Жамса ноян. Суырдың етінен шошынып, ауырып, аяқ жағы қылтамаққа айналғанда, сендердің тәуіп бабаларың Бек гээлен емдеп жазған екен... Содан бергі достығымыз қайда? Ит табанындай жер алды деп, бізді жау көріп, араға елші салғанша, Уәйіс зәңгінің өзі келіп, менімен достасса болмай ма? – дегені бар. Уақ ұлысының бас қосқан ел ағалары ертең Үкіржаптың өзі айтқан сол сөзін бетке ұстап бармақ.

Қымыз бен тұзды қуырдақ, онан соң ет желініп болғанша күн де екінтіге таяған еді. Бұлар дәрет алуға сыртқа шыққанда, көз ұшындағы Тарбағатай тауының бір қылтаңына таман еңкейген күн қатар қонған үйлердің көлеңкесін жарыстыра ұзартып, биенің соңғы сауымы болып жатты. Орқашардың шатқалдарының түп жағына көлеңке үйіріліп, сол жықпыл қойнаулардағы терең қуыс тұғылдар сырын ішіне бүккендей, түксие бастаған. Ұлы табиғаттың үнсіз-тілсіз тылсымы көкіректе қиял кездіргендей. Жым боп қатқан кеш құпиясы әлдебір тырс етпес меңіреулікке бейімдеген. Тұңғыық сезімсіздікке жол ашқандай. Енді біразда тауды ернеулеген қызыл күн керенау жылжыған қалпы ұясына қонған. Қазір тау-тас қана емес, аспан әлемі де жүдең тартқандай, кеугім түске ене бастаған. Күндізгі тотияйындай боп көрінген сонау шетсіз-шексіз зәулім заңғар алып күмбез бірден-бірге күңгірт тартып, күмілжи түскендей ме.

2

Осы күннің ертеңінде, түс ауа белгілі үлкендер кеше айтып жіберген сәлем бойынша Үкіржап зәңгінің үйіне келіп түскен. Үкіржап деген алпамсадай зор денелі, түксиген қалың қара қасты, бет-аузы қодастың бұқасындай түнеріп, мыжырайған, үлкен тарбақ мұрны да өз бейнесіне сәйкес алпауыт қалмақ болатын. Ұйысқан қалың барақ сақалы да түр-түсіне сұс бере түскендей. Сөйлегенде үні күркіреп шығады. Жан-жағындағы адамға қараса, мойнын онша бұрмай, ызғар байқататын сызды көзін ғана жүгіртіп отырады екен. Тек сөз үстінде жеме-жемге келсе ғана жуан кеудесімен тұтас бұрылады. Отбасы адамдарынан, әйелі, бала-шағасынан байқалатыны әлдебір себеппен мұнда келе қалса, аяқтарын жымып басып, кіріп-шығады. Онда да өте сирек. Қазақ елшілер мамаағашқа таяп келгенде, Үкіржап ұзын күрең шапанын желбегей жамылған қалпы өзі есік алдында қоқиып тұрып, кісілердің атын малайлары барып ұстады. Үй иесінің қасында тағы бір адамы бар. Үкіржаптың денесі мына келгендердің бәрінен зор еді. Ақсақалды Мәсели Уәйіс пен Тұрсынбектің және атқосшы Жазғанқұлдың алдына түсіп жақындап келіп, мұсылманша сәлем бермей:

– О, зәңгі, қалыңыз қалай? Ел-жұртыңыз аман ба? – деп, қос қолын ұсынған. Үкіржап шырайын бермей тұрған қалпы шалдың қолын жалғыз қолымен алып:

– Қалай, күйлі-қуаттысыздар ма? – деп қана өзгелерге бұрылды. Уәйісті бұрын көрмесе де, сол екенін сырт нұсқасынан бажайлап:

– О, зәңгі, қалай, кеп қалдыңыздар ма, – деп олармен де қол алысқан болды. Аюдай қорбаңдаған Жазғанқұлға қарап-қарап қойды. Ол бұрын да бір келген ғой. Өз аты аталмай, көбінше «Мешкей» есімін арқалайтын Жазғанқұл Уәйістің осындай сыртқа шыққанда ертіп алатын атқосшы жігіті еді. Бір көргеннен

мыңның ішінен есте қалатын дәй қара болатын. Уәйіс оны өз үйінде жөнді қарыны тоймай жүретіндіктен, жаны ашып, ілестіріп алатын. Ішке кіріп қазақтар төрді жағалай жайғасқанда, үй иесі сол жақ бүйірдегі беті піл сүйегімен әшекейленген, әсем өрнек-сыры бар ағаш төсек алдына малдас құра отырды. Астына төселген теңбілімен көз тартқан қабылан терісі бар. Сәл үнсіздіктен кейін Үкіржап Уәйіс зәңгіге түксие көз тастап, қысқа ғана:

– Келіп қалыпсыздар? – деді ау-жай білгісі келіп. Сөзді неден бастар екен дегендей еді.

– Иә, келіп қалдық, – деп іле жауап қатты Уәйіс. – Жатқызбасың жатқызбас дегенді өзіңіз де білесіз. «Зорлық есіктен кірсе, әділдік шаңырақтан шығады» деген. Бірақ асығып басатын зомбылықтан жайбасар әділдік озатыны бар. Сізден әділдік сұрай келдік.

– Е, әділдік деген басқаны не болсаң, ол бол деп, бар жақсылықты өзі ғана көргісі келетін өзімшіл ниеттен тұра ма екен?

– Оу, Зәңгі! Мен соқырға шам жағып, пұшыққа айна ұстатқалы келгем жоқ. Бір ұлттың бетіне ұстар игі жақсысы, сөз парықтар, ой тексерер ел ағасына келіп отырмын. Зәңгі деген елдің биі дегені. Біздің Төле би деген кісі айтқан екен: «батыр екі долы әйелдің бірінен туатын сақалдының барағы, би ілуде бір әйелден туатын ақылдының бұлағы» деп. Екі жағымыз бірдей түсінетін, өзіңіздің мәртебеңізге лайықты сөзге келіңіз.

Сөз батқан Үкіржап Уәйіске тұтас кеудесімен бұрыла жалт етіп қарап:

– Ау, сонда біреуге өмір сүретін жер жоқ, біреуге шөлдің құмы алтынға айналса да аздық етуі керек пе. Орқашар болмаса, ана жатқан Майлы, Жайыр қанша мың үй болса да, қойны-қонышына сіңіріп алмай ма. Марқатас, Қату, Дарбытының қойын-қолаты, Тасбастаудың, Қызылдың, Қоржынтүбек, Көкқораның тұтас аймағы тұрған жоқ па?

– Зәңгі, сіз қазақ жерінің атын жаттағаныңызбен, соның барлығының иесі барын ішіңізден өзіңіз де болжап-біліп отырсыз. Сіздің бұныңыз «бетімнің қалыңдығы жанымның рақаты» дегеніңізге жатады.

Көшпенділерге жер көптік етуші ме еді. Мен іздесем, ата-бабамнан қалған меншік жерімді іздеп отырмын. Кешіккен қарызға аяқ бітедінің кері келіп, өз аяғымнан ізденіп келдім, – дегенде, сөз аяғы ушығып бара жатқанын көрген Мәсели екі жаққа да тең сөйлеп:

– Әй, зәңгілер! Екі зәңгі, екеуіңіз де ортақ сөзге келіңіздер. Ортақ тіл табысуға тырысыңдар. Екеуің де істің көзін тауып, қисықтың тезін тауып жүрген адамсыңдар. Сақтық – қорқақтық емес, тәуекелдік – ерлік емес. Тәуекелге кетпеңдер. «Кекесінмен кек алма, келелі сөзбен есе ал» деген бар. Ауыр-жеңілді таразы шешеді, таразылап сөйлендер, – деді. Осы тұста сөзге Тұрсынбек араласқан:

– Үкіржап зәңгі, қазақ-қалмақтың өмірі шаруа өсіруге байланған ғой. Сіз елу шақты үй әкеліп мұнда жайғасқалы, қабағын мұң шалған ел наразылығын арқалап қалдық. «Ел мұңайса, сен мұңай» деген. Ә дегеннен түс шайысып қалмайық, әліптің артын бағайық деп, сәлем жолдаумен екі-үш жыл өте шықты. Уақыт шіркін, осы ғой. Шатысқан істің шешімі шыдам деп, сабыр қып келдік. Енді осыған өзіңіз бір түйін жасап, бір тоқтамға келіңіз. Уақ руының қадірменді кісілерінің бірі, мына отырған Мәсели ақсақалға бастатып, сол үшін келіп отырмыз, – деп еді. Үкіржап мол денесімен ырғала түсті. Барақ жүндес, ұйысқан қара сақалын саумалап отырып:

– Келгендеріңіз маған да жақсы болды. Ағаш кереге, киіз туырлық қазақ-қалмақпыз ғой. Орнығып қалдық, тіпті жыл сайын майын төлесек те, бұл жерден көтерілуіміз қиын боп қалды. Біз ғана емес, кейбір жетім-жесірімізге дейін бар-жоғын жалдап, бастарына бір-екі бөлме үй, қора-жай салып, отырып қалды. «Құйын жығар үйім жоқ, қуалап ұрар байым жоқ» деп, қысы-жазы содан қозғалмай отырған жесірлерді қайтіп сүйреп шығарамыз, – деп еді. Үкіржаптың аяқ жағында тымпиып, бағанадан үндемей мелшиген серігі анадан өткізе, майын тамызып сөйледі. Тәмпіш мұрын, жымсық көз, тымырсық сарының түріне қарап, Уәйіс «ішінде ит өліп жатса білдірмейтін біреу боларсың» деп ойлаған. Өзінің ыңылдаған жіңішке үні де жұмсақ шығады. Бар

нұсқасынан түбі көрінбес қара судай жылым екені білінгендей. Бұл уәйіс ойласа-ойлағандай, Үкіржаптың осындай қиын істерде қасына шақырып алатын, Үдіге деген қазақшаға судай шешені болатын. Жасы алпыстарда, иегінде қылтанағы жоқ, жып-жылмағай көсе еді. Ол ақырын ызылдап сөзге кірісті:

– Алдымен сөйлеген соңғы сөйлейтіннің не ойы бар екенін білмейді.

Әуелі ұғайын деп үндемей отыр едім. Көңіл бірлігі келісіммен емес, түсінісуден ғой. Адам баласының мұқтажы өзімен бірге өседі. Осы отырған бәріміз де біраз жасқа келіп қалған адамдармыз. Біз сыртымыз бүтін отырғанмен, ішкі жақтан көңіліміз ауру, кінәрат адамдармыз. Еш жері ауырмаған адам – денім сау деп қуанбайды, – деп, осы тұста аналарды бір шалып, қағытып алды. – Уәйіс зәңгі түсінісер деп, ұлтарақтай жерлеріңіздің шетіне келіп отырғанымыз рас еді. Бізді де бір ұлттың азаматтары ғой деп, санатқа қосуды артық көріп, өздеріңіз келудің орнына қайта-қайта әлдекімдерді жіберіп, көңілімізге қаяу салдыңыздар. «Асусыз асқар жоқ, жолын ізде» дегендей, қалауын тапса құн дауы да бітпеуші ме еді. Дәстүрі жараспағанның дәм-тұзы жараспайды болып қалдық. Көкейкесті ойыңды айтар кезі келгенде жасырып жауып қала алмайсың. Менің айтарым да Үкіржап зәңгінің айтқанындай болсын демекпін. Жыл сайын лайықтап, майын алып тұрыңыздар. Соған, өздеріңіз қалаған шамаға келісейік, – деп еді, Мәсели Үдігеге қарай иегін бұрғанымен, көзін жерге тастай отырып:

– Қызыл тілде буын жоқ қой, қарағым. Жұмсақ тіліңе қатты тісіңді қамал қыла сөйлесең болады. Айтқаның естір құлаққа орынды көрінгенмен, «құрастырып айтса – құлдікі жөн, біріктіріп айтса – бидікі жөн» деген бар. Бұл біздің де жанымызға бататын жер. Соны түсініңіздер, – дегенде, бұл сөзді Тұрсынбек іле жалғап:

– Иә, жараңдар. Ділдің сыздағанын тіл сездірмей тұрмайды. Бұл – айтпасымызға болмайтын әңгіме. Соңымызда қылтамызға қыл-бұрау салып отырған ел-жұрт бар. Бізді дұрыс ұғынып, жерді босатыңыздар, –

деді. Қазақ елшілердің сөзі көкейіне қонып отырған Үкіржап төрдегілерге мойнын шала бұрып, әрқайсына көзін қадай отырып:

– Біз түсінісейік, ағайындар, – деп бастады. – Басы қату, аяғы тату болсын. Менің бабам Жамса ноян қылтамақ болып ауырғанда, сіздердің бабаларыңыз Бек емші жазған екен, – деп қара шешек туралы айтпай, одан аттап кетті. Өйткені қара шешек қалмақтарда көп кездесетін болғандықтан, ол Үкіржап сияқты өз ұлтының ірі кісілеріне намыс еді. – Бек тәуіп қылтамақты қалай емдеді дейсіздер ғой. Көнелерден қалған сөзді естуімізше, қамшы жұтқызып емдеген дейді. Сол жалғастықты екі жағымыз да сақтайық. Мәсели ақсақал айтқандай, ортақ тілге келейік. Осындағы елу үйдің ішінде менің өзіме табиғи жиырма шақты отбасы бар еді... Қалған отыз үйді Қобыққа көшірейін. Өзгеміздің қала тұруымызға мұршат беріңіздер. Жаз бар, қыс бар, сәтіммен бітер іс бар дегендей, ай-жыл өте келе тағы бір жөні бола жатар. Өздеріңіз менің сыйым ретінде бір-бір ат мініп, бірден соғым жетелеп қайтыңыздар. Туыстығымыздың басы осы болсын, – деді.

Үкіржап айтып отырған Бек емші мына Тұрсынбектің бабасы екенін білмеген. Тұрсынбектің айтуы бойынша, бұның тікелей бабасы Бек әулие қылтамақты емдеу үшін Үкіржап айтқандай, ат қамшылайтын қамшыны жұтқыза салмаған. Одан жіңішкелеу алты таспа қамшы өрімін өргізіп, үш жағын топшылап түймей, таспа ұшын ішке қарай бүгіп, сүйір етіп жұмырлап тоқиды. Қызыл өңешке оңай өтетін етеді. Оның бір қарыстан артық жерін майлап, отқа ұстап, жылтырап, қара қоңырлау болғанша шала күйдіріп алады. Сонан соң өрімнің бұдырларына мөлшерлеп кепіреш езіп жағып, науқастың өңешіне жүгіртіп, ары-бері ақырын ысқылайды. Соны бірнеше рет қайталап отырып, қатерлі ісікті кепірешпен күйдіріп, уын қайтаратын көрінеді. Үкіржап бүгін өзінің дәл қасындағы Тұрсынбектің Бек әулиенің ұрпағы екенін білді де:

– Міне, көрдіңіздер ме? Құлақ естігенді көз көреді. Тұрсынбек, бері түрегелші, – деп, өзі де орнынан

көтеріліп, екеуі құшақ айқастырып, бір-бірінің арқаларынан қағып жатқаны бүгін күтпеген жағдай еді. Және осы арқылы бұлар үй ішіне көңілділік тудырған. Әр тұстан мәз мереке сөздер естіліп жатты. Мәсели жарқын сөйлеп:

– «Көшпенді елде ақың болса, көше көше қасыңа келер» дегеннің кері болды ғой. Қазақ, қалмақ екеуі де көшпелі жұрт болғандықтан, бір-біріне үйлес келгенін көрмейсің бе, деп екі ортаға мадақ сөз айтты. Екі жақ енді ғана ұғысқан халде бір-бірлеріне кіріге бастаған. Осындай кезде есіктен күміс құлақты үлкен күрең тегене қымыз кіргізілді. Тегенені көтере кірген, ұзын қара сақалы желкілдеген кісінің қазақ екені «ассалаумағалайкө-өм» деп сәлем бере келгенінен білінген. Үнемі қалмақ ішінде жүретін пақырдың көзіне мына келгендер оттай басылған сияқты. Бие сауатын, қымыз баптайтын, көрші отырған сауыншы, малшы осылардың міндеті болатын. Үкіржаптың үйі тек ішуді білетін көрінеді, екі-үш шыбықшадан құралған бұрамалы сабында күміс сылдырмақтары бар, қос басты шөмішпен сапырып қымыз құйған да, жаңағы қарасақал үнсіз қазақтың өзі. Ыдысты орнынан тұрып, әркімге өбектеп ұсынғанда, жіңішке ұзын сақалы қоса желпілдейді. Төрден жағалай таратыла бастаған ағаш саптаяқтардың ішінде тұтқасыз, сопақша жасалған, кем қойса екі летрлік келетін астауша аяқ бар еді. Қарасақал мұндай ерепейсіз ыдысты өзгелерге ұсынуды ыңғайсыз көрді ме, білгендей-ақ үйелмені үйдей боп, епсіз отырған Жазғанқұлға ұстатқан. Оңайлықпен қарын қуысы толмайтын Жазғанқұл оны бір ғана демалып, қағып тастап, қайтарып берген-ді. Бұл үйдегі ендігі сөзді бастаған да осы еді. Үйге кіргелі бері бай ордасының ішіндегі әр нәрсеге таңырқап, әсіресе сәнді төсекке қарап қойып отырған. Төмен жайғасқан орны да, төсекке тұспа-тұс еді. Екінші аяқтағы қымызды бір-екі тоқтап, тағы сылқытып тастаған соң, көңілі жайланды ма, үй иесіне қошемет айтқысы келіп:

– Зәңгі, ана төсекке өзіңіз жатасыз-ау... Шіркін, қандай шебер жасаған? – деп еді. Үй иесі Үкіржап

Жазғанқұлға қомсына көз салды. Шамасына қарамай тең сөйлескісі кеп, жауап күткенін жақтырмай қалғандай. Дегенмен, бұл Үкіржап үшін оның мақтаныш сезімін қозғайтын орай еді. Тәрдегілердің барлығы Үкіржаптың үндеңкіремей тосылып қалғанын Жазғанқұлдың әдепсіздігіне санағандай боп, үй қожасына тегіс көз салысып қалған. Алайда Үкіржап төсекті сипап қойып:

– Бұл – менің арғы тікелей бабам, өздеріңіз білетін Жамса нояннан жеткен тәбәрік. Жамса мұны өзі жасатты ма, немесе арғы хонтайжы бабаларының бірінен қалды ма, мен онысын білмеймін. Піл сүйегін шаптырғанына қарағанда, Тибеттіктерден ауысып келген бұйым ба, кім білсін, – деді жөнін таратып. Осындай сәтте қонақтардан бата күтпей, алдын ала сойылған көк тайдың буы бұрқыраған ыстық, жұмсақ қуырдағы алдыға келді.

– Ал, меймандар, бұл – қазақ бауыздаған мал, ас алыңыздар. Қазақ өздеріңіз айтасыздар: «қонақ келсе ет пісер, ет піспесе бет пісер» деп. Бәрі өз қазақтарыңыздың үйінде, қазақтың қазанында дайындалып жатыр. Аяқ-табақ – бәрі солардікі, – деп жатты. Қарасақал бағанадан осыған дейінгі аралықта алғаш рет үн шығарып:

– Рас, рас, алыңыздар, бәрі біздің үйдікі, деді қожайынын қостап. Астау толы қуырдақтың бергі шетін ә дегеннен шұңғыл ағаш қасықпен қарбыта алып, ойып бара жатқан Жазғанқұл еді. Тамақты аш бурадай асап жейтін. Қазақ «тарта жесең тай қалады, қорқа жесең қой қалады, қоймай жесең нең қалады» дегенді босқа айтпаған. Қолына мал түссе Жазғанқұл ертеңге қалдырғысы келмейтін.

Соңында ет желініп, қайта қымыз ішіліп, Жазғанқұлдың мес қарыны шеңбірек атқан кезде жолаушылар қайтудың қамына кіріскен. Уәйіс бағанағы Үкіржаптың «сый-сияпат» деген сөзіне енді оралып:

– Үкіржап зәңгі, әлгі сыйға тартам деген көп жылқыңыздың ішінен бір соғымды ғана таңдап, мына Жазғанқұлға жетелетсеңіз болды. Жоқ-жітіктеу жігіт еді, бала-шағасын қуандырсың, – дей келіп, сөз аяғын басқа арнаға бұрып: – Сіздің бабаңыз Жамса ноян болса,

мына Тұрсынбектің бабасы Бек әулие – екеуіңізді бүгін Құдай қосқан шығар. Осыған мен бір қалжың айтайын: «тебегеннің таңын айыратын сүзеген бар» демекші, бабаңызды ажалдан алып қалған Бек емші мықты ма, Жамса ноян мықты ма? – дегенде, Үкіржап бастап үйіші тұтас күлісе жөнелді.

Мәсели бастаған топ аттанар алдында бүгін өздеріне қызмет көрсеткен қарасақал малшының үйіне бас сұғып, кіріп шыққан-ды. Үйде жапа-жалғыз кішкене баладан өзге жан жоқ. Босаға жақта жатқан сары ешкі тулағының ұйпаланған жүнінің арасына сіңіп кеткен қуырылған бидай бар екен. Соны бір талдап теріп жеп отырған үш-төрт жасар қыз бала көрінді. Көзінің айнала-сынан көк тамырлары байқалатын жүдеу сәби. Түнде бел шешіп жатқанға дейінгі уақытта шаруадан бас ала алмайтын шешесі байғұс перзентін осылай жарылқап, алдандырып кеткені білінді.



Екінші тарау

*Маусым
шуағы*





МАУСЫМ ШУАҒЫ

1

Мәселидің шыққан табы Уақ Мәмеке тайпасының жаз жайлауы – Жайыр, ал қыстауын Уақ ұлысының Шоға, Мәмеке, Дәулет аталары қоныс еткен Қату тауының шығыс жақ қолтығындағы Көкқора деген жер. Жусаны мен жуасы бұрқыраған Көкқора – малға тым жайлы қоныс. Мәселидің бес ұлының бірі – Қазез, өзі сері, өзі қолынан қақпаң, мылтығы түспейтін кәнігі аңшы еді. 1947 жылы қазан айында Қатудың шығысындағы «Қызыл» деген жерде күзеулікте отырған Қазез аңға шыққан-ды. Қасында тазысын ерткен жолдасы бар. Екеуі бір ескі кепеге келсе, осы маңдағы Қату тауының баурайынан ашылған алтын кенінде жалдамалы жұмыс істейтін бір қытай отбасының үйі екен. «Жарлы пақыр жарты әлемді алып жатыр» дегендей, жарлылықтың соңы кейде сорлылық қой. Оны атасы басқа тағдыр билеп; пұшайман, қу өмір өгейлігін көрсетіп, аяғын қасіретпен тындырады. Бұл үйде өліп жатқандар жөнінде кейін естулерінше, отағасы байғұс тік мінез, бажылдақ біреу екен... Жұмыс орнында он адамды басқаратын бригада басшысымен шығыспай, жүре келе, ақыры онымен төбелесіп тынады. Арғы жағы белгілі, там-тұмдап нан тауып жеп отырған жұмысынан шығып қалады. «Кедейді ұрмай-соқпай көйлегін қырт»

демекші, қасірет содан басталады. Алтын кені жұмысшыларына азықты Қарамайдан айына екі рет түйемен тасиды екен. Айында-жылында Үрімжіден бір келіп кететін алтынкеннің машинасы болмаса, құс ұшпас, құлан жортпас, қу медиен даладан бұлар жаяу ешқайда шыға алмайды. Алды түнекке тіреле бастаған әйелі сорлы зар еңіреп, «жаяу болса да, ел бар, күн бар бір жерге жетуге әрекеттенейік» десе, ақылынан ашуы көп дүлей күйеуі «бізге өмір сүру керек емес, осында өлеміз» деп көнбей, теріс қарап жатып алады. Ақыры мына аңшылар жәһил неменің әйелімен қоса өліп жатқанының үстінен түседі. Ең қиыны мұнан басқа еді. Үш-төрт жастағы ұл бала шешесінің кеудесінде сілесі қатқанша жылап, шала-жансар тірі жатқаны байқалады. Қазез атып алған қарақұйрықтың жып-жылы бауырын жарып жіберіп, баланың аузына қаның, сөлін тамыза отырып, тірілтіп алады. Бұған дейін балаға, бір перзетке зар болып жүрген Қазез отбасы жолдан табылған ұлды ырымдап, балалы болар ма екенбіз деген оймен ақжолтайға санап, үйіне алып қайтады. Қазездің әйелі Бақатай жаны қалмай қуанып, бар-жоғын баланың аузына тосады. Атын сұрағанда Шияу Ли екені белгілі болған балаға өздері «Ақжолтай» деп қазақша ат қойып алады. Айтса айтқандай, Ақжолтай көрсе көз қуанғандай-ақ, томпиған қара торы, шолақ мұрны өзіне жарасқан елгезек бала болады. Үй ішінде оған бөтен қабақ байқатқан ешкім болмаған соң, көңілі таза сәби де тез бауыр басып, бір-екі ай өтпей-ақ бұл үйге өз ата-анасындай үйрене бастайды. Жалғыз-ақ, өз әкешесін анық біліп, ес кіріп қалған неме емес пе. Олардың өлімін де көзі көрген пақыр ғой. Кей-кейде ойына түсе ме, екі иығы қушиып, қозғалмай, үнсіз отырып қалатыны бар. Қазез алып қайтатын күні де, өліп жатқан әке-шешесінен ажырағысы келмей, екеуіне кезек жабысып жылап, зорлықпен әкетілген ғой. Жаңағыдай бір нүктеге қадала қарап, мұңға батып отырғанын байқаса, жаны сезгір Бақатай өмірде жазығы жоқ, кінәсіз бөбекті түсіне қояды. Орнынан ұшып тұрып, баланың қолына тәтті бірдеме ұстатып, көтеріп алған

бойында алдандыра жөнелетін. Бір нәрсеге күлдіріп, әуектеп, бөбектің ойындағысын тез-ақ ұмыттырып жіберетін. Ақжолтайдың ең жақсы көретіні бір кәрі ешкіден күзге айнала кенже туған сары ала лақ еді. Шұнаңдап секіріп жүретін сүйкімді лақты Бақатай бас салып ұстап, оны бір құшағына, баланы бір құшағына алып, екеуінің ауыздарын бір-бірінің беттеріне аймалатып, соған өзі де алданатын. Ақжолтай ішегі қатып күліп, лақты мойнынан өзі құшақтап жіберіп, оны өз бетіне аймалататын. Аузы кіп-кішкене, өзі жеп-жеңіл лақтың демінен сүттің, шөптің иісі аңқып, сонысымен адамға бір жақындық, туыстық леп жеткізгендей болатын.

Үйленгендеріне біраз жыл өтсе де, перзент сүйе алмай жүрген отбасына кінәдан пәк, періште Шияу Лиді қазынасы кең Алланың рақымы бұйыртқан шығар. Қазақшаға тілі келе бастаған кезде үйге молда шақырып, оны «ләиллаһа илалла, Мұхаммед расул Алла» дегізіп, ислам дініне кіргізіп алған. Баланың, оны сүйген періштенің құрметі ме, бәрінің үстіндегі аспан-жерді, ай мен күнді, он сегіз мың ғаламды, өзі жақсы көрген адам үшін жаратқан шексіз Құдірет иесінің жарылқауында, арада бір жыл өткенде Қазездің отбасында зор қуаныш болды. Кімнің зары Аллаға анық жетсе, қазынасы кең Раббымыз жақсылығын аямайды.



* * *

Табиғат құлпырып, гүлге оранған маусым айының ортасында Қазездің үйі Тасбастау деген жерде отырған-ды. Лақ пен Ақжолтайды құшақтап, бауырына қысып жүрген дарқан пейіл әйел Бақатай қыз бала туып, атын Шәрипа қойған еді. Ұлан-асыр той болып, шілдехана құрметіне айтысқан жезде мен балдыз қыздың айтысын жұрт аузынан тастамай айтып жүрді. Сары бұйра сақалды, сары кірпік, қутыңдаған шал жезде бойжеткен балдыз қызбен айтысып жатқан елеңнің бір тұсында:

– Келеді екі сайдың басы қоспа,
Қоспаның қызыл жартас, басы ұшпа.
Төбеңнен құс өткенде мені ойлай жүр,
Жалынып, сәлем айт деп, ұшқан құсқа.

Қыз да іле шала:

– Келеді екі сайдың басы қоспа,
Қоспаның қызыл жартас, басы ұшпа.
«Бос дәме бой талдырар» деген сөз бар,
Жездеке, дәмеленбе бекер босқа.

Шал:

– Бір сайы Қаратаудың қызыл аша,
Ашасын ауа көшіп, жүрдім баса.
Құр қалып мен кеткен соң, жылап жүрме,
Көңілім бұзылады қыз жыласа.

Қыз:

– Бір сайы Қаратаудың қызыл аша,
Ашасын ауа көшіп, жүрдім баса.
Көңілімді ауыртпа, шал жездеке,
Обалы оңай емес, қыз жыласа.

Шал:

– Ауылым жайлап отыр Сылқымкөлді,
Сылқымкөлді жағалай жылқым келді.
Балдызжан, бір жас иіс керек боп жүр,
Жантайып, ақ төсіңе ұйқым келді, – дегенде, тың-
даушы жұрт шалды жамырай қошеметтеп:

– Ehe! Ehe!

– Өйдә! Өйдә!

– Шалың қағынған екен, – десіп, кеу-кеулеп әкет-
кенде, қыз да іле жауап тауып:

– Сен айтсаң, мен де айтайын Сылқымкөлді,
Сылқымкөлді жағалай жылқым келді.
Сапсиган сақалыңа қарасаңшы,
Ұйқым келді дегеніңе күлкім келді, – дейді. Еріккен
жұрт бұған да жақтастық білдіріп:

– Уа, бәрекелді!

– Ой, айналайыным!

– Табады, табады-ақ, – десіп жатты.

Жезде шал:

– Қошқар қойдым қозының қасқасынан,
Кекілік құс кетпейді тас басынан.
Балдызжан, ақ төсіңнен сүйгізбей-ақ,
Қылтаңның ұстатсаңшы қос басынан, – деп еді. Үй
іші тағы ду күлкі шу еді.

Қыз:

– Айғыр қойдым құлынның қасқасынан,
Шал жездеке, қағындың жас басыңнан.
Қылтамның ұстатар ем қоспасынан,
Тағы дәме қылмасаң, басқасынан, – дегенде, бір
жігіт түрегеп ұстап тұрған аспа шамның жарығымен үй
толып отырған тыңдаушылар ду күлісіп:

– Ой, бәрекелді!

– Ой, көп жаса, қарағым! Мынау қандай жезтаңдай
қыз еді, – деп жатты.

Шал:

– Балдызжан, құтқара көр мазағыңнан,
Сені ойлап, күні-түні аза қылғам.

*Не қылсаң құдай білсін, енді өзің біл,
Өлейін қайғы тартып, азабыңнан.*

Қыз:

*– Ақ тегене жездеке, ақ тегене,
Үлкен де емес, кіші емес, шақ тегене.
Жездеке, қайғыңызды орындар ем,
Сақалың сапсиып тұр, әттегене.*

Шал:

*– Балдызжан, бәйт айт десең, бәйт айтайын,
Жалынып, қайта айт десең, қайта айтайын.
Залалын тигізбейін сақалымның,
Басымды оқ жыланша қайқайтайын, – дегенде,
өсіресе жігіт-желең, еркектер жағы дуылдап, көтеріп әке-
тіп, қыздың қарымта қайыруына есе тигізбей жатты.
Үлкендер жағы қалың шуға басу айтып:
– Ау, тоқтаңдар, шуламаңдар!
– Қыздың айтуына ерік беріңдер, – дескен. Шу
басыла бере қыз дауысы естілді:*

*– Сақалың құрысын, жезде, саусылдаған,
Өлеңің құрысын, жезде, таусылмаған.
Оқ жыланша қайқайтпай, әдірем қал,
Қалжаңа қарасаңшы, қалшылдаған.*

Шал:

*– Балдызжан, әкең қойған атың Қауын,
Басында Орқашардың күнде жауын.
Жиырма беске келгенше кетпей жүрсін,
Ешкідей боламысың, елге сауын.*

Қыз:

*– Жездеке, оның рас, атым Қауын,
Бітсінші, қақсал қақпас, сенің дауың..
Бұтымда шатләнкеден дамбалым бар,
Тістеп шеш, қолың салмай, соның бауын, – дегенде,
шал сөз таппай, ыржалақтай берген.*

2

Соңғы жылдары Мәсели ақсақал өмірден өткен. Бұл тойға оның көзін көрген, үзеңгілесі болған Уәйіс зәңгі мен Тұрсынбек бас қосып, топ басы болып келгенді. Тойға жиылғандар Қазездің үйіне және қысы-жазы іргелері ажырамай, бірге отыратын бір-екі көрші үйлерге кезегімен топтоп боп кіріп-шығып жатты. Тұрсынбек, Уәйіс зәңгілер Қазездің өз төрінде еді. Сөзгер Уәйіс бұрынырақ өткен Уақтың Мауқарадан кейінгі әйгілі шешені Тоқтық би жайлы әңгіме шертіп отырды.

1840 жылы туған Тоқтық би жиырма жасынан бастап отыз жыл бойы қызыл тілдің аламаны Мауқара шешеннің қасында болып, үлгісін алып «Уақтың Сарымойын биі» атанған. Сәнқойлылығынан мойнына сары жібек орамал орап жүретіндіктен және жүйріктігінен, бұл есімді ұстазы Мауқара өзі берген. Осыдан біраз жыл ілгері Көгедай төренің өмірден өткеніне бәлен жыл толып, соған Алтайда ұлы дүбір ас берілген екен. Бұл ас нәзірдің иесі Көгедайдың тікелей ұрпағы, бүкіл Алтай Керейін билеп отырған Шәріпхан төре, Мәми және Тарбағатайдан барған Мамырбек төрелер болатын. Толы өңірінен Қызыр үкірдай, Тоқтық би, Уәйістер сол асқа бірге барады. Сегіз қанат ақ ордаға бұлар кірген кезде Шәріпхан мен Мәми төре бастап, Жанымхан мен Хадуан ханым қостап, кезегімен қазақтың әртүрлі мақалдарын айтып, асқа келген сыйлы қонақтарды ауыздарына қаратып отыр екен. Әйелдің мақалшылы Хадуан болатын. Ол өз сөзінің кезегінде:

– Әлдебір малай: «Сыланайын десем, байдан қорқам, сыланбайын десем, тоқалдан қорқам» депті деп, жұртты күлдіртіп отырған кезі екен. Оған Жанымхан да сөзгерлігін байқатып:

– «Кәрі ит шоқиып отырмаса үре алмайды» дейді. Өйткені тұрып үрсе, іші солқылдап, дыбысын шығара алмайтын көрінеді, – деген.



Мәми төре де сөзден қаражаяу емес:

– Қазекеңнің әрбір мақалы құдірет қой. «Буаз бие сүзеген сиырды көзінен таниды» дейді дегенде, Шәріпхан:

– «Тебегеннің таңын айыратын сүзеген бар» дейтіні сондайдан ғой, – деп еді, Қызыр үкірдай жалғай түсті:

– «Ерінің көңілін қалдырған әйелдің қызыл көйлек киіп, қылымсығанынан не пайда» дегенін көрмейсің бе?!

Мамырбек:

– «Ұста қатынымен темір қызғанша ғана ұрсыса алады» деп кетіпті қазекең. Қызыр үкірдай:

– Анасы болысқақтың қызы ұрысқақ, атасы болысқақтың ұлы ұрысқақ, – деп еді, Шәріпхан:

– «Қасқыр қорыққан төбеттен қаншық қорықпайды» дегеніне қарамайсыңдар ма!

Хадуан:

– «Тақым қақтаған тай оңбас, қатын қақтаған бай оңбас» дегенін қайтесің! – десіп күлісіп жатқан.

Тарбағатайдан, Уақ елінен шақырылған екі ділмар Тоқтық би мен Уәйіс зәңгі ұлы думан ас нәзір үстіндегі осындай салтанатты отырыстың қызығына дөп келген. Бұрын бұлардың даңқын ұзынқұлақтан естіп жүретін Шәріпхан төре екеуін сөзге тартып, өнерлерін көрсетуін сұрағанда, олар мақал-мәтел жарыстырмақ болыпты. Уәйіс кезекпен айтылған мақалды қайсысы көп білетінін ойлап отырса, қызыл тілдің ділмары Тоқтық би оны місе тұтпай, Уәйістің айтқан мақалына қарама-қарсы одан асыра үстеме мағынада айтып, жүйріктігін көрсетеді. Алдымен бастаған Уәйіс:

– «Өткір пышақ қынға қас, өтірік сөз жанға қас» десе, Тоқтық би:

– «Өткір пышақ жанға керек – қынға қас, өтірік сөз дауға керек – жанға қас» депті. Уәйіс:

– Шөбі жоқ деп жерден түңілме, малы жоқ деп ерден түңілме десе, Тоқтық:

– Шөбі жоқ деп жерден түңілме, тамыры бар; малы жоқ деп ерден түңілме, тағдыры бар дейді. Уәйіс:



– Жаугершілік болса артқан жүгің түйеде қалады, түйең қияда қалады десе, Тоқтық:

– Жаугершілік болса, артқан жүгің теңкиіп түйеде қалады, түйең кеңкиіп қияда қалады. Сонылаған малың өрісте қалады, соқа басың керісте қалады. Аялаған ауылың шабыста қалады, арулаған өлігің табытта алады. Күлік атыңды күдіс етеді, күдері еріңді күмілжік етеді. Сіргелі өгізіңе жүгін артады, сырғалы қызыңа «назын» артады. Түйенің солқылдақ өркеш тайлағына көз салады, әйелдің солқылдақ төс қаймағына көз салады. Шал-кемпірің ордада қалмай обада қалады, өлігің молада қалмай далада қалады, – деп шұбырта жөнеледі. Уәйіс:

– Жақсы айғыр үйірін қорғайды, бұқа тұмсығын қорғайды, – десе, Тоқтық:

– Жақсы айғыр сом тұяғымен үйірін қорғайды, құж мойын бұқа сом мүйізімен сасық тұмсығын қорғайды, – дейді. Уәйіс:

– Жыны жоқ бақсы күншіл келеді, қыры жоқ балгер міншіл келеді, – десе, Тоқтық:

– Жыны жоқ бақсы дарынсыздығынан күншіл келеді, қыры жоқ балгер пайымсыздығынан міншіл келеді, – дейді, Уәйіс:

– Кәрі түйе тайғақ, кәрі кісі жайдақ, – десе, Тоқтық:

– Кәрі түйе тайғақ, белінен күш, табанынан мөр кеткен, кәрі кісі жайдақ, көзінен нұр, көкіректен ой кеткен, – дейді. Уәйіс:

– Жақсы аттың тісін ашып қарама, әйелі жастың жасын сұрама, – десе, Тоқтық ілінбестен:

– Жақсы аттың тісін ашып қарама, киесі болады, әйелі жастың жұрт көзінше жасын сұрама, әр нәрсенің жүйесі болады, – депті. Қарсыласына таңғалған Уәйіс «енді не дер екен» дегендей:

– Қатыны өлген қызы бар ауылға қарап жылайды, аты өлген досын сынайды, – десе, Тоқтық:

– Қатыны өлген пейілі жамандықтан қызы бар ауылға қарап жылайды, аты өлген «достың келгені – сұрағаны, сұрағаны – өлгені» болып сынайды, – дейді. Уәйіс:

– Атты жасқа сынат, қызды қартқа сынат, – десе, Тоқтық:

– Атты көңілінің қызуы бар жасқа сынат, қызды қорғасындай салмағы бар қартқа сынат, – дейді. Уәйіс:

– Көп ауырған өзі емші, көп мертіккен өзі оташы, – десе, Тоқтық:

– Көп ауырған пайымдай білсе, өзі емші, көп мертіккен байыптай білсе, өзі оташы, – дейді. Уәйіс:

– Иттің жауы диуана, келіннің жауы кейуана, – десе, Тоқтық:

– Иттің жауы киімі жаман болса диуана, келіннің жауы пейілі жаман болса кейуана, – дейді. Уәйіс:

– Сұмпайы біреудің үйіне қонса, оның үйіне сұмырай қонады, – десе, Тоқтық:

– Сұмпайы сараң пиғылынан біреудің үйіне қонса, сұмырай арам пиғылынан оның үйіне қонады, – дейді.

Тыңдаған жұрт бұл екеуінің ділмарлығын «ойпырым-айлап» төне тыңдасады. Төрелер:

– Бабамызға ас бергенімізден мынау қызық болды ғой.

– Бәсе, «Тоқтық би», «Уәйіс зәңгі» деген аттары босқа шыға ма деседі. Екеуіне «қос табақ» дейтін сый табақ тартқызады. Уәйіс:

– Ақсақалдың назасына қалма, хан иенің жазасына қалма, –десе, Тоқтық ілінбей:

– Ақсақалдың назасына қалма, сақалының ағы ұрады, хан иенің жазасына қалма, өзі ұрмаса, астындағы тағы ұрады, – дейді.

Уәйіс осы тұста Қазездің үйінде бұны төніп тыңдап отырған тойшыларға:

– «Өзімнен ешкімді асырмаспын-ау» деп кеудеме нан пісіп жүрген кезім ғой, шашасына шаң жұқпас Тоқтық бидің алдына шығу қайдә-ә-ә?! Тағы бір толғанып алдым да:

– Ойлының алдында көкірек керме, қайғылының алдында қарқылдап күлме, – деп едім, Тоқтық:

– Ойлының алдында көкірек керме, жазасына ұшырайсың, қайғылының алдында қарқылдап күлме, назасына ұшырайсың, – деді. Мен:

– Қарауға күнің түспесін, жаманға ісің түспесін, – деп едім, ол:

– Қарауға күнің түспесін, қыл бермес шылбыр есуге, жаманға ісің түспесін, жаныңды сұрар кешуге, – деді. Мен:

– Жығылсаң естіден жығыл, жеңілсең естіден жеңіл, – деп едім, Тоқаң:

– Жығылсаң естіден жығыл, жықтым демес, күрестім дер, жеңілсең естіден жеңіл, жеңдім демес, тірестім дер, – деді. Мен:

– Қой семірсе көтерер, ит семірсе құтырар, – деп едім, Тоқаң:

– Аузы кіші, қарны үлкен – қой семірсе көтерер, қарны кіші, аузы үлкен – ит семірсе құтырар, – деді. Мен:

– Шошқа қуған шалшықта, киік қуған шалғында, – деп едім, Тоқаң:

– Орны сасық, аузы арам шошқа қуған шалшықта, орны таза, аузы адал киік қуған шалғында, – деді. Мен:

– Доға белді доңыз тоқ, қыпша белді арыстан аш, – деп едім, Тоқаң:

– Талғамайтын доға белді доңыз тоқ, таңдап жейтін қыпша белді арыстан аш, – деді. Ордадағы сөз тыңдаушы өзгелермен бірге Мамырбек, Мәми, Шәріпхан төрелер екеумізге де риза болған көрінеді. Жайшылықта аузынан сөз әрең шығатын Шәріпхан жарым хан емес пе. Соның өзінде жаңағы тұста қызыққанынан қолын шапалақтап жіберіп:

– Паһ, паһ! Шірікін, біздің қазақта кімдер жоқ! «Бақпен асқан патшадан ақылмен асқан қара артық» дейтіні осындайдан ғой! –деп таңырқағанда, Тоқтық тағы да ілінбестен:

– Ау, төре жарықтық-ау, «Бассыз берген мал мазақ, бақсыз берген тіл мазақ» деген қайда. Орнымыз сіздей болып барып, осы сөзді білсек болмас па еді. Екі кісіге бұйрық бере алмаймыз, құр сайрағаннан не пайда?.. Босқа мақтағанша, ең болмаса шабарманыңыз ғып алсаңыз еді ғой... «Хан нөкері төмен отырмайды» дегендей, тым құрыса дауға салып жүрмес пе едіңіз.

Сөз білместерге жүк артып, «серкеш дауын бітірмейтінге құн дауын даулатыпты» дегеннен не шығады, деп қарт би төренің өзін үндетпей тастапты. Сонан соң айтарын тағы да жалғастыра түсіп:

– Қазақта «қой аяғы кілмек, қожа аяғы ілмек, түйе аяғы маймақ, төре аяғы тайғақ» дейтін сөз бар... Қожа аяғы «ілмек» болатыны көңілі түскен әйелін аяғымен іліп тартатын көрінеді. Төре аяғы «тайғақ» болатыны ол жарықтықтар да беті түзу әйел көрсе тайып кеткен болып, аяғымен ишарат беретін көрінеді. Билік айтып үстінен күн көретін төре-қожаға ешкім ешнәрсе айта алмайтындықтан, солай етпей қайтеді, дегенде, мына шалдың қытымыр сөзіне отырғандар еріксіз ду күлген. Тегінде Шәріпхан төренің бетіне бұлай қалжыңдаған ешкім болмаушы еді. Үлкен төрені сөзден тыйған қарт биге Жанымхан мен Хадуан да таңданғандарын жасыра алмай:

– «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген осы.

– Мынандай тілді кеспек түгіл жазалай да алмайсың, – деп күле түседі. Уәйіс екеуін жібере берсең, тоқтаусыз кете беретін түрі байқалған. Осыдан кейін Уақ биін өзі сынамақ болған Шәріпхан төре:

– «Тоқтық би, Тоқтық шешен» деп неге шулайды деуші едім, аламан топтан асқан адам екеніңіз көрініп тұр. Енді өзіңізге мен мақалмен сауал қояйын, деп алып. – Ал, айтыңызшы, «Сұлу түсіне сенеді, батыр күшіне сенеді» деп еді, Тоқтық тосылмастан:

– Сұлуды мақтай берсең, есіне сенбей түсіне сенеді, батырды мақтай берсең, ақылына сенбей күшіне сенеді, – деді. Шәріпхан:

– Нәпсі бетіңді тоздырады, ол ұяттан аздырады, – дегенде, Тоқтық:

– Айдай ажарыңды иттей нәпсі тоздырады, нәпсінің тәттілігі адамды аздырады, – дейді. Төре:

– Ұры жанын сатады, алыпсатар арын сатады, – десе, би:

– Ұрыда иман жоқ, тойғанша жеп, өлгенше қарғанып, жанын сатады, алыпсатарда ынсап жоқ, бірін екі етем деп, арын сатады, – дейді. Төре:

– Жаманға сырыңды айтпа, наданға зарыңды айтпа, – десе, би:

– Жаманға айтсаң сырыңды бір сындырар қырыңды, зарыңды айтсаң наданға ұлғайтады жырыңды, – дейді. Төре енді сауалға көшіп:

– Ақымақ қандай, сұм қандай! – деген. Би:

– Ақымақ лашығы жоқ орданы көксеп, желісі жоқ жорғаны көксеумен күні өтеді. Сұм байыса зорға салған тамы тар көрініп, зорға алған қатыны қар көрініп, ала-тілеу болады, деді. Тоқтық бидің бұл жауаптарына төр төбесіндегі Шәріпхан, Мәми, Мамырбектен тартып, Жанымхан, Хадуан ханымдар бастаған ақсүйек шон-жарлар қарқылдап күліп кетеді. Шәріпхан төре Тоқтық қартқа сауалын жалғастырды.

– Өзімшілдік қандай? Пәлеқор мен парақор қандай?

– Асқан өзімшілдіктен бұзақылық туады. Бұзақы пәлеқорды табады. Пәлеқор парақорды табады. Парақорды байытсақ, қағынғанға қанжар ұстатады.

– Шындық қандай? Жала қандай?

– Жақсы шындық жаман жаладан соққы көреді. Жалақорды байытсаң, парақорды іздеп, жақсыға апат келтіреді. Шындық жеткенше жала жайлап алады. Түбі шикі жаладан тамыры берік шындық озады.

– Әділдік қандай? Зорлық-зомбылық қандай?

– Зомбылық есіктен кірсе, әділдік шаңырақтан шығады. Зомбылықпен көркейген-қарғыстан күйрейді. Екпін-деп келетін зомбылықтан жайбасар шындық озады.

– Мансап қандай? Байлық қандай?

– Мансабын үлкейтуден басқаны ойламайтындар мен көше алмастай, баюдан өзгені көздемейтін кісінде ізгі ниет болмайды. Ол болмаған жерде нәпсі тізгіні болмайды. Нәпсі тізгінін тартпасаң, адамдық кетеді. «Аспандағы құсты ұятқа қалдырған – жердегі жем» демекші, нәпсі аспандағы басыңды жерге түсіреді.

– Күншілдік қандай?

– Күншілдер мен көре алмас қызғаншақтарды көр ғана түзетеді. Күншілдің көнбес басы көрдің қуысына көнеді.

– Қараулық қандай? Жомарттық қандай?



– «Қарау байдың жинағаны жаназасына бұйырады» деген бар. Қарау адам өлуге бар, тыңдауға жоқ. «Қатыны қарау болмай, ер жалғыз үй қонбайды, алғаны адал болмай, менмен деген еркегің даңқы шығып оңбайды» дейді. Қараулық есігінен жан кірмес, түңілігінен жел үрмес дегенге жеткізіп, жалғыз үй қалдырады. Ал, асқан жомарттықтың түбі кедейлікке жеткізеді. Өзіне керегін өзгеге беру – не пайдасын білмейтін ақымақтың қолынан келеді, не асқан жомарттың қолынан келеді.

– Мылжың қандай? Ез қандай?

– Ауыз жаппас ноқайдан ақылды мылқау артық. Мылжыңды езген жеңеді, езгенді құдайдан безген жеңеді. Ынжық пен ынжықтың достығы ит қасынғандай дыбыссыз болады. Ынжықтың арманы ит жүніне ілінген қыраудай үлбіреп тұрады. Үп еткен желге ұшуға дайын.

– Бақытты қандай? Қайғылы қандай?

– Бақыттан басың айналып, дардиып кетсең, көзің ойылғанша жылайсың. Бақ баянсыз, өмір тұрлаусыз. Бақ – көтерген кісіге бекиді. Қайғы жылатса – жылаған көзің күлкінің де ұясы. Жылатқан қайғың ескіріп, қатты шаттықтан жылайсың.

– Бай қандай? Кедей қандай?


– Бай күндіз өрттен, түнде ұрыдан қорқып өмір сүреді. Бірім екеу болса деумен шашы ағарады. Дүниенің қайғысынан қартаяды. Ал, «тақыр кедейдің ұйқысы тыныш» деген. Ұры тонар пұлы жоқ, шайтан алар діні жоқ дегендей, қарны тойса уайымдайтын нәрсесі жоқ. Байдан гөрі бейқам өмір сүреді. Соқыр елік, кедей кердең келеді кекірейіп. Соқыр балық, байлар бапшыл келеді қоқиланып.

– Жақсы қандай? Жаман қандай?

– Жақсы – арыңа жолдас, жаман – барыңа жолдас. Жақсыны жамандасаң аруағы тасады, жаманды жамандасаң құты қашады. Заты жаманға сексен ауыз сөз айтып, селт еткізе алмайсың.

– Ұқыпты қандай? Ұқыпсыз қандай?

– Ұқыпсыздың тесікке тығын, жыртыққа жамау боларлық басы артық бұйымы болмайды. Ұқыпсыздың мың үміті – бір үрейге құрбан болып жүреді. Ұқыпты



керегін керексiзiнде жинайды. Мысты жезге, жездi алтынға айналдырып жүредi.

– Олақ қандай? Салақ қандай?

– Олақтың iсi iске ұқсамай, iстен қолы босамай, мазақ болып жүредi.

Олақтың жасағаны – сынғақ, бояғаны оңғақ болады. Олақ бақаннан балта сап, уықтан ұршық сап шығара алмайды. Байлаған жиби үзiлiп, артқан жүгi шашылып, әурелiкпен өтедi. Салақтың келген дәулетiнен кеткен бейнетi көп болады. «Салақ қой болып көкке, қозы боп сүтке жарымайды» деген бар. Қатын кiмнiң қатыны – ала қаптың қатыны. Ала қаптан ас кетсе, әлдекiмнiң қатыны болып, салақ бала-шағасын жарытпайды.

– Жалқау қандай? Арсыз қандай?

– Жалқауға мал бiтпейдi. Малсызға малға балап, ұйқы бередi, арсызға арға балап күлкi бередi. Арсыздық беттi тоздырады, артық күлкi жиренiш қоздырады.

– Ерiншек қандай? Көңiлшек қандай?

– Ұйқының бабын табамын деп ерiншек өледi, көрiнгеннiң көңiлiн табамын деп көңiлшек өледi.

– Қорқақ пен жалтақ қандай?

– Қорқақ қашып жүрiп, қаңғырған оққа кез болады. Жалтақ жасырынам деп жүрiп, түйенiң құмалағына сырғанап, сиырдың жапасына жығылады, – деп келгенде, ешкiмге жалынан сипатқысы келмейтiн «Алтайдың ақ иығы» атанған Шәрiпхан төре Қадуан ханым мен Жанымханға көз тастап, одан жан-жағындағыларға жағалай қарап алып, соңынан Мауқараға:

– Саған дауа жоқ екен! Аман бол. Ел-жұртыңа менен сәлем айта бар, – дедi. Алтайлықтардың бiр таңырқаны – Тарбағатайдан бас қосып, осы асқа арнайы келген үшеудiң бiрi – Бәзғаламға күй тартқызғанда, ол Мамырбек төре өте жақсы бағалайтын «Қайрақбайды» екi-үш қайта шертiп, бүкiл аймақ бағынған төренiң құлақ құрышын қандырып, арманынан бiр шығарғандай болған-ды.

* * *

Шәріпхан төре Тоқтық пен Уәйісті осы бойда тоқтата салмай, қазір тағы басқа бір қырға өтіп, ендігі сауалын Уәйіске қойды.

– Ал, Уәйіс жігіт, естуімше, жаңадан зәңгі сайланған екенсің. Ел-жұртың сөз білгенің үшін, көкей саңлағың үшін бағалағаны көрініп тұр. Ал енді сен айтшы, жақсы әйел қандай, жаман әйел қандай?

Уәйіс тосылған жоқ. Ойына сіңіріп, жаттап жүрген сөздерін өрнектетіп, ағыза жөнелді:

– Жақсы әйел жоқты-барды құрап, ерін тойғызады, жаман әйел сауып ішіп отырған жалғыз ешкісін сойғызады. Сауып ішсең – мың күндік, сойып жесең – бір күндік. Жақсы әйел көршісінен жүн қарыз алып, байпақ басады, жаман әйел байынан таяқ жегенше жайқақ басады. «Алған жарың жақсы болса айт-тойың не керек, ауылдасың жақсы болса ағайының не керек» деген бар. Жақсы әйел ері өлсе, басына орнатқан мұнара болады, жаман әйел ері өлсе, ешкімге сөзін өткізе алмай диуана болады. Ері керенау болса, әйелі бойкүйез, самарқау болса ол үйден қонақ безеді. Жаман қатын іші томпайған әйелге, тұмаған балаға кіндік шеше болады. Тілемсек әйел барған жерін төркінсінеді. Жақсы болса алғаның – үйіңнен жолдас кетпейді, жаман болса әйелің – шын досың да шеттейді. Еркектің жауы – бейпіл тілді, ойсыз әйел. Әйел өзін қанша бекзат санаса да, еркектің алдында өз жынысын ұмытпауы керек. Әйел еліне патша болса да, еріне патша емес. Анаңның басқан жерінде пейіш бар, – деп келгенде, Шәріпхан төре күле түсіп:

– Жә, жә, жарайды, жарайсың. Тек тіл-көзден аман бол, – деді де, енді қайтадан Тоқтық биге мойын бұрып:

– Ал, кезек сізде. Жақсы келін қандай, жаман келін қандай?

– «Келіннің кердеңінен, аурудың мерезінен сақта» деген бар. Келіннің ерін сыйламағаны – елін сыйламағанына жатады. Ұнамаған келіннің ұлдары да сүйкімсіз көрінеді. Жаман келінге жылы сөйлесең, күйеуін жамандайды. Келін қарамаса – енесі қаңғырады, кемпір қарамаса – шалы қаңғырады. Келін бой жасырады, дауысын тау асырады. Қабағын керген келіннен енесі тұшынып, ас ішпейді. «Асыңды бермесең берме, қасыңды керме, қарағым» деген бар. Басқа келген бақытты кесірлі келін кетіреді. Ата-енесін сыйлаған – жүре-жүре молығар, ата-енесін сыйламаған – түбінде бір қырсыққа жолығар. Келінің жаман болса ұятың кетеді, қызың жаман болса жұратың кетеді. Жақсы келін сырласыңдай жанасар, жаман келін жөн-жосықтан адасар. Иті дарақы болса кезең асырар, келіні дарақы болса берекені қашырар. Әр елден келін келеді, онымен бірге әртүрлі жақсы ырым келеді. Кесірлі келіннің тойы – кемпірдің өлімімен қатар келеді. Аяғын етік қыспаған, аузын шеше тыймаған қыздан жақсы келін шықпайды. Бұрынғы келін кейінгі келінге жөн айтады, бұрынғы пұшық кейінгі пұшыққа ем айтады. Келінінің керімсінгенінен сақта, керімсінген келіннің ұяты екіқабат шүберектің далдасында. Әулекі келін – түнгі қылығынан күндіз ұялады, – деп төпелеп келе жатты Тоқтық би. Мамырбек төре осы тұста:

– Ал, болары болды, – деді желпініп. – Жер астында жасырынып жатып, жеті жыл оқыған адам сияқты, екеуіңізде де түп жоқ екен. Шешен болсаң осындай, зәңгі болсаң осындай бол. Ұлы сөзде ұят жоқ, енді екеуіңіз кезектесіп, қыз бала туралы тәрбие айтыңдаршы, бәрі де мынау отырған жұрттың көкейіне үлгі-өнеге боп қалады ғой, – дегенде, Уәйіс Тоқтық биге мәнді көзбен қарады. Жол бергені еді. Қарт би:

– Құда болғанша ата тегін сұрас, құда болған соң, кім де болса сыйлас, – деп бастады. Уәйіс:

– Қызы жақсыны Қызыр қориды, қызы жаманды шайтан ториды. Ибалы қызда үлбіреген ұят бар. Тоқтық:

– Қыздың ерлігі қырқында білінеді, әйел демей алдына жұрт жүгінеді. Көріктіні сұлу де, ақылдыны ару де. Уәйіс:

– Жасқанбаған қыздың беті – ойсыз әйелдің бетіндей тозған бет. Қыз құпиялығымен қымбат. Тоқтық:

– Қызың жақсы болса үйіңе ырыс кіреді, қызың жаман болса үйіңе ұрыс кіреді. Қыздың сыры төркініне мәлім. Уәйіс:

– «Қыз қылықты болмаса, құр шырайдан не пайда». «Жасымсыраған қыздан без, жазымсыраған қыстан без» деген бар. Тоқтық:

– Күйеуге тимеген қыздың хан ұлында дәмесі бар, қыз алмаған жігіттің қазы қызында дәмесі бар. Уәйіс:

– Кедейдің қызы бойы өседі десе, мұрны өседі. Ерге ерте шыққысы келген қыз жасына жетпей масайрайды. Қызы бар үйдің жеңгесі сүйкімді. Тоқтық:

– Қыз жақсысы – қисық лашықтан табылады. Байдың қызы өркеуде келеді. Қаршыға бітісті болғанмен, қарға үнді қыздар бар. Уәйіс:

– Қыз – халықтың да, сауықтың да гүлі. Қыз – адамзат көркі. Қыз – көңілдің гүлі, көздің нұры. Тоқтық:

– Қызды ауылдың иті жатпас, шешесінің таңы атып, күні батпас. Қызды ауыл өсекші келеді. Уәйіс:

– «Айтақ!» десе ит жүгіреді, иттің артынан қыз жүгіреді. Тоқтық:

– Қалыңдығы өкпелеткен күйеу – қайнына сәлем бермейді. Жаман қыздың шешесі – жеңгетай. Уәйіс:

– «Қымтай-қымтай қызымыздың іші білініп барады» деген бар. Сақау қыздың тілін шешесі біледі.

Уәйіс:

– Көрі қызға таң ұзақ. Көрі қыздың ұяты босағадан аттағанша. Отырған қыз ойшыл келеді. Кексе қыз ешкіммен келемеждеспейді...

Тоқтық:

– Сері сезім, гүл көңілді қыздар бар. Қыздың түрін сынамас болар, қыздың сырын сұрамас болар.

Уәйіс:

– Байыпсыз қыз бай мейіріне бөленбес, пайымсыз қыздың бар қылығы еленбес.

Тоқтық:

– Бекімі жоқ қыз қысқа күнде қырық құбылады. Ебін тапқан қыз елек сұрай барып, ерге тиеді.

Уәйіс:

– Алуан түрлі гүлдің алуан түрлі иісі бар, алуан түрлі қыздың алуан түрлі әсем күлкісі бар.

Тоқтық:

– Қырсық шалған қыз жеңгесімен күндес болады. Аяғын етік қыспаған, аузын шеше тыймаған қыздан жақсы келін шықпайды.

Уәйіс:

– Тастақтан садақ-көдесі бар селеу шығады, көңілшек сұлудан ақыр түбі бедеу шығады.

Тоқтық:

– Ақылсыз қыздың қылымсығанынан не пайда, кеудемсоқ қыздың сылқымсынғанынан не пайда.

Уәйіс:

– Тұрпайы қыздың сыйлағаны зая, тілі ұзын қыздың ойлағаны зая.

Екі ділмар осылай бірі іліп, бірі қағып, үй толы адамды өздеріне жамырата қаратқан еді. Мұндай отырыстарда көп ашылып, сөзге араласа бермейтін Шәріпхан төре ағынан жарылып:

– Жарадыңдар, жарадыңдар... Біздің алтайлықтар енді «Уақтың Тоқтық биі, Уақтың Уәйіс зәңгісі» деп жүретін болды. Жақсының даңқы өзінен бұрын жүреді деген рас, – деп еді. Соған орай Мәми де:

– Өздеріңізді алғаш кездестіріп отырсақ та, аттарыңызға сай атақтарыңыз бар екені танылды, – десті. Бұл Алашқа аты жайылған Көгедай төренің асыл нәсіл әулеттері, әрқайсысы жарым хан ел ағаларының аузымен берілген баға еді.

Үшінші тарау

Қарбалас





ҚАРБАЛАС

1

1950 жылы Өшеті ауылына зәңгі сайланған Қазез әкесі Мәселиден көп естіп жүргені бойынша, Орқашардың шетіндегі қалмақтардың қолында қалған жерді қайтарып алудың қамына кіріскен. Бұл жылдары ауыл тілімен «Каперация» деп аталатын мойын-серік құрылған кез болғандықтан, әр ауыл, әр қыстақтың өз жерлері өкіметтің санағына кірген. Мұнан бір жыл бұрын Қытай Халық Республикасы құрылып, көшпенді тұрмыс отырықтандырылған болатын.

Үкіржап баяғыда Мәсели, Уәйіс, Тұрсынбектерден үлкен өтініш етіп, қоныстандырып қалған жиырма шақты қалмақ отбасы қазір екі есе көбейіп, ол жерде қырықтан аса түтіні шаруа өсіріп, бейқам жатқан. Уақыт өткен сайын олар бауыр басып, кейінгі бала-шаға бұл қазақ жері екенін білмейтін еді. Сонымен өзі зәңгі сайланғанына бір жыл өткенде, Қазез Толы аудандық өкіметтен Үкіржапқа қарата қатынас-құжат бекіттіріп алып, қасына ерткен екі жолдасымен қалмақ ауылына жеткен. Қобық ауданынан ерте бөлініп, қазақ жері Орқашар өңірінде өмір сүріп жатқан Үкіржаптар әлі мойынсерік дегенді білмей, ежелгі жеке қалыптарында тұрған. Не ары, не беріде жоқ-тұғын. Үкімет заңы әлі толық күшіне ене қоймаған кез.

Үкіржаптың үйі бәз-баяғы жұртында бие байлап отырған. Жайлаудың қоңыржай, тұп-тұнық ауасы жаз

жарымындағы жайма-шуақ күн нұры жайлау төсінде қоңыр салқын леп байқатады. Шайдай ашық зеңгір аспан сонау зәулім биікте көк шыны күмбездей жалтырайды. Заңғыраған түпсіз тұңғыығымен көз тартады. Тек Орқашардың үстіңгі тұсында ғана аспанның бірекі жерінде ілініп қалған жеп-жеңіл қазбауыр бұлттар қалқиды. Дәл бір қолымен мәнерлегендей таңдайланып, бедерленген табиғат көрінісі, қазбауыр десе дегендей, қоңырқай нәзік тізбектері сезімді арбағандай. Бірінбірі қуалап, жыбырлап толқыған балапан толқынды еске салады.

Қазездің қасындағы екі серігінің бірі Жазғанқұл болатын. Қазез Мәселидің баласы екенін Жазғанқұлдан естігенде, Үкіржап ойына өткен күннің белгісі түскендей:

– Иә-ә-ә, – деп күрсініп қойды. Бұл кезде жасы сексенге тақап, өтпелі өмірдің баянсыздығын ойлағандай. Баяғы ұйысқан қалың барақ сақалы түгелдей бозшулан тартып, зор денесі де еңкіштеніп қалған. Қарт зәңгі Қазездің жүріс аужайын шамалады да, үніне көріліктің керілдегі араласып:

– Ал, мейман, келіп қалыпсыздар?.. Мәсели әкең сөзгер еді. Қасқа айғырдан ең болмаса төбел туады дегендей, өзің де қара жаяу емес боларсың. Ішіндегің түрінде, түріндегің тілінде дейді. Қабақтарың қатулы көрінеді. Іштеріңдегіні шығарып, айта отырыңдар, – деді. Туған жері Қобықтағы қазақтармен бала жасынан араласып, тойда-топта қазақ сөзіне құлағы қанығып, асықты қазақ балаларымен бірге ойнап өскен Үкіржап бұл тілге анау-мынау қазағыңнан артық еді. Тумысындағы зеректігінен де болар.

Қазез бірден қатынас қағазды көрсетпей, жол қуа сөйлеп:

– Иә, ақсақал, әкемнің көзін көрген кісі екеніңізді біліп келдім. «Әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін» депті. Біздің бұйымтайымыз өзіңіз біліп отырған баяғы жер мәселесі ғой, – деп қойды.

– Е, қарағым, оның рас. Әке отырғызған ағаш саясын баласы саялайды.

Бірақ әке қуған дау аяғы балаға қалмасын, дауға

жақын күйеді дейтіні тағы бар. Тіпті бұл істі әкең Мәсели өзі-ақ тиянақтап кеткен сияқты еді ғой. Әке сөзін, әке аруағын сыйлау деген қайда? Өлінің үрейі – тірінің мерейі деген қайда?

– Жоқ, ақсақал. «Өзіне керек нәрсеге көрші өкпелемейді» дейді. Әкемнің маған аманаттауы бойынша сөз аяғы үзілмеген көрінген. Сіз өз аузыңызбен «жаз бар, қыс бар, сәтіммен бітер іс бар, ай-жыл өте келе бір мәнісі болар» деп, өтінішпен қоныстанып қалғаныңызды ұмытпаған боларсыз?

– Е, әлі өкше ізіндемін, әкем болмаса мен бар, – деп отырмын десеңші.

Бірақ қазақ-қалмақ біраз жерде құдаласып, тату-тәтті отырған жоқпыз ба. Қазақ құда сенің қаның болса, қалмақ құда менің қаным ғой. Жалғыз-ақ «құдалыққа құн кешпейді» дегенді ұстап, келіп отырсыңдар ғой. «Қымыз – қаның, ет – жаның» дейтін қазақ үшін аттам жер адамның арынан қымбат демексің ғой.

– Ақсақал, сіз сөзді бұрып, «жатар кезде жамбасқа, жата келе қойынға» дегеннің керін келтіріп отырсыз. Басында сұраусыз келіп орнықтыңыз. Онан соң уақыты келгенде босататыңызды бізге өз аузыңызбен білдіріп қайтарған едіңіз ғой деп, – бұл сөзге Жазғанқұл араласты. – Осы жолы қалай да босатуыңызға тура келеді. Мына зәңгінің қолында ауданның қатынас қағазы бар. Бізді тыңдамасаңыз да, үкімет орнын тыңдайтын шығарсыз, – деді. Үкіржап төрдегі Қазезге қарай тұтас кеудесімен жалт бұрылып, ажырая қарап алды да:

– Е, бағанадан бері мысықтың тезегі ғып көміп отырғанша солай демейсіңдер ме. Әкесі өлгенді де естіртеді ғой, жөніңе кел, жөніңе келмесең өкіметтен милица шығады дегендерің ғой, – деп біраз үнсіз тығылып отырып барып. – Жүрістерің суыт, мал сойғызуға қарайтын түрлерің жоқ. Қымыз алыңдар, – деген. Жуасып қалғаны анық байқалды.

Қымыз құйып отырған баяғы қарасақал көрші малшы болатын. Қазір жіңішке ұзын сақалы бөрте ешкінің жүні тәрізденіп, алаланған. Жазғанқұлға ұсынған ыдысы әлгі астауша үлкен аяқ еді. Көптен бері қымыз көрмей,

жайлау көрмей, қымызға аңсары ауып жүрген Мешкей жазған ат үстіндегі ұзақ жүрістен шөліркеп кеп кіріскенді. Алдыдағы үлкен тегене орталанғанда барып, үшінші аяқты төңкеріп, қарнын сипап, шегіне түсті. Үкіржап жерді босатуға көнген шырайын байқатып:

– Жарайды, жігіттер. Осы күзді болдырып барып, бірақ қозғаламын. Оған дейін қыстаулықтарды бұзғызып, керекті ағаштарын тасып алуымыз керек қой. Уәде осы болсын. Бірталай жыл жайладық, қазақ туғандарымызға рақмет. Сіздер ырза болсаңыздар, мен ырза. Және қандай бұйымтайларыңыз бар? Енді арамыз алыстап кетеді, ойға алғандарыңыз болса, айтыңыздар, – деді. Үкіржаптың жомарттығы ұстап отырған жоқ. Жер майы үшін бәлен жылдан бері Уәйс зәңгі жылына қалмақ қоныстанып алған жер иелеріне бір-бір бестіден беріп отырған еді. Уәйс өзі қайтыс болар алдында Үкіржапқа әлгі жер иелерін беттестіріп, жер ақысы сол үрдіспен жалғасып келе жатқан-ды. Соңғы жылдары жұрт мойын-серік болып, кент-кент орталықтарға жинала бастағандықтан, Үкіржапқа жер майын сұрап келген ешкім болмаған. Қарт зәңгінің ойлап отырғаны сол еді. Қазез зәңгі сол жылдардың майын даулайтын шығар деп, қуыстанып отырған. Алдын ала «не бұйымтайларың бар» дегені сол болатын. Осы сөз өзіне нақ орай келген Жазғанқұл:

– Тақсыр зәңгі, қалағанымызды берсеңіз, мен айттайын, – деген. Бұның қозғағалы отырғаны бірталай жыл бұрын өлген әкесінде біреудің бір байтал қарызы бар екен. Жаназа үстінде молда «кім өтейді» дегенде, жалғыз баласы осы Жазғанқұл «мен өтеймін» деп алдыға шыққан. Бірақ соны бүгінге дейін мойнына қарыз ғып, қолына онан-мұнан мал түссе, жеп қойып, құтыла алмай қиналып жүрген. Өлсем өзімнің балама қарыз боп қала ма деп, уайымдап жүретін. Онысын қасындағы серіктері білетін болса да, өзі бұйымтай сұрап отырған Үкіржапқа айтпағын басқаша жеткізген Жазғанқұл:

– Үкіржап зәңгі! Меңде біреудің бір байтал қарызы бар еді. Содан құтылайын, бір шолақ байтал берсеңіз болды. Артық-кемі болса дәм-тұз татысқан ағайыншы-

лығымыз үшін арамызда жүрер, – деді. Ішінен соңғы үш жылдың майын сұрайды-ау деп отырған Үкіржап үш бестінің орнына бір байталмен бодауласатынына қуанған. Жазғанқұл болса олжасын бүгін алып қайтатын болғанына шаттанып, текенің ұмасынан иленген жарғақ дорбасынан насыбай атты. Бүгін Үкіржаптан бірдеме алып қайтармыз деген қиял ешкімде болмап еді. Тұрсынбек қулыққа, бақай есепке жоқ адам. Ол Жазғанқұлдың олжасына қуанған. Жуан беліне үш-төрт орап байлаған құр белбеуін торы байталдың мойнына тағып, жетелеп қайтқан жолда Қазез Жазғанқұлға қатаңдау дауыспен:

– Ал енді, алуын алдың... Тағы да бас салып жеп салмай, әкеңнің қарызынан құтыл. Ана Құлшайыққа бер дағы, көрдегі әкеңнің қарызын қайтар, – деді.

2

Қазездің зәңгі болғанына үш жыл өткен-ді. Шәрипа бес жасқа ілінген кез. Қазез отбасы бұған дейінгі аралықта Құмар, Қанағат деген екі ұл көрген. Шәрипадан бес жас үлкен Шияу Ли оның туған ағасындай болып, екеуі бірге ойнап, әсіресе шешесі Бақатайға бұлар жақсы қолғабыс болған. Су әкелу, отын бұтап жіберу деген Шияу Ли үшін түк емес. Шәрипа мен Шияу Лидің соңынан қалмай томпаңдап жүгіретін Құмар мен Қанағат бар. Үй іші бұрынғы баласыз кездегідей емес, абыр-дабыр күлкі, арқа-жарқа болатын. Бірақ осындай кезде көрші үйдегі көріпкел әйел жоқ бәлені шығарып, бас-аяқсыз «о, немелер ауылға келетін болды ғой... иә, алатын болса, беретіні де бар» деп бірдемені болжап, өзімен-өзі сөйлесіп отырғанын естіген Бақатай мен көрші әйелдер таңырқаған да қойған. Бір ғажабы, оның айтқан нәрсесі зая кетпейтіні бар. Ер-әйелдер бір-біріне: «... Ауылға кім келмек? Не алып, не бермек» десіп, әлдебір жолау-

шының жолын тосып күткендей еді. Айтқанындай-ақ, сол күннің ертеңінде Шияу Лиді іздеп, бір еркек, бір әйел қытай адамдары келгені бұл үй үшін өте бір тосын жағдай болған еді...

Қазез баяғыда Шияу Лиді үйге әкелген соң, қасындағы серігі екеуі қайта барып жер қазып, өліп жатқан мәйіттердің бетін жасырып, көміп қайтқан. Қазез бұны өзіне адамшылық міндеті санаған. Онымен де қоймай, Алтынкеннің жұмыс орнына барып, болған жағдайдың барлығын жіпке тізгендей ғып айтқан болатын. Мыналардың келуі соған байланысты еді. Әйелдің қасындағы күйеуі Шияу Лидің әкесінің Үрімжідегі жақын-туыс, немере інісі болып шықты. Күректі аяқпен басып қазатын Алтынкен жұмысшыларына жыл сайын аяқ киім, бәтеңке әкеліп тарататын басшылардың бірі ерлі-зайыпты осылар екен. Өлген туыстарын бұрынғы жылдары естіп, оны жұмыстан шығарған бригада басшысын соттатқанымен, Шияу Лидің анық қайда екенін білмей жүріпті. Соны осы жолы бір жұмысшы – сақалды дүңгеннен естиді... Осыдан бір ай бұрын жұмыс арасындағы демалыс кезінде әлгі дүңген қаңғып, би му (Ақжүрек) қазып, ақша табудың жолында жүріп, аңға шыққан Қазезге жолығып қалады. Қазез баяғыда Алтынкен жұмысшыларына барып, ерлі-байлы қытай адамдарын көміп, тірі баланы өзі алып қайтқанын айтқанда, осы дүңген бар еді. Ол сонда Қазезбен жақын сөйлесіп, қош айтып қала берген. Соны ұмытпаған қауға сақал дүңген Қазезден қытай баласының әбден сіңіп кеткенін, қазір ол он жасқа келгенін естіп білген. Қазезге Қату тауында түйемен жүріп жолыққан қаңғыбас бәле Шияу Лиді қызық үшін көріп қайтқысы келген. Соған орай Қазез атқан бір дәу текені сатып алып, түйесіне бөктерген, жақындаса түскен. Содан оның үйіне дейін бірге келген. Бұл үйдің әңгімелерін тыңдап, Шияу Лиді асырап алғаннан кейін сәбилі болғандарын қуанып айтқан Бақатайдың қолынан шай ішкен. Шияу Лиге де қайта-қайта үңіліп, таңырқап қарап қайтқан болатын. Өстіп «құланның қасынуына мылтықтың басуы тура келіп» дегендей, барлық әрекет бір-біріне жымдаса

үйлесіп сәйкес шыққан. Баланың ержетіп қалғанынан хабардар болған туысы «өлгендер өлді, енді бір адамнан тірідей айырылып қалмайын» деген ойға бекіген-ді. Дүңген осы жолы Үрімжіден келген Шияу Лидің кіші әкесінен сүйінші сұрап, бар жағдайды айтқанда, анау оған жата жабысады. Шияу Лиді бағып алған сол қазақтың үйіне апаруын өтінеді. Сөйтіп, ерлі-зайыпты екеуі бір түйеге, дүңген өзі бір түйемен мінгесіп-ұшқасып жеткендері осы еді. Ит шу ете түскенде, далаға жүгіріп шыққан Қазез алдыда келе жатқан қауға сақал дүңгенді тани кеткен. Екінші түйедегі алдына әйел мінгізген қытай адамын көргенде іші қылп ете қалған еді. Қазездың және екі көршінің үйінің бес-алты иті түйедегілерге жау көргендей жабылып, ауыл үстін даңғаза шу ғып жіберген. Далаға көршілер де шығып, алғашында барлығы одырайысып қалған. Соңынан олардың осы ауылға келгендерін біліп, түйелерінен түсіре бастаған-ды. Қытай әйел түйе бір алға, бір артқа ырғақтай шоңқиып, шөгіп жатқанда көзі алақандай болып, өркешті тас қып қапсыра құшақтап алғаны байқалды. Алғашқы аман-сәлемнен соң, Қазездің үй іші және көрші еркек-әйелдер, бала-шағалар болып қаумалап, күтпеген жолаушыларды ішке кіргізді.

Бұлардың Қазез үйіне әкелген көп базарлықтары бары білінді. Атқосшы ретінде ұстай кірген алақоржынды нұсқаған дүңген Қазез бен Бақатайға кезек қарап, өз әрекет міндетін содан бастады.

– Мына кісілер, сіздерге сонау Үрімжіден бірталай сәлем-сауқыт ала кепті, – дей отырып қоржынды ақтара бастады. Кеше ғана Қарамайдан алған нәрселерді «Үрімжіден» деп дардайта түсіпті. Күйектей сақалы сербеңдеп, қимыл-әрекетіне көз ілеспей, лыпып тұр. Алдымен бос салынған жиырма-отыз пашкі иісі бұрқыраған әшмүшке шайды екі-үш қайталап, қос уыстап шығарып, қара ала текемет үстіне домалатып бөктіріп тастады. Бір дорба мен бірталай қант-науаты қоса шықты. Тағы бір таза қалтадан буға піскен бір тізбек жынмома нанмен қоса, мәмпәси, кәмпит шығарылды. Қоржынның екінші басынан Қарамайдан Қазезге алған

мақталы көк шапан және Алтынкен жұмысшыларына арналған қара былғары бәтеңке алынды. Әсіресе тау-тасқа аямай киюге болатын бұл бәтеңкенің Қазездей аңшы үшін жөні бөлек еді. Екі елі келетін қалың резіңке табанының жалпақбас сары мыс шегелері жарқырап тұр. Қазездің әйеліне көйлекке арнап алынған шітірмек гүлімен жайнаған жалтырақ жасыл торғын бір топ кездемесі бар. Ол ғана емес, Шияу Лиге де оның жасына лайықтап, сым-шапан әкеліпті. Жас балаға жарасатын күрең түсті, ішіндегі мақтасымен күмпиген қалың киімдер. Соған қоса аяқ киім, бас киімі тағы бар. Осындай заттар ортаға үйіліп, жұрттың көзі тұнып әрқайсысына бір қарап отырғанда, алдымен сөйлеген қытай әйел еді. Екі қасқа тісі ернінен ұзарып шығып тұрған орсақ тіс, ақ құбаша әйел томпақ көзі күлімдей отырып, ашық үнімен шауқылдай түсіп, бірдемелерді жүдемелетіп сөйлей жөнелді. Тілмаш дүңген ұйғырша сөйлеп, Шияу Лиден жасырыныңқырап отыр. Қазезге қарап, құпиялап аударуы бойынша:

– Сіздер өте жақсы адам екенсіздер... Бүгін біз өздеріңізбен жақын танысып, достасуға келдік. Өйткені сіздер біздің қайтыс болған ең жақын туыстарымызды нағыз адамшылықпен көміп, тірі қалған баласын асырап, бала ғып, бағып отыр екенсіздер. Олар біздің ең қимас бауырларымыз болатын, – деп келгенде Қазез байқаса, ерлі-зайыптылар мұндағы балалардың ішінен қытай баланы ойша іздеп, ұл балалардың әрқайсысын тінте қарап отырғандары білінді. Таңқыштау, шолақ мұрын қараторы бала көздеріне оттай басылған сияқты. Ол өзге балалардан басқаша еді. Аналардың көзі оттай жанып, соған кідіріп қалып отыр. Ал Шияу Ли болса, ұйғыр тілін түсінбей отыра берген. Бұлардың кімдер екенімен онша ісі жоқ, оларға тек таңырқап қарап, ойында ешнәрсе болмай отырған. Анық ес тоқтатқалы бері қытай адамдарын көріп тұрғаны осы. Лақты сиырға телігендей, бір кереғар дүние еді. Бір ғажабы, Қазездің анық байқағаны Шияу Лидің әкесі де шолақ мұрын еді. Мына келген оның немере бауыры да танауы төстен қазған түлкінің ініндей таңқыш екен. Әйелінен кейін сол

сөз алып, бірталай соза келіп, аяғында оң қолының бас бармағын Қазез бен Бақатайға кезек нұсқап, «хау! хау!» деп ырсындап күліп тоқтаған. «Жақсы! Жақсы!» деп мақтағандары еді. Оның айтқаны да Қазездің отбасын жеріне жеткізе мадақтау болатын. Соның аяғында:

– Біз, бір-бір балалы ғана, тұқымымыз аз адамдар едік. Осы бала туғанда мына әйеліміз екеуміз ерекше қуанған болатынбыз. Сіздер бізге өз баламызды қайтарып, соның есесіне қанша жыл баққандарыңыздың тиісті ақысын алсаңыздар деп келдік. Біріншіден, баланы ризашылықпен қиыңыздар. Екіншіден еңбектеріңізге лайықтап, қанша ақы аласыздар, соны айтсаңыздар деген. Бақатай сұқ саусағымен бетін сыза, дауысы тіктеу шығып:

– Ойбүй, бетім-ай, енді қайттік?! – дей берді. Наразылығы да шаңқ еткен осы үнінде еді. Қазез де дауысын соза:

– О-о-о, солай ма?! – дей отырып, дүнгенге қарап құпиялап. – Біз шындасақ, ақы иесі табылып отыр, бұйымтайларын берерміз-ау... Ал сол бұйымтайдың өзі не дейді, ең түйін осы жерде ғой, – деп Ақжолтайға жалтақтай көз тастап, отырып қалды. Бұл айтылғанды дүнген арқылы ұғынған сөзгер әйел күрек тістері орсия, сыңқылдап күліп:

– Әрине, сіздерге әбден бауыр басып кетті. Өзінің ұлты кім екенін де білмесе керек. Қазір бізге бірден бара қоям демеітіні белгілі. Сондықтан сіздер риза болсаңыздар, алдап әкетуге тура келеді. Сіздер де балаға «сені қыдыртып келеді» деңіздер. Біз де сөйтіп айтайық. Сіздердің сөздеріңізге әбден сенеді ғой. Және тілдеріңізді де алатын болуы керек. Ал бұл жолы жібермейміз десеңіздер, толығырақ ойланып алғандарыңызша, оған да көнеміз, әрине. Тек қанша ақы тілейтіндеріңізді ашып айтсаңыздар болды. Қолымыздағы қаражат бүгін жеткіліксіз болса, бір ай ішінде толық дайындығымызды көріп, ақшалай ақыларыңызды әкелейік, – деді.

Қазез орнынан ақырын тұрып, әйеліне:

– Сен бері шығып кетші, – деп өзі есікке қарай беттей берген. Сыртта екеуі де тосын ойға батып тұрып, бір-

біріне айтып қорытқандары іштерінен қанша қимаса да, «ет бауыры келіп отыр ғой, баланы берсек, берейік» дегенге тіреліп еді. Сөйткенмен бірталай жыл көз алдыларында өз балаларындай боп кеткен ғой. Оны Ислам дініне кіргізгендерінің өзі қаншалық. Бақатай еріне қарап жапақтап тұрып, көзіне жас алды. Қазез де қалың ойға қамалғандай болып қалған. Ақжолтайға жақсы қарап, баққан ниеттеріне Алла бұларға перзент берді ғой. Шешімге келуі келгендерімен, екеуінің де маңдайлары әлдебір қабырғаға тірелгендей, әсіресе Бақатай тұңғыық ой құрсауында тұрған-ды. Соны аңғарған Қазез:

– Бақатай, қанша айтқанмен кісі баласы ғой... Жақын туысы екен, берсек беріп, құтылайық та. Алла өзіміздің маңдайымызға берген Шәрипамыз бен екі ұл аман болсын, соның қызығын, соларымыздың жақсылығын көрсетсін, – деді. Сөз осыған сайғанмен, Бақатай қытайлардың өз көңіліне тосын көрінген бір сөзіне таңырқап тұрғанын байқатты. Күйеуінің айтқанын бұзбайтын әдетімен ақылдасқандай боп:

– ... Ақы береміз дей ме?.. Сонда бізге Ақжолтай үшін ақша бермек пе?.. Бала үшін ақша алған деген не сұмдық?! – деп бетін сызып, таңдана сұраған. Ондай нәрсе бұл екеуінің, тіпті қазақ баласының үрдісінде жоқ түйткіл. Біреуді асырап баққаны үшін ақы алу, ақша тілеу деген ұғымда жоқ, өрескел нәрсе боп көрінген.

– Ой, онысы құрысын, – деді Қазез. – Өзімізге туған баладай болып кеткен Ақжолтайымыз үшін құрып қалсын, ақы деген не? Оның да бізге еңбегі аз сіңген жоқ. Шәрипамызды кішкентай күнінен ойнатып, аға болды. Құмар мен Қанағатты қандай жақсы көреді. Соның өзі қаншалық. Өзімізге қолғанат болды. Бұны сатып ақша алсақ, жүрегіміз ауырып жүрмей ме. Еңбегімізді өзге білмесе, бір Алла білсін. Болды, болды, жүр үйге, – дей берді күйеуі. Бұлар ішке кіргенше қытай қонақтардың өзіне көп қарай бергіштегенімен қоса, Қазез бен Бақатайдың сыртқа шығып сөйлескені – бәрі Шияу Лиге ой түсіре бастаған. Бүгінгі күдігінің үстіне баяғыда жасы төртке жақындап, әр нәрсені ойға

сақтайтындай шағында өлген әке-шешесінің қасынан Қазездің жылатып әкеткені еміс-еміс есінде жүретін. Сырттан кірген Қазездер орындарына қайта келіп отырғанда, іші сезік алған Ақжолтай оларға таңдана көз салып қалған. Оның бұ күдігі мұнан бұрын үш ұйықтаса ойында жоқ нәрсе. Тағы бір жағы қытай кісілер ғана емес, көрші еркек-әйелдердің өзіне көп қарағыштай бергені де, байғұс балаға бір суық сезік тудырған. Бірақ бұл үйден кетермін-ау деген ой бейбақ баланың әлі қаперінде жоқ-ты. Бұ да бір тағдыры қиракезік басталған өгей өмір иесі ме. Өсти келе үш үйдің оншақты баласына мәмпәси, кәмпит үлестірілген. Қызылды-жасыл, сары-көк, сан түсті, сан бояулы тәттілер қыр баласының көз құртындай еді. Сондай жалаңаш мәмпәси мен кәмпиттен уысын толтыра шеңгелдеп алып Бақатай ең алдымен Ақжолтайына берген. Ішінен қиналып отырғаны қас-қабағынан білініп, баласына осы тәтті ұсынған кезінде өзі де байқамай, оның көзіне мұңая қадалып қалған.

Орсақ тіс әйел күйек сақалға ым қақты. Әңгімені аяқтайтын бірдеме айт дегені. Дүңген таңқыш танау қытайға бірдеме айта бастады. Қытай қонақ оған үміт-тене қарап:

– Дүй, дүй! – деген соң, тілмаш Қазезге ұйғыр тілімен:

– Андақ боса, мұндақ қылайлы... – деп, бұлар баланы берсін, беретін болса, еңбектеріне қанша ақы сұрайтынын білгілері келетінін айтты. Қазез ішінен «адам сатқан не сұмдық» дей отырып:

– Жоқ, ондай болмайды. Бізге еш нәрсе керек емес, – деп дүнгенді сыртқа алып шықты. Ақжолтайдың көзінше бірдеме айтуға әйелі екеуінің де беттері шыдамайтын сияқты. Дүңген екеуінің ақылдасып, қорытқаны – орсақ тіс әйелдің өтініш білдіргеніндей, баланы алдап, жолға салу болатын. Осымен барлығы іште бас қоса отырып, Ақжолтайға сөз айтар алдында ерлі-зайыпты үй иесі бір-біріне көз салды: әңгімені кім бастайды, қайсымыз бастаймыз дегендері. Бақатай әлден жапақтап, көзі жасаурай түскен. Соны көрген Қазез Шияу Лиді қолынан тартып, қасына отырғызып:



– Ақжолтай балам, – деп бастағанынан-ақ үніне сәл діріл араласа, күңгірттенген жайсыз дыбыс ілесіп еді. Бақатай осы кезде-ақ «сыңқ» ете бере орнынан ұшып тұрып, далаға шыға жөнелген. Көрші әйелдер де қабақтары қатып, қипылдай бастаған-ды. Олар баланы Бақатайдың қандай ғып баққанын біледі ғой. Тату көрші әйелдер – бәрі өздері мінді болып отырған сияқты. Соны аңғарған еркектің біреуі осы әйелдерді де, Бақатайдың соңынан далаға қуайын деді. Көрші үйдің бірінің еркегі ұзын сылыңғыр қара Есентемір Қазездің жұп жазбас серігі болатын. Баяғыда Шияу Лиді алып қайтқанда да, соңынан оның әке-шешесін көмгенде де бірге болған осы еді. Аңға да үнемі бірге шығатын. Қазез бұның бірбеткейлігін, бір сөзділігін ұнататын-ды. Оған қалжындап, «темірің қатты, тас-темірсің» деп қоятын. Жаңа Бақатай сыртқа шыға жөнелгенде, Есентемір өз әйеліне:

– Сендер де шығындар, – деген. Күйеуі бірдеме бұйырса тез қозғалып әдеттенген бойшаң ақсары әйел лып етіп орнынан көтерілгенде, оның қасындағы «кәлпе» атанған екінші әйел де ілесе түрегеп, есікке беттеген. Қазез сөзін жалғап:

– Мына келген кісілер баяғыда сенің кішкене күніңде қайтыс болған әке-шешенің ең жақын туыстары, өзіңнің кіші әкең екен, айналайын балам... Сенің осында екеніңді естіп, өзіңді көріп қайтуға сонау Үрімжіден арнайы келіпті. Егер біз рұқсат ететін болсақ, бұл кісілер сені қыдыртып әкелмек болып отыр. Өздерімен бірге Қарамай деген жақсы қаланы көрсетіп келмек. Бір-екі күннен кейін қайтадан әкеп тастайды, – деп күмілжіп, тоқтап қалды. Өтірік айтып, сәби баланы алдап тұрғанына өзі наразы еді. Осы тұста дүнген енді қазақша сөйлеп, іліп әкетіп:

– Иә, сенің әке-шешен қойған аты Шияу Ли екен. Өзің кішкене кезіңде мына кісілерге солай депсің. Шияу Ли деген қытай ұлтының қоятын аты. Сен осы ұлттың адамысың. Ал бұндағы әке-шешен сені ешкімге бермейді. Тек қана екі жақта екі ата-анаң болып, ортада, әсіресе осында жүре бересің. Саған қандай жақсы. Міне, мына саған әкелген киімдерді кие ғой. Қалаға баратын адам



осындай әдемі, жақсы киім киінуі керек. Барғаныңша жолда жейтін қант-науат, тәттілеріңді екі қалтаңа толтырып салып береміз. Кәне, киініп көрші, – дей түсіп, баланың ерік-алдына қаратпай, Қазездің қасынан тұрғызып алды да, шапанның жеңдерін сұғындыра бастады. «Алдағанға бала жақсы» деген. Өстіп шала зорлықпен кигізілген киімдерді бастан-аяқ киіп болғанда, Шияу Ли мүлде басқа бала болып шыға келгендей. Қазақ «жаман киім жасты көрідей етеді, көріні перідей етеді» деген болса, Бақатай өз қолынан келгенінше оmdaп-домдап тігіп кигізген қыр баласының киімі белгілі ғой. Ал баланың қазіргі тұрпатына көз қуанарлықтай еді. Үлкендермен бірге әсіресе, жәудір көз балалар су жаңа киінген Ақжолтайға тесіле, төне қарасып қалған. Өздері күнде бірге ойнап жүрген құрбыларын бір сәт танымай қалғандай. Осы кезде Есентемір сыртқа дауыстап:

– Ә-әй, бері келіңдер, кіріңдер үйге, – деп даладағы әйелдерді шақырып алған. Сыртта көзін сығымдап, жылап тұрған Бақатайдың көңілін ауламақ болған көрші әйелдер есіктен кіре бере:

– Поһ, поһ! Мына біздің Ақжолтай кім боп кеткен өзі!

– Тіфәй, тіфәй! Хан баласындай, қазы ұлындай болып шыға келді ғой! – десіп, үй ішін ду көтеріп кеткен. Олар ғана емес, Бақатайдың өзі де көзі қуанып, баласын танымай қалғандай. Есентемір әйеліне:

– Құр мақтағанша, шашу әкеліңдер, шашу шашыңдар, – деп еді, есіктен аттап-бұттап, жүгіре шыққан ұзынбұт, сары әйел дем арасында ағаш табаққа салған құрт сықпасын есіктен ене бере дауысын көтере:

– Шашууу, шашууу! – деп төрге қарай уыстап алып сермей бастады. Күйеуі:

– Даңғой әйелге шашу шашқызсаң, жұрттың көзіне ақ түсіреді болмай, байқасаңшы, – деп күлді. Қаба сақал мұндай ырымды білуші еді. Қытайлар әйтеуір, жақсы нәрсе екенін аңдап, жұртпен бірге қуана түскен. Өстіп, ысқаяқ үлкендер әлі басының дымы кеппеген Шияу Лидің ес-ақылын шығарып жіберген. Бағанадан көңілі жарым боп, іштей ойсоқты халде келген Ақжолтай «қыдыртып алып келеді» дегенге сенер-сенбесін біл-

мей, екіұдай уайымда-тұғын. Бірақ ендігі жерде оған қарап жатқан кім бар. Жақсылықтың басталғанын білген қытай әйел қолсәмкесін ашып, Маузедудың суреті бар, шытырлаған су жаңа қып-қызыл ақшадан уыс толы бір бумасын текеметтің үстіне қойды да, сөйлей жөнелді:

– Мен қазақ деген халықты бұрын онша білмеген едім, қандай керемет халықсыңдар! – деп бастағанда, шықшытын айналдыра қалың қаумет сақал қойған дүңген, әйелдің әр айтқанын сөзбе-сөз жеткізіп отыр. – Біз сіздерге өле-өлгенше қарыздармыз. Ол ғана емес, сіздер – қазақтар туралы, қазақ деген сондай халық деп, баламыздың баласына айтып кетеміз. Солай етуге тиістіміз. Және тіліміз жеткен жерге дейін айналамызға айтып жүреміз. Өздеріңізге не деп, қандай рақмет айтарымды да білмей отырмын. Мына ақшаны алмасаңыздар болмайды, ренжиміз, – деп қолына қайта алып Қазезге: – Міне, алыңыз, алыңыз, – дей түскен. Осы кезде Есентемір киіп кетіп:

– Ой, Қазез «алтынды көріп, періште жолдан тайған» деген бар емес пе.

Оған қарағанда біз хам сүт емген пенде емеспіз бе. Ал, ал, сен алмасаң, қазір мен алам да, саған бір тиынын бермеймін, – деп жұртты күлдірді. Оған қоса таңқы танау да, күйек сақал да «ал, алдың» астына алып жатқан. Құлшынған әйел де бәйек болып, ақшаны Қазездің қолына тықпалап жатып әрең ұстатты. Қазез ішінен «сонымен бала сатқан болдым ба» деп ақшаны қолына алуын алғанмен, өзіне көңілі толмай, бір түрлі кейіп отырды. Ақжолтай үшін ақша алғанына жаны жараланып отырған сияқты.

– Міне, байып шыға келдің, – деді Есентемір. Қазез оның жаңағы сөзіне қапелімде бір дау айтып:

– Сен жазықсыз періштені қаралап отырғаныңды білемісің?.. Жәбірейіл періште жерге түскенде, жолында жатқан алтынды көреді. Алланың құдырет нұрымен жаратқан кәделі нәрсесін аттап кетпейін, басып кетпейін деп, құрметтеп жолдан шыққан еді. Періште ер де емес, әйел де емес, тек Алланың адал қызметіндегі орындаушы, көркем нұрдан тұрады. Оған алтынның керегі

не? Екі қазақтың бірі оны «жолдан шыққан, жолдан тайған» деп оған өзінің нәпсі құлқынын жапсырып тағады, – дегенде, шарифатшыл дүңген бұл тағылымды алғаш естіп отырса керек. Осыны өзі де айтып жүрген сияқты. Тәубесіне түскендей, қолын жағасына басып:

– Лә-илләһа-илалла! Лә-илләһа-илалла! Жусы ныгыма, жусы ныгыма,– деп құлшылыққа кеп жатты. Бұл дүңген қазақ ішінде жүргенде, періштені дәл жаңағыдай талай рет өзі де былғап сөйлегенін еске алып, «осындай, бәрі бірдей» дегені еді.

Әйелінен кейін қос тізерлеп отырған ері сөйлеп, ол өзінің шынайы ақадал сөзін жеткізуге тырысып баққан. Баланы қандай әдемі ғып асырап отырғандары, қабалына еш кірбің түсірмей, ренжітпей, біреудің баласын, тіпті іздер-сұрары жоқ қайдағы бір жетімекті дәл осылай етіп күтімге алу деген қандай ғажап адамгершілік екенін ағынан ақтарыла, қақ жарыла сөйлеп айтып шықты. Өзінің ақкөңілділігі байқалады. Жүрек сөзі, жан сөзінің аяғында:

– Бұл нәрсе, дәл мұндай нәрсе сіздерден басқа ешқандай ұлттың қолынан келмеуі мүмкін деп ойлаймын. Тіпті асырап, бағуды былай қоя тұрғанда, сіздер өлген адамды тірілткенмен бірдей болып отырсыздар. Егер бала сол орнында қалса не болатын еді, өлетін еді ғой, өлетін еді ғой! – деп көзі жасаурай келіп, шорт кідіріп тоқтап қалды. Қазездің үй іші қытай ұлты адамдарының бұларды осылай бағалағандарына ырза еді. Бақатай бірдеме айтып, сөйлегісі-ақ келіп отыр. Бірақ үні шығып, аузынан сөзі ақтарыла бастаса, көзінің жасы қоса ақтарылғалы тұр. Және Ақжолтайға оның бұл үйден біржолата кететінін сездірмеу керек. Бақатай сөйлесе өзін ұстай алмай жылап жібереді де, оны көрген баласының жаны өртенеді. Ойда-түсте жоқ жерде Ақжолтайларының көзден ғайып болғалы тұрғанын ойлағанда, жаны нәзік Бақатай іштен тығыла буылып, бүкіл көкірегі жанартау боп атылғалы тұрғандай. Осы кезде Қазез барлық балаларды «кішкене ойнап келіңдерші» деп далаға шығара тұрды. Өйткені соңғы сөзді Қазез өзі қорыта бастамақ. Ол мыналардың келуі

бір жағынан шынайы туысқандық, қандастық, әсіресе, адами үлкен жауапкершілік екенін, бірақ оған қарап, баланы оп-оңай бере салғылары келіп тұрмағанын, оны үй іштерімен қимайтынын, мына кішкентай Шәрипаға дейін көңілсіз бірдеме сезгендей боп әркімге бір жалтақтап, жапақтап отырғанын, ол өзі көз ашқалы көрген Ақжолтай ағасын бүгін біржолата жоғалтуды мүлде ойламайтынын, тіпті ол кетіп қалған соң жылайтынын, неге жібердіңдер деп, бұлардың өздеріне ұрсатынын таратып айтып кеп, дүңгенге қадала:

– Мына кісілер біздің Ақжолтайымызға жақсы қарайды деп сенеміз. Олай етпесе, осынша жерге іздеп келмес те еді. Әсіресе, әйелі жайшылықта жақындап, маңайына бармайтын түйеге мінгескенге көніп, күйеуін мақұлдауының өзі қандай, – деп келгенде, бұны естіген қытай әйел Қазездің ойлағыштығына таңырқағандай кейіпте еді. Тісі ақсия оған риза жүзбен қарап, жарқылдап күлді де:

– Дүй, дүй, өте біліп айттыңыз. Түйені сыртынан көргенде адам жейтін, адамды тарпа бас салып, тапап тастайтын мақұлықтай көрінетін. Оған мінуге, сіз айтқандай көне қоюым оңай болған жоқ. Амалсыз өз мүддеміз үшін, мына ерім және өзім үшін, көнбеске көндім. Біздің де мына өз қыздарыңыз сияқты бес-алты жастағы жалғыз қызымыздан басқа ешкіміміз жоқ. Балаға зар адамдармыз. Сіздерге мың мәрте, сансыз мәрте рақмет. Жақсы өсіріп, дап-дайын жігітті қолымызға бергелі отырсыздар. Осыдан артық қандай жақсылық болмақ. Шияу Ли сол қызымыздың ағасы екені рас қой. Біздің, ерлі-зайыпты екеуміздің айтарымыз да, тілеріміз де, мына қыздарыңыз аман-сау ержетіп, айналасына белгілі үлкен адам болсын. Сіздерге үнемі жақсылық тілеп, үнемі ойлап, отырған жерде айтып, есімізден шығармай жүреміз, – деді.

Балалар ішке шақырылды. Жұрт орындарынан жабырлай түрегеп, Ақжолтайды қаумалап, жолға дайындап, қолпаштай бастағанда Бақатай баласының атын айтуға да аузы келмей, қолдары дірілдеп, тек оны үнсіз құшақтап, кеудесіне қысты. Баланың енді қайта келмей-

тінін, оны енді қайта көрмейтінін ойлағанда, бір түс көргендей, сол көргені түс елесі тәрізденіп кетеді. Шын емес, бұлдырсағым сияқты. Әсіресе оның дінге кіргенін, «Бісмилләсін» аузынан тастамай, үзбей айтып жүретіні қабырғасын қайыстырып тұр. Барған үйінде ешкім қадірін білмейтін жерде, сол «бісмилләсін» айтады-ау деп, жылап жібере жаздап отырған. Еңбегінің еш болғанына Ақжолтайының мұсылман дінін ұмытып, енді мүлде жат болатынына қамықты. Арнайы молда шақыртып, ауылдастардың басын құрап, «Лә-илләһа-илалла, Мұхаммед расулалла» дегізіп, ислам дінінің нұрынан сауап, мол сауап тапқандары қаншалық еді. Соның бәрі және кішкентайынан тәрбиелеп баққаны желге ұша ма?! Баланы құшақтап, ойы осы тұсқа келгенде иықтары селкілдей түсіп, жіңішке үнімен «еһ-еһ-е-е» деп кеңкілдеп жіберген. Бағанадан Бақатайдың көңілін ойлап, үн-түнсіз, аң-таң жапақтап, тырс етпей отырған көрші әйелдер де, көздеріне еріксіз жас келіп, мөлтендеп тұрды. Шынында да, Ақжолтайдың Шәрипамен бірдей көрші әйелдерді де «апалап» жүретін әрбір қылығы тәтті еді. Әрі өзі бала боп қабақ шытқанды білмейтін. Қандай жұмыс істесе де, еңбекқор ұлттың тұқымы екенін білдіріп, көзі жайнап, көңілді жүреді. Әрине, осының бәрі оны асыраған ата-ананың қалай бағуынан екенін дос-көңіл көршілер де білетін. Сондай Ақжолтайларын есіктен шығарғанда, Бақатай естілер-естілмес үнмен сыңсып тұрды. Тығыла қыстығып тұрды. Ақжолтай Бақатайға қарап, жапақ қағып:

– Апа, қайтып келемін ғой, жыламышы! – деп артына қарайлай берген.

Көрші әйелдер ішінен «атаңның басы» дегендей еді. Соны аңғарған қытай әйел бері қайта бұрылып, Бақатайды қапсыра құшақтай қысып, жаны аши түсіп, «oh-o-oh!» – деп шын жүрегінен шыққан мейірлі дыбысымен жұбатып, өздерінің кінәлі екенін білдіре түскендей болды.




* * *



Дүниеде уақыт, сағат дегенмен есептеспейтін, күндіз бе, түн бе демейтін, және соншалық өлшеусіз еңбегіне бір тиын ақы күтпейтін, бір мехнат-бейнет иесі бар. Оның сол адал күшін сарп етіп жатқан жанкешті бейнетін жайшылықта ешкім бағалай бермейді де. Солай болуға тиісті деп саналады. Оның көретін жапа-машақаты тек Алланың ғана толық есебінде. Себебі – адам пенде ғой,

барлық кезде өз басынан аса бермейді. Күнделікті қу күйкі-тірліктің күйбеңінен кірпікке қонған шаңды қағып-сілкумен күні өтеді. Ал әлгі жәбір-жапасы көп, бір таусылып бітпейтін, өлгенше аяқталмайтын еңбегін ешкімге бұлдамайтын дарқан жүрек адамды «соншалық ол кім» дейсіз ғой. Ол өзіңнің күнде қасыңда. Ол адамзатқа жарық дүние сыйлаған – жарықтық Әйел-Аналар. Адамнан адам шығу оңай ма? Оны түн ұйқысын төрт бөліп өсіру, оның ыстығына күйіп, суығына тоңып, азап-тозағына шыдау – аз үлес пе?! Отбасының бәрінің қабағына қарау, оны таразылап отыру, бірде тар, бірде кең, бірде көл, бірде шөл, «патша көңіл» еркегінің артық-кемін жуып-шаю. «Ұл туасың – ұятын бірге тумайсың, қыз туасың – қиялын бірге тумайсың». Ұзынды ұлға кигізіп, қызылды қызға кигізіп, өзі солардан артылғанын жеп, қанағат ету атан түйе тартпас жүк емес пе. Соның бәрін қиялдан тозып, ойдан жүдеп, етегі елпі, жеңіл-желпі болумен өмірден өту керек. Сіз еркекке бір ай



майлы ыдыс-аяқ, майлы қазан жуғызып көріңізші... Екі күннің бірінде кір жуғызыңызшы. Еден жуғызып, үй тазалатыңызшы...Әйел кім екенін басына түскен еркек қана біледі. Адам қызық, біреулер «әйелден пайғамбар шыққан ба?» деп дауласқысы келеді. Барлық нәрсені есеппен жаратқан Алла әйелді мәңгі басынан асып жататын өз міндеті бар етіп жаратты. Аспан-жерді, ай-күнді жаратушы шексіз Құдірет иесі әйелдің бірін пайғамбар қоям десе, еркектерден ақыл-мінезі артық әйел аз ба?.. Егер Раббымыз өзі дес беріп, есе ерік беріп, пайғамбарлық уахи міндет жүктесе, әйелден пайғамбар жарата алмас, қолынан келмес деуге сенімдісіз бе? Бірақ ... оның, әйелдің міндетін кім атқармақ.

* * *

Талай жыл өз баласындай еңбек сіңірген Бақатай Ақжолтайларынан айырылғалы едеуір мұңайып қалған. Ақыры «желге ұшқан бір бейнетім шығар» деп, амалсыз сабырға жеңдірген. Есесіне өзінің Шәрипасын, Құмар мен Қанағаттай екі ұлын бұрынғыдан да жақсы көріп, екі есе әлпештеп өсіріп жатты.

Төртінші тарау

Шауқымет





ТАУҚЫМЕТ

1

Елу үшінші жылдың көктемі еді. Қазез екі көрші үйімен Көкқорадан көшіп, Қату тауына келе жатқан. Қату деген Қазездей аңшы үшін табылмайтын құт мекендей болатын. Қақпан-мылтығы қолынан түспейтін Қазез құс баптап, бүркіт салатын әйгілі саяткер де еді. Бұл таудың қалың жақпар тасты қойын-қонышында қоңыр аң көп ұшырасады. Қазез атып алған олжасын өз үйіне ғана емес, көршілерімен қоса Дарбытыдағы қайын-ата, қайын-енесін де таратып, үнемі шақырып алатын. Әсіресе Шәрипа кішкене күнінен үйге кісі келгенін жақсы көретін. Үлкен көзі жаудыраған, өзі адамға үйір, сүйкімді болатын. Үш ат, екі түйеге және өгіздерге артқан жүгі бар үш үйдің көші Қатуға жақындап қалғанда, алдынан шыққан Қазездің қайын атасы боз жорға атқа мінген Нұрғами түйелерді тоқтаттыра тұрып, қазақтың «көш батасы» дейтін батасын бере бастаған. Сөз білетін дәулетті адам еді. Ат үстінде екі қолын кеңінен жая:



Көшің көлікті болсын,
 Көлігің сенікті болсын.
 Көш басшың білікті болсын,
 Сапарларың өнікті болсын.
 Өрісің малды болсын,
 Асжаулығың майлы болсын.
 Қонысың суатты болсын,
 Өрісің шуақты болсын.
 Төрт босағаң төр болсын,
 Төрт құбылаң тең болсын,
 Төрт тұрманың сай болсын.
 Ырыс-несібең кең болсын,
 Айтқан сөзің ем болсын.
 Қожа тұрып қол берсін,
 Төре тұрып төр берсін,
 Бектер тұрып жол берсін! Аллаһу-акбар! – дегенде,
 көш адамдары да:

– Ой, әумин, әумин!

– Айтқаныңыз келсін, ақсақал! – десіп жатты.

Соңынан жақын жердегі ежелгі жұрттарына жетіп тоқтаған кезде, Нұрғами арнайы «қоныс батасына» тағы да ат үстінен қол жайып:

Құтты болсын қонысың,
 Отты болсын өрісің.
 Шүйгін болсын жайлауың,
 Аса түссін мәнісің.
 Тамыр болсын танысың,
 Жегжат болсын алысың.
 Тәтті болсын ағайын.
 Тату болсын абысын.
 Шуақты болсын мекенің,
 Сауатты болсын өңірің.
 Байсалды болып қонған жұрт,
 Раушан болсын көңілің! –

Аллаһу-акбар, – деп барып, жүкті бір-ақ түсіртті. Кейін жазға салым құлын қара-құлақ болып, бие байланған кезде де осы шал қайта келіп, қазақтың «бие-бау батасы» деген батасын да шұбыртып жатты.



Иә, Құдай, ұзарта көр желісін,
Кеңейте көр өрісін.
Қызыл сақал Қамбар ата,
Байталыңа құлын телісін.

Жазың жауынды болсын,
Биең сауынды болсын.
Жылқың көкке бөгелсін,
Құлының сүтке кенелсін.

Сақа айғырың кіндігінен,
Сақа биең пұшпағынан құт болсын.
Сұрағанға бекер бер,
Сусағанға жеке бер.
Сабаң толы саумал болсын,
Құрығын сүйреткен ұрыңнан сақта,
Құйрығын сүйреткен бөріңнен сақта.

Назары аштың сұғынан сақта,
Сұғанақ көздің оғынан сақта.
Қара тілдіден тіліккеннен сақта,
Қалды көздіден көзіккеннен сақта.

Қабағым деп шіренген байға да,
Тамағым деп тіленген жарлыға да
Меймілдеп қымызың жетсін.
Қамбар атаға асжаулық жайып,
Биебауға тілеген тілегіңді қабыл етсін!
Аллаһу-акбар, – деген болатын.

2

Қазез бен Есентемір Қату тауын бетке алып, аңға шыққан. Қазездің тақымында жер-су баспайтын дейтін, жайқақтаған сұр жорға. Есентемірдің мінгені де «желгіш жирен» атанған шіл жирен. Тауға жеткенге дейінгі жазық төскейде аттары бір-бірінен қалыспай, бірі сұр жорғаның алдыңғы аяғын көскектете серметіп, ағындата жорғалатса, бірі желісі ат шаптыратын жиренмен сар желіп бара жатты. Екеуі тауға іліндірер бір қалың тобылғылы құр өзекке жеткен. Құрып қойған қақпанды көре кетейік деп, кей жерін қар-жаңбыр суы жар ғып орған осы терең өзектің ішімен өрлеген болатын. Өзектің тауға тірелген тұғыл басына жақындағанда қаңқылдаңқырап, «арс-арс» еткен дыбыс естілді. Аңшылар елең етісіп:

– Ойбай, бірдеңе бар сияқты!

– Қасқыр, қасқыр ғой! – десіп, алдыңғы жақты байлап, байқай түсті.

«Қара лағынды қимасаң, қасқыр қақпан баса ма» дегендей, жылан шағып өлген лақтың өлексесін жемек болған қасқыр артқы аяғының бірінен құрулы қақпанға түсіп қалыпты. Бір қызығы, қақпандағы қасқырды күзен айналдырып жатыр екен... Тегінде күзен іні жұмсақ жерде болатындықтан, оның сасық иісінен оңай тауып, қасқыр қазып, күшіктерін жейді. Өзін аяғаннан емес, көз ілеспей шоршып, алқымынан алып қалса, кеңірдек, өңешін қоса қиып, өлтірмей жібермейді. Ешнәрседен қорықпайтын әрі үшкір тістері қандауырдай өткір күзен атаулы қасқырға өш болады. Мына қақпанға түсіп тұрған бейбақты екі күзен екі жағынан шығып, алақтатып жатқан кез екен. Алғашында білмей тақау келген аңшылар мына әрекетті көргенде, қатарынан аптыға түсіп:

– Ой, ананы қара! Күзен, күзен!

– Тоқта, тоқта, қызығын көрейік, – десіп, аттарының басын тарта қалысқан.

Тұрған жерлері қаулап өскен қалың ұзын ырғайдың далдасы еді. Мықты қасқыр мен мықыр қасқыр бірдей емес. Жыртқыш кішірек мықыр неме көрінді. Бозшуландығына қарағанда өлекшін-қаншық болуы керек. Тегінде қасқыр қақпанға алдыңғы аяғынан түссе, өз аяғының басын өзі мүжіп жеп, босап кететін. Ал артқы аяғынан ілінген мынау жан-жағына алақтап, екі күзенге кезек тап беріп, қорғанған сайын аяғы бұралып, «арс» етіп қалады. Оң жақ жіліншіктен ара тісті қақпан қысып, жаны шығып бара жатқан өлекшін анық соры қайнап тұр еді. Шындап алғысы келген ажал кімді қойған. Жауларымен қанша уақыт алысқаны белгісіз болса да, сол мерзім жыртқыштың әбден шалдығып, басы салбыраңқырап, соңғы күшін сала титықтағанынан мәлім еді. Қасқырдан мың есе кіші жұдырықтай ержүрек күзендердің күткені де ананың әлсіреген осындай сәті екен. Қасқырдың алды-артын кезек орап, есін шығарып жүрген күзеннің бірі қалжыраған жыртқыштың оң жақ бүйірінен тақап келіп, шақылдап тұра қалған. Қабырға тұстан шапшып, атылардай оқыс белгі байқатқан-ды. Соған бұрыла берген бейбаққа екінші серігі атылып барып, алқымынан жармасқан еді. Қасқыр басын олай-бұлай сілкілей жөнеліп, жабысқан бәлені лақтырып түсірмек болған. Бірақ бар денесімен бір уыс болып бүрісіп алған кішкене жыртқыш салақтап, қатып қалған. Басын тауға-тасқа соққанымен, ажырамайтын түрі бар. Осындай кезде екіншісі де шоршып қалып, құлақтың түбінен орнады. Екеуі екі жаққа салақ қағып, өтпелі бір дәуреннің сурет көрінісін паш еткен.

Күзендер екі аңшы дүрсілдетіп жақындап келгенде ғана ыршып-ыршып түсіп, өз беттерінше кетіп бара жатты. Бұл кезде қылқына буынып кеткен қасқыр өзі де жығылудың аз алдында болатын. Аяқтары босап, тәлтіректеп, сенделе бастаған мезет. Қиылған өңештен, күре-тамырдан қан саулап кеткен пақырдың құлақтары да босап, мөлііп қалған. Бірақ соның өзінде, әлі де есе бергісі келмей адамдарға арсылдай түсіп, тісін ақсита, мұрнының үстің, бүкіл бет-аузын суық тыжырайтып тұр. Қорқынышты түсі – жақындасаң қолдарыңда өлем

дегендей. Ажал алдында арсылдаған итті Есентемір кеседей қожыр таспен бастан ұрмаққа айналғанда, серігі оны тоқтатып:

– Қой, көпірді қинап қайтесің? Жан иесі ғой, ата салайық! – деді де, оқтаулы мылтығын алға соза кезене берген. Жыртқыш бұл кезде аяғынан жаны кетіп болған ба, ауырсынғанды да қойып, адамға қарай үсті-үстіне жұлқына ұмтылып, ырылдай түскен. Бір қарасаң, шіркіннің өлермендігіне қылау жоқ-ақ. Өлімге қимай, босатып қоя бергендейсің. Қазез оны арандай ашылған аузынан қапысыз атқан. Тарс еткен дыбыспен бірге жалп еткен боз-шулан құйрығы бір-екі шошандап барып, қимылсыз қалды.

Екі аңшының бүгінгі алғаны осы бір ғана қасқыр емес-ті. Аттарын осында қалдырып, талай жерге дейін аяқтарын еппен басып, бір биік о жартастың түбіне жақындаған. Қату – жақпар-жақпар тастары көп тау. Осы жартастың бас жағында тауешкілердің жүретін жол сілемі, жымы байқалатын. Ойлағандарындай-ақ, сонау заңғардың ұшпа басында сексиіп тұрған бір тауешкі көрінді. Құлақтарын дамылсыз қағып, шыбындап тұр. Екеуі жарыса сыбырлап, «семіз екен» десті... Бірақ биыл алғашқы жыл лақтағалы тұрған тушаның буаз екенін аңдаған жоқ. Қампиып тұрғанға семіз көрінген. Қазез кішкене ентігін басты да, бердеңкесін тік жоғарыға қарай кезене берді. «Шаңқ» еткен мылтық үнімен жартас жаңғыра, аң зәулім биіктен бері қарай құлап келе жатты. Жолында тастан-тасқа қағылып, қалбалақтап ұшқан бойы мыналарға жақындап кеп, бір түп тасжарғанға ілініп тоқтады. «Оқ қой құмалағындай жерден кіріп, жылқы тезегіндей жерден шығады» деген рас. Бергі жауырынынан тиіп, арғы жауырынын опырып шығыпты. Ең білінбеді дегеннің өзінде «тебен боп кіріп, теңге боп шығады». Мүйізі бір қарыстай, сұржағал тушаны бауыздаған Қазез ішек-қарнын ақтарып тастамақ боп ішін жарғанда, ішінен жүні жетілген, бастары баланың жұдырығындай егіз лақ тулап түседі... Қазез өкінгендей, тіксініп қалған. Ол әлі ешнәрсе емес еді. Тырсған беріш желінге пышақ тигенде, тыз етіп тік ыршыған сүт жып-

жылы боп Қазездің бетіне шашырай кеткен. Көнігі аңшы бұны өз ішінен жақсы ырымға санамады. Қасындағы жолдасына үні естіле:

– Қап! – деп қалды. Басқа ешнәрсе айтпай, қалтасынан орамалын алып, бетіне желімдей жабысқан уыз сүтті сүрткіштей берді. Күмән алғаны – ытырылған сүт бет-аузына шашырағанда денесі дір ете қалғандай еді. Есентемір серігінің іштен тынып тұрғанынан сезіктеніп:

– Ештеңе етпес, кел ұшықтап жіберейін, – деп сұқ саусағын желіндегі сызылып ағып жатқан сары уызға тигізіп, бетін айналдыра:

– Ұшық-ұшық! Алас-алас, бәлекеттен халас, – деп ырымдады. Қазез енді мұнда көп бөгелмей, үйге жеткісі келіп, тездетіп аттанып қайқанда, жолда денесі тоңазығандай боп, жауырын тұсынан жайсыз қалтыраңқырап келе жатты.

* * *

Аңдарын әкелген соң, бұрынғы үрдіспен Қазез Бақатайдың әке-шешесін қонаққа шақырған. Қайын атасы сақал-шашы бір рендес бөрте буырыл, жетпістің ішіндегі Нұрғами молда шалыс адам болатын. Мінезі жұмсақ қария шай үстінде күйеу баласының қабағына қарағыштап:

– Не, бір жерің ауыра ма? – деп сұраған. Үй іштерінен жасырған Қазез де, Есентемір де атқан киіктерінің ішінен лақ шыққанын айтпаған. Бірақ отағасының үнсіздеу түріне қарап, кешелі бері Бақатай да оған таңданғандай, ара тұра көз салып қоятын. Қазез болса, сол жақ жауырын астымен соған тұстас жүрек басынан қадалған шаншудай бір ілгіш бірдеме барын байқаған. Сол шаншыла ілгіштеніп, тарқамай тесіп тұрғанынан «бұл қалай болар екен» деп күмән ойлап, томаға тұйықтанып жүрген.

Шаймен қабат екі жайпақ ағаш табақ толы буы бұрқыраған қуырдақ келген. Қазір мұнда барлық бала-

шағаларымен екі үй көрші-қоңсылар да бар еді. Жерге жайылған көк-ала тек дастарқанның бетінде толы жаңа пісірілген бауырсақ көпіріп жатыр. Көрші әйелдер жағы ойларында ештеңе жоқ, бұрынғыдай мәз-мереке. Еркектерінің жаз бойы киік етінен құр қоймайтындарын айтып ырза, хош сөйлесуде. Ұзын сары әйел картоп қосқан жұмсақ қуырдақтан ағаш қасықпен ауыз толтыра асап қойып, күйеуіне мақтау білдіріп:

– Есентемір жолдас таңдауды біледі ғой. Мен бұл үйге алғаш көшіп келіп, көрші болар алдында «Көкқора деген Өшетіден мойны қашық жер... Ол жақты қыстаймыз деп, елден бөлініп қаламыз ғой» дегенімде, Есентемір: «сен не білесің, Қазез деген тұрған бойы жігіттің төресі емес пе. «Өзіңнен жолдасың мықты болсын» деген. Онымен қоңсы болу – әркімге-ақ арман екенін сеземісің» деп қоймай әкеліп еді. Міне, енді бүгін соның қызығын көріп отырған жоқпыз ба, – деп шалқып сөйледі. Бұндағы үш үйдің бірі – Қазездің тағы бір көршісі шақшиған көк көзді Ақсүгір деген болатын. Көп сөзі жоқ, өзі сөзді де жөнді біле бермейтін Ақсүгір осы үш үйдің ұсақ-тұяқ малын біріктіріп бағатын. Мұнда бас қосқандарына бірталай уақыт өтсе де, Ақсүгір үй ішіндегі әркімге ақысы бар кісідей шақшиып қарап қойып, отырғаннан өзге жақ кірісін ашып, әлі бір сөйлемеген. «Қылығына қарай мезіреті» десе, ол өзінің болымсыздығымен бала-шағаға дейін елеусіз жүре беретін. Алдына келген айранын ұрттап, аяғы байланған қойын құрттап жүргені өзіне жететін адам. Әркім өз болмысымен кісенделеді ғой. Жұрт кейде оның бар-жоғын да ұмытып кететін. Соның есесіне әйелі аруақ байлаған көріпкел құшынаш еді. Әлі бойжете қоймаған бала қыз кезінде сол маңның елі «Жаманағаш» дейтін жалғыз қарағаштың түбінде қуыршақ ойнап отырып ұйықтап қалып, содан шалық шалып оянған. Сол күннен бері бір жағына қиқайып алып өз-өзімен сөйлесіп, әр нәрсені былдырлап, болжайтын машық тапқан. Аңғарған кісіге болмаса, бас-аяқсыз айтқанын былайғы жұрт ұқпай қалатын. Бірақ «анық көріпкел қантөгіс үстінде де сендіре алады» демекші, бір тәуір жері – бұл дәруіш

кейбір «ақ сайтаны» жетелеп, лағып кететін көріпкелдердей емес, о жақ, бұ жағына алакөздене қарап, тың тыңдағандай болып, болжағаны теріс кетпей-тұғын. Сонысына қарап, жұрт бұл әйелдің атын ұмытып, қыз кезінен «Кәлпе» дейтін. Ашығырақ айтқанда, күйеуінің табысынан гөрі отбасына Кәлпе әйелдің тапауаты тәуір болатын. Алыс-жақыннан шай-шақпыт бірдемелерін көтеріп, адамдар келіп тұрады. Бұл дәруіштің жеке басының бар байлығы – кішкене дорбасында. Жиырмаотыз жыл бойы, мүйіз боп қатып қалған қойдың құмалағы. Қыз күнінде өзі соңынан аңдып жүріп, теріп алған ақ қойдың қырық бір құмалағы бар. Бірақ алыстан арнап келген зәру біреу болмаса, көбіне құмалақ салмай-ақ, өз-өзінен отырып, ой кезіп сөйлеп кетеді. Құлағына сыбырлап тұратын біреудің сөзін айтқандай, алдымен жан-жағына аңырып, бірдеме тыңдағандай болатын. Қазір осы Кәлпеге байланысты бір әңгімені Нұрғами бастады. Құшынаш әйел әзіргі дәл осы тұста өзге ешкімнің сөзін естімей, өз-өзімен керіліп-созылып, үсті-үстіне есінеп отырғанда шал:

– Мұны Ақсүгір қалай алған, бұған қалай бұйырған демейсіңдер ме?

Тасбақаны теріс аударып тастасаң өліп қалмасын деп, күн жауғызады демей ме, – деп Ақсүгірге көз тастай отырып, – Бұ неменің де маңдайының ырысы бес елі. Кәлпені қыз күнінде «жынды» деп қорқып, ешкім атастырмай жүре-тұғын. Оның үстіне жесір шешесі де тақыр кедей кісі еді. Соған сай өздері кембағал, өздері жуас Ақсүгірдің әке-шешелері қолдарындағы қараңқұраң, тайынша-торпақ бірдемелерін қалыңмалына атап, он төрт жасар қызды отыздағы осыған алып берген. Көзіміз көріп, араласып жүрдік, Кәлпе аруағы ұстаған кезде ғана бүйтіп отыратыны болмаса, сол қыз күнінен дәретсіз жүрмейтінін білеміз. Намазын үзбейтінін өздерің күнде көріп жүрсіңдер. Және сол кезден-ақ бар шаруаға икемді көрінген, – деп жұрт көп біле бермейтін оқиғаның бетін ашты. Бұл үйде осы отырғандардан басқа Қазездің інісі Жөкен бар. Кешегі ел ағасы Мәселидің бес ұлының бірі Жөкен Өшеті ауылында

мұғалім еді. Бүгін ол өз бетімен Ақжолтайдың бұл үйден қалай кеткенін өз құлағымен естімек болып, арнайы келген екен. Өзіне жарасқан қалың қасты, қыр мұрынды, әдеміше Жөкен аға-жеңгесіне кезек қарап, ішіне сыймай отырған сұрағының астына алды. Мұғалім бір сөйлесе оңай тоқтамайды ғой, оның үстіне дап-дайын жігіт боп қалған Ақжолтайларынан айырылғандарына ашу-намысы да бар еді. Үтір-нүктесіз шұбырта жөнелген:

– ...Біз ұзынқұлақтан естідік, қазақтың сымсыз телефоны жата ма, «Ақжолтайды іздеп келгендер кімдер? Одан құтыла алмай жүргендей беріп жібере салғандары не? Шақырып ақылдаспағаны-ай» деп, көп өкініп қалдық. «Жеңешемнің неше жылғы қайран еңбегі еш кетті-ау» деп үйдегі келіндеріңіз де жылап, «Ақжолтай қашан көрсең «аға-тәтелеп» тұратын, бәрімізге ұнаған жақсы баламыз болып келе жатыр еді, жеңешем мен ағамның олары несі, ең болмаса баланы беретін болған соң, бізді де елеп, олардың да көңілі бар демегендері ме», – деп екі ортада келіндеріңіз менің құлағымның етін жеп болды емес пе, қалай болғанын айтыңдаршы, – деп зорға тоқтады. Жөкеннің қазіргі көңіл күйіне анық ортақ болған кішкентай Шәрипа еді. Үлкен айна көзі жалт етіп Жөкенге қарады. Сөзді тілі шыққаннан тақылдап сөйлейтін сүйкімді зеректігі бар еді. Бұртиып алған түрінен қатты реніш байқала ащы үнімен шақылдай түсіп:

– Мұғалім аға, бұлар маған да айтқан жоқ, – деп әкешешесін жазғыра жөнеліп, – Маған ағанды берейік пе деп сұрамады ғой! – дей бере, қос алақанымен көзін баса солқылдап жылап қоя берді. Шынында да, балаға қытай ма, шүршіт пе бәрібір еді. Балапан бөбектер үшін бір-бірінің тәтті көңілін тауып, өздерінің ыңғайларына жығыла тату ойнағаннан артық не бар. Өйткені «ойнамаған баланың ойы өспейді, ұйықтамаған ботаның бойы өспейді» дегендей, балаға өзге дүниенің бәрінен ойын қымбат. Шымшықтай жүрегі бар Шәрипа кімге шағынарын білмей, қыстығып жүрген үлкен сырын шақылдаған өткір үнімен өзінің жақсы көретін ағасына шағым етіп, арыздана кеткені Бақатайды да оңдырған жоқ. Содан бергі он шақты күн ішінде бұ да қоңылтақсып болған.

Қызы өздеріне наразы жабыса кеткенде, мойнындағы жаулығының ұшын көзіне басып:

– ...Білмеймін, әйтеуір, келгені мен кеткендері бір шай қайнатым болды ма, жоқ па. Қалай сыпырып кеткенін ұқпай да қалдық. Мен қайтерімді білмеп едім, берсек берейік деп бастаған мына кісі ғой, ол жағын ағаңның өзінен сұра, – деп бөленің бәрін күйеуіне жаба сөйледі. Қазез басқа сөз таппай:

– Жөкен, біз ұтыла қоймадық-ау деймін... Баққан – өсірген ақыларың деп, қоярда-қоймай үш аттың құнын-дай ақша тастап кетті. Біз қызыққанамыз жоқ, алмаймыз десек те болмады, міне, мына кісілер куә оған, – деді де әйеліне:

– Болды, сықсыңдама. Бір-екі жылда Шәрипамыз оқуға ілінеді. Өшетіде сенің үйіңде жатып оқиды. Сондықтан сен де құр қалмай, бір аттың ақшасын ал, Шәрипаға жақсы қараңдар. Ақжолтай ағасының өзге ақшасына тиіспей, өзіне арнап жақсы киімдер әпереміз. Қалғанын тағы да бұзбай-шашпай өзіне сақтап қоямыз. Жоғарылап оқыса да қызға әдемі қымбат киімдер керек емес пе. Соны ойласаңдаршы, – деп еді, Бақатай «е, солай екен-ау» дегендей, жұбанып қалды. Қысыны бар бұл сөзді естіп, Шәрипа да оңай алданған. Әсіресе өзін айтқанға көкейі таза бөбек ретінде тез алданды. Ағасының бұл сөзін естіген соң, Жөкен де ары қарай қаз-балап сұрамай, «е-е, онда жөн екен ғой» дегендей сабасына түскен. Бұған дейін аға-жеңгесінің еңбектері шошқа қуған аттың теріндей бос кеткеніне жаны ашып жүрген болса, енді ғана көңілі жайланып, ырза боп қалған.

Осындай кезде Қалпе қиқылдап, ықылық атып есіней түсті де, шаңыраққа таман кекжиіп қарап, бірдемеге құлақ тосқандай аңырып:

– Қап! Қап! – деп ішегін тартып, өкіне түсті. Бет терісі сары тап боп сүйегіне жабысқан, үнемі қабағы қатыңқы қурайдай әйел мұндай кезде өзінің не сөйлеп, не айтып отырғанын, онысын жұрт еститінін білмеуші еді. Айтарын жалғай түсті:

–...Бәрі жас емес пе, жас қой. Әй! Әй!..– деді де, миына салмақ түскендей, басын төмен қисайта меңі-



рейіп қалды. Қазездің іші қылп ете түскен.. Есентемір де түйіліп, Калпеге көз салды. Ол да іш жиып қалса керек. Өзі елді қонаққа шақырып отырғандықтан, сырт көзге сыр бермегені болмаса, Қазез бүгін едәуір ауырып отырған. Жүрегінің басы мен соның сыртқы тұсындағы дәл жауырын асты садақ оғындай түйреп тұрған. Жаңа қызын жеткізуді ойлап сөйлегенімен, кешелі бері көкейінде анық бір суық күдік бар болатын. Алайда өзінің бұл жағдайын уайымдамасын деп, қазірге дейін әйеліне сездірмеген-ді. Бірақ қиялыңдағы тілегінді атасы жат тағдыр билейді. Калпе әйел баяғы Бек әулиенің қызынан тараған әулет еді. Тұрсынбекпен түпкі үлкен жағынан бөле болып келетін.

3

Қазез осы күні ел қайтқаннан кейін тез төсек салдырып жатып қалды да, түнімен шаншуы үдеп, «еһ», «еһ!» дегізіп, тынысын тарылта кеп, әбден дендеп күшіне енген науқасы анық сыр бере түскен-ді. Үй іші шындап үрке бастады. Түн бойы қасында көз ілмей күзетіп отырған әйелімен қоса енді Шәрипа да оянып, үлкен көзі алақандай бола тұрып алған. Ыңқылы күшейіп кеткен Қазез жастығын биіктетіп, сүйеп отырған Бақатайға осы кезде ғана амалсыздан сыр ашып:

– Есентемірді шақырасың ба, қайтесің... – деген. Калпе не сезгені бар, бұлар өстіп қарбаласып жатқанның үстіне есіктен кіріп келді. Бақатай оны отырғызбай жатып, қарсы жүріп далаға шықты да, арқан бойы жерде отырған Есентемірдің үйінің сыртқы киіз есігін ашып, қос қақпақты ағаш есікті тықылдатты да:

– Есентемір, әй, Есентемір, ояныңдаршы, біздің үйге келе қойшы, – дей салып, кері қарай қайта жүгірді. Есентемір киініп шыққанда таң әппақ атқан еді. Жұлдыздар сөніп, шығыс шекелікте ұлы аспанның жалғыз гауһарындай жарқырап Шолпан туған екен. Есентемірдің соңынан әйелі де жүгіріп жеткен. Осылар қоршай жайғасқанда Қазез көп сөзге келмей:



– Есентемір, Ақсүгірді тездетіп аттандыр... Кешегі Дарбытыдағы кісілерді қайта шақырсын. Және ана ауылдың бір жігітін Өшетіге жіберсін, туыстардың бәрі сонда ғой, – деді. Есентемір ішінен біліп тұрса да, науқасқа бетін жақындата еңкейіп:

– Қалайсың, өзің қалайсың? – деген болып еді.

– Қалайын сұрайсың, досым. Болары болды ғой... дегеннен басқа ешнәрсе айтпай, жиі ентігіп, ыңқылы күшейе түсті. Жүрегі қысып бара жатқан. Бақатай бағанадан бері-ақ көзінің жасын үнсіз төгіп отырған. Калпе осындай ауырып жатқан кісілерге о жерін, бұл жерін сипап, ем жасаушы еді. Ондай ешнәрсе істемей, ерні ғана қыбырлап, дұға оқып сиыңаннан өзге қимыл көрсеткен жоқ... Қазез аздан соң әйеліне көз тігіп:

– Әкесі өлгенді де естіртеді деуші еді ғой... Менің халім осы болды. Мықты едің ғой... Әлдеқандай күн болса, белдеріңді бекем байларсыңдар дегеннен басқа не айтайын, қайтейін! – деді. Үрейі ұшып, көзі бақырая шытынып отырған қазіргі қауқарсыз қызының кішкене нәзік қолынан тартып, маңдайынан иіскеп жатты. Бұл кезде Шәрипа әкесін қапсыра құшақтап, бетін оның кеудесіне басып алған. Қазез соңында қалып бара жатқан әлсіз перзентінің арқасынан қағып:

– Ақылың бар ғой... Жыламай жүр, жарай ма?.. – дегенінде, өзінің екі иіні селкілдеп, көзінен жас төгіліп кеткен. Әйелдер шу ете түсті. Әке мен баланың ортасындағы екі дүниенің жалғыз көпірі осы бір ауыз сөз болғандай. Тапшылығын көрсетер жерде тас-бауыр тағдыр кімді есіркеп аяған. «Қуаныштың күні қысқа» дейтіні осындайдан. Түбі шолақ, опасыз жалғанда жастай қалып бара жатқан перзенттерін аяп, тірі қала алмаған Қазездей бас ие мұнан артық тілге келмеді. Аздан соң-ақ, жарық жаһаннан өшіп бара жатты. Есентемір шыдай алмай:

– Бауырым-ой! Бауырым-ой! – деп жіберген. Әйелдер зар қаға жылап, үй іші ұлар-шуға толды. Бірақ сезімсіз меңіреу дүние сол баяғы мылқау бойында, мелшиген қалпы еді.

* * *

Жан-жаққа шаптырылған суыт хабармен күн сәскеге жетпей-ақ, елдің алды топ-топ болып, бауырым салып кеп жатты. Мәселидің Қазезбен туысқан өзге балалары: Қазықан, Мұртаза, Батыр, Жөкендер де қасындағы мол шоғыр адамдарымен ауыл төбесі көрінген жерден ат басын жіберіп, «ой, бауырымдап» жетіп, қаралы үй азан-қазан болған. Олардың әйелдері де бас қалқа ағаларының бір ауыз арыз-қош айтыспай, қоштаспай кеткенін, қолдарынан сусын бере алмағандарын айтып, шерлі үн, шерлі жоқтауға ұласты. Алты қанат үй іші у да, шу, ұлан-азар зарға толған. Кеше ғана келіп кеткен Нұрғами әсіресе, оның кемпірі Бақатайдың анасы зарлы үнімен дауыс салып отыр. Әкесі Мәселимен үзеңгілес, әрі Қазезге аға ретінде жүрген Тұрсынбектің баласы жас жігіт Зекей де ағасы Молдатай, Ордабайлармен қоса туыс-туған, дос-жолдастарын бастап, бір үлкен топ болып келіпті. Араларында мешкей Жазғанқұл да жүр. «Қарның ашса қаралы үйге шап» дегендей, мұндай күн немесе «бата-оқыр» болған жер Жазғанқұлдың жаза баспай баратын құтты орнындай. Кеше үйінен ас ішіп, қасында болған Жөкен түс көргендей аңырып, сол көрген түс әлегі ұрғандай, ақылы айран, жаны ойран халде еді. Әсіресе, оның үйіндегі жас келін әнші де, өлеңші де болатын. Өзі зерек келіншек Қазездей бекзат қайын ағасын аса жақсы көріп, алдынан қия өтпей, «аға-екелеп» тұратын-ды. Соның шерлі жоқтау зарына ел жылады. Мөлдіреген жас келін Гүлсім қай-қайдағыны қазіргі жағдайға қиыстырып:

*Қалқып жауған қар ма екен,
Қар көшірген жар ма екен.
Аға-екемнен айырылған,
Мендей де зарлық бар ма екен!*

Қалқып қонған қаз ба екен,
Қаз дауысы саз ба екен.
Жан көкемнен айырылған,
Менің де зарым аз ба екен!

Құйып жауған жаңбыр ма,
Жаңбырдан шыққан балдыр ма.
Шарам бар ма, не айтайын,
Зарлатып қойған тағдырға!

Құйып жауған жауын ба,
Жауынның суы сауын ба.
Мен жыламай қайтейін,
Зарымды шағам қауымға! – деп жатқаны өзге
әйелдердің де жан шерін асқындырып, олардың да у
да шу зарлауын үдете түскен.

Ал Бақатайдың жан дауысының қасында бұл да
ешнәрсе еместей көрінген. Басына көлдей қара жібек
орамал жамылып, анық қаралы боп отырған келбетті
келген қараторы Бақатай жайшылықта көрінбей жүрген-
мен ойға көсем екен. Елдің шуы сәл саябырлаңқырап,
өз сөзі, дауысы анық естілер кезде боздаған қасірет
үнімен:

Жылайын жұртым, жылайын,
Көзімнің жасын бұлайын.
Қара шашым жаяйын,
Көзімді шұқып ояйын,
Бетімді тырнап жұлайын!

Мінгенде аты сұр ма екен,
Сұр жорғаң жылап тұр ма екен.
Бас иеңнен айырылып,
Қаңырап қалдың, тұл мекен!

Мінгенде аты сұр ма еді,
Сұр жорға жаздай құр ма еді.
Тау-тас та қалды қаңғырып,
Бір күнгідей жүрмеді!

Мінгенде аты тор ма екен,
 Обылғы торы зор ма екен.
 Сүйенер, жұртым, кімім бар,
 Тордағы құстай сорлы екем!

Мінген де аты тор ма еді,
 Тобылғы торы зор ма еді.
 Маңдайыма таңылған –
 Тордағы құстай сор ма еді!

Мінген де аты кер ме екен,
 Тебінгісі тер ме екен.
 Қайырылып бір жаныашыр,
 Жыламай жүр дер ме екен, – деген жерге келгенде,
 еркектер де еңкілдеп кетті. Бұл кезде Шәрипаға көңіл
 бөлетін ешкім қалмап еді. Одан кіші екі ұлды көрші үйге
 апарып отырғызып қойған. Қалың шудан жүрегі шайлы-
 ғып, бар дауысымен шырқырап кеткен Шәрипаны
 Есентемірдің әйелі Жаңыл көтеріп алып, далаға шыға-
 рып кетті. Жаңылдың өзінің де көз жасы бұршақтап
 төгіліп, баланы аяп кеткен. Бақатай жоқтауын ары қарай
 жалғай түсті:

Мінген де аты кер ме еді,
 Тебінгісі тер ме еді.
 Теріс баққан тағдырым –
 Баянды бақыт бермеді!

Мінген де аты ала ма,
 Осынша тағдыр сала ма.
 Бес жаста қалды Шәрипаң,
 Қарамай кеттің балаңа!

Мінген де аты ала еді,
 Байлаған жері тал еді.
 Қызығын көрмей кеттің-ау,
 Әрең бір көрген бала еді!

Мінген де аты сары ма екен,
Жығылған жері жар ма екен.
Жылап бір жүрсе Шәрипаң,
Қайырылар адам бар ма екен, – деп келгенде, үй
ішіндегі шу тағы үстемелене түскен. Қазір алғашқы
жылауын тоқтатыңқырап отырған ер-әйел қайта егіліп
кеткен-ді.

Мінген де аты бөрте ме,
Жал-құйрығы келте ме.
Қанаты сынған ала қаз –
Балапанын ерте ме...
Қандай да күн көреміз,
Батпан жүк түсті желкеме!

Мінген де аты бөрте еді,
Жүрген жері серт еді.
Үш перзентің жас қалды,
Кетуге әлі ерте еді!

Мінген де аты көк пе еді,
Көгенде қозы көп пе еді.
Қорғаным барда отбасың,
Уайым тартам деп пе еді!

Мінген де аты көк еді,
Көгенде қозы көп еді.
Жетім-жесір әйелің
Көзінің жасын төгеді!

Мінген де аты боз ба еді,
Сұқтанған тіл мен көз бе еді.
Тәрімде өзің жүргенде,
Уайым бізге сөз бе еді!

Мінген де аты боз еді,
Көгенде толы қозы еді.
Арамыздан әкеткен,
Қандай да сұқты көз еді!

Мінген де аты құла ма,
Жайымды менің сұрама.
Төрт босағам төр болып,
Өзің бардай бола ма!

Мінген де аты құла еді,
Жегені беде, сұлы еді.
Жас қалды жылап үш балаң,
Бұл тағдыр неткен сұм еді!

Мінген де аты құла ма,
Жайымды менің сұрама.
Тағдырға енді сабыр қыл,
Көзіңнің жасын бұлама.

Көзіңнің жасын бұлама,
Бұлағанмен бола ма.
Бір Алла, сабыр етейін,
Тәубесіз құлың оңа ма.

Тәубені Алла, білейін,
Ұшпасын енді үрейім.
Балалар аман болсын деп,
Жылап та тілей жүрейін.

Жылай-жылай жүрейін,
Ұшпасын енді үрейім.
Балаларға ағұмыр бер, Алла,
Сүйеніп өмір сүрейін.

Арманда кеттің, сүлейім,
Жыламай қалай, күлейін.
Құлындарыма ағұмыр бер, Алла,

Сүйеніп өмір сүрейін! – деп зарлаған Бақатайдың сөзі де, көз жасы да таусылмай ақтарылып, ауыл үстін шайқалтып жіберді. Бірақ басыңды тауға соқ, тасқа соқ, көр жыла, жер жыла; болары болып, бояуы сіңген әңгіме. Өлім-қаза ешкімге де оңай емес. Қазекең: «Жақсының жаманы өлсе адам қалмайды, жаманның жақсысы

өлсе адам бармайды» деген сөздерді босқа айтқан ба еді. Өлі үшін ғана, өліге ғана келмей, соңындағы тіріні таңдап келетіні бар.

Осы күннің ертеңінде «бірге өскенді қолдан көм» дегендей, топырақ салатын қимас ағайың, туыстар бар құрметтерімен ақ арулап, «жаназа»

жаназасын шығарып, күні кешегі Қазездей жақсы бауырларының сүйегін атанға артып, Өшетінің «Жіңішке су» деген жеріне апарып қойып, қаралы көңілмен мұңайып тарқасты.



Бесінні тарау

Бакыт жолы





БАҚЫТ ЖОЛЫ

1

Арада үш-төрт жыл уақыт өткен. Қазездің отбасын ол қайтыс болған соң, қайын атасы Нұрғами өз қасына көшіріп алған. Және қайындарының көмегіне сүйенген. Бұл кезде Шәрипаның жасы оқуға толып, Өшеті ауылының мектебіндегі мұғалім ағасы Жөкеннің үйінде тұруына тура келген. Осыған орай ағасының әйелі Гүлсім отбасында жайлы адам еді. Ол Шәрипаны өз қызы Шәрбаннан кем көрмей, барлық жағдайына мән беріп отыратын. Ағасы Жөкен екеуі Шәрбанмен бірге мұның да ашына айналып қарап, тоғына толғанып қарап дегендей, көз айырмай таразылай білетін. Соған сай тумысынан зерек Шәрипа бірінші сыныпқа барғаннан бастап жақсы оқып жатты. Сыныптан сыныпқа көшкен сайын класс қана емес, мектеп бойынша атағы шығып, оқытып жатқан мұғалімдерінің де ықыласына бөленген. Гүлсім келіннің осы адамгершілігіне абысыны Бақатай ғана емес, оның әкесі Нұрғами да аса риза еді. Бақатайдың жұмсауымен Шәрипаға оны-мұны әкеп қайтатын Нұрғами келген сайын бұл үйге пейіл білдіріп: «адал келін ерге ғана серік емес, елге серік» дейтіні осындайдан, қарағым. «Ерге жақсам болды, елге жағудың керегі не» дейтін әйел, жұртты жүргемдей алмайды. Жұртқа жүргем сала білетін кісі ғана өзі қоса жүргемделіп жүреді», деген сияқты жақсы сөзін арнап қайтатын. Арасына



ай өткізбей Нұрғами бүгін де осында келіп отырған. Мініп келген сары атанын Жөкен ақырдағы шөпке байлап, екеуі үйге кіргенде бесінші сыныпта оқитын Шәрипа өзінен бір сынып жоғары Шәрбанға жаңылтпаш айтқызып отырған. Жаңылтпаш атаулыны тақылдап, жаңылмай аяқтайтын Шәрипа Шәрбанның тілі келмей, қайта-қайта бұзып алғанына мез бола қатты күле түсіп, айтып жатқаны:

– Әжем түтіп сабаламаған жабағыны, әпкем түтіп сабаламағанда, мен түтіп сабаламақпын ба, кім түтіп сабаламақ. Атам күтіп томаламаған бүркітті, ағам күтіп томаламағанда, мен күтіп томағаламақпын ба, кім күтіп томағаламақ? – деген тіл ұстарту болатын. Бұған Гүлсім қосылып, ол да шатысып, үшеуі күлкі үстінде отыр екен. Нұрғами шал қашан келіп көрсе де, жиені Шәрипаның қабағынан ешқандай кірбең байқамайтын. Қайта оның бүгінгідей кіршіксіз көңілімен жарқылдай сөйлеп, бірдемеге ішегі қата, кейде сықылықтап, кейде сақылдап күліп отырғанын көретін. «Қайғылы жүздің зарығы бар, қайғысыз жүздің жарығы бар» демекші, Шәрипа өз үйінде әкесін жиі ойлап, мұңая беретін-ді. Мұнда келіп, бірнеше жыл оқып жатқалы көп алданып, серпіліп, жақсы боп кеткен. Осының бәрі Жөкен отбасының адал қарауынан еді. Құдағиының осы дарқандығына өзінің қошеметін білдіре сөйлеген ақсақал:

– Қарағым, Гүлсім келің, өзіңе Алла риза болсын! «Жерде жатқан жұмыртқа аспанда ұшқан құс болады» деген... Шәрипа қолыңа шүкімайттай күнінде келіп еді. Енді екі жылда мектепті де бітіреді. Өзің көңілің бай жаралған адамсың, қарағым. Жалғанда көңілі кедейді еш нәрсемен байыта алмайсың. Мына, жіп тағуға келмейтін өмірде осыдан артық жақсылықтың керегі не? Кешегі Қазез қандай еді. Дүниесі құрғыр сол ма, – деп еді, Гүлсім абыржып:

– Ата, о не дегеніңіз, қолымыздағы бөтен емес, ағайынды кісінің балалары емес пе. Бұл біздің борыш міндетіміз ғой. Туыс қамын ойласаң, өз қамың соның ішінде болмай ма, – деді ішкі ойын ұғынықты етіп. Әйелінің бұл көшелілігіне Жөкен де көңілі өсіп, марқайып

отырды. Және Шәрбан да әңгіме төркіні Шәрипа жөнінде болып жатқанын құптағандай, немере сиңлісін мойнынан құшақтап, бетіне бетін тигізіп отырған. Бұл бір сәт қана, бір сәттік көрініс емес-ті. Көрші-қолаң Шәрипа мен Шәрбанның бір-біріне деген ықыласына қарап, «осы екеуінің татулығындай татулық жоқ» десетін. Айтса айтқандай, Шәрипа бірінші сыныпқа барғанда, қалың қардан сөмкесін көтеріп жүре алмай қалатын. Оған екінші сынып оқитын Шәрбан өзі ие боп, мектепке барыпқайтуына үлкендерді керек етпейтін. Күлкішіл Шәрбан ондай кезде сол көңілділігімен-ақ Шәрипаны өзіне жақындатып, баурай түсетін еді. Ес тоқтатқаннан жұлдыздары жарасқан екеуіне үлкендер де құлықты, ырза болатын. Қанша айтқанмен екеуіде бала ғой. Бір-біріне екпелей қалатын кездері де жоқ емес-ті. Бір жолы мысық ойыншығын Шәрипа қолынан түсіріп алып сындырып қойғанда Шәрбанға әкесі Жөкен:

– Көрсетпе көзіңнің жасын, қызым. Ойыншық табылады, бауыр табылмайды, – деп қатты зекіп тыйып тастағаны бар. Ондайда шешесі Гүлсім де Шәрипаға ара түсетін. Қазақ «өгей қыз сындырса алтын қасық, өз қызы сындырса ағаш қасық» деген болса, Гүлсім ондай қатарға жатпайтын әйел. Күйеуі екеуі қалайда Шәрипаның келешегіне жақсы жол ашқаны жерде қалмауы керек.

Мектепке уақытынан кешігіп, тоғыз жасында кірген Шәрипа биыл он төртке толған. Бұл кезең Шыңжаң қазақтарының жағдайында жетінші сыныпты бітірген соң, қоғамдық қызметке шығып та кететін мерзім-тұғын. Ай ағындап, жыл жылжып дегендей, осыдан тағы бір жыл өте шыққанда, Бақатай қолындағы екі ұлымен Өшетіге көшіп келген. Өйткені бұл кезде камунаға қосылмаған отбасы қалмай, қолдағы малдарын өкімет қарауына, орталыққа өткізіп, иелері қоғамдық жұмыстарға жегілген. Бақатай Өшетіге келген соң, Шәрипа енді ғана өз шешесінің қолына шыққан-ды. Ол биыл осындағы орталау мектепті бітіру алдында еді. Үйлеріне бір жұқалтаң, әдеміше жігіт келгіштеп жүретін. Бұл – Шәрипаның әкесі Қазезбен жора-жолдас, ал оның әкесі

Мәселідің соңына еріп, пікірлес, үзеңгілесі болған Тұрсынбектің баласы Зекей болатын. Тумысынан сұңғыла Зекей Үрімжідегі Көміркен барлау техникумын бітіріп келіп, осы Өшетіде жаңадан құрылған ауылдық партия комитетінде аудармашы болып істейтін. Бұрыңғы аудармашының шалағайлығын түзетіп, көзіне түскен Зекейді Ли деген басшы өзіне тілмаш қып қабылдағанды. Өзі оқыған, әрі ақылына көркі сай дейтін Зекей Шәрипаның анасы Бақатайға бар болмысымен ұнап жүретін. Жалғыз-ақ, Шәрипасы әлі жастау болғандықтан, қызына бірдеме деуге аузы бармай тосылатын. Мектеп табалдырығынан ұзамаған Шәрипа ойында ешнәрсе жоқ, шешесі сыйлайтын қызметкер жігітке келген-кеткенінде ашық амандасып, бар таза көңілімен жарқылдап тұратын. Жігіттің ішкі үмітін шалқытатын жері де осы еді. Осы жарқын мөлдірлік еді. Үлкен айна көзі кісіге саналы қарап, жарқыл қаққан және қолымен қашап алғандай бет-сүйегі де әдемі Шәрипа қандай жігіттің болса да арманындай еді. Әсіресе жан баласын бөтенсініп қарамайтын, адамға деген үйірсектігі оның сүйегіне біткен асыл магнитіндей болатын. Кешегі өткен Қазезбен шешесі Бақатай екеуі бірдей жақсыдан туған, менмендігі жоқ, сүйкімді бір ару өсіп келе жатқан. Жұрт біреулерді ата-анасы үшін сыйласа, Шәрипа өз туылыс жаралысымен құрметтелетін қыз екенін Зекей көрмей жүрген жоқ. Бір күні ол қасында бір жолдасы бар, Бақатайға амандаса келіп отырған. Бақатай үйге басқа біреу келсе, шайды шәугіммен қоятын да, Зекей келе қалса, баяғы Қазез бардағыдай, самаурынды дем сағатта бұрқылдатып кіргізетін. Қасындағы Зекейдің жасынан бірге өскен, сыр жасырмайтын жолдасы Кейқуат деген болатын. Шәрипа мұнан бұрын осы үйде Зекеймен бірге оны да бір рет көргені бар. Иірілген дөңес мұрынды, сөйлеуік жігіттің өзіне шақ ділмарлығы да жоқ емес-ті. Бақатай буы бұрқылдап, иығынан дем алған самаурынан шабдар-күрең шайын құйып, қызы кісілерге шыны әперіп отырды. Жігіттердің мүддесі өздеріне мәлім. Ішкі ойларын көз жасырсын ба, Шәрипаға екеуі де көбірек қарайды. Қыздың бар қимылында өте бір сезгірлік,

жарасымды нәзіктік бар. Әсіресе адамға қараған қарасында, қандай жастың болсын жүрегін шымыр еткізерліктей от бар болатын. Үлкен айна көздерінде кісіге үйір жайнаған шоқтай тартым барды. Оқу бітіріп, алғаш келген Зекей ауылдық партком хатшысы Ли екеуі бірге келе жатып, Шәрипаны бірінші рет көргенде, одан көз алмай қадалып қалған. Сонда Ли өзінің тілмашына мырс етіп қарап:

– Сен, бойдақсың, саған осындай қыз керек, – дегені бар. Оған іші жылыған Зекей кейін Ли хатшының сол сөзіне періште «әумин» деп жібергендей көрген. Содан бері көшеде Шәрипа ұшырасқан сайын, өрттей жайнаған қыздың тұңғыығына тартыла түскендей еді. «Күйікті адам күлкіні сүймейді» дейтін болса, Кейқуат Бақатайды кей сөзімен күлдіріп, көңілін тауып сөйлеуге жарайтын-ды. Қазір ол:

– Апай, қартайған адамның тісі мұқыл, оның есесіне тілі өткір келеді ғой.

Ана көршіңіз Ауғанбай шал ар жағындағы бүкір кемпірге «өзің тұтас беліңнен еңкейе бүкірейіп аласың да, екі қолыңды сермелеп, тура шана сүйреткен кемпір сияқтысың. Беліңді жазып, түзу жүрмейсің бе» деп зекіп ұрсып жатыр, – дегенде әлгі сурет көрінісі көз алдына елестеп, қызық сезілген Шәрипа сыңғырлаған үнімен күліп жіберген. Ортасы шоқыдай иір тұмсық Кейқуаттың қыжыртпасына Шәрипа ғана емес, Зекей де, Бақатай да күліп алды. Үй ішінде бір жақсы көңілділік бар еді. Осындай орайды пайдаланған Кейқуат өзіне шай ұсынған қызға:

– Шәрипа, оқушысың ғой, қағаз-қаламың болса берші, – деп сұрап алып, оны әзірше қасына қоя салды. Қызға жазатын хатқа қағаз-қалам таппай келген жоқ, соны оның өзінен, өз қолынан алу да тәсіл тәрізді. Бір жағы «...Қабаққа қарай басады» демекші, қыздың шырайына қарай туылып отырған әрекет. Оны, қағаз-қаламды артынан ет дайын болғанша жеке бөлмеге өтіп отырғанда пайдаланған, Зекей мінезі Кейқуаттан мүлде басқа. Артық сөзі жоқ, салмақты. «Терең өзен алабұртпай салмақпен ағады, терең адам алабұртпай салмақ-

пен жағады» дегендей, Зекей жаралысынан аузынан орынсыз сөз шықпай, өз қадірін сынап қана, сыпайы жүретін. Бақатай қайнысы Жөкенмен ақылдасқанда, Зекей туралы ойын ашық білдіріп, «осы бала біздей жетім-жесірге қолғанат болса, жаман болмас еді. Осындай бір арқатірек жасқа сүйенсек деп отырам. Осыған не дейсің?» – деген. Бұл сөзге Жөкен де теріс кетпеген. Ол дұрыс көрген соң, Бақатай өзге қайындары: Қазықан, Мұртаза, Батырлардың да құлақтарына ерте күннен салып қойған. «Жетім бала кекшіл, жесір әйел епшіл» деген болып, ежелден елгезек Бақатай әр істің жөнін табуға тырысуда. Шешесі дастарқан үстінде Шәрипаға:

– Бұл ағаларың бізге бөтен емес. Иманды болғыр әкең Қазез мына Зекей ағаңның әкесі Тұрсынбек деген кісіні өте сыйлап тұратын. Ол ғана емес, Тұрсынбекті өзіңнің атаң (Қазездің әкесін айтшы) дегенде, Шәрипа өзі көрмесе де, зеректігінен құрметпен еске алатын атасының есімін білдіріп:

– Мәсели атам ғой, – деп еді, Бақатай:

– Иә, Зекей ағаңның әкесі, сол кісімен де бірге жүріп, тату сыйласып өткен. Марқұмдар қандай еді, десеңші, – деп, күні кеше көз алдынан кеткен күйеуін еске ала «уһ!» деп күрсініп қойды. Жігіттер қайтарларында есіктен шығып бара жатып, Кейқуат төрт бүктеулі қағазды ешкімге байқатпай, Шәрипаның қолына елеусіз ғана ұстатып кеткен-ді. Адамға сенгіш болғанымен, іші қу қыз «бұл не» дегендей екі ойлы боп, ашып қарағанда, Зекейдің бұған, қыздың өзіне жазған хаты екенін білді. Бел ортасында «...есімнен шықпайсың...» деген сөзі бар бұл хат, көңіліне тосын тиген оқушы қыз шешесіне таңдана көз салып:

– ...Бәсе, сендер осы неғып әмпей-жәмпей болып жүр десем, осындай бір бәлелерің бар екен ғой, – дегенде, Бақатай сасқалақтап қалды. Шешесін мұндай жағдайға түсіргеніне жайсызданған Шәрипа сөзді басқаға бұра:

– Дәп-дәу жігіттердің бұнысы несі дегенім ғой, – деп жай ғана бұртиған.

Шындығына келгенде, Зекейдей жігіт өз болмысымен кейде Шәрипаны да, іштей ойландырып қоятын. Бақатай үшін сөздің шетінің шыққаны жақсы болған. Осыған дейін көңіліне тиетін бір ауыз артық нәрсе айтып көрмеген шешесіне Шәрипа да оншалық мінез көрсеткісі келмеген-ді. Біріне-бірі сүйенген жыртық-жамау адамдар ғой. Екі ұл болса әлі жас. Бір-біріне ашық айтып, көңіл ауыртқылары келмегенмен, отбасындағы тауқыметтің бәрі екеуіне де мәлім мұң. Өзді-өзі бір-бірінің кірпік қимылдарынан түсініскілері келетін көңілі жарым ғаріптер ғой. Алда не болатыны, не күтіп тұрғаны тағы бар. Соны ойлаған Бақатай Шәрипаға:

– Қызым, сенің де өз ойың өзіңе дұрыс шығар, мен оны ойламай, білмей жүргем жоқ. Күніне он ойлап, он толғаймын десем, артық емес, балам. Бірақ жас әдемі болғанмен, жасамыс ақылды болады, қарағым. Үлкеннің тілін алған жаман болмайды. Мен сенің бар өміріңе тілектес анаңмын. Ойдан ой туып, зар құсып отырамын. Біз не айтсақ та, мына басымыздан, – деп сұқ саусағымен маңдайын шұқып. – Ойымызға, миымызға салып барып айтамыз. Енді оқуың бітсе, бізге әкеңнің орнында сенің қарайтын уақытың болып қалды. Екі бауырың болса – жас. Бұлардың қабырғасы қатып, бұғанасы бөкіп болғанша, қай заман. Саған сүйенбегенде, кімге сүйенеміз, соны ойла. Сен бәлкім, өзіңмен бірге оқып, өз қатарыңда әкәку-сәкәку болып жүргендерді ойлайтын шығарсың. Ондай көзге көлкілдеп көбелек боп жүргендердің ертең талайының әуселесі белгілі болады. Басына іс түскен күні біреуге қарамақ тұрмақ, өз басына ие бола алмайтындар аз емес. «Ажар – алдамшы, ақыл – жәрдемші» дейді. Ақылы мен ажары Зекей сияқты сай келсе болады. Ол көп болса жиырма, жиырма бірде, араларың төрт-бес-ақ жас. Заманның түрі болса мынау. Әкеңнің көзі тірісінде ешнәрсе ойламаппыз. Алдымен «Мойынсерік» одан соң, «камуна» деп, әкеңнің жиған малын сыпырып алып отырды. Ол аздай «таптық күрес», одан кейін «Мәдениет төңкерісі» дей ме, сол шығып, ауылдағы жиналыс сайын мені «Мәсели байдың келіні, Қазез зәңгінің әйелі» деп алдыға шыға-



рып, күреске алып жүргенін білесің. Сендерге білдірмей келемін, бірақ жан-жақтан құлақ етімді жегенде; ішкенім – ірің, жегенім – желім боп жүремін. Бүгін оқушы болған соң білмейсің. Ертең қоғамдық орынға шыққан соң, сені де арғы аталарың ақсүйек, бай-бағланның тұқымы, елді езіп, қанаған зәңгінің қызы деп, жер-жебіріңе жетіп, жездей қақтағанда көресің. Сондай кезде ақылымен сүйеніш болатын біреудің етегінен ұстасақ деп жүргенім рас, – дей келіп, көңілі босап, бордай жылап отырып қалған. Айтса-айтқандай-ақ, не ойласа да кемел ойлайтын Бақатайды тығырыққа тіреп, діңкелетіп, шаршатып келген түпкі түйін осы еді. Аузынан сол ақтарылып шыққанда, өзін ұстай алмай, сыңсып жіберген. Ана – тамыршы, ана – сыншы, ана – көреген. Оны заман, уақыт әлегі езіп жүрген. Ішіндегісін кімге айтып, өзегін өртеген у-запыранын қалай шығарарын білмей дағдаратын. Осының бірде-біреуін таратып ойламаған Шәрипа шешесін қазір көргендей, жаны ашып кетті. Дәл қазір не айтарын білмей, орындықта отырған анасын сыртынан келіп, айқара құшақтап тұрды. Жүрегінде не сөзі бары белгісіз, үнсіз.

2

Жастық бар адамның басынан өткен. Зекей тәуекелге бел байлап, соңғы жолы Шәрипаға хат арқылы өз ойынан хабар беріп кеткенімен, бұған арғы жағы қараңғы екені рас. «Жүрегін арнай алмайтынға жүрегінді тарту етпе» дегендей, бұл қанша ынтыққанымен, мәселе бұның ойындағыдай болмай шықса... Осылай бір толғанады да, екінші жақтан үміт шіркіннің шоғы қызарғандай болады. Ішінен «мүмкін емес, жүрегім алдамау керек...» дегісі келеді. «Үміт жасартады, ұйқы қартайтады» дегендей осындай бір үміт, бір күдік әуресі оянып алған. Кеудесінде жалын шалқиды. Сүю деген өмірді көріктендіретіні рас. Әрі ол бар қиыншылықты желкеден

сілкіп тастағысы, жеңгісі келіп тұрады. Жүрек үні, жүрек өмірі арқылы күш-қайрат береді. Тіпті бұрын өзінде жоқ, ересен қуат көзін ашады. Ал махаббат әуресіне шалдығып көрмегендер шынайы сүюдің не екенін білмейді. Әсіресе, өмірде дос іздегісі келмейтін адамдар сүюде де орашалақ-шорқақ келеді. Өмір – сол өмірді сүюмен құнды да, мәнді. Өйткені, махаббат магниті адамның барлық жақсы қасиет, жақсы сипаттарын ішке алады. Адамды, сүйген қызыңды ғана емес, ұлы Алладан бастап сол Раббың жаратқан дүн-дүниедегі барлық нәрсеге деген қызыл шоқ махаббатың болса, онда сен патшаға да көңіліңді бермейсің. Кеудең ізгі қасиетке толады, соның ұясы болады. Ал ізгі қасиетке барлық жер бас иеді.

Зекейдің көз алдынан Шәрипаның саналылықтың ұясындай жарқылдаған, үлкен жанарлары кетпейді. Сиқырлап, арбап тастағандай есінен шықпай, көз алдында қадауыштай қадалып, елестейді де тұрады. Ойлай-ойлай, сағат, уақыт өткен сайын сүюдің тұтқыны болып бара жатқандай. Ынжықтың уайымымен саңлақ-

тың уайымы бірдей емес. Аса зерек басқа азап. Зекейдің зейін-зердесінде өзге ешнәрсеге алданбастай, мазасыздық пайда болған. Кейде түнгі ұйқысы шайдай ашылып, кірпік қақпай, бақырайып қадалған көздері қараңғыны тесіп өтіп, төбеге қарап жатады. Соны өзі білмейді, шала сезеді. Балы мен уы қатар алмасқан екі сезім жас бұла жігітті анық ойсоқты мүләйімдікке жеткізген. Қысқасы,



ешнәрседен жұбаныш таппай, жаны жараланып жүрді. Қазақ «мың үмітің бір үрейге құрбан болмай, мың үрей бір үмітке құрбан болсын» деген. Бұның өзімен тілектес алтын адам Бақатайдың пейіліне сүйенсе, кеудесімен тау соғардай үміт пайда болады. Әлі еш белгі бермеген, томаға-тұйық қызды ойласа, қайран көңіл өртеңге шыққан жалғыз тал гүлдей әлсіреп, солуға бейім тұрады. Кейде тіпті, өзінің дүниеде бар екенін де ұмытып, тек қиял жетегінде кезіп кетеді. Соншалық алмағайып бір кезеңнің ноқтасына бас сұққандай. Рас, осының бәрі әлсіздіктен туған шарасыздық емес, қайта өмірге деген асқақ арман, асыл ниеттің айдауы болатын. Жетсем деген ынтызар жүректің биік талабынан туған мұң-күйігі еді. «Момынға алғыс та жоқ, қарғыс та жоқ» десе, бұл жігерлі Зекейдің жан-дүниесін қайраған жай отындай өткір сезімінің әуресі-тұғын. Өз кезінде он сегіз мың әлемде ешнәрсемен айырбасталмастай қастерленетін «ғашықтық» дейтін арнайы зерттеуге тұрарлықтай, өзінше бір «сырқат» па деп қарауға келетін. Мұсылман әлемінің ойшылы Сарайи: «ғашықтық ақылдың аяғына салынған тұсау» дегенді білмей айтпаған. Және ол жалпақ әлемге өз ойының кір шалмас тағы бір гауһарын ұсынып: «ғашықта шыдам болмайды, шыдам болса ғашық болмайды» деп те даналап кеткен. Осыған келгенде Зекей бір күннің өзін екіқабат әйелдің төзіміндей, төзім-шыдаммен күтеді. «Таудың басын жел торлайды, ердің басын шер торлайды» демекші, бұның басын айықпас бір мұң торлап алған. Өз әкесі Тұрсынбектің «бақыт іздесең – азабы бар, рақат іздесең – бейнеті бар» деп отырғанын естіген еді. «Қайран әке, осы сөзді қайдан тауып айтты екен» деп ойлады. Ата-анасының аруағына бас иді. Жаны басқа болғанмен, қайран әке-шешенікі бірге еді ғой. Қырық үшінші жылдың көкек айында сүт кенжесі – Зекейі дүниеге келгенде, шешесі Нұрбәтіштің жүрегі жарыла қуанғанын естуші еді. Ес біле бастағанында да осы кенжесіне айырықша мән бергені есімде. Мектептен келгенше баласын Меккеден келе жатқандай екі көзі төрт болып күтіп отыратындығын кайтерсің. Осындай

бір ғазиздердің әлпештеген боз тайлағы жетім қалып, бүгін енді бір қыз үшін, ойы – оң, санасы – сан бөлініп, басы даңға түскен. Әдемілікке сүйінбейтін қуыс кеуде, көңілі жылусыз біреулер не үшін өмір сүреді екен. Өбек, көдек келетін ойсыз адамдардың дерті не екен десеңші. Зекейдің басын осындай ойлар шырмап болған. Сау басында – сақина. Өзі жасынан бері естіп жүрген «төзім тірлік қазынасы», «төс болсаң, төзе біл», «сабырдың түбі сары алтын», «сабырдың сарайы алтынға толы» деген сөздерді осы күндерде жоққа шығарғысы келген. Оны орындап, оны тосып болғанша, жаны шығып болатын сияқты. Есесіне, «аз өмірің сабырмен өтеді», «сабырдың жемісі тәтті болғанмен, сабағы ащы» деген қайтарымдар ұнайды. Неғұрлым тез болса ғой, Шәрипадан бір жауап болса ғой, шіркін, дегенде ішкен асын жерге қойғандай. Осындай кезде үні құлазып, ұлып жатқан бір кәрі итті көрді. Үрімжіде бір ұйғырдың ішегін тарта, өкінгендей ақырып тұрған есегін көрген.. Қазір есіне сондайлар түссе, жүрегі сөйлеп, көкірегі ойға, пікірге толып кетеді. Өз-өзінен сөйлем құралып: өксіп аңыраған кәрі есек, өкініп ұлыған кәрі ит бар... «Солардың несі бітпей қалды екен» деп ойлады. Көкірегі жайшылықтығыдан он есе емес, жүз есе оянып алған.

3

Бір күні Бақатайдың үйіне Калпе әйел кіріп келді. Өңінде алабұрту бар. Бақатай «бұл тағы не айтады?» дегендей, шошып қалған. Бірақ оның бүгінгісі бұларға зиянсыз әңгіме еді. Өзі өмірі төрге шықпайды. Барған үйінің босағасына отыра кетеді. Қазір де сөйткен. Бұл үйде Шәрбан да бар еді. Калпе есінеп, керіліп, жан-жағына қаранып алды да, бас-аяғы жоқ, Бақатайға қырылдақ үнімен:

– Ей, бір жақсылық бар ғой... – деп қалды. Сонан соң Шәрипаға: – Бері, қасыма келші, – деп шақырып

алақанын оның кең жазық маңдайына қойып. – Иә, рас. Бағы бес елі ғой, – деп бітіңкі дауысымен шиқылдап күлді. Бетінің сүйегіне жабысып қатқан терісі неше жерден жиырылып, қасқа тістері көрініп, ыржиып күлуде. Өзге емес, өзі бір олжаға батқандай қуанышты еді. Бақатай:

– А, құдай-ай, не деп отырсың?! Түсіндіріп айтшы, – деп еді, бұған жауап қату орнына алдыңғы сөзін ұмытқандай, кенет аңырып, өзге тақырыпқа түсіп кетті де;

– Жылдам тойлап ал, басқа жаққа кетесің, – деп ішегі қата күлді. Көз алдына бірдемелер, әлдебір көріністер елестегендей. – Ой, ыбыр-жыбыр адам... Бәрінің ортасында қалдың, – деді де, үнсіз отырып алды. Екі шыны құрғақ шай ішіп, қайта сөйлемеген бойы шығып кетті. Бақатай Калпенің алдыңғы сөздерін өзінше жобалап, Шәрипаға:

– ...Әне, айттым ғой... Жаман болмайсың дедім ғой... Ә, құдай, бере гәр.

«Маңдайыңның бағы бес елі» деді ме? Болды, болды... Зарым Аллаға жеткен екен! – деп қос алақанын кеудесіне қойды. Шәрипа Калпемен сай келген шешесінің, мына айтқан сөздеріне сықылықтап күліп жіберді. Орта бойлы, талдырмаш тұрпатынан нәзіктігі байқалады, бұлықсып бойжетіп келе жатқан аққұба әдемі Шәрипа – өзі көңілді, қызықшыл болатын. Әр сөзді, әр нәрсені екінші жағынан, астарлы қабатынан аударара қарап, күліп жүретін. Шешесі бұның қазіргі шырайынан үміттенге түсіп, қызына қадала көз салғанда:

– Апа, болды, көп уайымдай бермеші, бір жөні болады ғой, – деп қана қойды. Шешесі де, Шәрипа да, өз ойларын осында отырған Шәрбаннан жасырған жоқ. Өйткені, Шәрбан мына үйдегі жағдайды ішінен біліп, бірақ ешкімге тіс жарып, ешнәрсе айтпай, тымпиып жүре беретін. Әкесі Жөкенге Бақатайдың сыр ғып, Шәрипа туралы айтып отырғанын да естіген. Әрі Зекейдің бұл үйге келіп тұратынын да көріп-біліп жүр. Жаңа шешесінің сөзіне Шәрипа күлгенде, Шәрбан да жымыып отырған. Соңынан Шәрипа оған:

– Сен қыздың ішің қу ғой, ә,.. – дегенде, Шәрбан бұ жолы өз қулығы ашылып қалғандай, ішегі қата күлген..

Шәрипа осыдан кейін шындап ойлана бастаған. Рас «күйеуге тимеген қыздың хан ұлынан дәмесі бар, қыз алмаған жігіттің қазы қызынан дәмесі бар» дейді. Кеудесін аспандата берейін десе, шешесінің тұрпаты – мынау. Әкелері өлгелі пақыр ана бұлар үшін не көрмеді. Қолы көсеу, шашы сыпыртқыдай болған қайран ана десеңізші! Жөкен ағасы мен Гүлсім жеңгесі Зекей десе жандары қалмай, ұшып тұрады. Калпенің айтып отырғаны – анау. Бәрі ақылдасып алғандай. Бұрын ойланбағанымен, Зекей туралы бұл да толғана бастаған. Кімнен кем, ауыл жастары ішінен өз талабымен суырылып оза шығыпты, оқу оқып келді. Абырой адам қуаты болса, Зекей о жағынан да айналадан озық. Осындай ойлармен басы байланған Шәрипа бір күні Шәрбан екеуі мектептен қайтып келе жатты. Шәрбан – бастауышта мұғалім, Шәрипа – жетінші сыныпта. Жалғыз кішкене көшесымақта ары-бері кезетін Өшетінің аттылары аз емес. Солтүстіктің қатты аязы мен сықырлап қатқан қар ат тұяғымен кей тұсы шыныланып тапталған болса, енді бір жері ойқы-шойқы қасаттанып, жаяулардың аяғына тосқауыл бола беретін. Шәрипалар сондай жолмен қолдарында сөмкелері, бір-біріне сүйене қисаңдап келе жатқан. Орқашар өңірінің онсыз да қалың қары қазір де қалқып жауып тұрды. Жапырақ-жапырақ сирек қар түйіршектері асыққысы келмегендей, баяу қалықтап түседі. Сол қалпымен әлдебір бейқамдықтың, болмаса самарқаулықтың белгісін байқатқандай. Шілтерленіп, торланып, қалқып қонып жатқаны сезіммен ойнағандай, көз арбап тербелуде. Табиғат сырын ұққың келгендей. Осындай кезде бұлардың қарсы алдынан аңдып тұрғандай, Зекей мен Кейқуат шыға келген. Киімді әдемі киетін Шәрипа аяғындағы жаңа құрым етігі борпаң, ұлпа қарды шықырлатып, арқасынан беліне құлаған тоқпақтай қос бұрымы бұлаңдап, талдырмаш бойжеткеннің ажарын аша түскен. Қай-қашанда жігіт көзінің қызды көрсе қызарып тұратын дағдысы бар. Зекей де, Кейқуат

та, Шәрипаның қылп еткен қимылын шашау жібермей, киген киімдеріне дейін көз тіккен. Жұрттың қолында ақша бола бермейтін бұл кезде, Шәрипаға Ақжолтай ағасы арқылы келген ақшаның жұрнағы Бақатайдың қолында қазірге дейін бар болатын.

Бұл мың да тоғыз жүз алпыс үшінші жылғы қыстың аяқталып келе жатқан кезі еді. Ақпан бітіп бара жатса да, қарлы аяз қайтпаған, Шәрипаның суықтан қызарған жүзі әрлене түсіп, сергек бейнесінде әсерлі көзі бал-бұл жанып алыпты. Еркін жүретін Кейқуат:

– Қыздар, қалайсыңдар, екі бойжеткен бүкіл Өшетінің көшесін өздерің алып... – дей беріп еді, оларға алдымен Шәрбан көтеріңкі дауыспен:

– Сәлеметсіздер ме? – деп сағынып қалған кісідей амандасты. Өткірлігі білініп тұратын бұған көңілденген жігіттердің жылы сәлемдескеніне орай, Шәрипа да меруерт тістері тізіле көрініп, жымия амандасып, соңынан аузына түскен сөзін айтып:

– Келмей кеттіңіздер ғой, – дегені. Айтарын айтса да, бірақ бұрыңғыдай емес, осы жолы өзі ұялып-қызарып кеткен. Әпкелі-сіңлілі қыздар өтіп кеткен соң Кейқуат:

– Ім-ім-ім, көресің бе, бір өзгеріс ба-а-ар... Қайтсе де бірдеме ойлап жүр... – деп еді, Зекейдің күткені сол:

– Рас айтасың. Бақатай апаң аман болса, осы күнге дейін бірдеменің басын ашқан болар, – деді жүзі жайнап. Осы күні Шәрипа Зекейге басқа көз, басқа оймен қараған. «Жұрт мақтаған жігітті – қыз жақтаған» деген бар. Ел айтса айтқандай, Зекей деген ешкімнің тақиясына тар келместей болып, бұрынғыдан біртабан жақын көрінді. Ішінен бұрын «қандай қыз алар екен» дегені болмаса, Шәрипа оған ойша болса да, өзін теліп көрмеген. Шәрбан Бақатайды «үлкен апа» деуші еді. Екеуі алдымен шет жақтағы осы үйге кірген. Үсті-бастарының қарын түсіріп, аяқтарын тепкілеп жатқанда-ақ, тұйғын көздеу өткір Шәрбан үні жарқын шыға:

– Үлкен апа, біз жолда кімді көрдік дейсіз бе, Зекей ағаларды көрдік қой, – деді.

– Е, не дейсіңдер, амандастыңдар ма? Олар бірдеме айтты ма? – деп Бақатай ентелей түскен.

– Иә, үлкен апа, оларға Шәрипа «үйге келмей кеттіңіздер ғой» деді емес пе, – деп қойып қалды.

– Қашан, жынды қыз... –деп Шәрипа шешесінен ұялып кетті. Бақатай қызын құшақтап:

– Айналайын, онда не тұр. Сөйтіп айтқаның дұрыс, – деді қуанғанынан.

– Осы бүгін өзім де, Құмар мен Қанағатты соларға жіберіп, тамаққа шақырайын деп қазанға ет салып отырғам. Жаңағыдай айтқаның қандай жақсы болған, – деді де ұлдарына: – Бара қойыңдар, Зекей ағаң, Кейқуат екеуі бірге келіп, ас ішіп, әңгімелесіп қайтсын, – деген. Жігіттер келгенде самаурын ызылдап тұрды. Соғымның сүрісінің иісі аңқып, қазан қайнап жатыр. Шай кесені әперуге Шәрбан құлшынып отырған соң, Шәрипа өз бойын тіктеп ұстап, қонақтармен бірге шай ішті. Бәрінің көзіне жұлдыз болып көрінетін сол. Сөйлемей отырмайтын Кейқуат «Сақан суайт» дейтін құрдас жігіті туралы сөз бастаған.

– Ұры ұрлығын қойса да, «ұры» аты қалмайды демекші, Сақан өтірігін қойса да, шын сөзі зая кетеді ғой. Өтірікті соққанда, салынбаған көпірден мінбеген атпен өтеді. Талқан жеп отырып, сыбызғы тартса да қақалмайды, – деп еді. Құрғақ талқан ойына түсіп, қызық көрген Шәрбан сақылдап күле жөнелді. Оған еріксіз ілесіп, Шәрипа мен Бақатай да күлді.

– Оқушы мен мұғалім, мен сендерге бір сұрақ қояйын, – деді Кейқуат желпіне түсіп. – «Тіс тамақ үшін, тіл тілек үшін» деген сөзді шешіңдерші. Сонда қайсысы жақсы дейсіңдер? – деген. Шәрипа да, Шәрбан да көздері жыпылықтап, ойлана қалды. Шәрбан:

– Тілек үшін болған тіл жақсы ғой, – деді. Шәрипа:

– Ағай, сіз бізді жаңылдырғалы отырсыз. Екеуі де жақсы, – деп еді, Шәрбан дауласып:

– Иә, тамақсау адамдар жақсы ма? Тіл деген барлық нәрсені білдіреді, – деген. Шәрипа күліп:

– Бұл жерде мәселе тамақсаулықта емес қой. Кейқуат аға бізді алдап, сынағалы отыр. Тіс болмаса, тамақ

жемесе, тілдің құр өзі не бітіреді. Бірінсіз бірінің күні жоқ, – десек қана ағалардан ұялмайтын боламыз. Абай атамыз не деп еді; «Ораза-намаз тоқтықта, ашаршылық болғанда, тәлімсіген молланың, сәлдесі қалар боқтықта, – демеп пе еді дегенде, Шәрбан аңырып қалып енді ғана:

– Мен алдымен тамақ керек екенін ойламаппын ғой. Тамақты ғана ойлайтындардан тіл жақсы деп қалыппың, – деп өз ойын тез түзетіп алды. Мұндай жерде сөз ыңғайын табатын Кейқуат:

– Апай, Қазез ағам қайтыс болғанда, Гүлсім жеңгеміз бен сіздің айтқан жоқтауыңыз осы күнге дейін елдің аузында жүр. Жақсы сөз ұмытылсын ба, – деп келе жатқанда Бақатай:

– ...Жақсы болмай қалсын, беті аулақ деңдер, – деген. Кейқуат оған қарамай:

– Гүлсім жеңгей дәл бүгінгі қарды айтқандай:

*Қалқып жуган қар ма екен,
Қар көшірген жар ма екен.
Аға-екемнен айырылған,
Мендей де зарлық бар ма екен.*

*Қалқып қонған қаз ба екен,
Қаз дауысы саз ба екен.
Жан көкемнен айырылған,
Менің де зарым аз ба екен!* – десе, сіз ағаның жай-қалтып, мініп өткен сұр жорғасын қосып:

*Мінген де аты сұр ма екен,
Сұр жорғаң жылап тұр ма екен.
Бас иеңнен айырылып,
Қаңырап қалдың тұл мекен!*

*Мінген де аты сұр ма еді,
Сұр жорға жаздай құр ма еді.
Тау-таста қалдық қаңғырып,
Бір күнгідей жүрмеді, – дегеніңізді ел күні бүгін жыр
ғып айтады, – деп еді. Бұны бұрын естімеген Шәрипа*

мен Шәрбан көздері бақырая қарап, аң-таң боп қалған. Өздері күнде көріп жүрген қарапайым апаларының аузынан сонша сөз шыққанына таңырқай түскен. Және жоқтау сарыны ибалы қыздардың нәзік жүректерін шымырлатып, бір сәт тым-тырыс боп қалған. Кейқуаттың майын тамыза айтқаны үлкен-кішінің бәрін де, ойландырып тастаған еді. Қазір ескіріп, ұмыт бола бастағанмен бастан өткен зар ғой. Жаңа бітіп келе жатқан қызылжалақ жараның аузы тырналғандай. Өзі қозғаған мұнды ендігі сөзімен өзі ұмыттырып әкеткен Кейқуат алдымен өзінің әдетімен қоңқылдап бір күліп алды да:

– Сіздердің сол жоқтауларыңыздағы зарды айтып, ел мақтайды емес пе... Соны естіп, іші күйген сақау Гүлгүлқан «өжім жоқтау білмеймін, жоқтау білген қатындайдың байы өле бейсін» депті дегенде, үй ішіндегілердің бәрі бірдей ду күлген. Осы елде аты шыққан Гүлгүлқан деген сақау әйел бар. «Ыржық қызға тыржық күйеу» демекші, жыртақай қыз тыртақай күйеуге өз Ләйлісі болады ғой. Гүлгүлқанның күйеуі де шүйкебасының о жақ, бұ жағындағы біреу. Шұлғауы сірі боп байлардың қойын бағып жүретін Бектөре деген еді. «Қалпақтың қапысы жоқ, алдымен қалпақты киетін басты айт» дегендей, ерлі-байлы екеуінің де аттарында қапы жоқ-ақ. Олардың сырын білетін жұрт «түрлеріне қарамай, бірінің аузынан шыққанды бірі іле қостап, елді жамандап жүретіндерін қайтерсің» десетін. Қазір үй ішіндегі көңілділікпен бірге Шәрбанның көзі жанып:

– Үлкен апа, оқып жүргенімізде мұғалім ағайлар бізге тақпақ шығарып келіңдер деп әр түрлі тақырыппен тапсырма береді. Жазып барғандарды қолпаштап, көтермелейді. Мен білмей жүріппін ғой, тақпақ сізде екен ғой, – деп аңыра түсті.

– Е, мен ғана дейсің бе, өзіңнің шешең Гүлсім келін де қаражаяу емес, оларыңды апаларыңа айтпай жүрген өздеріңнен көріңдер, – деді күліп. Бұған Шәрипа да араласып:

– Өлеңді оқыған адамдар ғана шығарады екен деп жүрсек, қасымызда екенсіздер ғой, – деген.

Бақатай аздан соң әңгіме бетін басқа арнаға бұрған-

ды. Жастардың ортасында солардың ау-жайын бағып, аздап желпінгендей болғанымен, ішкі жағында таусылып бермес уайым сызы жоқ емес.

– Балаларым, осындай жас кездерінде ойнап-күліп, жарасып отырғандарың жақсы. Кейкуат айналайын, саған ризамыз, келсең күлдіріп отырасың. Біз болсақ сыртымыз бүтін болғанмен, іште не жоқ дейсің. Бұрынғылар «жалғанның арты жалаңаш» деп кеткен екен. Басы сайраң, түбі ойран өмір екен. Мысқалдап келген бақытыңды батпаңдап жеткен қайғы жеңгенін көресің. Бастарыңда сол болмасын деп тілеңдер. Мың күнгі қуанышың бір күнге тұрмай қалатын көрінеді. Еркегіміз кеш жүріп, алдынан түн шығып, ерте жүріп алдынан күн шығып, ешнәрсе білдірмей, бағып-қағып еді. Соның бәрі енді түс көргендей болды да қалды. Уақытында бағаладық па, жоқ па, Шәрипаның әкесі отырса – от басында көсем, көшсе-көш басында көсем кісі еді. Уақыты келгенде басыңнан жағың ажырағандай болады екенсің. Көңілімізде мұз боп қатқан мұңымыз бар, біздің тілегімізді орындаған адам сауапқа қалатын шығар, – деп сөздің бір шетін өз қызына тигізіп айтқаны белгілі болды. – Ойымыздағы орындалса, соған басқа болмаса да, осы отырған өздерің тілеулес болатындарыңды білемін, – дей келіп, үстіне сырт киімін кие бастап: – Сендер отыра беріңдер, мен тамақ дайын болғанша, ана Ауғанбай шалда бір шаруам бар еді, барып келе қояйын, – деді де, аяғына кебісін іліп шығып кетті. Шәрипа шешесінің ниетін біліп отыр. Шәрбан да, үлкен апасының «мына, жігіттер, тартынбай кең отырсын» дегенін сезе қойған. Осындай мүмкіндікті қолдан шығаратын Кейкуат па. Бұл бір табылмайтын аз ғана уақыт еді. Ол салған жерден тікесінен кетіп:

– Шәрипа қарындас! Біздің ортамыздағы Бақатай апай қарадан шыққан кемеңгер ғой... Осындай кісіні кім құрметтемейді. Енді ашық сөзге келейік. «Жүректің сырын көздің нұры білдіреді» дегендей, өзің бұрынғыдан гөрі бізге жақындық білдіріп келе жатыр ғой деп қуанып жүрміз, – деді. Шәрипа қызарып кеткен. Оның ұялғанын білген Шәрбан сөмкесіндегі кітапты алып,

соған үңіліп қарай бастады. Мұндай сөзге араласса, кекселік болар еді. Бұл заманның, бұл кездің қыздары «қыз» деген атқа лайық қой.

Шәрипа Кейқуатты бұрын алғаш көргенде, мұрнының ортасы шоқыдай боп, иіріліп, көзіне біртүрлі көрініп, бөтенсіп тұратын. Соған бола неге жатсынатынын өзі де білмейтін. Дүниеге көзқарасы қалыптаспаған балалық па еді. Ал уақыт өте келе, соңғы кездері оның кімді де болса үйіріп аларлық «жақсы ағай» екенін тани түскелі іші жылып, жақын тарта бастағаны рас. Оның үстіне өзін алақанға салып, аялап отырған анасының бар арман дерті осылармен туысып, үйлесіп алған. Шәрипа ұялатын жерде ұяла білгенімен, жасық емес-ті. Өткірлік жағынан келгенде, бір бойына ешкімді теңестіргісі жоқтай. Кейқуаттың жаңағы сөзіне ол өзінің беті ашылмаған жас, уыздығы байқалып, қымсынып қалғанымен, бұған ілтипатпен қарап отырған мына абыройлы жігіттерді жауапсыз қалдырмай, өзінің шыншыл қалпымен:

– Алам құрметтеген сіздерді, мен құрметтей алмасам не болады. Бізде жастық албырттық жоқ емес, үлкендер біледі ғой, – деді.

Кейқуат Зекейге:

– Ал, жігітім, досым, ойындағысын жаман кісі айта алмайды... Әңгіменің беті ашылайын деген сияқты. Сен де шешіле отыр, – деген. Асықпай орнықты сөйлейтін Зекей:

– Иә, айтарлық нәрсе аз емес. Жүрекке салсаң сезімге тартады, миға салсаң төзімге тартады. Соның қайсысына бағынарыңды білмей, ортада қаңтарылған жағдай ғой, – деп еді. Шәрипа толық түсінді де:

– Айтқаныңыздың біріне ғана бұрылып кетпей, өзіңіз ойлаған ортада болғаныңыз жақсы емес пе, – деп қалды. Ақылыңызға ғана табандап қалмай, сезіміңізге де жол ашыңыз, дегендей ой байқатқан. Жігіттер оның сұңғылалығына шын ырза еді. Жас шамасынан озық ой айтқанына екеуі де таңданғандай. Кейқуат:

– Жүрек жетпегенге жүйрік жетпейді, Шәрипа қарындасым... Сенің осы лебізіңнің өзінен-ақ, жүрегің барлық нәрсеге жетіп тұрғаныңды байқаттың. Адам адамның

ойына бағынады, бір ауыз сөзіңнің өзімен ұтып тұрсың. Саған ризамыз, айналайың, – деп еді. Шәрипа:

– Ағай, әркім өз өмірі үшін күреседі ғой. Сөз деген сол күрестің құралы емес пе, – деді, тағы да тапжылтпас пікір тудырып. Ой дүниесі үстемелеп тұр. Зекей:

– Теңіздің дәмі – тамшыдан... Шәрипаны бұрын сыртқы түр-түсіне қарап бағалап жүрсек, ішкі дүниесінде не жатқанына енді көз жеткізгендей болдық, – деп баршынын ақтара сөйледі. Расында да, Шәрипаның жарқыраған үлкен ойлы көзінде сезгірлікпен қоса, саналылықтың оты көрініп тұратын еді. Көз – адам жанының айнасы.

Бұлар осындай мүдделі кәдеге жарарлық, әрі көңілді бірталай әңгімелермен отырып, арада қанша уақыт өткенін де білмей қалған. Бір сәтте есік ашылып, Бақатайдың кіріп келе жатқанын көргенде ғана, күлкі аралас сөйлесіп отырған бойларын жиып алған. Бағана Бақатай бұларды оңаша қалдырып кетпесе, осыншалық жарастық сыр ашылмас еді, – деп Зекей енді ғана ойлаған. Жаңа бүгінгі әңгімені аяқтап келгенде, Кейкуат:

– Шәрипа қарындасым, әр адам жақсы өмір сүргісі келеді. Зекей екеуің шаңырақ құрсаң, отау көтерсеңдер, ең бақытты отбасы болатындарыңды Бақатай апай ғана емес, мен де қостаймын және соған сенемін. Менің досымды өзің көріп-біліп жүрсің. Ынжықтың уайымымен бұл құсап сүйіп қалған, яғни «күйіп» қалған ынтықтың уайымы бірдей емес, – деп келе жатқанда екі қыз бірдей күліп жіберген. Лепіре түскен Кейкуат сөзін жалғап: – Зекеңнің өзің туралы қанша уайымдап, қанша ауырып жүргенін өзге білмесе де, мен білемін. Және сол үшін бұл жігітпен өзім қоса ауыратынмын, – дегенде, Шәрипа мен Шәрбан тағы күле жөнелді. Өзінің мөлдір үнімен сыңғырлай күлетін әдемі күлкісі бар еді. Шәрипа Кейкуаттың удай өткір әзіл сөзін естігенде, сол күлкісін тежей алмай қалған-ды.

– Шәрипа, рас айтам, күлетіні жоқ, – деді Кейкуат. – Осы бүгінге дейін бұнымен жүрегім қоса сыздап, бұдан бұрын өзім ауру бола жаздадым, – деп еді, үй ішіндегілер тағы еріксіз күлісіп отырды. Шындығына келгенде

Шәрипаның да күннен күн, сағаттан сағат өткен сайын Зекейге деген ықыласы артып келе жатқан. Ықылас қана емес, қауызын жарып, жаңа ашылған бір тал әппақ гүлдей, ең алғашқы сүйіспеншілік дүниесі жол алған.

Осындай кезде үйге Жөкеннің әйелі Гүлсім келген еді. Тамақтан соң қыздарды шығарып салмақ болды.

– Шәрипа, ай сүттей жарық екен, Шәрбан екеуің ағаларыңды шығарып салып келіңдер, – деді. Жауып ашылған қалың қар жартылап қалған ай сәулесінен нұр тартып, дала дидары жап-жарық күйінде көңілділік шақырғандай. Бағанағы қалқып қонған ұлпа қар тобықтан асып жатқанымен, тығыз түсетін ұсақ, майда түйіршіктей емес, жүрген аяққа жеңіл білінеді. Қардан соңғы май тоңғысыз, тап-таза, жылы ауа. Былай шыға бере-ақ, мөлдір үні естіліп:

– Не деген тамаша, – деп сөз бастаған Шәрипа еді. Көкейіне орнап қонған сүйіспеншілік дүниесі мынау әсем табиғат аясын сан қайта еселендіре сездіретіндей. Кейқуат қоңқылдап күліп:

– Рас айтасың, Шәрипа. Сұлулықты түсінбейтін өлік көңіл біреулерге ақы берсең де, қазіргі мына тамаша түнді түсіндіре алмайсың, – деп мәнін аша түскендей болды. Адам мен адамды жағыстырып, табыстыруға келгенде Кейқуаттай ешкім жоқ. Зекейдің өз ойы өзінде, оған қазір Кейқуат тұрмақ, ханның сөзі де әсер етпестей, өзінің ішкі жүрек үнінен артылар емес. Өмір өзінің бар бояуымен көркем бола түскендей. Ол иықтасып келе жатқан Шәрипаның қолынан ұстап келе жатты. Шәрипаның жүрегінде лүпіл бар, жігітке қолын алғаш ұстатқан қыз жүрегінің лүпілі. Жастық үркектікпен қоса, шаттық лүпілі еді.

Шәрбан дауысы тұнық шығып, әрнәрсені сөз етіп, Кейқуат екеуі сөйлесіп барады. Кейқуат ерте үйленген, балалы-шағалы жігіт.

Зекей мен Шәрипа қайыр-қош айтып, үйді-үйлеріне қайтқанша, дыбыстары шыққан жоқ. Шынында, сүйіскен жастардың жүрек үнсіздіктерінен артық ешқандай әңгіме болмас та еді. Тек қайтар кезде ғана бірталай серуендеп қалған бұлар бір ауыз сөзге келіп, Зекей:

– Қанша жүргенбіз, тоңып қалған жоқсың ба? – деп қыздың тоңазып тұрған жүзіне жылы алақанын тигізді. Кейқуат та:

– Ойбүй, Шәрбан да мұздаған шығар. Қой, қайталық, апаларыңнан ұят болмасын, – деді.

Зекей мен Шәрипаның кіршіксіз осы сүйіспеншіліктері жалғаса келіп, наурыздың ішінде жарасым тапқан екі жас бас құрап та үлгерген-ді. «Тер төккеннің ұйқысы тәтті, тең өткеннің күлкісі тәтті» деген бар. Бірақ үлкен той-томалақ өткізіп, елді жиюға шамалары келген жоқ. Тек Кейқуат, Есентемір, өтірікші Сақандар сияқты, тағы бірнеше құрбы жігіттер әйелдерімен және солардың таныс қыз-келіншектерімен ғана отырыс өткізген. Үстелге қуырылған түйе-бұршақ, пісте-шекілдеуік сияқты, сонау Шикудан сатып әкелінген нәрселерге қоса норма өлшеммен босатылған нан қойып тойлады. Ең бастысы, Зекей мен Шәрипадай, қай жағынан алсаң да, теңін тапқан жұбайлардың көңіл өлшемі келген қонақтарының да жүрек таразысындай еді. Екі жастың патшаға айырбастамас шаттық пейілдері, жұпыны той дастарқанының да баға жетпес биік өлшеміндей болған. Әсіресе, Шәрипаның сызылтып салатын әншілігі бұл тойдың барлық бел арқауындай еді.

*Мінгенім дәйім менің тарлан шұбар,
Мойнына тарлан шұбар тақтым тұмар.
Бірге өскен кішкентайдан қимас қалқам,
Өзіңді бір көруге болдым құмар.*

Қазақтың құны жоқ, баға жетпес, дүниенің ешбір байлығымен айырбасталмас «Гүлдарифасы» Шәрипаның дауысымен салынғанда, тіл жетпестей нәзік шырқау назбенен бір тәтті мұң араласа қалықтағанда, мижүректі сезім тікеншелерімен шабақтағандай болатын. Тыңдаған жан іш тартып тынып қалғандай. Оның жіңішке, мөлдір, күміс сыңғыры бар әсем үні тыңдаушының көңіл нұрын кіргізіп, ортаны қиял-ғажайыптай шатшадыман думанға енгізген. Солай баурап алғанының өзі-ақ жеткілікті тәрізденген. Зекейдің ағалары Молдатай,

Ордабайлардан өзге бата беруге келген Нұрғами, Ауғанбай сияқты қариялар «бәрекелділерін» жаудырып, Шәрипаның әнін сүйсіне отырып тыңдасқан-ды. Қазақ «шалдың әні зармен тынады, кемпірдің бала жұбатқан өлеңі өз гөй-гөйіне ұласады» десе, көрмегені қалмаған ұзақ ғұмырларында небір қимастарынан айырылып, қаза көріп, қайғы шеккен қарттар төсегінде жамбастарына жер бата, дөңбекшіп, ой ұшығына жете алмай жататын кездері бар. Шәрипа әні осылардың да жырытық-жамау жандарына жамау болғандай еді.



Алтынышы тарау

*Халық
коммунасы*





ХАЛЫҚ КОММУНАСЫ

1

Орқашар өңірінде көктем кештеу шығады. Сәуір айының ызғырық желемікті сұрқайлау күндерінің бірінде Бөрікталдағы коммунадан Бақатайға шақырту келді. Бұрынғы аспазшылары тындырымды болмағандықтан, оған сол аспаз керек екен. Коммуна басшысы өкімет орны ғой. Ол лайықтап бұйырған соң, бас тарту мүмкін емес. Онсыз да байдың әйелі ретінде күреске тартылып жүрген кез. Өз ішінен «маған ендігі жетпегені сол еді» деп ойлаған Бақатай, амалсыз айтқан жерге жетіп, үлкен қазанға иелік ете бастаған. Коммуна деген ешкім өз үйінен тамақ татпайтын, жалпы халық ортақ қазанның асырандылары болады. Әр үйдегі ыдыс-аяқ атаулы баяғыда орталыққа жиналып алынған. Тек қолдарына бір-бір ыдыс-аяқ ұстаған ер-әйел бүрсендеп, қазан басында кезек күтеді. Бақатайдың қолында дәу ағаш ожау. Белдемше байлап, жеңін түрінген. Үлкен қазанның тұтқасын ұстау, оған ас дайындау – қиынның қиыны. Оның үстіне «маған, маған» деп шулаған ашалаң мүшелер ыдыстарын Бақатайға қарай созғылап, үймелеп тұрады. Қатарынан қойылған екі тайқазанда буы

шыққан быламық ботқа көже. Осы быламық та, жейтін нан да, әр күнге 500 грамдық норма есебіне кіреді. Үлкендерге айына 15 килограмм ұн. Соған орай, айлық норма билеттері әркімнің қолдарына үлестіріліп берілген. Оны тауысып қойсаң, ашығасың ба, өлесің бе, одан артық шайнам нәрсе жоқ. Коммуна құрылған төрт-бес жыл ішінде-ақ елдің еңсесі түсе бастаған. Осы түлкі-құрсақ қалпыңда бір-бір кетпен, күрегіңді иығыңа асып, жерді қолыңмен шауып, егін салуға кетесің. Ол болмаса, өкіметтің басқа жұмысы таусылмайды. Жаздай су суғарасың, қолмен егін орасың. Оны баулап жинап, шаңтасқа соғып, қамбаға басасың. Кешке келгенде әлгі қазаннан тиісті атауыңды жеп, өз үйіңе қонуға ғана барасың.

Мұнда Бақатайдың көршісі Ауғанбай шал кемпірімен, оның қоңсысы бүкір кемпір, Калпе әйел, Сақан өтірікші, Жазғанқұл пақыр, кешегі Қазездің досы Есентемір ұзын сары әйелімен, бұлардың баяғы көршісі Ақсүгір, Кейкуат келіншегімен, сақау Гүлгүлқан мен күйеуі Бектөре сияқты таныстар жүр. Бұларға «ұйқышы Мақан» деген қосылды. Бір қазанда қырық шақты ер-әйел. Балашаға тағы бар. Коммуна ең қиын тиген бір адам – мешкей Жазғанқұл еді. Қазір кезекте күндегі әдетімен ең бірінші тұрған сол болатын. Қолындағысы үлкен қалайы тегеш болғанымен, өлшемнен артық құйылмайды. Бақатай сабы жарты құлаштан асатын дәу ағаш ожаумен бір көсіп алып, салып береді. Қабағынан анық көрінген кейіс кірбеңі бар Жазғанқұл күні кешегі толық беті солбырайып, шартыған мес қарыны да салақтап, жемі біткен ат-дорбадай бос қалған. Оның қорғаушы періштесі көрмей қойған көз жасын көретін бір ғана адам бар. Ол беті-жүзі күйіп піскен бауырсақтай күреңіткен өзінің әйелі Күміс бейшара еді... Ол алдына келген асынан үлкен сопақ ағаш қасығымен екі іліп, күйеуінің созып ұстаған тегештегі тамағына қосып береді. Және ұлы мен қызының быламықтарынан да бір-бір іліп, тағы да дәме ғып тұрған жұбайы бейбаққа қосады. Қазақ «қозысында уызға жарымаған, тоқтысында түрткенін қоймайды» деген.. Ежелден осы Жазғанқұл ғой. Ол асығып салды-

рып алған тамағын жемей отырғанына Бақатай алғашында таңырқаушы еді. Сөйтсе, бала-шағасы быламық құйдырып болғанша тосып отырып, көзіне молдау көрінгенде ғана бірақ жейтін әдеті бар екен. Соны білген соң, Бақатай жаны ашып, оған бір қарап, екі қарап алып:

– Өзгелерің тұра тұрыңдаршы... Ана, Жақаңның бала-шағасына салайын, ыстықтай жесің, – деп соны әдетке айналдырған болатын. «Сорпа түбінен суиды, быламық бетінен суиды» деген бар. Ботқаның түп жағы ыстық қалпында тұратын. Әзірде сол үрдіспен алдымен Күміске, одан кейін бойжеткен қызы мен ұлына салған. Бірақ қоймалжың ботқа ожауға баттасып, жабысып алады. Оны өзгелерге қырып салмаса да, Жазғанқұлдың өзіне ожаудың іші-сыртын қасықпен ысырып, түсіріп жатады. Жақаң қалғанын тағы жабыстырған ағаш қасығы құрғырға жалтақтап бір-екі қарап қоятын. Кей күндері қазан тез қайнауы үшін астына от жағуға Жазғанқұл кірісетін. Бірақ «мешкей қазанның астына қарамай, үстіне қарайды» дегендей, Жақаң быламықтың бырқылдауын күтіп, еңкейіп отты лаулатады да, қайта түрегеп, қазанның қақпағын ашып қарайтын. Бақатайдың Жазғанқұлды сыртынан естіп жүргені болмаса, алғаш көргені, Қазез қайтыс болып, «бауырымдап», шапқан кісілермен бірге келгенде байқаған. Дастарқандағы бауырсақты опатып, өзі отырған шетті ойсыратып бара жатқанда білген. Бұл ғана емес, Калпенің күйеуі Ақсүгірдің де, тамаққа шыдамсыз екенін коммуна паш еткен. Бақатай күнде әлгіндей етіп, Жазғанқұлдың отбасын кезексіз қамдап жатқанда, шақырайған сона көзі аспаз әйелді жеп қоярдай, жек көріп тұратын. Бірақ неше күн бойы сол ашулы қалпымен тұрса да, бір ауыз сөйлемейтін. Анығында, сөзді де жөндеп айта алмайтын. Баяғыда үш үйдің қойын бағып жүргенде, қу ырғайды өртеп жағып, қалтасындағы баланың жұдырығындай қара тасын әбден күйдіріп, саптаяқтағы сауып алған сүтіне «божжж» дегізіп, сала қоятын да, қорықтық жасап ішіп жүре беретін. Өстіп көңілденіп алған соң, айтатын екі жол өлеңі бар. Бірақ оны да дұрыстап келтіре алмай:



*Қу ырғайлы дегенде, қу ырғайлы,
Қу ырғай отқа салсаң дуылдайды, –*
дегеннің орнына:


*Қу ырғайды, қу ырғайды, дегенде,
Оны отқа салсаң дуылдайды, –* деген сияқты ғып шатпақтайтын.

Қазір ол заман Жазғанқұл екеуіне қайда дейсің. Бақытты кездері өтіп кеткен екен. Бұлар ғана емес, жұрттың бәрінің де, өң-түстері қуаң тартқан. Қартаң адамдар, шал-кемпірлер соңғы жылдар ішінде жадап-жүдеп тоза бастаған. Бұрынғы әзіл-күлкі, ойын-сауық араласып отыратын өмір жоқ. Жұрт жарқын әңгімелесуге де құлықсыз еді. Есентемір мен Кейқуат сияқты ежелден елгезек біреулер ғана өздерін жібермеген, түсірмеген болады. Сергексымақ. Ежелгі иі жұмсақ, момақан жаралғандар ұнжырғасы түсіп кеткен, өкіметтің тұтқыны сияқты.

Бірде Есентемір кешкі астан соң, сөйлесуді аңсап, Кейқуаттың үйіне

келген. «Жаяу қонақ тыныш ұйықтайды» деген бар. Қаңылтыр шамның сықсиған сарғыш сәулесімен біраз әңгімелескен болды. Бір түйір дән жоқ үйде Кейқуат қана емес, оның келіншегі байғұс та ыңғайсызданып, үлкен басымен қонуға келген Есентемірден бетінен оты шыға ұялған. «Қонақ қонбай кетпейді, сыйлап қонғызғанға жетпейді» деген – үйде ас-ауқаттың бар кезіндегі сөз. Баяғыда аймаққа атағы шыққан желгіш жиренмен ағындатып жүретін, кімсің – Есентемір емес пе еді. Соның бәрін білетін Кейқуат бұны «Есағалап», сыйлап тұратын. Есентемірді бұл үйге тартып келген сол сыйласым еді. Келіншегі де сәлем ғып, алдынан қия өтпей құрметтейтін. Көзі бақырайып жүретін Бәну күйеуіне қарап:

– Ағаның келіп қалғанын қарашы, ұят-ай! Осы үйде екі-үш жұмыртқадан басқа ештеңе жоқ. Жемі болмаған соң тауық та тумайды екен. Оның үстіне, екеуінің бірі кәрі тауық еді, одан қайыр жоқ. Үйде барын құрғақ суға қайнатпасақ, – деп құрақ ұшты. Бұған күйеуі қосылып:



– «Қонағым сен «ет» деме, мен «кет» демейін» дегенді қолданамыз да, – деген.

– Жо-жоқ, әуре болмаңдар, кішкентай балаларың бар, солар жесін. Мен тек Кейқуатпен әңгімелесуге ғана келдім – деп Есентемір де жік-жапар болды. Бұл үйдің мұнан басқа да отбасылық жай-жағдайлары мез емес-ті... Кейқуаттың бір ұлдан үлкен бес жасар қызының іші өтіп, ауырып қалғанына біраз күн болған. Ол бала қазір жалғыз ауыз бөлменің бір бұрышында бүрісіп жатқан. Соңғы күндері ішінен қан өте бастаған. Коммунада доқтыр деген атымен жоқ. Бану Калпеге жылап айтқанында, ол аңырып отырып, жан қалталарын сипалап: «Апырым-ай, күшлә болғанда, жазылатын еді...» деп аяғын шолақ қайырып, үндемей қалған. Бірдеме біліп отырғандай ма. Осыдан тағы он шақты күн өткенше, әкелген быламықты да ішпей, нәр татпай жатқан сәби жас ата-ананы зарлатып, өмірмен қоштасқан-ды. Анығында, бұл бір үйге ғана емес, көпке келген зауал еді. Осындағы Ауғанбай шал мен кемпірі ай араламай, бірінен соң бірі қайтыс болған. Және өзінен басқа ешкімі жоқ бүкір кемпір де көп жүрмеген. Бұл жылдары осындай қартайып-қалжыраған шал-кемпірлер, жас бөбектер өлімі әр жерде көріне бастаған. «Аштың ақылы тамағында, ұйықтамағанның ақылы қабағында» деген бар. Коммуна ұйқышы Мақанға да қиын болған. «Ұйқы деген дұшпан бар, тұла бойды талдырар, жолдан, істен қалдырар» дегендей, ол ертеңгі тамаққа үлгіріп келе алмай жатады. Бұл жылдары елдің реңі тозып, сүреңі қашып болған. Біреудің қолынан бір жапырақ нан көрсе үлкен-кіші, ер-әйел демей соған көз сүзіп қарайтын. «Дәметпестен дәмету – тарыққаның белгісі, құлдық ұру көбейсе – зарыққанның белгісі» дегеннің өзі болған. Тек Бөрікталда немесе Толы ауданы бойынша құрылған барлық коммуналарда ғана дейсіз бе, қазір Шинжиаң жағдайындағы барлық коммуналардың хал-ахуалы осы еді. Аз ұлт арасындағы бұл тауқымет бірнеше жылдан асқан кезде ғана өкіметтің құлағына жеткен бе, жоғарғы жақ: «Бұл болашақтағы жақсылық үшін басталған «коммунизм самалы», біз

көзге ұстаған жер бетінің пейіші – коммунизмнің қоңыржай самал лебі», – деп жақауратып, халықты жұбатқан болды. Және шал-кемпірі, жас сәбиі бар отбасыларына бір бұзаулы сиырдан босатқан болатын. Мал сүмесін емген қазақ үшін бұл да болса дәтке қуат еді.

Қазақ ауылдары бұрынғы өз үйлерінде ас бар кезде мақалдап: «айға жетпес асыңды ауыл-үйден аяма», «атанның еті таусылар, ақиған көзің басылар», «түйе сойған, ешкі сойғанның үйінен дәметеді», «бермесіңді қызартпай тығып же», «қызыл етің бітер, қызыл бетің қалар» деген сияқты шұбыртпалармен бір-біріне наз арта сөйлейтін. Ол заман көзден де, сөзден де пыр-пыр ұшқалы қашан. «Құс қонбаса тоғай құсалы, ел қонбаса қоныс құсалы» дегендей, баяғы Уәйіс зәңгі, Мәсели, Тұрсынбек, Қазез, Есентемірлер жаз жайлап, қыс қыстап қонатын думанды мекендер иен дала болып, аза тартқандай құлазып қалған. «Құла қасқа ат мініп, шабдар қасқа шай ішкен» дейтін мырзалардың бұл күнде өздері де жоқ.

2

Бір күні Зекейдің үйіне Бөрікталдан шапқылап Кейқуат келді. Осының алдында Бақатайдың қолынан ботқа көжесін құйдырып алып тұрып, Калпе «қиық-қиық» етіп, қинала ықылықтап, есінеп, шапыраштанған көздері аспанға қарап, бір шекесінен қисайды да:

– Қап! Қап! Тағы да ма?! О несі?! – деп барып, – Бақатай, сен ауылға қайтсаңшы, – деген. Соңғы кезде Бақатайдың өңі тозып, қатты жүдеп жүрген. Осыдан үш күн өтпей, Кейқуат қызы Шәрипа мен күйеу баласына апаларының ауырып қалғаны жөнінде суыт хабар әкелген. Бұны естіген бойда, Нұрғами мен Зекей тізгін ұшымен Бөрікталға жеткен-ді. Бірден қатты жығылғанына бір жұмадай болған екен. Калпенің айтуымен ауылға қайтарайық дегенге басшылық көнбепті. Мына-

лар науқастың мүлде халі кетіп қалғанының үстінен түсті. Бақатай бұлар келгенде, көзіне жас іркілгенімен, сөйлей алған жоқ. Зекейдің қолын әлсіз қысып жатып, сол қолының екі саусағын шошайтып, ыммен көрсете берген. Шалы мен Зекейдің аңғаруы бойынша күйеу баласына «Шәрипа екеуің тату болыңдар, аман болыңдар» дегені ме, не болмаса «артымда жас қалып бара жатқан екі жетімге сендер ие болыңдар» деді ме екен, содан басқа сөзге келген жоқ. Бұл кезде алды мектеп жасына жетіп қалған Құмар мен Қанағатты Шәрипа үйленген соң, өз қолына алған. «Қу перзент» деген емес пе, шешесі тапсырса да, тапсырмаса да қыз бауырмал, Шәрипа қарауын қарайды ғой. Оларды Зекей де өз інілеріндей көретін. Шәрипа болса Зекейінің, сүйген жарының осы адами болмысына қуанышты күй кешетін. Бірақ екі жастың біріне келмей өлімнен көз аспаған Шәрипа тағы да өгей тағдырдың сынағына түсті. Анасы Бақатай сол жатқанынан тұрмай қайтыс болды. «Жалғанның арты жалаңаш; басы сайран, түбі ойран» деп, шешесі Бақатай айтқан сөзді Шәрипа енді түсінгендей. Шынында да, асыл ана түбі осылай боларын білді ме, Зекейімен дұрыс таныстырған екен-ау деп ойлады. Өмірге сын тағып болмайды, Шәрипа бес жаста, әкесі Қазез тірі кезінде қандай отбасы еді. Енді байқаса, соның бәрі түс көргендей ғана. Шәрипа барған жері базар, келген жері керуен болып, жұртты өз маңына үйіріп жүретін ғазиз анасының орнын жоқтап, көп егіліп, көп езіліп кетті. «Дорбасында не барын дәруіштің өзі біледі» дегендей, әркімнің әуселесі айнала жұртқа мәлім ғой. Бақатайдың білгенін, сонау қытай баласы Шияу Лиді баққанынан бергісін шолғанда, ері өлгенде тауып айтқан жоқтауы, Шәрипасы мен Зекей жолындағы көрегендігі; «істің жүйесін білген түйіннің шиесін шешеді» демекші, айналасының бәріне қорымал бола жүруі, сөйтіп ақырында, өзін көп үшін, көптің қамы үшін құрбан етуі қызын да, күйеу баласын да, ойсоқты етіп тастады. Бірақ адам пендесі басына түссе неге, не нәрсеге көнбесін. Ат басын бұрғаныңша ай өтеді, айналып көргеніңше жыл өтеді, сөйтіп жүріп, қамшының

сабындай қысқа ғұмырың бітеді. Не шара. Бұндайда ағайын, ел бар. Зекейдің ағалары Молдатай, Ордабайлар, өзінің қайын ағалары: Қазыхан, Мұртаза, Батырлар әйелдерімен шешесінің жетісі, қырқы кезінің бәрінде Шәрипаны қаумалап, «Аз қайғыны ас басар, көп қайғыны дос басар» дегеннің жоралғысымен жұбатқан.

* * *

Зекей үйленгендеріне бір жыл өткенде Толыға көшіп келген. Бұдан бес жыл бұрын өзі осында, аудан орталығынан жетінші сыныпты бітірген. «Стиль түзету» дейтін науқанның қайнап жатқан кезі. Жиырмасыншы ғасырдың жарымынан жеті-сегіз жыл ауған мезет. Әдебиеттен сабақ беретін мұғалімдері жас ақын Серік Қапшықбай бұрынырақта «Әдебиет және искусство» деген журналға шығарған «Аш қасқыр» дастаны үшін «ұлтшыл, оңшыл» қалпағын киіп, сол кездегі «Барсакел-местей» Тарымға айдалған. Жиырма жыл Такламакан шөлінің дәмін татқан. Осындай тағы бір ақын-мұғалім Фаблақат Салтантайға өзінің бір шумақ өлеңі бөле болып жабысқан.

Әжемнің шүйкесіндей түтеленген,

Орайды ұлпа бұлт асқар басын...

Түк үнсіз ойланғандай жерге төнген,

Төгеді көп кешікпей көздің жасын, – деген төрт жол байғұсты төрт тағанын керіп байлағандай өуреке салған. Ол ең алдымен соғылып, жұмысынан қудаланған соң, аяғына қойшылар тартатын тері шақай тартып, қаңғып қалған өзі Салтантай деген молланың баласы еді. Бір жағынан сол да бөле басы болған. Бұдан бір жыл бұрын Зекей алтыншы сынып оқып жүргенде, бір коммунаның бастығы болған Боқылбек деген кісінің атылғанын өз көзімен көрген. Мектеп балаларын жинап апарып, төменгі жазықта атылғалы тұрған адамның алдына иірген. Қол-аяғы кісендеулі, қоңыр өңді шомбал бет

Боқылбек басқа ешнәрсе істемей-ақ, біреуді «қара керей дегенше, қара кедей десеңші» деген сияқты, аузымен айтқан бір-екі сөзімен ғана қан құшқалы тұрғаны белгілі болған. Сасыр құрай өскен жазық далада оны көз алдыдан кішкене ары таман апарып, теріс қаратып тұрғызған. Бірақ ержүрек Боқылбек қайта-қайта бері бұрылып, тайсалмай қарсы қарап алған. «Әлі жетпеген ахиретшіл» дегендей, бесатарын кезенген бір қытай, бір қазақ сақшыға қарсы ақырып:

– Сендермен ахиретте сөйлесем, кәпір немелер! – дей бергенде, қатарынан «шаңқ» еткен мылтық үнімен бірге кеудесіне қарғыс оқ та дарыған. Шалқасынан сылқ құлаған бейбақтың қаны судай ағып, әлі ұзармаған балапан сасырлардың арасымен ирелеңдеп жылжып бара жатты. Зекейден бір сынып ілгері оқитын осы сөйлемдердің иесі мен ақын Жәркен Бөдеш те сол қарғыс атқан күннің куәсі еді. Және әділет үшін жаралған аспан, жер арасы куә.



Жетінші тарау

МСаңғырлық





ЖАҢҒЫРЫҚ

1

Аудан орталығы Толыға көшіп келгендеріне үш жыл өткенде, Зекей отбасында дүниеге Жасан деген ұл келді. Бұған дейінгі аралықта тұңғыш қызы Сайра және Серік деген ұлдары бар болатын. Ауданға келгелі бері коммунада жұмыс істейтін Шәрипа аз қиындық көрмеген. Сағат, уақытпен есептеспейтін ауыр еңбек жапасын былай қойғанда, рухани соққының өзі бұған тым қатты тиетін. Шәрипа сияқты әке-бабалары шаруа өсіріп, байыған ер-әйелдерді күрес жүргізу жиналыстарында кезегімен алдыға шығарады. Өткізіліп жатқан – «тап жауы» күресі. Қарапайым, момын көпшілікті уландырып, тобырға айналдырған «Мәдениет төңкерісі» деген саяси науқан бүкіл Қытай бойынша дүрілдеп, қызып тұр. Зәресі ұшқан халық өкімет қайда бағыттаса, соған бейімдейді. Күнделікті еңбек соңында кешкі асқа дейінгі жиналыста Шәрипаға тағылатын айып – «тап жауының, байдың» қызы, әкесі Қазез зәңгі шала жынды, дәруіш әйелі бар Ақсүгір дегенге ұзақ жылдар бойы қойын бақтырып, жалшымалай ұстаған, елді езіп, қанаған Қазез зәңгінің қызы. Одан арғысы жылқышы, қойшы, сиыршысына дейін жеке-жеке отбасы малайлары болған

Мәсели деген ақсүйек байдың немересі. Тиген күйеуінің өзі сол Мәсели, Қазездермен үзеңгілес болған атқамінер Тұрсынбек деген байдың баласы – Зекей. Сол байлықтың күшімен күйеуі де ел көрмеген Үрімжіден оқып келіп отыр. Оны да тез арада коммунаға қайта кіргізіп, күреске тартуымыз керек. Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен көзге түспей бұғынып жүрген жасырын «элемент» деп, тұс-тұстан зіркілдеп құлақ етін жегенде, миы зыңылдап, талып кете жаздап тұратын. Өз денесіне өзі ие бола алмай, дірілдеп-қалшылдап кететін. Амал жоқ, Зекей мемлекеттік санатқа кірген қызметкер болғандықтан тиісе алмай жүретін. Халықты тобыр етіп ноқталап ұстау үшін шығарған, алжыған Мау зе дұңның қаскөй саясаты құтыртқан небір ойсыз, тоғышар немелер пайда болған. «Айтақ!» десе алып түсетін қарғылы төбеттей, есірік ұрда-жықтар қаулап өсіп қаптап кеткен. Бұл науқан қай-қайдағы дардан қашқан қу, құлағын кестірген шұнақ дейтіндердің басын қосқан. Кісіден сый көрмеген, кісі сыйлай білмеген, обалсауап дегеннің не екенін ұқпайтын бітеу кеуде қалың тобыр жер-әлемді дүрліктірген. Тіпті, сонау компартия келгеннен бастап-ақ: «Қара табан құлсың», «жалаңаяқ жалшы, малайсың», «батырақ белсендісің, мына заман сенікі» деп, сондайлардың кеудесіне көрік пен жел толтырған. Малға келген індет жылы жонданып, иесіне ырылдайтын иттей, алдында әкесі тұрса қарамайтын саяқ тексіздерді іздеді. Ел жақсыларының соңына сол кезде-ақ сондай топас, қара тобырларды салып қойған. «Тобырға түскен іс оңбас» дегеннің өзі болып, жергілікті елдің берекесі кеткен. Ел ағаларының «ініне су құю керек», «тамырына балта шабылсын» деп, содан бастап-ақ әлгіндей малғұндардың кеудесіне сарысу толтырды. Мәстекке үкі тағып, кежім жабатын есерлерді, алабұтаға ат бекітетін ақымақты, ит орнына өзі үретін әумесерді іріктеп, алдыға шығарған. Өгіз мінсе ат іздемейтін, өкпе жесе ет іздемейтін кешелерді; жайлауды ығытына қарай жайлай білмейтін, малды бағытына қарай айдай білмейтін мұндарларды; жүген салса ауыздығын салмайтын, ауыздығын салса суарғанда

алмайтын; тоғышар түпсіз тексіздерді таңдап тауып, қолтығына су бүріккен болатын. Шәмелені шөп еткен, қашқан сиырды мал еткен, бықсып шыққан түтіні, бұлғауыш басты қатыны бар берекесіздерді екшеп алып, ел жақсыларының қыр соңына шүйлеп салған-ды.

Одан кейін «Стиль түзету...», енді «Мәдениет төңкерісі». Қазір бүкіл мемлекет былықты.

* * *

Омырауында емізулі баласы бар жас келіншек Шәрипа солардың бірдемесін алған сияқты. Шуылдақ ойсыздар соңынан бір қалмай қойған. Бір күні күрес жиынынан сілікпесі шығып, Жасанды құшақтап, кешке үйіне келсе, Зекей жолдасы Сүлеймен аудармашы екеуі шай дайындап, бұны күтіп отыр екен. Күндіз жұмыс істегенде маңайына жатқызып қоятын, көтерген құндақтаулы баласы бар, өңі қуарып, кіріп келген Шәрипа Зекейді көргенде, сыңсып жылап жіберген еді. Сасқалақтаған күйеуі алдынан жүгіріп, баланы ала берді де, бір қолымен азып-тозып келген келіншегін иығынан құшақтай:

– Ой, ой, Шәрипа, не болды, бұның не! – деп қапелімде жұбата бастап, мықты едің ғой. Бүйтпеуші ең, не болды, не болды?! – дей түскен. Сілікпесі шығып тұрған келіншегі онан ары сыңси түсіп:

– Ит кергіге салды ғой, итше талады ғой, қайтейін! – деп қатты қыстығып, еңкілдеп жіберген. Аузынан жаман сөз шығармайтын еді, сол әдетімен қазір де ешкімді қарғап-сілеп тіл тигізген жоқ. Шәрипаны жаны қалмай сыйлайтын Сүлеймен де, абыржып:

– Шәрипа, қоя ғой, сен мықты емеспісің. Бұдан да құтылатын күн болар әлі. Отырып ыстықтай шайыңды іше ғой, айналайың, – деп тігісін жатқыза сөйлеген болды. Бірақ коммунаның мүшелігінен шығу мүмкін емес екенін, одан өлмей құтылмайтынын жұрттың бәрі біледі. Зекей келіншегінің төгіліп кеткен көз жасына қарап:

– Иә, Сүлекең ағаң да айтып тұр ғой, алдымен шаршағаныңды бас, кел, кел, шай ішейік. Мына Сүлекең екеуміз саған қарап, нанды тауысып қоймайық деп, әлі тілімізді тістеп отырмыз, – деп еді. Шәрипа жылап тұрып, күліп жіберді. Күн ашық тұрып, жауған тамшы сияқты. Ұялғанынан:

–Үйде кісінің бар екеніне де, қарамаппын ғой, кешіріңіздер, – деді де, тез қимылдайтын әдетімен шәугімдегі суға беті-қолын жуа берді. Дастарқан басына байырқалап отыра бастаған соң, жігіттер енді жайлап не болғанын сұрап еді. Шәрипа баласын қайтадан өз қолына алып:

– Ой, не ғой дейсіздер. Күндегі ит ырыл. Кетпенмен арық қаздырғанда шаршап кеткен соң белінді жазып, кішкене тоқтай қалсаң, кешке жиналыста соны сөз қылады. Тұтқын сияқтысың. Қарсы сөйлеп қалғандарды сүйрелеп ұрып-соғады. Бір тоқтау жоқ, қоймай қажай берген соң, жаныңа батып кетеді екен, – деп зарыққан мұңын шақты. Тегінде Шәрипа жанына қатты батып кетпесе, анау-мынауыңызға бой бере қоймайтын қайсардың өзі болатын. Қазақ «қайғысы жоқтық жан семіртеді, қайғылы тоқтық қу сүйек кеміртеді» деген болса, ең болмаса, қазір жұрттың қарны да тоқ емес. Оның үстіне, орталау мектепте оқып жүрген екі інісі Қуат пен Қанағат та барар жері болмағандықтан әпкесі Шәрипаның қолында. Отбасы да мәз емес. Бәрі қабат келген. Елдің еңсесі түсіп кеткен кез. Әсіресе, қай күні қандай боламыз деп ішкен астары бойына батпай отырған жұртта зәре жоқ еді. Өзге жақтан, сырттан келетін жау жоқ, баяғы «стиль» түзетудегі сияқты қазақ өзін-өзі талайтын. Бейжіңнен басталып, Шинжианға жеткен «Мәдениет төңкерісінің» дүмпуімен бірге Шихудан екі машинаның қорабы толы қарғадай қонақтап жыпырлаған хұң вэибиңдер Тарбағатай аймағының аудандарына, қадамдары жеткен жеріне дейін шашыраған. Солар жергілікті есер жастардың қолтығына су бүркіп өздерінің соңдарына топтап алған. Солардың ең шеткі аудан Толыда қалғандары коммуна – гүңшелерге тіміскілеп тараған.

2

«Дұң фың» гүңше деп аталатын осы коммунадағы Толының ежелгі тұрғыны, бай баласы жалпақ бет, семіз сары Ғазезді бір топ қызыл жасақшы хұң вэй биндер үйінен сүйреп алып шығып, есік алдында шылбыр тәріздес бір ала жіппен мойнынан байлап, көшеге жетелеп алып бара жатты. Жазығы бай баласы болғандығымен қоса, оның Боқан, Қазы деген екі інісімен Нұрлан деген



баласы Қазақстанға, Семейдің Ақсуатына өтіп кеткен болатын. Сол үшін «қос жүрек» деген ең жаман айып тағылған. Жалақшылар үйге кірген бойда қолдарындағы сойылдарымен «Совет өкіметінің бұйымы» ретінде ішіндегі қайнап тұрған суы ішіліп болмаған самауырынды соққылап, шүмегін, құлақтарын сындырып, дастарқан үстіндегі отбасының үрейлерін ұшырып жіберген. Буы бұрқыраған

ыстық су шүмектің орнынан дастарқанға қарай ағып жатты. Үй ішіндегілер өре түрегелген кезде құтырынған топ Ғазезді бас салған. Ең алдымен ұзын бойлы кәрі шешесі бейбақ жазықсыз перзенті үшін жаны отқа өртеніп, баласын сүйрелеп, қорлап әкеткен бұзақылардың соңынан жүгірген еді. Әжесінің артынан Ғазездің бойжеткен қызы Сапура және әйелі Бишен де қоса



ұмтылған. Тағы басқа жастау бала-шағалары да, үрейленіп, ілесе шыққан. Ішінде бір-екі қытай баласы бар қазақ жастарына жалынған кемпір:

– Әй, әй қарақтарым, бас жоқ, көз жоқ, бұларың не? Айналайындар, аппақ шашыммен батамды берейін, – деп, жауыз топтың ортасындағы баласына таман кимелей берген еді. Бірінің болмаса, бірінің мейірім, ықыласы түсер деп әрқайсысына бір жалтақтап:

– Не алсаңдар да алыңдар, қарақтарым, баламды босатындаршы! – дегенде, түр-түсі сұмырайдай жұтқан жапсар көз бір қазақ бала жуан таяқ ұшымен кеудесінен түйіп қалды. Өзін жазықсыз сезінген және сол қалпында жәбірленген кемпір асқазанының басын екі қолымен бірдей басып, еңкейіп қалып:

– Ой, көргенсіз, хайуан неме! Мендей анаң жоқ па еді? – дей берді. Оларға бүйтіп ешкім тіл тигізбейтін. Анау өшеге түсіп:

– Ұрыңдар, қақпасты. Мына халық жауын тапқан осыны... – деп аяқ жағын айтпай, ең алдымен жауырынынан қиғаштата салып-салып қалды. Құтырық топтың басшысы осы сұмпайы болса керек, бұйрық берді. Сол-ақ екен, қолдарында сайлап алған сойылдары бар әумесерлер өзі әлсіз кейуананы барлық отбасы мүшелерінің көз алдында бастан, жауырын-арқадан, жан-жақтан жабыла төпелеп кетті. Мойнынан байланған баласы Ғазез де жалтақ-жалтақ қарап, көріп бара жатты. Онымен де қоймай, жығылып жатқан кемпірді аяусыз соққының астына алып, қол-аяқтарын сындырған. Соны көзі көргенде, әкесі тәріздес толық сарықызылдау Сапура (осы сөйлемдердің авторының сыныптасы еді) әжесін «апа» дейтін әдетімен жан дауысы шыға:

– Апа, апатай-ай, не болдың! – деп, бар дауысымен бақыра келіп, кемпірдің жансыз денесін бас салып құшақтай кетіп, одан әкесіне жабылып жүргендерге ұмтыла жармасып:

– ... Адам емес, иттер, сендерге кісі өлтір деп кім айтты! – дей бергені сол еді, оны да басы-көзі демей, он шақты неме сойылдың астына алып жіберді. Ер-жүрек туған қыз екендігі оның осы жанпида әрекетінен



көрінген. Жауыздар бұны да дем арада есінен тандырып, құлатып түсірді. Үсті-үстіне тиген ауыр соққыдан бас-сүйегі ойылып сынып кеткен еді. Тіл тартпай, ол да жан тапсырды. (Бәлкім, бұл өзінің осы құрбандық өлімімен «шаһид-шейіт» шығар). Тек Ғазездің әйелі Бишен сорлы ғана жау тобыр күйеуін сүйреп, соққының астына алып, ұзаққырап бара жатқанда:

– Қайттім-ау! Қайттім-ау! – деп безек қағып, бар үнімен боздап тұрып, сылқ етіп талып бара жатты. Қасында үрейлері ұша жылап тұрған жалғыз кенже ұлы Серік пен кіші қызы Раушан жерде жатқан шешелерін құшақтап, сол ессіз қалпында ауладан кіргізіп бара жатты. Замана әлегінен бір отбасындағы алты адамнан үшеуі ғана тірі қалған-ды. Соңынан көршілері жабылып, кемпір мен Сапураның өлі денелерін де аулаға енгізді.

Мұндай жағдай әр жерден естіліп тұрды. Хұңвэй-биңдердің аяғы ең шеткі ауыл Бөрікталға дейін жеткен. Бөріктал коммунасындағы Есентемірді Қазез зәңгінің досы болған деп өлтірмек екен. Калпе әйел Жазғанқұл екеуін шұғыл тауып алып, «сендер, қашсаңдаршы!» дей салған. Қайталап сұраса, ешнәрсе айтпайтын әдеті бар. Ұмытып қалады. Калпенің көрегендігін ежелден білетін Есентемір ол жерден үшті-күйлі тез көзін жоғалтқанымен, Жазғанқұл байғұс: «Дайын тамақтан қашып, қайда барам. Басқа жақтың тізімінде жоқпын, аштан өлем ғой» деп үйінен қозғалмаған. Оның жазығы – Уәйіс зәңгінің тізе жазбас атқосшысы болған, сондықтан, партияның «норма» саясатына қарсы деп, Көпжасар деген қансыз неме коммунадағы жұрттың көзінше және әйелі, қызы, ұлының көз алдында мойнынан кендір арқанмен байлап, шетке алып шығады. Соны көрген сақау Гүлгүлхан: «Мұндай жалмауызды аямау кейек. Тамақ десе ішкен асын жейге қояды. Елдің алдына ошиетсіз тұйып алады да қатың, бала-шағасының тамағын салғызып болғанша бәйіміз тосып тұямыз. Өлтиіңдей тажалды», – деп безек қаққан. «Бөріктал» демекші кішкене өзеннің жағасында жіңішке бүрлі бұтақтары жерге салбырап, сырттан қарағанда бөрік тәрізденіп, дөңгелене доғаланалып тұратын сәмбі талдар бар.

Итше құтырынған жасақшылар өзі жүдеп-жадап, уайым басып жүрген Жазғанқұлды сол талдардың ең биік біріне басын төмен салбырата, екі аяғынан тағылған арқанды бұтаққа көтере байлап, қызық, ермек үшін сабап өлтіргені естілген. Басы салақтаған сүйегі ауыр адам мойнының күретамырлары адырайып, өті аузына құйылғандай болған бір кезде зар қағып:

– Ағатайлар-ай, ағатайлар-ай!... Бір шыбын жанымды қалдырсаңдаршы, құлдықтарың болайын! – дегеніне ешкім қарамаған. Коммунаның өзінен емес, сырттан пайда болған, өрекіген топ, бір малғұн, жабылған үйірлі жыртқыштар тәрізді еді. Әйелі, ұлы, қызы бас иелерінің жаңағы зарлағанын естігенде, қарап тұра алмады. Бүкіл беті бартиып ісіп, қып-қызыл бола, көздері көрінбей домбығып кеткен. Соңғы рет үні қырылдап:

– Бала-шағам, аман болыңдар, балаңның баласына айтып кетіңдер, – деуге ғана шамасы келген. Тамаққа жарымай, өмірге өгей болып жүрген пақырдың отбасы ұлардай шулап қала берген.

Осы коммунадағы өтірікші Сақан байқұс та босқа күйген. Бұрыңғы жылдары ақбоз атын бір түп тобылғыға арқандаған. Тобылғы түбінде жыланның жұмыртқалаған ұясы бар екен. Ондайда ініне жақындаған нәрсеге жылан ысылдап айбат шегіп, шаққысы келеді. Басын қақшита көтеріп, ұмтылған жыланды ат тұяғымен тарпи бастайды. Алыстан жер тарпылап, ыршып тұрған атының сол қимылын байқаған Сақан жүгіріп жетсе, аты жыланды бастан тарпып үлгеріпті. Соны мақтаныш етіп елге жайған жігіт, «менің атым жылан көрсе, қуалап жүріп тарпып өлтіреді» деп соғады емес пе. Сол сөз енді басына бәле болып тиіп, шағым түсірушілер: «мұның жылан деп отырғаны қытай ұлты... соны меңзеп отыр» деп күреске тартып қана қоймай, ұрып-соғатыны естілген. Сақан өтірікті айтайын деп айтпайтын. «Мақтаншақ бар беделін мақтанға тауысады» дегендей, суайттығы содан басталатын байғұс еді.

* * *

1965 жылдан басталған «Мәдениет төңкерісі» науқанының «хұңвэйбиндер» деп аталатын қызыл жасақшылар қырғыны бүкіл Қытай мемлекетіне төрт жыл бойы адам айтқысыз ойран, лаң салған.

3

Жаратушы Раббың көз жасыңды көрейін десе, қиын емес, осыдан бір жыл өтіп, 1968 жылдың күзінде Аймақтық Уәли мекемесінен үш адамдық комиссия



құрамы келіп қалды. Олар партия тапсырмасымен ел ішіндегі орнын таппай, көтерілмей жүрген кісілерді іріктеп, қабілетіне қарай жұмыс беру, сол арқылы қоғам жағдайын жақсарту жолында емтихан алу үшін құралған сарапшылар еді. Басшысы Шияу Ли деген қытай адамы екен... Сүлеймен аудармашы соны біліп келіп, Зекейге айтып, осыған Шәрипаны қатыстыру керектігі жөнінде кеңес берген. Бұны Зекей де жөн көрген-ді. Өйткені, екеуі де Шәрипаның әр жақтылы сұңғылалығын

біледі. Мұндай кезде Шәрипа бойжеткен қыздай жасанып шыға келеді. Мұнтаздай боп жарасып, шырт киініп алады. Барған жерде көз жанарының өзі-ақ бір қараған кісіні екі қаратып, жайнап тұрады. Көрген адам



өзі бір тіл қатып сөйлескісі келгендей, тартымы, оты бар. Баласын Сүлейменнің келіншегіне қалдырған Шәрипаны қасына алған Зекей мен көрші жолдасы Қарағайбастаудың жанындағы үйлерінен шығып, Толының жалғыз ұзын көшесін бойлап, солтүстік шетке барғанда, сол қол жақта тұратын бір қабатты «Халық үкіметі» деген үйге бұрылды. Шәрипа жақындаған сайын жүрегі лүпілдеп, жасқаншақтап, қобалжуда болатын. Адамдардан көңілі қала-қала, жасып қалғандығы бар. Кіре-беріс бөлмеден соңғы ішкі есікті ашқанда, қарсы төрде қытай басшы көрінді. Қайратты қара шашы тікірейген жап-жас біреу екен. Бергі жағында екі қазақ. Сүлеймен тік тұрған бойы өздерінің келген жағдайларын қысқаша білдіріп:

– Мына кісі, – деп, түрегеп состиып тұрған Шәрипаны нұсқап: – Сізге емтихан тапсырам дейді, – дегенде, Шияу Ли басшы:

– Бұ кісі қанша сынып бітірген? – деп сұрады.

– Жетінші сыныпты озат аяқтаған.

– Қазіргі жұмысы қайда?

– Кәмунада, қара жұмыста.

– Неге өзінің бітірген оқуына қарай қызметке тұрмаған?

– Сыртта, Өшеті деген ауылда оқып, сол жақтан көшіп келген еді. Бірден қызмет болмаған соң, кәмунаға кірген.

Қытай басшы Шәрипаның келбетіне байыптап қарап алды.

– Қазір Шыңжаң жағдайында бұл кісі сияқты орталау мектепті тәмамдаған адамдар қоғамда қызмет атқаратын кезеңдеміз. Кәмунада жүру өте қиын ғой. Сынақ тапсырсын, біздікі сабақтан алатын емтихан сияқты емес, кездесу, сұхбат өткізу, қабілетіне қарау, – дей келіп тоқтады. Қара торы өңінде, түр-түсінде адамға үйірсек бір жылылық байқалады. Зекей де, Сүлеймен де бөлмеде орындық болмаған соң, Шәрипа үшеуі тік тұрған қалыптарында еді. Шияу басшы:

– Бұл жерде ешқандай жасырын құпия нәрсе жоқ. Бәріңіз осында отыра беріңіздер. Адам адамға сөй-



лескен соң белгілі ғой. Ана қыз мына кісілердің бірінің орнына жайғассың, – деп өзінің қасындағы екі жолдасының бірін тұрғызды да, жұртты кенет таңырқатып, Шәрипаға қазақша:

– Келіңіз, отырыңыз, – деді. Тілі мүдірмейді. Соған қарап жұрт Шияу басшыны дүнген адамы ма деп қалды. Шәуешектен бірге келген сапарластары да, бұның бұрын қазақша сөйлегенін көрген де, елден естіген де емес. Бөлмедегінің бәрі таңырқап, бір-біріне қарасқан. Бұлар кеше келгелі бері осындағы қонақ үйге жайғастырған Сүлейменге қазірге дейін қытай тілімен сөйлескен.

Шәрипаға қойған сауалдары қазір Жүңгө – Қытай елінің жүргізіп жатқан ұлы саясаты, Гоминдаң үкіметін аударып, компартияға басшылық етіп отырған кемеңгер көсем Мау зе дұңның теңдессіз көрегендігі жөнінде еді. Мұндай жадағай, жалпылама саясатқа келгенде, Шәрипа Шияудың өзін оқытады. Басшының қойған бір сауалы:

– Қазір халық тұрмысында қиыншылық, таршылық бар. Кәмунада өзіңіз де көріп жүрсіз, бұған қалай қарайсыз?

– Мен өз анамнан естіген бір сөзім бар. Біздің қазақта «тардан кеңіген озады, кеңнен тарылған тозады» дейтін мысал бар екен. Қазір мемлекетіміздің құрылғанына небары он тоғыз ғана жыл болды. Өзіңіз де білесіз, кейбір байыған капиталистік елдер, айталық Германия өзінің соғыс құмарлығымен ақыр аяғында өздері екіге бөлініп қалды. Біздің ел мызғымас берік тәртіп саясаты арқасында тардан кеңуге бет алады, мықты тәртіп бар жерде жеңіс бар, – деп келе жатыр еді, Шәрипаның қалған сөзін айтқызбай:

– Дүй! Дүй! – деп көңілдене қостап жіберді басшы. Қарапайым ауыл әйелінің сана-сезімі дәл осылай болар деп ойламағандай. Қиындықтан көз ашпай келе жатқан Шәрипаның да көңілі аздап орнына түсейін деген. Шияу басшының көзқарасы жаман емес. Мұнан былайғы сауал-жауапта бір жағы өзі жетелеп, Шәрипаны қостай түсіп отыр. Зекей мен Сүлейменнің қабағында үміт




нышандары байқалғандай. Шәрипа ішінен «ә, құдайлап» тұр. Бір жарылқаушы жеткен сияқты ма.

Әңгімені аяқтай келгенде, Шәрипаның орталау мектепті бітірген куәлігін қолына алды. Сабағының бәрі «5». Араб әрпінде жазылған атын сұрап, «Шәрипа» дегенді естіп білгенде, Шияу басшы көзі бағжиып, келіншектің бетіне жалт қарады. Түр-түсінде кенеттен туған таңырқау бар... Өзі абыржып қалған сияқты. Сөйте бере: – Сіздің әкеңіздің аты Қазез бе?! – деп қалды. Шәрипа таңдана:

– Иә, – деп болғанша, Шияу отырған орнынан ұшып түрегеп:

– Сіз «Ақжолтай» деген атты есіңізге түсіре аласыз ба? Ол кезде сіз бес жаста едіңіз. Мен сол, сіздің Ақжолтай ағаңыз емеспін бе!... Бақатай апам, Қазез ағаларым қазір қайда? – дей бергені сол еді, Шәрипа да атып тұрып, Шияу басшыны құшақтап, еңіреп жіберді. Жұрт аң-таң. Тек Зекей ғана Бақатайдың тірі күнінде баяғылы бері естіген әңгімеден «Ақжолтай» туралы біліп жүрген. Шияумен бірге келген кәмиссия мүшелері де, Сүлеймен де, дәл бір түс көрген адамдар сияқтан-ды. Зекей ішінен: «а, бере гөр, Құдай» дегендей халде. Ал Шәрипа ше? Онда жан қалсын ба. Көптен бері көңілі бір ашылып көрмеген қайран жас, қашаннан бергі зары қозғалып, қатты егіліп кеткен. Ойда-түсте жоқ, кәмиссия басшысы, қытай адамы өліп қалған әкешесінің атын айтып, қайда екенін сұрап тұрғаны, жан-жүйесін босатып кетті. Зарығып еске алатын қайран ата-ана ғой. Шияу да көзі сәл дымқылдана, жапақтай түскен. Ол да өткен күнін кино лентасындай көз алдынан өткізген болар. Бір кездегі кішкене қарындасының ағыл-тегіл аққан көз жасын көріп, жүрегі сыздап, шарқ ұрды. Сол кездегі Шәрипаның бақытты балалық шағы да көз алдына қоса елестеген. Әсіресе, сол есіл ата-анасы бұның өзіне қандай қамқор еді. Соның бәрін тез ойлап өткенде, Шияу Лидің іш-өзегі езіліп-ақ кетті. Еңіреген Шәрипаны арқасынан қағып:

– Қарындасым, болды, болды. Менің де көңілімді босатып тұрсың. Мен Шияу Лимін ғой, өзіңнің Ақжолтай



ағаңмын ғой. Міне, табылып тұрмың, –дей берді сасқақтап. Арқасынан сипап, құшақтап, қысып жұбатуда. Соңынан білінгені Шияу Ли Үрімжіде жоғары партия курсында оқып, Тарбағатай аймағына компартия уәкілі болып келгеніне жарты жылға тақапты. Қазір ол алдымен Шәрипаны орындығына жайлап отырғызып, екі жолдасына енді бүгін ғана қазақша сөйлеп:

– Бұл – ұзақ әңгіме. Барлығыңыз жүріңіздер, мен жатқан бөлмеге барайық...

Мені өлтірмей, өмірге алып қалған осы кісілер. Өлген еке-шешем иесіз, көмусіз қалғанда, бетін жасырған да, осы Шәрипаның ата-анасы. Шәрипа, сен ол кісілер туралы айтпадың ғой, – деген. Бірақ Шәрипаның аузы сөзге келер емес, әлі шерлене солқылдап, егіліп отырған. Әдемі жас келіншектің мөлтілдеген көз жасы алты тарам болып, иелік бермей, бұршақтап кетіпті.

Бөлмеге келгенде Шияу Ли Шәрипаны беті-қолын жудырып, өзінің аппақ төсегіне отырғызды. Көзі қызарып, домбығып қалыпты. Әңгімені енді алдымен Зекей бастап, Шияу Ли туралы естіп-білгенінің бәрін айтып, Шәрипаның ата-анасының қайтыс болғанын білдіріп еді. Осы тұста Шияу Ли басшы әлгіндегідей тағы да орнынан атып тұрып:

– А, солай ма! Ол кісілер жоқ па?! – дей беріп, қолдарын Шәрипаның иығына қойып:

– Мен өте қайғырамын, өте қайғырамын. Сол кісілерді көріп, бір жақсылық жасай алмағаным өте армандамын. Сіздердің аймаққа келгеннен бері кімнен, не деп сұрадымды білмей жүрдім. Ол, ұмытпасам, Қазез ағам тауешкі атып әкелетін, «Қату тауы» деген жер болатын.

Қазір оның қай жақта екенін, қайда қалғанын білмеймін. Бұл кісілер мені есімді анық тоқтатпаған кезімде алғандықтан, қазақ болып кеткен едім, өзімнің қытай ұлтынан екенімді білмейтінмін, ұмытқанмын, – деп жасаурап дымқыл-



данған көзін қалтасынан орамалын алып сүртті. Соны көріп, тағы «сыңқ» ете түскен Шәрипа:

– Аға, отырыңыз, аға отырыңыз. Мен сөйлеуге аузым келетін емес, әңгімені асықпай айтайық, – деп жатқанда, Шияу Ли басшының жаңа ана кабинеттен шықпай тұрып, күтушіге тапсырған шай да алдыға келіп қалған. Ортадағы үстелге нан, қант қойылды. Шәрипа алғашқы шыныдағы шайын ішіп болған соң ғана өзіне көз салып отырған жігіттерге:

– Ағайлар, кешіріңіздер. Бұл – таусылмайтын әңгіме. Сөзді неден бастарымды білмей отырмын. Мына кісіні көргеніме өлген әке-шешем тіріліп, жетіп келгендей болдым. Қазірге дейін не болғанымды да білмей отырмын. Бұ кісі мен үшін солардың тірі көзі сияқтанып отыр. Әсіресе, өзім өте бір қиыншылық көріп жүрген кезімде, осылай кездескеніне түс көргендей боп, өзімді ұстап тұра алмай қалдым. Тыңдаңыздаршы, менің әке-шешем үйленгендеріне көп жыл өткенше балалары болмай, бір перзентке зар болып жүрген кісілер екен. Осы Ақжолтай ағаны тауып әкелгеннен кейін мен туыппын, – деп үніне діріл араласа келіп. – Ата-анам айналайындар, соны айтып, ауыздарынан тастамаушы еді, – дей берді де, өзін тағы ұстай алмай қалды. Бұл кезде Шәуешектен, Аймақтық Уәли мекемесінен келген кісілер де, еріксіз сөзге араласты. Бетінде шешектен қалған шұқанақ шұбар іздері бар қызметкер:

– Ой, Шәрипа қарындас, осындай ағасы бар, оны тауып тұрған кісі қуанбай ма екен. Жылай бергені несі, – дегенде, қасындағы көкшіл көз сары да:

– Иә, қарындас, енді бар қиыншылықтан құтыласыз. Ауданға ғана емес, бүкіл аймаққа абыройлы кісі боласыз, – деп жатты.

– Жоқ, ағайлар, олай деменіздер. Өзгенің беделін малдану – пасықтыққа жатады. Тек өзімнің еңбегім, өзім тапсырған емтиханым арқылы соған лайықты бағалансам болғаны.

– Оның рас, Шәрипа, – деді Шияу Ли басшы. – Бағана мен сенің Шәрипа екеніңді білмей тұрғаныңда, сынақтан өтіп болғансың, – деп жан-жағындағыларға көз тастап:

– Осы отырған көпшілік, сіздерге шынымды айтайың, Шәрипаның ата-анасының соншалық биік адамгершіліктеріне қарап-ақ, мен бүкіл қазақ баласын көрсем, жақсылық жасағым келіп тұратыны рас. Бағана мына қыз менің алдыма жасқаншақтап келіп, батып сөйлей алмай тұрғанда, жаным ашып кетті. Құдай бірдеңе білдірейін деген екен. Менімен бірге келген мына кісілер байқаған шығар, жарты жылдан бері Шәуешекте де өстіп жүрем. Қазақтың кішкене баласын көрсем, басынан сипағым келіп тұрады. Сөйтемін де, – дегенде, бетінің қорасан дағы бар әлгі шұбар уәкіл Шияу Ли басшысының айтқанын қостай кетті:

– Рас, қасымдағы мына куәм тұр ғой. Бұл екеуіміз ғана емес, барлық қазақ қызметкерлер Шияу Ли басшының сыртынан «бұл не деген жақсы адам, қазақты неге сонша жақсы көреді» дегенімізде, ішіміздегі кейбіреулер: «Иә, саған бүйрегі бұрып тұрған шығар... Бұл өте саясаткер адам болу керек» деп талқы жүргізетінбіз. Сөйтсем, мәселенің түбірі мына жағында екен ғой. Адамның адамға жасаған қайырымы деген – не деген жақсы десеңші. Тегінде жақсылықты алтын-күміс алып берумен өлшеуге болмайды ғой, – деп ой айтты. Шияу Ли басшыға бұрын онша бата алмай жүретін көккөз сары да тез икемделіп:

– Ақжолтай бауырым, біз – осы отырған бәріміз, сізге қазақ халқы атынан рахмет арнаймыз, – деп орынды уәж білдірді. Шияу Ли ыстық шай ұрттай отырып Зекейге бұрылып:

– Сіз, маған күйеу бала болдыңыз, дұрыс па. Енді ешқандай тартынбаңыз.

Мына Сүлеймен аудармашы екеуіңіз шай ішпей отырсыздар, алыңыздар, кең отырып әңгімелесейік. Мен Қазез ағам мен Бақатай апамнан үйренген «Бісмилләмды» талайға дейін қоя алмай жүрдім. Әбден әдет боп кеткен «Аллаһуакбарымды» да, дастарқан жиылғанда, қол жайып айтып қалсам, кіші әке-шешелерім күліп: «ол не?» деп сұрайтын. Сонда мен қолымды аспанға қарап шошайтатынмын. Сол ата-анамның құрметі үшін мұсылман дінін тастағым келмеуші еді.

Олар мен қазақша сөйлей алатын болған кезде, «Лә-илләһа-илалла, Мұхаммад расул Алла» дегізіп, сүндетке отырғызып, ислам дініне кіргізіп алған еді. Бірақ кейін қалдырып қойдым, жалғыз өзің қашанға дейін әдет етесің. Үрімжіде қазақ-ұйғырларды көрсем, ұмытып қалмайын деп, қазақша сөйлеп жүретінім бар. Осы тілді мен жаныма етене жақын сезінемін. Өйткені сол тілді кішкентайымнан бойыма бар мейірімдерімен сіңірген ата-анамды қалай ұмытайын. Менің қандай да бір жақсы қасиетім болса, сол кісілердің тәрбиесінің үлесі бар деп ойлаймын. Ал қызмет жағдайы болса оны көтермейтіндіктен, мына кісілердің барлығымен ханзуша тілдесемін. Он жасқа келгенше таза қазақша сөйлеген маған алғашында өз тілімді үйрену қиынға түскен. Бірақ күндіз-түні сол тілдің ортасында болған соң, оны да ұғып кетеді екенсің. Кіші әке-шешем алғаш тауып алып барғанда: «Үйге кетем, қашан апарасыңдар?» – деп жылап жүрдім. Ондайда олар ренжімей күліп жұбататын, әйелі де оқымысты, үлкен инженер кісі еді, маған биік тұрғыдан қарайтын, ақыры көнбей қайда барасың, мені тәрбиелеп оқытқан, жеткізген солар болды. Ол елу үшінші жыл еді, содан бері міне он бес жыл өтіпті. Шәрипа қарындасыммен осынша уақытта кездесіп отырмын, – деп ашылып, көсіліп әңгімелеп кетті. Онан соң әкесінің інісі әйелімен бірге бұны қалай іздеп келіп, қандай жағдайда әкеткеніне дейін майын тамыза, дәл бүгінгідей ғып, бүге-шігесіне дейін баяндап шықты. Жұрт Шияу Лиді ауыздары ашыла тыңдаған. Шәрипаның босаған шынысын өзгеге алдырмай, өзі әперіп, оның қымсынғанына қарамай, екі талдан шақпақ қант салып қояды. Бар кезінде қадірі болмағанмен, қантты ұзақ жыл көрмей, талай жылдар бойы жемей жүрген адам үшін оның орны қандай екенін дәл қазіргі Шәрипадан артық ешкім білмес те, бағаламас та еді. Міне, осындай отырыстың соңында Шияу Ли басшы кеше бұларды аймақтық парткомның хабарлауымен алдынан шығып күтіп алып, қонақ үйге жайғастырып қайтқан аудандық партия комитетінің басшысын телефон шалып, осында шақырып алды. Ол – Жаң бу деген қытай азаматы. Сол

серейген, жіңішке ұзын хатшыдан ауданда қандай бос орын барын сұрағанда, ол осы қонақ үйдің азық-түлік қожалық жағын басқаратын қызметкер керек екенін айтты. Шияу Ли басшы Жаң будың өзіне табыстап, қонақ үйдің бастығын дереу шақырып алды. Бір пәле боп қалды ма деп көзі бақырайып үрейленіп келген, осындағы жерлік қазақ адамы еді. Сол екеуіне Шияу Ли Шәрипаны көзбе-көз көрсетіп отырып:

– Осы кісіні сол орынға қойып, толық үйреніп алғанша өздеріңіз көмектесіп тұрыңыздар. Мен бұл жұмысты сіздерге өлкеден жіберілген бір аймақтың жауапты уәкілі ретінде тапсырам. Қоғам дами түсуі үшін тамшыдай болса да үлес қосатын қабілетті адамдарды іріктеу жолында партиямыз тапсырған сынақтан жақсы өтті, – дей отырып, бұған бар ынтасымен құлақ қойып, әр айтқанын мән бере тыңдаған Жаң Буға:

– Гүңшенің бастығына сіз өзіңіз айтып, бүгіннен бастап шығартып алыңыз. Және істеген еңбегіне сай ақысы болса, алып беріңіз, – дегенде, аудан партком хатшысы көзәйнегінің үстінен ұғына қарап, бас шұлғи түсіп:

– Дүй! Дүй! Айтқаныңыз орындалады, – деді.

Осының аяғында Жаң бу Шияу Ли басшыны екі жолдасымен қонаққа шақырып әкетті. Аудан партком хатшысы енді Шәрипа туралы толық мағлұмат біледі деген сөз. Зекейлер қайтып келген соң, Шәрипа үйге кіре салысымен аз ғана ұннан жеті шелпек пісіріп, аруақтарға құран оқытпақ болды. Өзінің ата-анасына, Зекейдің әке-шешесіне арнаған шүкіршілік құраны болмақ. Осыны ойлай келе, Зекей әкесінің көзіндей ағаш қобдишаның түбінен таза ақ шүберекке ораулы бір сарғайған ескі дәптер шығарды. Бұл Зекейдің әкесінің әкесі Алтай атасынан қалған «төберік» көз орнындағы қастерленетін жазба еді. Бұнда алты арыс орта жүз ішіндегі Уақ ұлысында өткен әйгілі батыр, би-шешендердің аты-жөндері бар-тұғын. Сонау Абылай хан, Қабанбай заманындағы Баян батырдан бастап Еркөкше, Ерқосай, Жаубасар, Қамбар, әрі батыр, әрі шешен Тоқтық би, Мырти батыр, Бәзғалам күйші, Ботақан би,

Мауқара шешен, Әсет Найманбайұлымен достасқан Мүштари палуан, Кездікбай зәңгі, Бесоба, Бармақ, Өтеген, Ақ балуан, Шуақ, Абдолла хажы, Манат, Нұрпай батыр, Әйембет, Әкежан батыр, Дулат, Аққасқа батырлармен қоса, ең бергі жағы ақсүйек бай Мәсели, тіпті өзінен де жасы кіші Уәйіс зәңгі және Іле – Қорғаста өткен халықшыл бай Сақанажыға (хажы) дейін жазылып қалған. Және «Уақ Ақшора би Абылай ханды Халден Цереннің тұтқынынан босатушының бірі әрі Абылайдың елшілерімен бірге 1758 жылдары Шиян Лұң патшаға барған» деп жазылған. Сүлеймен оқитын құранды осылардың барлығының аттарын атай отырып, бағыштамақ. Зекей мен Сүлеймен бұрынғы кісілердің шежірешілдігіне, ата-бабаға деген опалылық, қимастықтарына таңырқап, әңгімелесіп еді. Кішкентай Жасанға Сүлейменнің келіншегі Бибіш қарады да, Шәрипа бетіжүзі әрлене, үлкен көзі бал-бұл жана күлімдей, тез қозғала жүріп, шелпек пен шайды дайындаған. Арасында ақсұр өңді, әдемі Бибіш шырайы алаулаған Шәрипаға таңырқай қарап:

– Бүгін өзің бір басқасың ғой-ей, келіншек. Көзіме сондай құлпырып, әсем көрінесің, бір жақсылық бар-ау деймін, – деп еді, Сүлеймен әзілге айналдырып:

– Бұ кісі осыдан бір-екі сағат бұрын тозақтан пейішке бір-ақ аттады. Не болғанын сен сұрама, біз айтпайық, – деп жұмбақтады да: – Сүйіншің болса ғана айтылатын әңгіме. Жүрдім-бардым айта салуға келмейтін керемет табысымыз бар, – деген-ді. Зекей қуанышын жасырмай: – «Әділет жеткенше жала жайлап болады» деген рас. Бұл құрбыңның көрмегені қалмай, жылап жүргенін өзің де білетінсің. Алланың адамға деген әділет сағаты да соғады екен. Әңгіме төркінін қазір асықпай білесің, – деді.

* * *

Өстіп отырғанда сыртқы есік сықырлап ашылды. Үйдегілер елең ете қалған. Коммуна бастығының шабарманы сияқтанып жүретін Пиязбек кіріп келді. Талай жылдан бері өз аты аталмай, «әкетіп» атанып кеткен ежірек көз, пәлеқордың өзі болатын. Аман-сәлем жоқ:



– Е, отырыстарың жайлы ғой, жұмыс қайда-ей, зәңгінің қызы!? – деп Шәрипаға шаптыға кетті. Бұдан әбден зәресі ұшып қалған келіншек епсізденіп:

– Бағана бастықтан бір-екі сағатқа сұранған болатынмын... өзім де енді хабарласам ба деп отырған едім, – деп сасқалақтады. Анау жыландай қадалып, бар болмысынан зәрін шашып:

– Иә, екі сағат!... осымен тұтас бір күн өтпеді ме! Көресінді көресің, да дүй жаңның (коммунадағы бірнеше бөлек өтіреттердің үстінен қарайтын басшыны айтқаны) өзі де келе жатыр, – дей бергенде, атаған адамы да есіктен кірді. Шәрипаға осының өзі бастап жан таптырмай күреске тартатын «компартияның адал ұлы» еді. Үйдегілер мыналардың ентелеген сұрқына қарап, «бір пәле болып қалды ма, бағанағы әңгімеден әлде бір шикілік шықты ма» дегендей болып үдірейісіп еді, бір ғажабы, да дүй жаң өзі әлі сөйлеп те үлгермей, мұндағы әркімге оқты көзімен атып қараған кезде сыртқы есік тағы ашылып, екі сақшы кіріп келді. Зекейлер енді тіпті үрейленді, «бұл не» дегендей. Ерлі-зайыптылар ғана емес, Сүлеймен де абыржып қалған. Бірақ сақшылардың келуіне бұл үйдегілер ғана емес, да дүй жаңның өзі де оқыс таңырқаған. Сақшының иығында жұлдыздары бар үлкені да дүй жаңға:

– Біз сізді іздеп таппай жүрміз. Сіз осы қазір бізбен бірге жүресіз... және осы сағаттан бастап, Шәрипа Тұрсынбекқызына келуші болмаңыздар. Бұл кісі аудан парткомының қаулысымен толық ақталды. Және адал адамды жазықсыз қудалағандарыңыз үшін мына көмекшіңіз екеуіңіз заң алдында жауап бересіздер. Парткомның бұйрығы осылай, дереу жүріңіздер! – деді. Жайшылықта мығым неме да дүй жаң өзінің ізіне түсіп екі сақшының бірдей келгеніне, әсіресе, өзіне партия атынан аяусыз қадалып тұрғанынан шошып боп-боз болып кеткен. «Тұтқындайтын шығар» дегенді ойлағанда өң-түсі қашып, бір бозарып, бір қуарып еді. Жандайшап, «әктіп» бізге де бір тықыр таянған екен деп, сақшылардың алдына түскен, да дүй жаңмен бірге сұңқиып шыға жөнелді. Қалғандар енді ғана ес жиғандай еді. Шәрипа жүрек тұсын қолымен басып, «тағы не боп қалды» деп қорқып кеткенімші! – деді көзіне бір тамшы жас үйіріліп. Сонысына өзі ыңғайсызданғандай, күле түсті. Зекей мен Сүлеймен қатарынан:

– Әбден зәрезел боп қалғандікі ғой. Шынымды айтсам, сен тұрмақ, мен өзім корқа бастадым.

– Иә, мына заманыңа не деп болады. Үлкендер «сағымдай құбылып, сабындай бұзылып» деп жатушы еді, біздің елдегі аспан асты соның өзі болып тұрған жоқ па, – десті.

– Құдай маған қандай жақсы ене берген, – деп Зекей екпіндей сөйледі. Осының барлығы Бақатай апамның қасиеті ғой... Шияу Лиді әлпештеп бақпаса, мына Шәрипаны маған бермесе... – деп келіншегінің арқасынан қағып, еркелетті. Оның жаңағы қорыққанына жаны ашығаны болатын. Сөз аяғын жалғай түсіп:

– Құдай тілеуін бергір, Ақжолтайым кіріскен екен ғой, – деген. Енді ғана бәрі қосылып күле бастады. Бұл үркініш пен қуаныш арасындағы бейғайып күлкі болатын.

* * *

Шәрипа қызметке орналаса салысымен-ақ, ешкімге ауыртпалық түсірмей, өз міндетін деңгелек айналдырып әкеткен. Қазақта “Тозақты көрмеген жұмаққа мұрнын шүйіреді» деген мәтел бар. Қиындық көрмеген адам бақытты бағаламайды дегені. Жас кезінен-ақ өмірдің сынағынан бір кісідей өткен Шәрипа өзінің үйірсек мінезімен қонақ үйдің байырғы қызметкерлеріндей сіңісіп кеткен.

Бөрікталдан зым-зия жоғалған Есентемірді коммуна басшысы ауданға мәлімдеп, оған сол бүкіл Толы аудандық сақшылары іздеу салып жатқаны естілген. Түннің қай мезгілі екені белгісіз, Зекейдің үйінің есігі қағылды. Балаларды оятып алмайық деп, ерлі-зайыпты екеуі орнынан ептеп дыбыссыз түрегелген. Кішкентай Жасанның арқасы бар. Мезгілсіз оятқанды жақтырмай, қиғылық салады. Асау мінезі байқалатын. Шәрипа күйеуімен ілесе жүгіріп, екеуі есікке келген соң, Зекей:

– Ай, бұл кім? – деп еді. Арғы жағынан ақырын ғана бұйығып шыққан дауыс:

– Зекей, мен, мен ғой, Есентемірмін. Үй иелері бір-біріне жалт қарасып, елең етісе қалды. Шәрипа Есентемірдің атын ести сала:

– Ойбу, Құдай-ай... аға ғой. Аш, есікті аш. Бізді пана-лап жеткен ғой, – дей берді. Әкесі Қазездің досы ғой. Азып-тозып кіріп келген Есентемірді үй иелері зорға танығандай болды. Зекей екеуі қол алысып жатқанда оның жағдайын біліп тұрса да, Шәрипа сасқалақтап:

– Ойбой, аға, қайдан жүрсіз? Келіңіз, келіңіз, – деп құшақтай кетті.

– Сендер сұрамаңдар, мен айтпайын, осы... – деді де, қатар жатқан балалардың аяқ жағына «уһ!» деп жантая кетті. Сілесі қатып зорға жеткені білінді. Шәрипа тез қимылдап от жағып, шай қоя бастаған. Есентемір қанша қайсар болса да, өмірден жеңіле бастағаны білініп:



– Басыма күн туды ғой, жандарым. Артымда қалған бала-шағамның не болып жатқанын білмеймін, – деді де, содан ары қарай Бөрікталда болып жатқан жағдайларды асықпай қозғай келіп:

– Ешқандай жазығы жоқ, Жазғанқұл байғұсты мойнынан байлап, сүйрелеп әкеткенде, өзгелер соған айналды да, мен көзден таса болып жоғалдым. Жаяулап қашқаным бес күн болды, нәр татпай, күндіз бұғып, түнде қозғалып үлгергенім осы. Долатыға жеткенде жүрерлік дәрменім қалмай, бұлақтың суынан қанғанымша ішіп жантая қалсам, мызғып ұйықтап кеткен екем. Маңайым сыбдыр ете қалғанда көзімді ашып алсам, бір күзен маған қарай жақындап қалған екен. Ол ұйықтаған адамның не құлағын жұлып кетеді, не алқымына жабысып, әне-міне дегенше кеңірдегін қиып жібереді деп еститінмін. Маған оны жеткізіп тұрған Алла шығар. Таң қылаң бере бастапты. Көзге түссем құрығаным ғой. Содан ұшып отырып, осы үйге қалай жеткенімді де білмеймін, – деді. Зекей:

– Көзге түспей келгеніңіз өте жақсы болды, жақсы болды... Енді уайымдамай осы үйде демалыңыз. Шай ішіп, жатып ұйықтаңыз, аға, – деп көңілін аздап орнына түсіргендей болды.

Шәрипа таңертеңінде қонақ үйде жатқан Шияу Лиға жолығып, Бөріктал коммунасының мән-жайын қысқаша білдіріп өтіп:

– Баяғыда сіз мені ойнатып жүргеніңізде көрші үйде тұратын менің әкемнің досы Есентемір деген ағаны есіңізге түсіріңізші, – дей бергенде-ақ, Шияу Ли:

– Иә, иә... Қазез ағамен бірге тауешкі атып әкелетін, маған таутекенің үлкен оңқай сақасын берген. Балалармен асық ойнағанда сол сақаммен бәрін ұтатынмын, – деп күлді. – Мен сол кісіні көруім керек, қалайда жолығайын, – деді. Әңгіме беті түзелгені осы еді, Шәрипа түскі шайға қайтарда, достыққа опалы Шияу Ли онымен бірге ере келген. Бұған дейін Зекейден бар мән-жайды естіп білген Есентемір іштей, «ә, Құдайлап» отырған. Есіктен кірген Шияу Ли:

– О, Есентемір аға, бұл сіз бе? – дей келіп, оны



құшақтай амандасты. Асықпай отырып жай сұраса келгенде Шияу Ли:

– Аға қорықпаңыз, бәрі орнына келеді, – деді өзіне сенген түрмен. Есентемір Зекейдің Кейқуат досының да жағдайы мез емес екенін жеткізген. Осымен бірер күн ішінде-ақ, аудандық партком басшысы Жаң Бу Есентемірдің отбасымен қоса, Кейқуатты да балашағасымен Толыға көшіртіп әкеліп, осындағы «Дүңфың» гүңшесіне қабылдатып, содан былай олар жандары бойларына түсіп, алаңсыз өмір бастап кеткенді.

Ал Шәрипаның өзіне деген сынақ мерзімі үш жыл еді. Арада тағы екі жыл өткенде ол партия қатарына қабылданып, қонақ үйдегі қызметінен жоғарылап, аудандық партком бөлімшесіне ауылдық бастауыш партия ұйымының басшысы болып қабылданған. Қарауындағы жиырма-отыз адамның бәрімен тіл табысып қана қоймай, олардың да жұмысын алға жетелеп, аз жыл ішінде-ақ өкімет пен партияның көзіне түскен аудандағы абыройлы қызметкердің бірі болып шыға келген. Зекей болса, ол да Толы аудандық үкіметінде аудармашы және жауапты жұмыс, бөлім басшысы еді. Отбасылық өмірлері өз ырғағымен жылдан-жылға баяулап жылжып өтуде. Бастауышқа ілінген Сайрадан және Серіктен кейін солардың соңынан қалмай томпаңдаған Жасан да жыл өткен сайын арқалы, өткір мінезі білініп, отбасын өз айтқанына көндіріп, өсіп келе жатты.



Екинчи бөлім

Улыбыс алауы



Бірінші тарау

ТАҒҒЫ АРАЙ

1

Арада біраз жылдар өтті. Зекей бұрынғысы бойынша Толы аудандық үкіметінде аудармашы және бөлім басшысы жұмысын сексенінші жылға дейін атқарып келген. Тегінде Зекей жаралысынан көңілді, сері жігіт болатын. Сырлас жолдасы Сүлеймен аудармашы екеуі мандалинге қосыла ән салып, бас қосқан жерін думандатып жүретін. Мандол деген қазақтың төл шертпесі болмағанмен, сезіміңді шымырлатар құйқылжыған тәтті үні тыңдар құлақ болса, кім-кімге де әсем естілетін жағымды сазы бар аспап. Дос жігіттердің екеуі бірдей толық игерген нәзік сыңғыры өзегіңді өртердей, мандалин сазы бұларды топ басы ретінде танытып, жұрттың көңіліне көрік бергендей болатын.

Бір күні Зекейдің үйінде бас қосқан топтың ішінде Шәрипаның кіші әкесі Жөкеннен тартып, Зекейдің бала күнінен бірге өскен құрбы жолдасы Кейқуат және «Қос аңшы» атанып, Қату тауының қоңыр аңын қоймайтын Қазездің тізе жазбас досы Есентемір, Сүлеймен аудармашы, өтірікші Сақандар бар болатын. Бұлардың арасында өзі әйгілі күйші, өзі әнші әрі қалаулы жақсы әндер шығарған Ғизат Сейтқазиндай өнер майталманының орны ерекше еді.

Бұл Қытай үкіметінің басына Дың Шияупиң келіп, елді алапестей бүлдірген «тап жауы» саясатын елден

мүлде алып тастап, ұлттық мәдениетке зор мағына беріп, жылдар бойы қираған салт-дәстүр атаулыны қайта қалпына келтіру кезеңі болатын. Әсіресе, қоғамды экономикалық жағынан дамыту жолында сыртқы мемлекеттерге есікті кең ашу; тұғыры социализм, мазмұны капиталға жол салу көрегендігін орнатқан. Мәдениет төңкерісі кезінде көп қиындық көрген мына топ ортасындағы әңгіме осы негізде қозғалып еді. Мұндайда сөзді қыздыратын Кейқуат:

– Бұрынғылар «қарашысының қайғысын өз қайғысындай көретіннен хан сайла» депті... Дың көсем көзімізді ашты ғой. Бұл кемеңгердің осы еңбегін баламыздың баласына айтып кетуіміз керек, – деген. Біреудің сөзіне кімнің қайғысы қозғалса, сол қосыла кетеді. Дың Шияупиңның аты естілгенде алдымен елең еткен Сақан еді. Мақтанам деп айтқан өтірігіне бола қызыл жасақшылыр кезіндегі соққыдан қабақ сүйегі опырылып сынып, бір көзінен айырылған байғұс осы отырғандардың ішіндегі таяқты ең көп жеген жаралы, кектісі болатын.

– ... Ойбай-ай десеңші, артық бір ауыз сөз айтудан қалып едік қой! – деп зыр ете түсті. Замана түзеліп үкімет жазықсыз жапа шеккендерді іріктегенде, Сақанды Үрімжіге тегін апарып, шыққан көзінің орнына «көз» салдыртып берген. Сау көзі олай-бұлай бұрылғанда, сынған қисық қабағының астында орнынан қозғалмайтын «жаңа көзі» сары шегір жігіттің ана көзінен гөрі шекшиіп тұратын. Айтарын жалғай түсіп:

– Мына Кейқуат, құрдас болған соң, «иттің көзін салдырып кепті» деп елге жайып жүр. – Міне, тас қой, – деп сұқ саусағының тырнағымен тықылдатып, шертіп-шертіп қойды. Кейқуат:

– Иттің көзін ойып алып сілтіге салған соң, өстіп тас болып қатып қалады, – деп төндіре түсті. Есентемір негізгі арнаға ойысып:

– Шәрипа қызымнан айналайын. Бұл қыз болмағанда бәріміз де құрып едік. Ана Ақжолтай баламыз Қазез досыммен Бақатай иманды болғырдың баққан еңбегін бір ақтады, – дегенде, Кейқуат та орақ мұрны иіріліп қоңқылдай күліп:

– Аз болмағанда мен де құрығындай едім. Халық жауының күйеу баласы Зекейдің досы және мына заманды қаралап сөйлеген деп күнде жұлқылап ұрып, жұлмалайтын. Бір күні Жазғанқұл байғұс құсатып мені де өлтіретін шығар деп жаннан түңіле бастағанмын. Қайдан білейін, аудандық партком шақырды деген хабар жеткенде зәрем ұшқаны сонша, баяғы Боқылбек құсатып, мені де ататын шығар деп ойлағанмын. Сөйтсем, бәрімізге Қызырдай дарып жүрген Шәрипа айналайынның әрекеті екен ғой. Сол заманда мен-мен деген азаматтың қолынан келмейтін жақсылық жасады емес пе, – деп жағасын ұстады. Бұл ғана емес, өз басынан анық қауіптеніп, өзіне-өзі секеммен қарап іштей шошып жүрген адамның бірі Зекейдің өзі болатын. Мемлекет санатындағы қызметкер болғандықтан ғана комуна қармағына ілінбей, шықпа жаным, шықпамен аман тұрған. Қазір ол да бар шынын ақтарып:

– Менің оққағарым бар екен. Өздерің айтып отырған мына Шәрипа болмағанда, әне-міне қауіп-қатердің жар қабағында тұрғанмын. Адамды іштей жеген қайғыдан жаман нәрсе жоқ, – деген. Бұл сөзге Жөкен қосылып:

– Дұрыс айтып отырсыңдар, бірақ Шәрипа қызымыздың арғы жағында, өлгендердің рухы риза болсын, менің Бақатай жеңгем мен Қазез ағамның еңбектерін қоса айтқым келеді. Солар Ақжолтайды өлім алдында жатқан жерінен үйлеріне әкеліп бақпағанда, осының бірде-бірі болмас еді, – деп әңгіменің арғы жағын қаза түсті. Сүлеймен аудармашы:

– Сендер бәрің бір нәрсені айтпай, ұмытып отырсыңдар. Шияу Ли Толыға алғаш келгенде Шәрипаға «емтихан тапсыр» деп, бастап барған менің еңбегім қайда? – деп күле түсіп: – Шияу Лидің баяғы Ақжолтай екенін ешқайсымыз білмегенде, мына шаруаның бірде-бірі болмаған болар еді ғой. Алдымен мені айтуларың керек, – деп әзілдеді. Бұл сөзді әрине ең алдымен Шәрипа қостап жатты. Соңынан ол:

– Есентемір аға, сіздер тағы бір нәрсені еске алмай ұмытып отырсыздар, – деді әзілмен бастап. – Жөкен ағам мен Гүлсім жеңгем болмағанда мен осы күйге

жетер ме едім. Аға-жеңгем өз қызы Шәрбаннан артық көрмесе, кем көрмей, орталау мектепті бітіріп шыққанымша қабағыма қарап, қолдарында оқытып шығарды. Егер бұл кісілер жоқ болып, мен сол білімді алмағанда, осы күнге ілінер ме едім, – деп өзінің туысқандық қарызын өтеп сөйледі. Өзі қолы жеткелі бері аудандағы беделі арқылы ағасы мен Гүлсім жеңгесінің де кейбір шаруаларына жатпай-тұрмай қол ұшын беріп, еңбектерін шамасының жеткенінше ақтап келе жатқан.

«Жерде жатқан жұмыртқа аспанда ұшқан құс болады» демекші, әкесінен небары бес жасында қалып отырып, бүгінде осыншалық жұмыстарға бас-көз болып жүруі – адам өмірінің күрделілігін білдіргендей.

– «Өтірікші» деген атағы бар Сақан – әлі үйлене алмай жүрген, жаны күйген кедей жігіт. Оның үстіне, көзі мынау болды. Жаңа Дың Шиаупиыңның атын естігенде ол қанша ризашылықпен елең еткен болса, Мау Зе дұң ойына түссе көз құны соған кеткендей болатын. Әңгіме орайына қарай ішіндегі дертін шығарып қалғысы келді ме:

– Мойнында көп қарызы бар адам соны қайтармай өлгенде, ақы иесі табытына жармасыпты дегенді естуші едік... Сол сияқты, бір басында сан мыңдаған адамның қан қарызы бар Мау Зе Дұң анық табытына жармасынның өзі еді, – деп ызалы кегін жасыра алмады. Анығында, бұл бір Сақанның ғана сөзі емес, ұзақ жылдар бойы көп жапа шегіп, тірі жүрген ақын-жазушы және басқа да өнер адамдарынның кешпес кегіндей қорытынды түйін тәрізденген. Бұл сөзге Зекей қосылды:

– Рас, көрген азабын кім ұмытар дейсіз. Оның үстіне жазықсыз күйеу кімге жеңіл. «Бір баланың жасында бір шаһар абат болады, бір құзғынның жасында талай шаһар апат болады» деген бар. Жиырма-отыз жылдап рухани жанның да, жысмани тәннің де азабын шеккен мыңдаған қазақ кімнің, несін алды. Тынысың таусылғанша жұмысың таусылмайтын күйбеңі көп өмір бар. Жұрт сенің кетірген күшіңді сұрамайды, бітірген ісіңді сұрайды. Тіпті, өз отбасыңа да сондайсың. Күнделікті күйкі тірліктің жоқ дегенде, кірпікке қонатын шаңы бар. Сондай қиын өмірді тыныш өткізбей, жылан болып

арбап, шаян боп шағу кімге жеңіл, кімге жақсы. Мұсылман шарифатында «патшаға сабыр бер» дейтіні осындайдан шығар. Атам қазақ «обырдың ошағы түбінде бір қирайды» дегенді данышпандықпен айтқан. Тасқа қашап ойғандай сөз. Ондайға ұшыраған адамның тірлігінде алған атақ-абыройы не болды. Қазақтың «дәулеттен құрмет артық» дейтіні сол. Адам баласы бақ-дәулеті тасып тұрса, төменгі жағына қарамайтын да бір дерт бар. Жоғары шенділердің, шенеуніктердің біразы осындай дауасыз дертке ұшырайды. Ол сол қалпында ешкімге зиянын тигізбей өзімен-өзі жүрсе тағы жақсы.... Жақыным құрметтім, алысым немкеттімге салып, өзі күйіп жүрген біреулерді өзіне құрметті жақынының мүддесі үшін құрбан ғып, тірідей тозақ отына салып қояды, – деп еді. Кейкуат досы:

– Иә, тәуіптің ең жақсысы ауруға ауру қоспай жүргені ғой, обал-сауапты білмейтін ойсыздар өзін білмейді, өзгені көзге ілмейді. Әділ адамдар өте аз. Сондай болған соң мына дүние орнында қайтып тұрады. Таразысы теңшелмейтін бір ғұмыр десеңші, – деді.

– Дұрыс айтасындар, жігіттер, – деп ғизат Сейітғазин қосылды. – Адам табиғаты қызық қой. Заман өзгерсе, адам да өзгеріп шыға келеді. Бөрікталдағы комунада мына Сақанды, Кейкуатты сабағандардың ешқайсысы оңбағанын көріп жүрсіңдер. Олар бір кезде «жыланнан сыр сұрасаң, шаяннан қамшы өріп жатырмын дейді» дегеннің керін келтіріп, қолындағы сойылына сенген болса, енді бүгін шімірікпестен мына заманның сөзін сөйлегілері келеді. Бірақ олар ешкімді сендіре алмайды. Соның барлығы сүтке тиген күшіктей сүмелек күйге ұшырады. Бір ғажабы, сондайлардың көгергені жоқ.

Осы Толыдағы Ғазездің отбасын қыруға себепші болғанның ең бастысы, Әділ деген жапсаркөз сұмырай өз-өзінен екі көзі көр болып, жарық дүниеге зар боп қалды. Ғазездің Құмар деген баласы сабап өлтіруге айналғанда әлгінің отбасы да ара түсе алмаған. Қанша адамның қаны мойнында екенін бала-шағасы да біледі ғой. Бірақ ел-жұрт бар емес пе, «екі көзі жоқ неменің қанына ортақ болып қайтесің, онсыз да Құдай өзі

жазалап қойды, өле салғаннан қиянатының азабын күнде тартсын» десіп, арашалап қалған. Ал Жазғанқұл байғұсты мойнынан кеңдір арқанмен байлап, елдің көзінше сүйреп алып шыққан Көпжасарды заман түзеле бере-ақ, Жазғанқұлдың қызы Зәмзәмкұл балтаменен балтырынан шауып, оң аяғы шолақ болып қалды. Жылдан аса қор болып жатып, өрең жазылды. Қарап тұрсаң, тіпті ешкім тимесе де сондайлардың көбі көгерген жоқ. «Жалғанның ісі жалғанға кетпейді», «бұл дүниенің қысасы ол дүниеге кетпейді» дегеннің бәрі рас. Сақан айтпақшы, өзі еш нәрсеге зар емес Мауоң да, кезінде сенің қазағыңның қырылғанын «қой өлді, қора кеңіді» онда не тұр деген шығар, қой орнында көрмесе сөйтер ме еді, – деп ортаға қызық ой тастады. ғизаттың бұл айтқаны «мыңға татыр бір сөз бар» демекші анық, орнын тауып айтылған ұрымтал пікір еді. Бұлар өстіп отырғанда үйге:

– Ассалаумағалайкум, – деп соза сәлем беріп бір кісі кіріп келді. Аяғына саптама етік киген шоқша сақалды Молдатай, Зекейдің туған ағасы еді. Молдатайдың мына ортаға келуінде мән бар-ды. Қоғам беті бері қарап қазақтың «қызыл жасақшылар» кезінде қираған ұлттық рухани салт-дәстүрін қайта қалпына келтіру жөнінде Дың Чияу пиың жолға қойған ұлы саясат бар. Сол үшін әрбір аймақта қызмет топтары жұмыс атқаратын болған. Соның Тарбағатай аймағына жетекші ретінде осыдан бір жыл бұрын 79-да баяғы Шияу Ли өзі сұранып келген. Ол сол бойда Толы ауданына ат басын арнайы бұрып осындағы партком Жаң будың алдында осы отырған жігіттердің Сақаннан басқасын шақыртып алып тапсырма берген. Аудан бойынша осы жігіттер ел ішін аралап ұлттық ғұрып-әдетке жататын деректерді ел аузынан жинап жұмысқа кірісуін және сол үшін қызмет тобына арнайы қаржы бөлінетініне дейін нақтап білдірген. Сол жұмыс бойынша Зекей, ең алдымен, өзінің ағасы Молдатайға оның қолында сақталған «Әсет пен Рысжанның айтысын» әкелуді табыстаған. Өзінің тумыс затынан зерек Молдатай жас кезінен қолына түсіріп, зобалаң жылдарда тығып сақтаған айтысты ескі



дәптердің өшіп кеткен жерлерін ойындағы жаттандыларымен түзетіп, өз қолымен үш-төрт ай бойы қайта көшіріп жазып әкелген, 518 жол өлең екен. Ол кезде Әсет Найманбайұлы Уақ елі ішіндегі Мұштари балуанның ауылына келгенде, сол Мұштаридің өз қолымен жазылып алынған нұсқа еді. Бұл – Әсет пен Рысжанның басқа айтыстарынан өзгешеліктері бар нұсқа. Ішіндегі тағы бір ерекшелігі қыз бен жігіттің сөз сайысынан бөлек ойға тұлпар Әсет ақынның қазақ мінезі, ұлт болмысы жөнінде айтқан тағлыматтары да айрықша. Жас кезінде Семейден Қоянды жәрмеңкесіне алты адаммен сауда жасап барған Әсет айтыс тыңдауға жиналған игі жақсылардың алдында (жәрмеңке үстінде Хамит Жапар деген бай той жасаған) халыққа да арнау білдіріп:

*Жан-жақтан ел агасы сан болыпсың,
Халқыңа қазыналы хан жолықсын.
Қаймағың бұзылмаған қайран елім,
Салтыңды жалғайтұғын жан жолықсын.*

Іргелес орнағанмен көз бен құлақ,
Бір көру жүз естуден артығырақ.
Көргеннің көкейде ізі сақталады,
Бәріне естігеннің сенбе, шырақ.

Шежіре бар тарихтан дабыл қаққан,
Шешенің бар тіл балын ағындатқан.
Әншің бар көмейінен қу ұшырған,
Күйшің бар шөлейтке көл шашып жатқан.

Ел едің асын жаудан аямаған,
Пендені жұмыр басты аялаған.
Аттаса сәлем бере табалдырық,
Тәрді нұсқап текемет даярлаған.

Ағатты аз айыптап, көп кешірген,
Өткізген өмір көшін көп кешуден.
Ішіне нар шөгеді тарлығы жоқ,
Ерекше ізгілігі етке сіңген.

Сәби шақтан ата-жөн, тегін жаттап,
Былдырлап бал тілімен айтып тақпақ.
Жаңғыртып мал соңында заңғар шыңды,
Әндетіп табиғатты жездей қақтап.

Бармақты тістеп болып жау танимыз,
Есе кетіп болған соң дау танимыз.
Сақалды сәби болып жайшылықта,
Түседі белдескенде сайтанымыз.

Өмірдің көрсек те көп қайқаңын біз,
Қалмай жүр қия жолда тайтаңымыз.
Өтсе де өкінішті іс бастан талай,
Кемірек байқамаудан, байқарымыз.

Қарсылау оқу менен жұлдызымыз,
Табылмай сайда саны, құмда ізіміз.
Сықылды көкбас сона тауға тартып,
Ойға орын қалдырмайтын бір мініміз.

*Салғанда ойға сурет шындық, шіркін,
Түйсікті қоздырады дүркін-дүркін.
Ілтипат, иба, құрмет қаумажалап,
Жәннаттан жаралғандай осы бір күн.*

*Жанарың нұр, жан гүлін жайнататын,
Түнің жоқ түнек болып ай бататын.
Құшағың құт-береке, пейілің көл,
Аққу жүзіп, бұлбұлды сайрататын.*

*Тұқымы сөзден жүген ұстамаған,
Көп шыққан ойы орамды, ұстамды адам.
Асқардан ашық дауысы қалықтаса,
Айналып зеңгір көктен құс қараған.*

*Мініміз кешірместі кешіреміз,
Өзгенің «даяр аспыз» есінде – біз...
Жат жұртқа кетсе өкінбей несібіміз,
Еселі саясаттан кешігеміз.
Ұядан кім балапан ұшырмаған,
Көк қанат, күдір танып ысылмаған.
Ішкен мен жегенге мәз болып жүреміз,
Әр істің байқалады тұсында адам.*

*Құнанбай – аға сұлтан, елге қорған,
Тағыға тартқызбайды тайды қолдан.
Ұстайды шырқ іріп Тобықтыны,
Болғанда ол – бәйтерек, халық – орман.*

*Арқаны айта берем көзім көрген,
Ешқандай артығы жоқ елдің елден,
Сал Біржан, Абай аға жалпыға ортақ,
Саусағы – бір білектің шыққан жеңнен, – деген
терең ой-толғаулары бар. Әсет Найманбаевтың өзіне
ғана тән тапқырлық.*

* * *

Қыр-сахарада, ел ішінде өмір сүрген қарапайым қазақ Молдатайдың табысы бұл ғана емес, салт-дәстүрге байланысты елдің білетіні-білмейтіні бар, бүгінге ғана емес, кейінгі ұрпаққа керекті деген танымдық атаулардан мұрындықтап тізіп келіпті. Ойламаған, бағаламаған кісіге бұл жай ғана нәрсе көрінгенмен, қазақ ұлтының ұзақ ғасырлардан бері қарай қалыптастырып жинақтаған табысы болатын. Сол қағазында осы отырған қызмет тобының басшысы Физат Сейтқазинге ұстатты. «Соғым басы», «сыбаға», «қонақкәде», «сүйінші», «сірге мөлдіретер» (күзде бие ағытылғанда ауылдас-тарға ең соңғы қымызды беріп отырып, келесі жылға дейін бата-тілектерін қабылдау) «сабан тойы», (егін бітік шығып, қырманда қызылдап болып, астықты қамбаға қойғанда жомарттық көрсетілетін қуаныш тойы) «той бастар», «шашу», «шөміш қағу» (көктемде алғаш күн күркірегенде үйді, тамды айнала шөмішпен қағып шығу, «күн күркіресе жер иір, жер иісе мал иір» деген сыңайда), «үме» немесе «асар салу», «ұйқы ашар» (наурыз, айт мереке-сінде қыз-келіншек, жігіт-желең, бозбалалар күндізгі мейрамның соңын түнгі өлең айту, бас қосуы), «бастаңғы», (қыздың ата-анасы бір жаққа ұзап шыққан да, ауылдағы әйелдер сол үйдің қызына тамақ жасатып ішеді), «уыз қағанақ», (сиыр алғаш туғанда уызын бүйенге құйып, сыртынан суға қайна-



тып қатыру), «өсиет», «тоқым қағар» (жас бала алғашқы атқа мінгенде соның қуанышына шәй беру), «түйе мұрындық», (асау түйенің мұрнын ауыл адамдары жабылып тескенде, соңынан қозы, лақ сойып азаматтарды құрметтеу), «шілиясын шығару» (көбінесе шалық боп ауырған адамды екі-үш молда қатарынан отырып оқып, шалығын қайтару), «арыздану», «иман салу», «иман су яғни зәм-зәм суын беру», «естірту», «көңіл айту», «жоқтау», «көрісу», «сыңсу» (ұзатылатын қызға қарата айтылған), «аужар айту» (қыз ұзатылар алдында сол қыз қасына тағы бір қыз алып, екі жігітпен қоштасып айтатын жар-жар, өлең), «жаназа», «дәуір айналдыру» (яғни, өлген адамды жерлеудің алдында топ адам бас қосып, «Лә-йлаһа Илал-лаһ» айтып, күнәсін жеңілдету әдісі), «пыдия беру», «сүйекке түсу», «сиыт» (өлген адамдардың киімдерін сүйекке түскендерге үлестіру), «топырақ салу», «аза», «бата оқыр», «үші, жетісі, қырқы, жүзі, жылы», «аманат қою», «мұра», «шек беру», «жер-ошақ майлау» (қайтыс болған адамның ас-нәзірін беру алдында ауыл ағалары бас қосып, мәсіліхат өткізу), «тұл аудару» (ас берер алдында иесінің бәсіре атын сою, қара туды жығу), «құдайы – шүкіршілік шәйі» (қатерден аман қалғанда), «бейсенбілік» (ай бойы бейсенбі күні қайтыс болған кісіге ел жиып, құран оқыту) сияқты, тізбе екен. Молдатай бір ауыз сөз қосып:

– Бұны біз білгенменен, Жүңгода қытайша оқитын, Қазақстанда орысша оқитын, Маңғолияда маңғолша оқитын қазақтар бар. Дәстүрді білмейтіндер көп, қолымызда тұра берсін, қағаз ешкімнен ақы тілемейді. Жаңа ашылған «Мұра» журналы осындайларды арнайы сұрап отыр емес пе, соған ұсыныңдар, – деген. Және өзінің көзі үйренгені бойынша, Әсеттің қазақы мінезіне байланысты аса тапқыр шумақтарын теріп оқып беріп еді. Физат Сейтғазин таңырқағанын жасырмай:

– Міне жігіттер, осыдан артық сөз бола ма. Ой қандай, қисың, ұйқас қандай?! Сөз ұғар адам қызығарлық емес пе?! «Інжу маржан» деп, Әсеттің өзі ән салғандай нағыз інжу осы айтыс екен ғой, – деп делебесі қозғандай болды. Өнерліні өнерлі танып тұр. Есентемір:

– Молдекең осыған қызыққаннан қырық жыл сақтап жүрген жоқ па, бір замандағы Мұштари балуанның жазғанын қолына түсіріп, бүгінге жеткізген осы азаматқа мына заман атынан алғыс айтуымыз керек, – деді. Бұған сөзге ділмар Кейқуат қосылды:

– Данышпан қазақ «қырсық шалып тұрғанда да міндетінді ұмытпа» депті... Ана жылғы қалың зобалаңда мына дәптерді Молдекеңнің қолынан көрсе Жазғанқұл құсатып ағашқа асуы мүмкін еді ғой, Құдай қақса пәле жоқ. Соншалық тар кезеңнен қорықпай, шошымай алып өткен еңбекті еңбек деу керек. Қай-қашанда жақсылықтың есесі жария болмай тұрмайды. Молдекеңді көңіл үшін мақтап отыр екен деп ойламаңдар. Атаң қазақта «жақсыға жаман баппен жүріп теңесе алмайды» дегені сияқты, айырмашылықтардан белгілі, – деп біраз ойдың күрмеуін шешіп тастады. Соңында топ басшысы ғизат:

– Олай болса, көпшілігіміздің талқымыздан өтті, – деп қорытындылап, Молдекеңнің үш айлық еңбек ақысын берейік. Мына қағазға бәрің қол қойыңдар, есеп беруімізге, атшотқа керек, – деді де, ас қамымен жүгіріп жүрген Шәрипаға:

– Ал, қарындасым, сөмкеңнің құлпын аш, – деп күлді. Ақша ұстаушы есепші Шәрипа болатын. Бір қызығы Шәрипа қызмет тобының ортақ ақшасын «айлық алғанда қосам, орнына қоям ғой, балаларға бірдеме ала тұрайық» деп, Зекей уақытша қарызға сұраса да бермейтін... «Аяқ астынан тексеру жүріп қалса масқара боламыз» деп қатты сақтық ойлайтын. ғизат айтқан соң аузы құлыптаулы қоңыр сөмкесінен Мау Зе дұңның суреті бар қызыл ақшадан қайын ағасы Молдатайға тиісті болған үлесті санап Ғизаттың қолына ұстатып еді, ол алғаны жөнінде Шәрипаға қол қойып берді.

Зекейдің өзі де 1978-1980 жылдар аралығында халық аузынан бірталай деректер жинаған. «Ел іші – алтын бесік» дегендей, халық бар жерде рухани қазына ешқашан жойылып кетпек емес. Әсіресе, кезінде Кеңес үкіметінен Шәуешек маңына жер ауып келген зиялы қазақтардың аузымен айтылған Абайдың даналық қара сөздерін, «Едіге», «Асан қайғы», «Батыр Баян»,



«Кенесары – Наурызбай», «Райымбек батыр» және «Салиха – Сәмен» сияқты дастандарды кейде жазбаша, кейде ауызша там-тұмдап жинап жүрген. Мағжан Жұмабаевтың ел аузындағы өлеңдерінен:

*Қасына ер Бөгенбай, Барақты алып,
Болғаны елге қорған, алашқа анық.
Бердіқожа, Қасабай, Жантай батыр,
Қосылған Ер Жәнібек талаптанып.
Ер Қасым мен Баймұрат, Райымбек,
Қосай, Тама, Ертүрік, Малайсары.*

Атты тізіп айтайын санатқа алып, – деп келетін бірталай үзіктерді де жаттап, көкейіне түйіп жүргені білінген.

Сол сияқты, Майлы – Жайырға түгел аты шыққан әйгілі Мамыраздық зергер, Уәйіс зәңгі, Мауқара шешен туралы да көптеген деректер жинастырған. Сондай өнерлі адамдар ру үшін ғана емес, ұлт үшін, ұлт шежіресінің толығып, молыға түсуі үшін тамшыдай болса да нәр тамызады деп түсінген-ді.

«Көңілі кеңнің үйі тарлық қылмайды» дегендей, өздері шиеттей балалы-шағалы болса да, осы отырған топ көңілі көлдей Шәрипаның пейіліне жиналатын.

...Бүгінгі жиынның бұл үйде болуының тағы бір өзгеше мағынасы бар еді. Шәрипа мына отырған Сақанды бір қызға үйлендірмек болап жүрген. Зекейлермен көршілес үйде бойдақ қыз бар. Ол – аты-шулы марқұм Жазғанқұлдың ертеректе отау болған жалғыз ұлының қарындасы. Аға-жеңге қолында тұратын қыз еді. Әкесі Жазғанқұлды арқанмен сүйреген Көпжасар дегеннің аяғын балтамен шапқан ержүрек Зәмзәмкүл осы болатын. Өзінен басқа ешкімі жоқ, кедей жігіт Сақанға жаны ашып жүретін Шәрипа ақыры осы қызды лайық көрген. Көнгісі келмеген Зәмзәмкүлге:




– Сен оның көзінің кемдігіне қарама. Барынша ақкөңіл жақсы жігіт. Әсіресе, өзіңнің әкеңмен тағдырлас екенін ойла. Қайта, оған сенің жаның ашуы керек, – деп жүріп, ақыры екеуін сөз байластырып та үлгірген. Сонымен, үйлеріне мына жігіттердің келуіне орай, Шәрипа Зәмзәмкүлді бүгін осындағы жиынға шақырып отырған. Ас дайын болғанда бала жіберіп еді, ол қасындағы өзінің құрбы қызымен бірге келіп кірді. Тартынбай сөйлейтін ашық қыз болатын. Үйге кірген бойда алдымен:

– Сәлеметсіздер ме, – деп алып, сонан соң бұрыннан танысына көз тоқтата бере: – Есентемір аға, қалыңыз қалай, – дей келіп, содан бастап үй ішіндегілерге тегіс қол беріп, амандасып шықты. Шәрипа мен Сүлейменнің келіншегі ас қамымен қарбаласып жүргенін байқаған екі қыз бірден ауызғы үйдің ошағында түсіріліп жатқан етке, ыдыс-аяққа қарайласып қолғабыстарын тигізе жөнелген. Әңгіме үстіндегі ұзақ ішілген шай дастарқаны жиылып, алдыға ағаш астау толы, буы бұрқыраған ет келді. Сақан байғұстың соқыраңдап отырып, сойған қойы болатын...

Бұл кезде Серіктен кейінгі жасы он төртке келген Жасан, оның соңындағы Сержан, Ержандар шүпірлеп жабылып бәрі де сойған қойдың сирағын ұстап, көмекке жарап қалған. «Шал-көмпірдің баласы» атаңған ерке Сайра шешесіне көмектесуде. Шәрипаның екі інісі бұған дейін өздері жеке-жеке отбасын құрып, бұл үйден еншілерін алып шыққан еді. Зекейдің балаларының ішіндегі өз айтқанынан қайтпайтын, бірбеткей Жасанның өзіне, туылысына тән алғырлығы да кішкентайынан білініп келе жатқан. Үкі көз келген сұсты бейнесінде мына дүниеге сеніммен қарайтын өжет паңдығы да бар. Үй иесі Зекей:

– Ал, ағайындар қазекең «бір қойда бес кісінің құны бар, бар болса сойғаныңның жөні бар» депті. Шәрипаның жемдеп отырған ақ ісегі сіздерге бұйырған екен, – деп Физаттан асқа бата тіледі. Физат бата берер алдында:

– Мына тоқшылықты көріп, камуна кезіндегі көрген көресіміз еске түсіп отыр, – деп алып, қол жая:



– Е, қазынасы кең Алла, рахымы мол Алла, кешірімі көп Алла, жарылқаушы жақсы Алла, тілегенін бер, Алла! – дегенде көңілді топ:

– Ой, бәрекелде!

– Ой, айтқаныңыз келсін, – десіп жатты.

* * *

Бұл үйдегі ендігі негізгі әңгіме Сақан мен Зәмзәмкүлдің жайы екені белгілі. Тілеулес көпшілік тамақтан соң, сол әрекетке кірісті. Өзіне орай келген сөзді Сақанның құрдас жолдасы Кейқуат бастап:

– «Атым жыланды тарпып өлтірді» деген бір ауыз лебізіне бола, өзі өлімнен зорға қалған бауырымыз міне, енді жақсы күнде ортамызда. Қиындық көрмей өмірдің тәттілігі білінбейді, қайғы көрмей жақсылығы білінбейді. «Батар күннің атар таңы бар» деген осы. Мына асыл қарындасым Шәрипа өте жақсы бір сауапты іс атқарған екен, соны естіп, осы отырған бәріміз, өз қуанышымыздай ақ жарыла қуанып отырмыз, – деп бастап, сөз тиегін ағытып берді. Елге сыйлы Ғизат:

– Рас, Шәрипаның бұл ниетіне Алла риза болсын. «Мың адам жемеген қамыңды бір адам жейді» деген. Зәмзәмкүл қызым, сендерге осы отырған барлығымыз батамызды береміз. Жылау мен күлу төркіндес. Жылаған көзде күлкінің де ұясы болады. Енді күлетін, қуанатын кездеріңе жеттіңдер. Бастарыңа әзірше бір бөлме болса да, үй дайындап жүрміз, соған кіре қоясыңдар, – деп екі қызды елең еткізді. Зәмзәмкүл мінезі өжет болғанымен, бет-бейнесінен ұяңдық, биязылық та байқалып тұратын. Басынан асып кетсе қозғалатын, кесек, жаралыс бар. Өзі әдеміше қараторы қыз. Әсіресе, көзінде тұнған ойлылық тұрады. Зекей:

– Бұл істі әбден пісіп жетілгенше, Шәрипа маған да айтқан жоқ. Жасырын жасаған жақсылық жария болып

отыр. Бір дастарқанда шай ішіп, бір төсекте жатып жүріп, ішіне қалай сыйғызып жүргеніне өзім де таңырқадым. Шәрипа қателескен жоқ. Ең жақсысы, бір-біріне жаны ашитын тағдырлас адамдарды табыстырып отыр. Сақан деген өзіне керегін елге беретін ақкөңіл жігіт. Тайынша бергенге тай беретін көңілі бар. Бұның кедейлеу болып жүргені де сол. Ал, көңілі кедейді еш нәрсемен байыта алмайсың. Сақанның жан-жүрегі бай. Шәрипа соны білмей отырған жоқ. Атамыз қазақ «кедейліктен кісі өлмейді, сағы сынады» деген. Енді мына қасқыр қызымыз Зәмзәмкүл екеуі қосылса, таразыны тепе-тең тартады деп сенем. Өйткені «бойдаққа байлық жоқ» деген сөз босқа айтылмаған. Бұны «Сақан өтірікші» деп елге атын жайған мына құрдасы Кейкуат қой. Сақан – ешнәрсеге жасымай, көңілі тасып, масаттанып жүретін жігіт. Жүрегінде қуанышы бар адам мақтана алады. Шынтуайтқа келгенде, Сақан айтты деп «атым жылан көрсе қуалап жүріп тарпып өлтірді» дегенді шығарған да, менің мына Кейкуат досым. Қалжыңдаймын деп, байғұсты хұңвэйбиндерге өлтіртіп қоя жаздадың, – дегенде отырғандардың бәрі күлді.

– Зекей аға, Физат ағам екеуіңіз менің жігерімді тасытып жібердіңіздер, – деп осы арада Зәмзәмкүлдің өзі қосылды.

– Шәрипа тәтем, сөз жоқ, алтын адам ғой. Қыр-сахарадағы жұрттың біразы ауданға жинала бастағанда соққы көргендерге жаны ашып, сонау Бөрікталдан Сақанды және біздің отбасымызды осында алдырған да осы тәтем ғой, – деп қасындағы Шәрипаны құшақтап қойды. Шәрипа:

– Менің шешем Бақатай «құлағанның тілеуін берсең, өтеуін құдай береді» деп отырушы еді. Әкем Қазез де, өлгелі жатқан қытайдың баласын атып алған тауешкінің бауырын езіп беріп, тірілтіп алып үйге әкелген кісі ғой. Менің сондай адамдардан туғаным рас болса, неге солардай болмаймын деген ойда жүрем. Жылағанның қасында, жығылғанның басында болғым келетіні сол, –

дегенде көкірегі шерлі Зәмзәмкүл жылап жіберді. Әкесін көз алдында ағашқа асып ит қорлықпен өлтіргенін қайтіп, қалай ұмытсын?!.

Қасындағы сары қыз Жазғанқұлдың ағасының қызы болатын. Зәмзәмкүлмен бірге ол да көз жасына ерік берді. Бұл кезде Сақанның да сау көзі жапақтап, жасаурай қалған. Бірақ оған қисындаспай тұрған «иттің көзі» өзінің сыңар серігін мазақтағандай шекшие қарады. Орнынан қозғалмай алдыңғы жаққа тесіле қарап, ешнәрсені «пішту» құрлы көрмей, міз бақпай бедірейіп қалған.

Осындай қамкөңіл жандардың жанына жалау, жыртығына жамау болып отырған Шәрипа:

– Болды енді, қыздар, жылауды доғарайық, қояйық, бүгін тойдың басы, қуанатын күніміз. Мына қонақтар – бәріміз, осыған арнайы жиналды. Бұл отырған игі жақсы ағаларың сендерге тілеулес болып, ағынан ақтарылып жатқанда, өздерің де ортақ әңгімеге араласып, ойла-рыңды айта отырыңдар, – деді. Сүлеймен:

– Иә, айналайындар, «бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деген сөз тегін айтылмаған. Алдымен бас құрап алсаңдар, онан соң орайы келгенде оралып, қол-лайы келгенде құралып дегендей, қалған шаруа өз ыңғайына қарай бола жатады, жандарым, – деген. Оған Молдатай қосылып:

– Өте жақсы бопты деп отырмын. Шәрипа келінімнің мына әрекетіне риза болып қалдым. Мына жалған байдан да өтеді, кедейден де өтеді. Білгеннен де, білмегеннен де өтеді. Зәмзәмкүл, сен Сақан екеуің оқымағанның ішіндегі білгір жассыңдар. Жұрттың бәрі екеуіңе қожа-бауыр болып отырғандары сол, – деп еді, Есентемір қосылып:

– Біз осы отырған бәріміз ханның қызымен қазының ұлын үйлендірердей болып жатқандарымыз тегін емес. Ол – қыз, жігіт екеуіңе бірдей ықылас-ниетіміздің түзулігінен деп ойлаңдар. Осында жыртыққа жамау, тесікке тығын болып келетін жақсы адамдар бас қосқан. Анау жақтағы патшалар да қазақтың қазы-билерінен



артық емес, солар сияқты жүйрік адамдар. Тек бақ берген соң ғана үрлеген отын маздатып отырады. Қазақтың қаратілдің майын ағызған шешендері кімнен кем. Атамыз қазақ «күміс күнге қонса алтын өзі іздеп барады» дегенді неге айтқан ғой дейсіңдер. Сенен ақылы кемшілдеу біреу қандай бір жолмен биік лауазымға ие болса, сенен артық. Ақылың асып тұра соған ісің түсіп, есігіне барасың. Бұл сондай бетсіз, сондай әділетсіз өмір. Мен осы нәрсенің барлығына ұйтқы болып отырған Шәрипа қызымның әкесі Қазезбен көп жолдас болған адаммын. Көп жақсылығын көргенмін. Қазез жігіттің көсемі болып өтті деген сөзімнің өтірігі жоқ. Әйелі Бақатай қандай сұңғыла, қандай өрелі кісі еді. Біздің мына істеп отырғанымыз – сондай көзіміз көрген жақсылардан алған үлгі. Солардан қалған жұғын, жұқана. Сол жақсылардың көзі, асыл сынығы Шәрипамыздың азаматтығы. Осы отырған топ ағайын-туғаннан артық боп басымыздың құралып жүргені де, барлығымызға ортақ – Шәрипаның арқасы. Мұндай ұйымшылдық, мұндай ұйымдастырушылық мен-мен деген

қазақтың қолынан келе бермейді. Зәмзәмкүл мен Сақанға айтарым, қазір ел аздап болса да тоқшылыққа бет алды. Камунадан да өлмей өттік қой. Шәрипаның осы пейіл, осы ниетін қабыл алып, мұнда отырған бәріміз барымызды ортаға салып, тойды бір кісідей жабылып өткізейік, – деп бұл топ алдын ала жоспарлап қойған келісім бойынша, шаруа жайын паш етті. Жүрегі сыздап кеткен Зәмзәмкүл көзінің жасы бұршақтап жылап отырып:

– Әкемнің артынан соның қайғысын көтере алмай шешем сорлы да бір айға жетпей қайтыс болып еді, – деп еңіреп жіберіп, аузы сөзге зорға келіп:

– Өмірзақ деген сұмырай мойнына арқан тағып сүйреп бара жатқанда қолымыздан келер еш шарамыз болмай, қарап тұрдық қой! Кішкене қимыл көрсетсек қытай жастары бастаған жасақшылар аяушылық танытпас еді. Қу жаның өзіңе тәтті. Шешем байғұс сол күнгі сұмдықты көз алдынан кетіре алмай зарлай-зарлай, жылай-жылай, әкемнің артынан өзі де тез кетті. Өлмеген соң бәріне көнеді екенсің, міне, мына кән бетімізбен соған шыдап жүрміз ғой. Сіздердей, дәл осындай қамқор кісілер кез болар деп ойлағаным жоқ. Тәубе дейін. Мына сіздер отырғанда, әке-шешем өлмеген екен. Барлығыңызға не деп рахмет айтарымды білмей отырмың, жан бауырларым! – деп бода-бодасы шықты. Шәрипа орнынан тұрып кеп Зәмзәмкүлді қапсыра құшақтап:

– Айналайың, айтқаныңның бәрі рас. Сен дәл қазір қалай жыласаң да, орынды. Бәріміз де өзің сияқты шеркөкіректің, сені түсінеміз, – деп қосыла жылады да, – жүр беті-қолыңды жуа ғой, – дей түсіп, ауызғы үйге алып шығып бара жатты. Екеуінің соңынан мұрнын үсті-үстіне тартқылап, үнсіз егілген сары қыз да ілесті. Сәлден соң олар қайта кіргенде, Сақан бағанағыдай емес, өзін қоршаған мына көптің тілегімен қуаттанып қатайып алған. Ол осындай кезде Мау Зе дұңды бір айтпай отыра алмайды. «Жаннан безген жауыздан жазығы жоқ көз шығады» дегендей, текке күйген жазықсыз пақыр әркімге шағына қарап:

– Бір адамның кесірінен миллиард адам нақұрыс жынды болды емес пе. Дүние тарихында анау қалу керек, мынау қалу керек деп жатады. Дүниедегі ізгі ниетті миылардың талқысына анық қалатын қара таңба қасіреті осы «Мәдениет төңкерісі» болуы керек. Соны істеген Мау Зе дұң енді жаһаннамның терезесіне желдеткіш орнаттырып жатқан шығар, құзғын! – дегенде, үйдегілердің бәрі күлді. Кейқуат:

– Бәленің сөз алысын көрдіңдер ме, өзі шілдей, сөзі мірдей дейтіннің өзі, – деп қойды Зәмзәмкүл:

– Ағалар, әпкелер кешіріңіздер. Жүректегі жыртық жамалмайды екен...сол ғой, – деп алып: – Біздің қазақ қандай дана халық десеңіздерші. Бүгінгі сіздер жасап отырғандай жақсылық бізден басқа қандай халықтың қолынан келеріне көзім жетпейді. Еркегіміз тұрмақ, Шәрипа тәтемдей әйелдеріміз осынша дана болғанда қалай кеудемді керіп мақтанбай тұра аламын. Сіздердің бүгінгі жарым көңіліме дем берген сөздеріңізге, бүгінгі пейіл-ниеттеріңізге қарап дүниеге жар салғым келіп кетті. Мен жетім емес екенмін. Біздің қазақ халқы тұрғанда жетімдер ешқашан жыламайды. Жетім мен жесірін жылатпаған ата-бабамның аруағынан айналдым! – деп тағы да еріксізден көз жасы ыршып кетті. «Отырған қыз ойшыл» демекші, Зәмзәмкүл іштей өсіп, ойы толған екен. Зекей:

– «Жетімді жылатпа, жер күңіренеді» деп кеткен емес пе. Мына жақта жетім жылап, өлген ата-анасының рухы күңіреніп жатса, жер күңіренгені емей немене. Қой, бұл тақырыпты осымен өзгертейік, Ғизат аға, домбыраңызды, Сүлеймен мандолды қолдарыңызға алыңыздар. Тойдың басы осы, алдағы сенбіге тойдың өзін де бастаймыз. Шәрипамен қоса Сүлекеңнің келіншегі Бибіш те әнші ғой, екеуің әнге дайындалыңыздар, – деді. Бүгінгі соңғы сөзді Шәрипа қорытқандай болып:

– Біз жазықсыз өлгендерді де естен шығармауымыз керек. Мына Зәмзәмкүлдің әкесі, тағы басқалар сияқты менің шешем де камунаның құрбаны болып көз жұмды. Ауырып жатқанда науқасының қаттылығына қарамай, үйге де қайтармай қойған. Соны білетін Шияу Ли аймақ-

тық парткомға алып кірмек болып, мені Шәуешекке шақыртқан екен. Мен жалғыз емес екенімді, Жазғанқұл деген кісіні қызыл жасақшылар жазықсыздан-жазықсыз қорлап өлтіруінен көз жұмғанын, Сақан деген жігіттің көзін шығарғанын қосып айтқанмын. Сол Сақан әлгі Жазғанқұлдың қызына үйленбекші екенін білдіргенімде, аймақтық уәли мекемесінен осы үш отбасына тиісті қаражат бөлінді. Бәріңізге бірдей, аты-жөндеріңізбен қағазы міне, – деп жеке-жеке құжаттарды Физат Сейтқазиннің алдына қойды. Бөлінген сомалар көпке белгілі болған соң, Шәрипа Сақан мен Зәмзәмкүл екеуінің тиісті үлесін қоңыр сөмкедан шығарып санап, қалыңдық болып, қиылып отырған қыздың қолына ұстатты да:

– Біз жер бетінде ең саналы жаралған адам баласының бірлігі құмырсқа мен араның ұйымшылдығына жеткен жоқпыз. Пендешілік бар жерде олай болмайды да. Өзгелерді қайтеміз, осы отырған өздеріміз арамызға өзәзіл түсірмей, бір атаның баласындай болып жүрейік. Сонда бітпейтін іс қалмайды, – деп тоқтады.



Екінші тарау

*Қауызы қалың
жән солмайды*





ҚАУЫЗЫ ҚАЛЫҢ ДӘН СОЛМАЙДЫ

1

Зекей осы 80-жылдың өзінде қызметі көтеріліп, аудандық экономика дамыту мекемесінің бастығы болып сайланған. Арада екі-үш жыл өткенде Толы аудандық білім, мәдениет, денсаулық істеріне жауапты әкімнің орынбасарлық қызметіне ауыстырылды. Өйткені, Зекейдің аудан кадрлері ішінде осы жағына да бейімділігі және тындырымдылығы ескерілгендей. Ал Шәрипа болса, бұл жылдардың ішінде «озат қызметкер», «үлгілі партия мүшесі», «8-наурыз аналар қызылтушысы», «өнегелі ана» және мақтау қағаздарымен қоса әр түрлі диплом, төсбелгілермен он жеті рет марапатталған. Сол тектес аудан шығарған тарихи шежірелік томына Шәрипа Қазезқызының өмірбаяны мен ерен еңбектері туралы татымды ақпараттар енгізілген. Сондай белестер тұсында «Тарбағатай» газеті ретіне қарай жариялап отырды. Осы барыста, өздерінің үйелмелі-сүйелмелі жас перзенттерін өсірумен қатар, Шәрипаның іні-бауырлары Құмар, Қанағатты да қашан жеке отбасын құрып кеткенше қолдарында оқытып жеткізгені аз үлес, аз мұхнат емес-ті. Жоққа сабыр, барға қанағатпен өмір сүретін ерлі-зайыптылар



осылар еді. Осы жылдар бойында туыс-туған атаулының ішінен жалпы он баланы үйлерінде кезегімен оқытып шығарған Зекей мен Шәрипа отбасына таңданушылар көп болатын. Жақын сыйлас жора-жолдастары, басқа таныс-білістері де бұларға таңырқай қараушы еді. Және ерлі-зайыпты екеуі солардың жатқан-тұрғанына қабақ шытпайтын. Ағайыннан алғандары – алғыс. Қазекең «пайданың зоры – дос-жарың үшін тартқан зиян» депті... ағайын-туған мына шолақ жалғанда аз күндік қана жолдас екендігін есте ұстайтын. Бұндай есепсіз жақсылық жасау кімнің қолынан келсін. Сонымен қоса, «асыл істі балаңа сақта» дегендей, күйеуі Зекей екеуі балаларын шетінен өнерге баулып, Сайраны сурет салуға, Серікті гитараға, Жасанды аккардеонға, Сержанды шағын қол өнерге, кенже ерке Ержанды домбыраға машықтандырған. Үкімет жұмысының сыртында осындай әрекеттердің бел ортасында шалдығып жүрген Шәрипа өзінің әншілігімен қоса өлең жазып, оған өзі әндер шығаратын. Өз көкей сәулесінен Алла құдіретіне орай жазып шыққан «Сәнбес сәуле» тәрізді өлеңдері әуесқойлық емес, ой, көркемдік ұйқас, қай жағынан қарасаң да мін таппастай. Кәнігі ақындар тектес.

*Жаратып бар әлемді жарық нұрдан,
Он сегіз мың галамды қарық қылған.
Алланың құдіретіне не тең келер,
Пендеге рақымын сарып қылған.*

*Сол нұрдың бөлшегіміз жер бетінде,
Өмір – жырға жүретін тербетіле.
Адамдықты ұлықтап, сайтандарды,
Аластаған нұр ойнап келбетінде.*

*Сәнбес сәуле – бойдағы имандылық,
Харам болар сәулесіз жиган мүлік.
Қараңғылық дертіне араша өзің,
Ал іріңді өледі сорған сүлік.*



*Мен сөнбесем, сол нұрдан жаралғаным,
Ұрпағыма, халқыма таралғаным –
Үлгі – өнеге, отты жыр, әуезді әндер,
Өлмесін деп жалықпай сараладым.*

*Сөнбес сәуле – ізгілік жарқырасын,
Көктем сайын өзен боп сарқырасын.
Ана атына ылайық сәуле болып,
Әппақ арман ойдағы сарқылмасын.*

Шәрипа кешкі жұмыстан қайтып, велосипедімен Қарағайбастаудың кішкене еңкейісінен зырқыратып түсіп, үйіне жеткенде Зекейдің қасында бір топ қонақ отырған. Олар осы үйдің белгілі достары: Сүлеймен, ғизат, Есентемір, Жөкен, Кейқуаттардан басқа, «әйелдің қаратіл шешені» атанған Жамалқан Қарабатырқызы, гармоншы Бәдет Нұрсалқызы, жазушы Сұлтан Тәукейұлы, шежіреші Қуан Берікбайұлы сияқтылар. Осылармен қоса, қазір бір-екі балалы болып өздерімен-өздері отау үй, оңаша бас, асулы қазан, жағулы оты бар Сақан мен Зәмзәмкүл де отырған.

Шәрипа есіктен кіріп қонақтарының әрқайсысына көз жүгірте қараған бойда:

– О-о, меймандар, сәлеметсіздер ме, қош келдіңіздер! Жамалқан бауырым, сіз де бар екенсіз ғой, – дей беріп, шеттерінен кеп қол алыса бастағанда, олар да тегіс орындарынан көтеріле жапа-тармағай жамыраса амандасып, үй толы адам шұрқырасып қалды. Сөйте келе, алғашқы лебізді сөзге ділмар Жамалқан түрегеп тұрған бойында бастап:

– Иә, Шәрипажан, бүгін өзіңмен менен гөрі көп араласып жүрген ескі достарыңның ортасына түсіп қалдым. «Ескі дос келгенде жаңа дос шеттей бастайды» дегендей, мыналар сені менен қызғанбаса болғаны ғой, – деп күлді. Осы сөзінің өзімен үй иелерінің мерейін үстемдете түскендей болды. Әрі көпке сыйлы Шәрипаны өзіне жақын тарта, еркелете қалжыңдағаны болатын.

Бүгінгі бұл топ көңілді. Коммуна кезінде осылардың барлығы – екі иықтарын қушитып қысып алып, қабақ-

тары қатып жүргендер. Пәле-қаза алдымен осылардай, өресі биік, кеуделі адамдарды жағалайды. Қай күні қандай боламыз деп, ішкені ірің, жегені желім тәрізденіп тауқымет тартқандар ғой. Күн тұтылып, күллі жұрт жабырқағандай, жерді қара жамылдырған Хұңвэйбиңдердің қара түнек күндері өтті. Жамалқанның жаңағы ойын сөзіне Шәрипа да:

– Ойбай, неге олай дейсіз?! – деп ілінбей жарқылдай жауап қатып: – Жақсының өзінен бұрын даңқы жүреді. Сіз, атыңыз аймаққа таралған Жамалқан Қарабатырқызы емессіз бе. Өзім де ойлап қойып жүретінмін. Жақын кісінесе алмай жүргеніміз болмаса, сіздің лауазымыңыз бен орныңыз кімнен кем, өте жақсы келдіңіз, – дей түсіп, құшақтап орнына отырғызды. Анығында бұл үймен араласпаған Жамалқанның тартынғанына қарамай, Жасанға гармонь тартуды үйретіп жүрген Бәдет Нұрсалқызы ертіп әкелген. «Әке баласын ер болсын дейді, маңайына ел қонсын дейді» демекші, Жасанды қасынан тастамай тойға, топқа апарып гармонь тартқызып, жақсылармен араластырып жүрген әке Зекей үшін Жамалқандай ойға жүйрік, сөзгер әйелдің келуі құба-құп болған. Жасан жасынан жақсы сөзге үйір болатын. Әсіресе, соны ойлаған үй иесі:

– Жамалқан, бұл отырғандардың ішінде сіздің сөзіңізді көрмес көзбен үңіліп, селқос құлақпен тыңдайтын кісі жоқ. Қайта, мына балаларым ес кірген сайын, өздеріңіздей кісілердің келгеніне қуанатын болып жүр. Мына Жасан бір жақсы сөз естісе, соны ұмытпайды. Басқа жақта жолыққанымыз бір басқа, үйде ұшырасқанымыздың жөні бір бөлек. Бүгінгі біздің төріміз – көз сусынымыз қанып, ыстық-суығымыз басылған мына өзге достарымыздан гөрі, сізге әбден ылайық. Кеудеңізді керіп, достар алдындамын деп отырыңыз, – деді. Орнымен айтылған қошемет, көңілі ұшқыр Жамалқанның да өзегіне от түсірген сияқты. Ол:

– Жақсы айтасың, бауырым. Менің атымды елден естігендері үшін жолыққанда әйтеуір бірдеме айтқылары келгендер болады. Себепсіз сұрап, сүлесоқ тыңдайтындар бар. «Ынжықтың өзі сөз білмейді, өзгені

көп сөйлейді деп күндейді» деген бар. Сыртынан қарағанда адамның бәрі бірдей адам болғанмен, сөз тыңдау және сөйлеу әуселесімен парықталмай тұрмайды. Тіл жүректің тілмашы ғой, – деген. Осы тұста жазушы Сұлтан Тәукейұлы:

– Рас, дүние жарлылығынан ақыл жарлылығы жаман. Малға жарлыны жарлы дерсің, ойға жарлыны не дерсің. Жарлы болса да, арлы боп келсе оның жөні бір басқа, – деп алып, сонан соң әзілге көшіп: – Жамалқан, сіз ескі дос, жаңа дос деп бөлектенбеңіз. Досыңның досы дұшпаның емес дейді. Мұнда Қарағай-бастаудың суын ішкен адамдар отырмыз. Ауданнан сырттағы ел «Толының Қарағайбастауының суын ішкен» деп жатады. Өнер адамдары көп шығатынына қарағанда, осында бір негіз бар ма деген ойға келесің. Ешкім ойламастай жерден, жәй ғана бір өзекшеден бұрқылдап шығып жатқан жалғыз бастау ежелден бір ауданның халқын асырап келеді. Тіпті, жер жаралғанда осы отырған біздерге лайықталып пайда болған. Толыға осыны сыйлаған Алла, мәселен, тістің суықтығынан ауыз күймейтін етіп, көздің ыстықтығынан бет тоңбайтын етіп, бәрін сәйкестендіріп жаратқан. ғажап қой, ойлап қарасаңыз, жаздың күні күн көлбеу, қыстың күні ай көлбеу қып жаратыпты... Қыста күнді қысқа қылып, айды ұзақ көлбетіп қойған. Егер қыстың суығында жаздағыдай күнді ұзақ көлбетіп қойса, жан-жануар, адамзат бәріне ауыр тиген болар еді. Уақыттың көбін түнге ауыстырып, тынығып демалуға, ұйқыға жол ашқан, – деп тоқтағанда, шежіреші Қуан Берікбайұлы мынандай қызық ой тастаған жазушыға қарап:

– Сұлтеке, терең сөз қозғадыңыз. Мақтағандық емес. Сөздің иесіне емес, жүйесіне жығылсақ та айтарым осы. Дүниені бүлдіретін де, бүтіндейтін де қызыл тіл ғой. Зекей мен Шәрипаның отбасына қай-қашан жүйріктер жиналатынының пайдасы осындайдан білінеді. Әркімнің аузынан жақсы сөз естігенде марқайып отырасың, – деген. Мұнысы – Ғизат Сейтқазиннің не дегелі отырғанына орай келген сөз еді.

– Бұл үйдің өзгесінің бәрін сөз етпей жинап қойғанда,

Шәрипаның мына Сақанмен Зәмзәмкүлді қалай үйлендіргенінің өзі айта жүрерлік. «Жақсы дос жел жағыңның далдасы, ық жағыңның панасы» деген. Осыларға пана боп, тағдырлас екеуін қисынын тауып қосып еді, бір-бірімен қандай үйлескен отбасы болды. Қанша айтсаң да көп болмайды. Шәрипаның қолынан да, тілінен де келетін іскерлігіне мына отырған жігіттер барлығымыз да тәнтіміз. Жоқ-жұтаңдау кездің өзінде бәріміздің басымызды қосып, көптің тілеуімен тойларының өтуіне де үлкен ықпал жасады. Зекей екеуі ат құнына бергісіз ақылдарын айтып, жетімдерді жебеп, бастарын құрап жіберді. Осыдан артық сауапкершілік бола ма? Бүгінде бақ келді деп таспаған, бір кезде сор келді деп саспаған ерлі-зайыпты екеуін осы отырған барлығымыз мақтаныш етуіміз керек, – дегенде, бұл сөз Зәмзәмкүлдің де буынына түсіп:

– Физат аға, рас айтып отырсыз. Шәрипа тәтемнің тілін алмағанымда, осы отырған өздеріңіздей жақсылармен араласа алар ма едім. Бір ауданның ығайы мен сығайы, бекзат кісілеріне жұғысып отырғаным – осы кісілер көлеңкесімен қорғап, қанаттарының астына алғандығының арқасында ғой. Сақан екеуімізді күні бүгін қастарыңыздан тастамайсыздар. Сіздермен үйірлескелі ескі қайғымыз да жеңілдеп қалғандай, – деп көзіне жас толды. Бұған:

– Ой, бәрекелді, бауырларым, – деп Бәдет Нұрсалқызы килікті, – Зекей мен Шәрипа біздердің басымызды қосқанда, өздері қуанумен бірге балалары үшін де шынайы шаттықпен қабылдайтынын білем. Мен мына Жасан ініме туған тәтесіндей болып кеттім. Қазір бұл бала гармонды әнге қосқанда менің өзімнен кем тартпайды. Және осындай жақсы сөздерден өзіне азық алып, зердесіне керегін тоқып отыратыны байқалып тұрады, – деді. Осы айтқанымен «ара гүлден бал жияды» демекші, әр нәрсеге қатты ынталанатын Жасанның гармонь үніне және жақсы әнге деген ынтызарлығын да паш еткендей болды. Айтса-айтқандай, әкесі Жасанды қызықты той-топ, тамашалардан қалдырмай апарып, гармонь тартқызатын. Аккардеонның жүрек қылын

шерте құйқылжи жөнелетін сиқырлы үні кімнің де болса ынтызарлығын қозғамай тұрмайды. Бабына келтіре тартса көп түсті, сан бояулы жібекті шұбалдыра қалқытқандай; ерке наз ба, тәтті қиял ма, жан-сезім дүниенді сан қиырға кездіртіп әкетеді. Бәдет Нұрсалқызының шәкірті Жасан «Інжу маржан» сияқты дәстүрлі әндерді тамылжыта тартқанда, жаны сезгір, жүрегі сыршыл біреулер өзін ұмытып отыратын-ды! Әсіресе, Бәдет Нұрсалқызының өзі жер бетінің жұмақ-пейішіне кіріп кеткендей болатын. Және осындай шәкірті үшін жүрегіне қуаныш толып, кеуде кере мақтанғандай шынайы бір шабытпен тыңдайтын.

* * *

«Әкең өлсе де, әкенді көрген өлмесін» деген сөз тегін айтылмаған ғой. Шәрипаның әкесі кешегі өткен Қазездің досы Есентемір, кіші әкесі Жөкең, күйші Физат, Зекейдің жолдасы Кейқуат, оның құрдасы Сақан мен келіншегі Зәмзәмкүл және Сүлеймендер кезегімен сөзге кірісіп, қонақ-кәде салты бойынша, үй иелерінің қиындықпен жеткен көп жетістіктерін дастарқан құрметіне сөз етіп отырғанда, бұл ортада жаңа бір әңгіменің тиегі ағытылды. Ол Зекейдің атасы «Бүркітші Алтай» деген сұңғыла кісі айтып кеткен қызықты хикая болатын. Алтайдан оның баласы Тұрсынбек естіп, одан Зекейдің құлағында жатталып қалған «Балқия қыздың дауы» деген, қазақ-қалмақ арасындағы үлкен тарихи дау еді.

Жазушы, қаламгер атаулы сөзқұмар, әңгімеге құштар келетіні бойынша Сұлтан Тәукейұлы:

– Зекей, сен осы Балқия қыздың дауы деген даудың дерегін білетін көрінесің. Естуімше, өте қызық әңгіме сияқты. Сол өзі қалай болған екен? – деп қалды. Мына жаңалыққа үй ішіндегілердің бәрі де елең етісті. Бұл өзі заманның қиын кезінде Зекей басыма пәле тауып

алармын деп, аузынан шығармаған хикая болатын. Өзіне тегіс көз салған көпшілікке ол:

– Балқия Тоқтық бидің тұсында Жайырда өткен Уақ Мәмеке Аққозы деген байдың ұл орнындағы жалғыз қызы екен, – деп жұрт құлақ түре қалған оқиғаны өзінің салмақты қалпында баяндай бастады. Сөзге шебер Зекей нәшіне келтіре әңгімелеген. Бұл даудың ұзын-ырғасы қазаққа ежелде ата жау болған жоңғарлардан қалған нәсіл – әулет Қобықтағы қалмақтың есерлері Аққозы байдың «Шұбар қысырақ үйірі» деген бір қысырақ жылқысын жайлауда жатқан жерінен барымталап әкетеді. Қабыландай теңбіл шұбар аса бір әдемі дөнен айғырды сол жылғы көктемде ғана әлгі еркетотай Балқияға бәсірелеп қысыраққа матаған болатын. Соны Жайырдағы қазақтың бір ат дүбірлі бәйгесіне әкеп қосқанда Қобық қалмағының барымташы ұрыларының көзі шалған. Содан бастап іштеріне от түскендей, жылқыға бітпеген түрі бар әсем айғырдың үйіріне аңду салған. «Қарақшы кезеңде тосып, ойпаңда алады» демей ме. Барымташылар Аққозының жайлауы маңындағы адам жүрмейтін қалың жыныс, ұры сайлардың бірінде бекініп бұғып жатып, ақыры орайын келтірген.

...Шығыс бетке қарай қуалаған жылқынаң әр жерге шашырата тастаған жас тезегінен қалмақ ұрылары әкеткені бірден білінген. Ауыл ағасы Аққозыдан бұны естіген Мәмеке тайпасының бір топ намысқой, өршіл жігіттері қатты жінігіп жиналады. Мықты деген отызға тарта сойылдылар барымтаға аттанбақ. Бір сорақысы, бұлардың іштерінде Аққозының жалғыз перзенті, бойжетіп қалған Балқия да бар еді. Ойын-тойда, көкпарда ұлша киініп, еркектермен бірге қиқулап шапқылап жүретін еркетотай, елірмелігі болатын. Шұбар қысырақ үйірін иеленіп, малмен көз ашқан қазақ қызы өзінің көңіліне ыстық меншік жылқысын жүрегіне әбден жақын ұялатып алған. Жұрт алдында соны өзіне кереметтей мақтан тұтатын. Беттеген жағынан, айтқанынан қайтпайтын ержүрек қайсарлығы да жоқ емес-ті. Бұны танымайтын еркек балалармен бірдемеге келіспей қалса, ат үстінде сабаласа кеткен кездері де болған.

Ауыл үй адамдары сырттан күңкілдеп: «Бұл қандай адамға әйел болады? «Әкесі болысқақтың ұлы ұрысқақ, шешесі болысқақтың қызы ұрысқақ» дегендей, «жалғызымыз, жалғызымыз» деп бетінен қақпай, екеулеп ара түседі де жатады. Жалғызы жалмауыз болып шықпаса болды ғой... Аяғы не болар екен?...» десетін. Мына жолы да шолжақай қыздың сол көк ауруы ұстап, әке-шешесінің қатты ұрсып: «Қойсаңшы, қарағым! Еркектермен бірге қайда бармақсың? Барымта деген шапқылап-шапқылап қайтып келетін сенің өз ауылыңдағы көкпарың емес. Тілімізді ал!» дегендерін тыңдамай қойған. Байлап қоятын емес. Оның үстіне, өз айтқанын бұзып, бетін қатты қайтарса көгеріп талып қалатын ерегіспе ауруы – арқасы бар. Тумысынан сондай көкайыл. Кемпірі Аққозыға ұрсып:

– Осы дүлейді өстіп бетімен жіберген өзіңсің. Ал, енді көр! Көкпарда жығылып қолы да сынды, аттан айырылып иен далада жалғыз да қалды, басына бір тимейді. «Көп жортқан түлкі терісін алдырмай тынбайды» дегендей, бұл көкбетің бірдемеге ұшырамай тынбас, – деп бажылдаған.

– Осынша ағаларымның ішінде мені қасқыр жей ме?! Қалмақтан қысырағымды қалай алғанымызды өз көзіммен көремін, қызығын көріп қайтамын, – деп ерттеулі атының қасында сазарып тұрып алған. Аққозымысы құрып: «Е, қалмақ сенің қора шетіне қадаған қарақшың екен ғой» деген де қойған.

Сойыл, шоқпарларын тақымға қысып, немесе бауынан білектеріне іліп, сүйретіп ат үстінде сайма-сай тұрған ауыл азаматтарына шешесі байғұс:

– Мынаны бірдеме қып тастап кетіндер, айналайындар, – дегенде, олар да амалдары таусылғандарын байқатып, шулап: «Балқия, қал, қал, біз сені ертпейміз» дескен. Маңдайында алақандай ай тыртығы бар дәу қара басшы жігіт:

– Біздің кете алмай тұрғанымыз да осы ғой. Бұл қыз еретін болса, бармаймыз, – деген. Ол ғана емес, барлығы да пәледен ат-тондарын ала қашып тұрды. Баланы кеш көріп, жастары елуден асқанда Балқия-

лары туған ата-ана содан бергі он төрт, он бес жыл ішінде екеуі де едәуір шау тартып қалған адамдар.

Данышпан қазақ: «Атадан алтау тусаң да, өзіңде ұл жоқ болса, жалғызсың» демей ме. Аққозының ошарылып жатқан, бірге туған туыстары бар. Бірақ әлгі рухани жалғыздық деген құрғырдың дертімен осы қызды тым әуектетіп алғандарына өздері де өкінетін. «Қақпай көрмей өскен, пәле бар деп жасқанбайды» деген ғой. Бара-бара түңілген ата-ана пақыр жылан бағып өсіргендей болып келе жатқан. Соның белгісі қазір де міне, ақыры діңкелері құрып, әкесі барымташыларға:

– Сендер жүре беріңдер, ілесем десе өзі білсін, қайтеміз, – деген-ді. Аттарына леп бере тебініп, тақымдағы сойылдары қағыса сатырлаған шоғыр өреки түскенде атан кеуде, алып қара басшы жігіт:

– Балқия, біз сені ертпейміз, ертпейміз, – дей бере жігіттеріне. – Ал, тартыңдар, – деп бұйрық берді. Тақымында ойнақтаған омырауы есіктей арыстан кеуде көк ат Аққозының ертеден шапса, кешке озған дейтін бәйгесі. Сонымен, алды-арттарына қарамай барымташы топ лап беріп жортып бара жатты. Дүбірге шыдамай ойнақшып тұрған «Елік торы» деген атына лып етіп қарғып мінген Балқия да көзі оттай жанып, аналардың соңдарынан тепкілене екіленіп шаба жөнелген. Бүгінгі түрі бірдемеден құр қалатындай еді... Өлермендене екпіндеп, аптыққан түрі ештеңеден тайынбасын айғақтағандай.

2

Ауылдағы бар адамды, еркек-ұрғашы, бала-шаға – барлығын өздеріне жамырата қаратып, үй алдынан шыға бере-ақ қатты жүріспен шоқырақтата жөнелген топ айғай салым жердегі белегір қырқадан асып кеткенше, бөрте сақал Аққозы соңдарынан көз алмай қарап тұрып қалып, аналар көрінбей жоғалған кезде ғана қызына ақылы жетпей таңырқаған жүзбен:

– Пәруардигар, пәруардигар! – деп жағасын ұстап үйге кіріп кеткен.

Жортуылшылар алғашқы екпінмен біраз жерге дейін орта шабыспен барды да, содан ары жай желіске түсіп, саусылдап тартып отырды. Аттанғандары ұлы сәскенің шағы еді. Содан күні бойы небір қырат, қырларды басып, екінті әлетінде ұзақ жолдың үштен бірін жүріп өтіп, бұрын алтын кені болған Шағандиям деген маңдағы бір кең өзектің тұйық тұғылына ат басын іріккен. Мөлдіреген тас бастауы бар тұғылдың сары шалғынды түбегі аттарды бекітуге, өздеріне де жайлы екен. Ежелде Айбике деген бай әйелдің жайлауы болғандықтан, «Айбикенің тұғылы» атанған бұл жерді тапқан жорықшылардың басшысы қара дәу еді. Жеңгелері «Талтақай батыр» атандырып жіберген алып дәудің ішке иілген талтақ аяғы тақымына ілінген көкпарды адам баласына бермейтін. Маңдайындағы сүйемдей ай тыртық мұнан бұрынғы жылдары да Қобық қалмақтарымен кезек барымталасып жүргенде пайда болған. Ат үсті төбелесте қашан жығылып құлағанша қайтпай, саспай, таймай салысатын батырлығы бары рас. Мына ұрланған жылқы тұсында да өзіне серік болатын ең мықты деген белгілі атан жілік, атпал азаматтарды іріктеп, дәмелі бәйгелерге мінгізіп, жинаған да Талтақайдың өзі болатын. Туыстық жағынан Аққозының онша жақыны да емес. Тұтас Мәмеке табының намысына қызатын. Сойыл соқпаса қолы қышып тұратындай о жар мінезі бар. Мәмекенің бір адамына

біреу тисе, елден бұрын миятына шығатындықтан бұған бас иіп, бүкіл ауыл тілін алатын. «Екінтіде ел тастама» дегендей, мына түбектен өтіп кетсе тағы сулы жерге жеткенше, қараңғыға қалады. Сондықтан ерте жарықта ас-суларын дайындап, жолға алған азықтарын қамдап әрекеттеуге жайғасқан.

Неше жылдар бойы мал тұяғы тимеген сары-жасыл шалғын бір-біріне қосылып, қорыс болып қалған екен. Аттарын суытуға екі-екіден қалмақша қаңтарып, алды жантайыса кеткенде желмен ұйпаланып, бұйраланып қалған қалың, ұзын ат-көпір шалғын жамбастарына мамықтай тиген. Үштен-төрттен іріктеліп, бөлініп шоғырланғандар әр жерге тас ошақ жасап, шәугімдерін қойып, қанжығаға байлаған қол бақырларына ет қуырып, кешкі астарын дайындағанша кеш кіріп еді. Іңірде жанған от кер-қызыл жалын лапылдатып, қараңғы қоюланған сайын даналанып алаулап көрінеді. Аспан асты ашық далада шөліккеп ішкен дәмді, ыстық шәймен бойлары жадырап, шираған жолаушылар ұзақ жол соққанын қазір білген. Аттарын бөлек-бөлек арқандап, кейбірі сол арқандарға өз көлігін құсбаулап, енді біреулері шідерлеп, не тұсап болып тоқымдары мен ат-көрпелерін төсеніп, ерлерін жастанып жата-жата кеткен екен. Айсыз түнгі алқара көк аспан әлемінде жұлдыздар жыпырлай бастапты. Әсіресе, солтүстік шығыс шекеліктен оңтүстік батысқа қарай ұзынынан сұлай созылған «Құс жолы» құжынаған, көзді шаққан өткір шоқ жұлдыздармен айқындала түскен. Аспанның басқа қараңғы жағынан жарық тарта бозғылдана, шаңыта жолақтанып, жарқыраған күміс рең шалдырады. Сезіміңмен шарпысып, көкейіңе әлдебір шаттық ұялатқандай ма. Ұзын созылған су басындағы көз қарыған шаңқаң жұлдыздарымен бір шабыт сыйлағандай ма. Жан күйіңе қуаныш рахатын дарыта көз тартып, сен үшін жалтырап тұрғандай. Диу-пері, жындар қауымы біле ме, жоқ па, Алла осынау ғарыш әлеміндегі ақыл жетпес тылсым хикіметін гауһардай жандырып, адам құрметі үшін жаратқандай. Бірақ тек осы көріп қана шектелуден өзге аспан ұлылығының арғы ішкі құпия-

сында не жатқанын Құдырет өзі ғана біледі. Адам Алланың жаратылысы алдында көзі жұмулы құл-құтан, шыбын-шіркей ғана. Сөйте тұрып, аспан – жерді әке-бабамыз салып бергендей, ол туралы бір сәт ойланбай шіренеміз. Кімнің жерінде, қайда жүргенімізді білмейміз. Су мен ауа көп болған соң қадірі болмайтыны сияқты. «Иті үреген, аты жүреген» болып қызметіміз үлкейсе көше алмастай, байысақ, жер бетінің патшасы өзіміз болып жүреміз.

* * *

Жорықшылар алда айқасқа түсетін аттарының бабымен жолда тағы бір күн түнеп, есеппен жүргенде Қобық қалмақтарының шетіне кеш бата тақап келген. Талтақайдың шамалауынша жылқы өрістейтін жақ – Қобық өзенінің жоғарғы тау беткейлері. Қазір оған қарай барлығы бармай, жолбасшы батыр өзі қасына бір адам ғана ертіп кетіп еді. Көп кешікпей өзекте бұғып жатқандарға қайта келіп:

– Ал, жүріңдер, ерлерім, – деп барған жағына қарай бастай жөнелді. Жақын маңдағы бір аңғарда жусап жатқан жылқы бар екен. Көкжиектен арқан бойы көтеріліп қалған ай жарығымен байқалғаны құрықтарына сүйеніп шетте темекі тартып тұрған екі жылқышыдан басқа ешкім көрінбейді. Оларға ес таптырмай ағындап жеткен Талтақай мен қасындағы серігі еді. Қапелімде тап болған мына қырсыққа не істерлерін білмеген бейбақтар таяқтан қорғанып, ат үстінде бойларын бұға бастағаннан басқа шара таппай қалған. Талтақай ырғай сойылмен өлмес жерден, жауырынынан қиғаштата екеуін екі ұрып талдыра құлатқан. Бірақ жақында ғана шұбар қысырақ үйірін алған барымташылар қамсыз, жайбарақат емес-ті. Соңдарынан жау түсетінін біледі. Елу шақты адам аттарын екі-үш күн сайын бір таң асырып, кешке қарай ерттеп, сақадай-сай тұрған. Тек, арада бір апта уақыт өтсе де іздеуші дерегі

білінбегендіктен, сәл де болса бейғамсып, дәл қазір келе қояды деймісің дегендей, Талтақай тобы жетердің алдында ғана бар шоғырымен құлдырласа, дабырласа сөйлесіп, шайларын ішіп келуге кеткен. Жылқы нобайы екі айғыр үйіріндей ме. Содан тең жарымдайын бөліп алған бұлар былай шығып алғанша дүбірлетіп, дүрілдетпей ақырын айдап, сусып жөнеле берді. Соңғы жақта білінген ешқандай дыбыс жоқ еді. Бір сәтте ұзағырақ айдалып бара жатқан жылқы ішінен азынай кісінеген кәрі айғырдың күмбірлеген дауысы шықты да, құйрығын тіге қашқан жануар қайыру бермей жалғыз өзі құйғытқан бойы қара үзіп кете барды.

– Қап, мына сығырдың жарым үйірі қалған екен-ау, – деген Талтақай.

– Енді не де болса да, қатты қуалап айдаңдар, – деп бұйырды. Қалғанынан тағы айырылып қалмайық деген барымташылар бәйге аттарымен қарын сау мешкей биелерді сауырдан сабалап, енді тұс-тұстан «хе-еу, хеу» деген қиқумен жиырма-отыздай жылқыны ес таптырмай бездіре қуалай жөнелген. Бірақ әлгіндей мешел биелер аттың шабыс тебініне шыдамаған. Алғашында аз жерге ойдағыдай арындағандарымен, кебеже-қарын жануарлар ұзамай-ақ өз шамаларына түскен еді.

Қашқан айғыр жеткенше екі жылқышы да естерін жиған. Үйіріне сонадайдан азынай кісінеп қосылған айғырдың жер жарған дауысы жылқыға қарай топ-топ болып келе жатқан күзетші қарауылдарға бір сойқанның болғанын бірден ұқтырған-ды. Бір-бірімен тез сөйлесіп, тас түйін болған қалмақ жорықшылары екі жылқышыдан мұнда болған жағдайды біле сала, барымташылардың соңынан аттарына қамшы басып лап берген. Елу шақты жарау аттылар жол-жөнекей құлдырласа ағындап отырып, сүт пісірім уақытта-ақ қазақ барымташыларының нобайын көрерліктей жерге ілінген. Қырсық шалғанда, бағанағы шау-шалжаң биелер бөгет болып, Талтақай кейбіреулерін жол-жөнекей амалсыз қалдырып та бара жатқан-ды. Ал біріңғай сары тап болып баппен қатқан жарауларын мінген қуғыншы Талтақай тобын құтқарған жоқ. Жақындаған сайын

сойылдарын қағыстыра сатырлатып келіп қалған жаудың қарасын байқағанда, ашуға булыққан Талтақай Балқияға ақырып:

– Ал, сорлының қызы! Жаныңды қорға енді! – дей түсіп, жігіттеріне де қатал әмір беріп. – Сайланыңдар, саспай салысыңдар! Жылқыны бір-екеуің ғана қуа беріңдер, – деді де, өзі арт жаққа қарай кежігулеп, жолдастарымен қоса жау алдын тосқауылдап қалды. Мұндайда саспайтын Талтақай жау қарасын шолып та үлгірген еді.

– Көптігіне қарамаңдар, ә дегеннен қатты кіріссең, бұның бәрі бірдей батыр емес, беті қайтады, – деп серіктеріне дес бере түсті. Кешікпей-ақ сатыр-сұтыр айқас басталып кеткен. Қарама-қарсы ағып өтіп, соққан сойылдар сартылдап, кей тұста ұйлығып, араласып қалады. Қуғыншылар өздерін бір-біріне таныту үшін «иа бұрқын, иа ағлаби» десіп дыбыс берсе, Талтақай бастағандар да шолақ-шолақ, қарбалас үн қатып:

– Жік жазба! Тізелес!

– Араға кір! Жарып өт!

– Таймай соқ! Жасқанба! – дей түсіп, бір-біріне күш бере ту-талақай салысып кеткен. Соғысудан қорқатын адам барымташыға ермейді. Келсең – кел дейтін ру мықтыларының бар көргені бұл емес. Мәмеке тайпасының атын шығарғандар да ат үсті төбелеске ежелден көнігі осы жігіттер.

Соры қайнап, басына осындай тауқыметті тілеп алған Балқия бір шетте үрейі ұшып, қозғалмай тұрып қалған. Шошынғанынан кімнің-кім екенін бағдарлап көре алған жоқ. Әзірше оны екі жақтан да ешкім аңғармаған сияқты. Иегі дірілдеп, қалтыраған екі тізесінен жан кеткен жас қыз төбе құйқасы киіздей тұтып қалған халде еді. Ер-жүрек ағалары қапысыз айқасқанымен, небары отызға тарта адамға қалмақтың елудей сойылшылары жабылған. Қаумалап алған. Өзіне таяқ аз тимеген Талтақай ә дегенше екі-үш жауды аттан түсірген-ді. Басқа серіктері де аянып қалған жоқ. Көп жауды қиратып жығуға шамалары келмесе де, қасқая қарсы тұрып өздерін қорғай алуда. Шаппа-шап келгендердің сойы-

лын қаға қайтарып, жан сауғалап жүрген. Қалмақша түсінетін Талтақай аналардың бір айтқан сөзін құлағы шалып қалды. Басшысы болса керек: «Жылқыны ажыратып қалсақ болды, адам жазым болмасын» деген. Талтақайға мәселе түсінікті болды. Бұл – өздері мінді, қазаққа алдымен соқтығып барымта алған қалмақтардың күні бұрын да келісіп қойған сөздері тәрізденген. Бірақ еліріп алған есерлері оған қаншалық құлақ асқандары белгісіз еді. Денелеріне таяқ батып ашынған немелер боранды күнгі ұялас бөрілердей құтырынып алған. Ақыра айғайлап, жұптасып жүр.

Ер үстінде жарбиып шетте тұрған кішкене «баланың» атын олжалағысы келген еңгезердей бір дәу қалмақ соған қарай төне беріп еді. Зәресі ұшқан Балқия аузына түскен сөзін айта, жан дауысы шыға:

– Ойбай, ағатай, мен қызбын, маған тимеңіз, мен қызбын, ағатай! – деп шаңқылдап жіберген. Қобық жеріндегі шеттерінен қазақша білетін қалмақ адамы көктен тілегенін жерден бергендей төне түсіп:

– А, сен қызсың ба, oh, айналайын!.. Саған өзімнен басқа ешкім тиіспейді, жүре ғой, – деп шылбырынан алып жетелей жөнелгенде, қасындағы жолдасы қыздың атын сауырынан ұра қуалап, екеулеп топтан жырып ала жөнелді. Балқияның шырқырап бара жатқанын мына жақта ешкім естіген жоқ. Күні ертең жауап беретін қалмақ басшысы да білмей қалды. Талтақай өз адамдарына айқайлап:

– Қаша соғысыңдар, қаша соғысыңдар, – деп серіктерін алдыға қарай беттете берді. Аналарға алаңдаймын деп, өзі екі жаудың ортасында қалып бара жатқанын байқай берген. Неше жылғы қабығы құрысып қатқан білектей ырғай сойылын шыр-көбелек айналдыра екі жағының қаруын бірдей қағып, сытылып шыға берді. Мұндайда атына сенетін. Малдарын ажыратып қалғысы келген қалмақтар да соңдарынан түскен. Жылқыны алдын ала қуып кеткендерге екі жағы да умақ-шумақ жетті. Адамға қарамай қалмақтар жылқыны кері қайтарып, қазақтар оның алдын тосып әлек. Талтақайдың астындағы көк бәйге басқа аттардай

бұрлығып, сыр берер емес. Шалдығатын түрі жоқ. Шабысқа жаңа түскендей, әлі де арынды еді. Діттеген жауына қуса жетіп, олар қуаласа ары өтіп қашып, бері өтіп қашып жылқы баласына шалдырмай жүр. Жаясы төңкерген тегенедей артқы аяқтарының арасы алшақ кең біткен жануар тірсектерін еліктей серпіп шабатын. Жорыққа Талтақай ғана мінетіндіктен, жұрт «Талтақайдың талтақ көгі» атандырған. Серіктерімен бірге жылқыны ажыратумен қоса, оңтайына келген қалмақты талма жерден тізеден, иықтан қағып қалып, ат жалын құштырады. Сойылы дарығанын есеңгіретпей қоймайды. Кейде қашқан жауды бастырмалата жетіп, оның өз қолынан омақаса ұшқанын көргенде қарқылдап күліп те жібереді. Бірақ жолдастарының аттары барлығы бастап, көбінің қайраттары кеміп бара жатқан соң, Талтақай жолдастарына зор дауысымен үн беріп:

– ho–ой, жігіттер, болмады, болмады! Жылқыны тастандар, бас сауғаландар, ал жөнелдік! – деп аты әлсіздерді алдыға жіберді. Өзі мықты жігіттерімен артқа ала, есесі кетіп, өштесіп қуғандармен сойыл қағысып бара жатты. Ер үстінде бір жамбастап қисая, бұрыла отырып, артқы жақпен салысқанда да қапы кетпей оңтайын табады.

* * *

Бұлар қалмақтардан қара үзіп шыққанша Балқияны жоқтамаған. Оған шамалары да келген жоқ. Қуғыннан құтыла бере шабыстарын тоқтатып, ес жия бастағанда ғана біреуінің дауысы баж еткендей қатты шығып:

– Ой, әлгі Балқия бар ма? – деп жан-жағына алақтай түскен. Бұл Балқияның ең жақыны, немере ағасы Саймасай деген еді. Аққозының бірге туған інісінің баласы, Талтақайдан кейінгі көпке тірек батыр осы болатын. Бұның әлгі айтқанына оқыс елең етсе қалған жұрт төбеден ауған толықша айдың жарығымен жан-жақтарына жалтақтасқанда қыздың дауысы шыққан жоқ.



– Ойбай, ол жоқ қой!

– Міне, құдай атты!

– Әне, айтпадық па... Албасты-ай, албасты-ай, ол қайда қалды!?

– Ойбай, ауылға енді не бетімізбен барамыз?! – десіп, дабырласа шуласып кетті. Талтақай үні күркіреп шығып:

– Ә, оңбаған, құрдым жүгермек! Жүгермек! Өзгесінен бұрын ұятқа қалдыратын осы болды ғой! – деп не істерін білмей шириғып кетті. Ашу қысып қозғалақтаған денесі өз терісіне симағандай. Қалғандары тағы шулай жөнелді:

– Әдейі тастап кеткендей болдық- ау, бейшараны!

– Е, біз бе екенбіз, өзі, өзі ғой!

– Әке-шешесінен бастап бар ауыл біледі ғой...

Обалы болса өзіне, албастының!

– Қап, қап, обал болды-ау!... Қалай болғанда да ұяты бізге келетін болды. Бәріміз аман, ортамыздағы жалғыз қыздан айырылды! Ел-жұртқа не бетімізді айтамыз?! –

– Иә, дос-дұшпан не дейді бізге?.. – десіп ары шулап, бері шулап діңкелеп саябырлай келе Талтақай:

– Ой, енді ес жияиық. Қайтуіміз керек, не істеу керек? ... Енді суы бар жер тауып бір күн, жарым күн ат-көлік тынықтырып, сонан соң қалмаққа қайта барсақ қайтеді?... Малы өздерінде қалды, басқа еш нәрсесіне таласып жатқамыз жоқ, оларға қыздың жөнін айтсақ?.. Аққозы ақсақалға не деп, қай бетімізбен барамыз, – деген. Бұған батырлығы, әрі қызбен туыстығы бар Саймасай қосылғандай болғанымен, бастары күп боп іскен, таяқтан қалжыраған өзгелер әртүрлі сөзбен қарсылық білдірісіп шулай жөнелісті. Айтқандары «уыттанып алған қалмақ бізді қарсы ала қоя ма? Жазықсыз жылқышыларын ұрып жығып, жылқысын алып қашқанымыз анау. Қуалап жеткендерінде малдарын тастап беріп кете бермей, қарсыласып бірталай адамдарын құлатып ойрандағанымыз анау. Сен барғанда сағынып отыр ма? Олардың ауылы жақсы көре ме; өзгесін қойғанда қатын-баласы-ақ түтіп жейтін шығар» деген негіздегі өлшемді ойлар болатын. Осымен көкірегі



көнектей болып келген жігіттер сымпиып қайтатын болды. Талтақай назалана:

– Жұрдай болдық-ау, жұрдай болдық-ау!... Көкми, көргенсіз, иттің қызы, ар-ұяттан жұрдай ғып, біржолата жұтаттың-ау!– деп айғайлап кетті. Осы түні бұрлыққан аттарымен жолға бір түнеп, ертеңінде кешке суы бар белгілі тұғылға зорға жетті. Адам атаулы қайыршыдай жүдеу, ат-көлік жануарлар да жүндері ұйпаланған; үрпиген, реңсіз, репетсіз еді. Болдырған аттарын тынықтырып, өздері ашыққан, тарыққан бойларында қона жатты да, ауылға бесінші күні әрең жеткен. Бұлардың кешіккеніне аң-таң болып отырған ауыл адамдарына осы қажыған сүлесоқ, сүмірейген бойларында көрінуге тура келді. Аттанып кетердегі жалпақ жауды жайпардай айбаттарымен бұл күнгі сиқы адам сенбестей.

Аққозының әйелі жүрегі бірдеме сезген бе, болмаса түс көріп болжап отырған ба, шеттерінен салы суға кетіп, аяңдап қана жете берген жолаушылардың алдынан қарсы шығып:

– А-а-ай, ойбай, әлгі қыз қайда!? Бәсе айтып едім-ау! Қатын-ай! Тірі өлтірдің-ау, қатын! – деп азан сала боздап отыра қалып долданғанынан, алдындағы шөпті қос қолдап жұлып, көкке шаша лақтырып жатты. Өзі талықсып та кеткен. Бұлғақтап жығылуға аз қалған. Саймасай аттан қарғып түсіп:

– Ойбай, шешеке, сабыр, сабыр етіңіз, – деп сүйей берді де. – Мына менің басымды қараңызшы, міне көріңізші, – дей түсіп, қалпаған жұлып алғанда бүкіл төбе құйқасы күп болып ісіп кеткені байқалды. Жүзінен де соның зардабы білініп, көздерінің айналасы көкшіл тартып көлкілдеп тұрған. Кемпірі түскір сөз тыңдаған жоқ.

– Сүтімді көкке сауайын, көкке сауайын! – деп керілдеген үнімен ойбай салып, бақыра берді. Бұған дейін ана үй, мына үй жан-жақтан жиналып келген көрші-қолаң, ер-әйелдердің үрейін ұшырды. Барымташылар ауылға тірелген бойда бірден аттан түспей шетінен сүмпиіп тоқтап, тұрып қалған еді. Кемпір көршілерін көргенде онан сайын үдеп:



– Жұртым-ау, не болдым, жұртым-ау! Бұл қорлықты тірі тартқанша, туа шөккірдің тумағаны жақсы еді ғой, жұртым-ау! – деп бода-бодасы шығып жатты. Қарап тұруға дәті шыдамаған Талтақай атын мойнына бір салып:

– Жә, не тұрыс, – деп өзгелерді бастап, әр үйлерге қарай бөліне жылжыған. Аққозы не де болса ішінде, үйден шыққан жоқ. Шекпенімен басын бүркеніп, іргеде теріс қарап жатып алған екен.

* * *

Оқиға осы тұсқа келгенде Зекейдің аузын баға, оған жамырай қарап отырғандар:

– Жә, содан не болды екен?

– Қызықтың көкесі енді болды.

– Ойпырым-ай, Зекей-ай... Ішінде атан шөгіп жатса білдірмейді екенсің-ау! – десіп жігіттер жағы қопандасып кеткен. Жамалқан мен Бәдет те дәл қазір болған жағдайдай ашынып сөйлеп:

– Әлгі, қу ғана салдақының кесірі ғой. Ауылдан шығарда сонша адам жабылып қой-қойласа да, көнбеген көкбеттің обалы өзіне ғой.

– Япыр-ай, десеңші. Қалмақ оның шекесін қыздырған шығыр!.. Ойнақтап от басқан сорлы деген сол, – десті. Үй іші Зекейді жаңа көргендей, соның бетіне қарап өрекіген.

– Қызығы соңында, тоқтаңыздар, – деп үй иесі оқиғаның ар жағын әлі де ұзақ жыр ғып жалғай түспек. Осы тұста Зекей:

– Шәрипа, самауырың дайын болса, енді бір шәй ішіп алайық, – деп тоқтағанда өзгелер:

– Рас-ау, бір ет асым уақыт болды, осынша майын тамызып әңгіме айту оңай ма. Біздің түгіміз кеткен жоқ, шәй ішіп, тамағыңды жібітіп ал.



– Бұл өзі не деген қызық әңгіме. Ел ішінде не болмаған дейсің.

– Ой, бүйткен қызығы құрып қалсын. Ана жап-жас қыз сорлының күні не болды екен? – деп Зәмзәмкүл елең қақты. Оған Шәрипа қосылып:

– Қыздан бұрын мына жақтағы ата-анасы не болды десеңші! – деп үрейленіп отыр. Өз бала-шағасы алдарынан қия өтпейтін Шәрипа оқиғадағы бар қиындықты жүрегімен ұғып. – Ойпырым-ай, Зекей-ай... Қанша жыл өтіп жатыр, мына сұмдықты маған да айтпапсың-ау! – деп қолымен кеудесін басып таңырқады. Есесіне Кейқуат мақтанып:

– Міне, Шәрипа қарындас... менің Зекей досымның қандай адам екенін өсти-өсти білесің, – деп маз болса күлді. Бұл отбасы бір-бірімен танысарда Кейқуаттығы ниеттестігі аз болған жоқ. Епшіл сөздерімен Шәрипаны Зекейге жағыстыра, жұғыстырған дәнекерлігі бар.

Зекей үйінде бас қосатын мына дос-жар, ер-әйелдердің осы отбасымен екі араларынан қыл өтпестей тәтті татулығы көрініп тұр. Сыршылдықтары табыстырған жан сезім үйірлестігі болатын. Бір ғана бұл үй емес, осылардың барлығы да мынандай топты өз үйлерінде кезегімен сыйлап, әр кезде әр қилы тамаша думандар өткізіп жататын. Ең аяғы Сақан мен Зәмзәмкүл де дастарқан жаюдан шет қалмаушы еді.

3

Дәл осы күні тынығып демалмастан бір шәй іше сала ат ауыстырып мінген Талтақай мен Саймасай, осындайда ақыл табатын ел ағасы Тоқтық биге жеткен. Аққозы Тоқтық келіп, есіктен сәлем бере кіргенде де орнынан тұрмаған еді. Бұл ауылдан әлі көбі тарқамаған барымташылардың бастары бітеу тұлып боп іскен. Бәрінің сағы сыныңқы. Соны көріп, Тоқтық қарт басын шайқай отырып:

– Әй, әй жастық-ай! Дәмелі болғанымен, дәрмені жоқ көріні таңыртқатпай тұрмайсың-ау. Мені болары болған соң іздегенше, әнеугүні аттанбай тұрып, бір ауыз ақыл салмағандарыңды қарашы. «Жастық өзінің уақытын білмейді» деген осы. Өйткені, жастықтың қадірін жас ұлғая келе білесің, қайтейін, онда өкініштен өзегің өртеніп отырсың, – деп күңіренді. Осымен қай кезде, қай істе болсын тез шешімге келетін Тоқтық би үй иесіне ақыл салуы керек еді. Дауысын қатаң шығара:

– Әй, Аққозы! Мына жатысыңнан ештеңе өнбейді, басыңды көтер енді! «Жау жәбір етсе, сен сабыр ет» дегенді атаң қазақ осындайда айтқан. «Ашуынды көтере алмасаң, кек қайтара алмайсың» деген тағы бар. Ойласып, ақыл табайық. Жын да бейімдіні қағатын-ындай, адам өзі пәлекетке бейім тұрған соң осылай болмай қайтеді. «Пәледен қашып жүрсең, пәленің сенен басқа несі бар, бір шетін басып жүрсең, пәленің сенен басқа несі бар» депті. Баланың балалығына әкенің даналығы қайда? Қызды байлап қойсаңдар да жібермеулерің керек еді. Болары болған екен, тұр енді! – деп қадалып отырып, Аққозыға басын көтертті. Таңдайын қымызбен ғана жібіткені болмаса, әнеукүннен бері нәр татпай теріс түсіп жатып алған бай шөлмектей болған екен.

Тоқтықтың тапқан ақылы Шәуешектегі ұлыққа барып арыздану қажет көрінеді. Іле-Қорғаста қазақ ішінде

өскен бай сібе Чың фу дегенді үш аймақ түгел бағынатын Тарбағатай аймағын басқаруға Сүйдін-Күренің генерал губернаторы Шу-Сылың жіберген. Сол Чың фу, атты жақсы көретіндіктен, Тоқтық Аққозыға соған бір жақсы атын жіберу керектігін білдірген. Шәуешектегі ұлық Тоқтық биді біледі. Осының атынан сәлем жолдап барады. Аққозы сөзге келген жоқ. Жылқышыға бір ақбоз жорғаны алдырды. Әрекеттің барлығы осы айтылғандай болып, Талтақай мен Саймасайға тағы екі-үш жолдас қосып, жолға салмақ. Бұлар үйді-үйлерінде бір күн тыныққан соң, Талтақай боз жорғаны ноқталап алып, бір топ жігітті бастап, тағы жолға шықты. Құйрықжалы сусылдап жалтыраған күміс құйрық жануар мекенінен, үйірінен мәңгі ажырайтынын білмей, желіп кеткен жолаушылар жетегінде жайқала жорғалап, судырлай жөнеліп бара жатқаны аянышты еді.

Ұзақ жол басып, бір аптада Талтақайлар барлық істі ойдағыдай тындырып оралды. Чың фу бойларына қару асынған үш әскер қосып аттандырыпты. Чың фу өзінен дәрежесі кіші Қобықтың тәйжісіне мөртаңбасын басып жолдаған қатыныс қағаз бойынша, қалмақтар қазақпен келіссөз жүргізетін болыпты. Және Қобық даугерлері кездесетін жерді тең ортадағы Айбикенің тұғылы етіп белгілепті. Осыдан үш күн өткенде екі жақтың даугерлері белгіленген жерде бір-бірімен тоғысқан болатын. Тоқтық пен Әкежан деген, әрі балуан, әрі батыр бастап, Мәмекенің ат жалын тартып мінген еркегі тайлы-таяғы қалмай, тұтас тайпа қопарыла бір-ақ аттанып еді. Жетектерінде бірер күндік азық-түлік артқан алты-жеті түйелері де бар еді. Тұғыл түбектегі тұманың шығыс бетіне қалмақтар, бергі қабатына қазақтар ошарыла жайғасқан.

Екі жақтың дауға түсетін билерінің үстінен қарайтын төбе би қалмақ жағынан сайланыпты. Тегінде Қобық қалмақтары тілі шыға бастаған бала күнінен қазақ балаларымен бірге ойнап өсетіндіктен, қазақтың тілін білмейтіндері жоқ. Ол ғана емес, мақалдап сөйлегенде қазағынның өзін жаңылдыратын не біреулері кездеседі. Тіпті, төреден шыққан ежелгі хандардың барлығы да

қазаққа ассимиляция болып сіңіп кеткен ұлттан шыққан ғой.

Дауға түсетін қарсы жақтың адамы желке, шүйде майы білеуленген шомбал бет, тысырайған, қалың ұзын, айыр қара сақалы бар қалмақ екен. Құллан шеке, қу сирақ кедей де бар, жоны қалың, шой желке бай да бар дегендей, Қобықтағы қалмақтың ең жылқылы байы осы деседі. Тоқтық би ішінен: «Байлығы мен мансабы есінде тұрған кісиде адал ниет болмайды», деуші еді, бұл қайтер екен» деп күдік ойлаған. Бұның өзге көптен бірден байқалатын айырмашылығы зор денелі, басы мен бет кескіні кесек, Тоқтық бидің салқын қабақ астынан қарайтын салмақты оты бар, ойлы, өткір көзі келбетінен сұсты айбын танытатын.

Даугер екі жақ орталарына ұзыннан шұбалта ала арқан тастап, қарама-қарсы екі ұлт есебінде бөлініп отырды. Қазақ – қалмақ болып, жалпы саны кем қойса, үш жүздей бар. Көзге түсерлік бір жайт, қалмақтар біріңғай ересек адамдар болғанда, қазақ шоғырының артқы жағында жастар да бірталай екен. Бұларды Тоқтық би адам қарасы көп болсын деп емес, осындай ірі даулардан жер танысын, сөз ұқсын деген оймен ерткен. Жуас, момын, жай шаруа әке-шешелерінің қалмақтың аты мен затынан үркіп жібергілері келмегендеріне қарамаған. Істі жанжалға жеткізбейтін сенімді әскер бар ғой. Биылғы жаздың белгілі әлек-шәлегімен бұл кезде күз жақындап қалған. Жайлауда қалмақ бастаған барымта әлегі осы уақытқа жеткізген. Тамыз айының орта шеніндегі шыбынсыз қоңыржай дала.

Бір күдік тудыратыны – төбе би Қобық ауданына қарайтын қалмақтарды тұтас билеген тәйжісі Харахута деген, бойы сырықтай ұзын, ақсары қалмақ сайланды. Қазақтар жағы Тоқтық төбе би болар деп күткен еді. Иегінде шашыраған селдір түктерінің басы құралмаған көсе шалыс ақсүйек Харахута ойға, сөзге даңғыл, аты шыққан жүйріктің өзі еді. Бұның әділдігін білетін Шәуешектегі ұлық Харахутаға «Төбе би – сен боласың» деп, әскерлерінен сәлем айтқан. Ол арқанның екі

жағында өз топтарының алдына таман оза жайғасқан екі биге кезегімен сөз берер алдында, арқанның бас жағындағы жеке отырған орнынан көтеріліп, зор үнін алқа-қотан жайғасқан қалың көпшілікке толық жеткізе:

– Ал, ағайындар, біздің Қобық халқының жартысындайы – қазақ туғандар. Қойымыз қоралас, бидайымыз ұралас болмаса да, жайлауымыз салалас, итіміз ұялас араласып жатқан елміз. Қыр жайлап, тауда, таста көшіп-қонып, жаңа тонға ескі түйме қадаған ескі тонымыз бірге тозған қазақ-қалмақпыз. Ағаш кереге, киіз туырлық, шаңырағы туыс, үйі қуыс түбірлес халықпыз. Дініміз басқа болғанымен, өмір сүру өзегіміз, тірегіміз бір. Рас, бүгін екі жағымыз дауға жиналып отырмыз. Ел болған соң, ұя бұзар тентегі мен асыранды телісі болмай тұрмайды. Сиырға ешкі телігендей кереғарлық болмай қоймайды. Екі жағымызда да ақылдан кенде болмағанымен, мақұлдан кенде, жаға жыртар жындыбастарымыз жоқ емес. Екі би, бүгін сендер соның барлығын екшей отырып, әңгімені әділетке қарай бұрыңдар. «Қазы хан қасында, қараша жар басында» дегізіп, жалпақ жұртты алаламай, ауған түйені теңшегендей көңіл бөліңдер. «Өзі сұм сөзге бақпай, көзге бағады, одан қалса кигізетін бөзге бағады» болмай, таразыны тең басыңдар. Сыңаржақтыққа салған би екі жақтың әділ адамдары алдында ұятқа қалатындарыңды осы бастан ойлаңдар. Қазекеңнің «тар жерде табысқан, кең жерде көріседі» деген жақсы мақалы бар. Осы отырған бәріміз болып, «сен» деспей «сіз» десіп, тарқауға тырысайық. «Сіз» деген «сен» дегеннің келініндей дейтін көрегенділік тағы бар. Олай болса, әділ бітісіп, тату тарқасайық. Сөздің басын, қазақ биі, сіз бастаңыз, – деді Тоқтыққа. Харахутаның аузынан мынадай өлшемді сөз шығар деп күтпеген Тоқтық бастан-аяқ оның жүзіне сынай қарап отырған. Өзі мынандай тура билікке қанаттанып та қалды. Бұған сөз еркі алдымен тигенде қимылы ширақ Тоқтық орнынан тез түрегеп:

– Уа, Харахута мырза! Өте жақсы айттыңыз. Осы білгірлігіңіз үшін атаңызға рахмет дейін. Өзіңіз айтпақшы, таулы жердің бөрісі, тайпалы елдің ұрысы болмай

тұрмайды. Ал, ел ағаларының мойнындағы міндет – құрығын сүйреткен ұрыны түн асырмай, құйрығын сүйреткен бөріні қыр асырмай, қуғын салу. Және шынайы шындықтың өзін жақсы көретін тоңмойындыққа жол бермеу. Сол үшін тентекті түзейтін келтек керек болған соң сойылыңды аларсың, сойқаныңды табарсың деп атқа мінесің. Бақалы көлдің сары иек жыланындай дәндеген қарақшылар келіп отыр. Екі жақтың талай жылғы дауы бітіп, он шақты жылдан бері тыным тауып қалғанымыз қайда. Соның бөріні селге кетіріп, биыл жазда сіздің қарақшыларыңыз бір қысырақ үйір жылқымызды бір-ақ үптеп айдап кетті. Соның аяғы енді мынау болып отыр. Екі жақты бірдей сарсаңға салып әурелікке түсірді. Азаматтарымыз етігін шешпей, ерін алмай ат үстінде сабылып жүргеніне міне, бір ай өтті. Біздің елге осы жақсы ма?! Уайым ұйқымыздан айырды, ар-намыс күлкімізден, сұрқымыздан айырды. Жүрген жүрісіміз мынау. Қайраты бар қарулы жасты аямаса да, қауқары қашқан біздей қартты аяса болмай ма? Алтыннан аттап барып талқан алып жейтін, дүниені емес, әділдікті сүйетін қарт-қария сенде де бар емес пе. Соларды неге күңірендіреді? Мал иесінен ұрысы күшті болып, қызыңды тартып алып қалған деген не сұмдық! Қыздың ары халықтың, елдіктің ары емес пе?! Бұл деген тұтас ұлттың сүйегіне басып отырған таңба деп білеміз. «Ердің құны жүз жылқы, ары мың жылқы» дейді. Қазақ үшін қыздың ары жеке ердің ары емес, жалпақ жатқан елдің ары! Мен бұны еліңді ебелек, еріңді кебенек орнында көрмеу деп білемін! Қане, осыған не айтатындарыңызды ет құлағымызбен естігіміз келеді, – деп тоқтады.

Өз елі қалмақ арасында «байбатша Жамса Доржы» атанған қарсыласы Тоқтықтың сөзін онша қабылдағысы келмегендей сыңай байқатқан. Міз баққан жоқ. Үні күркіреп шығады екен.

– О-о, Тоқтық би, сен өзіңнен басқа кісіні қисық іске қыли көзбен қарайды деп ойлайсың ба? Көз қияндағыны көрсе, ақыл қиялдағыны көреді емес пе. Сенің қиялыңда не тұрғанын айтпасаң да білеміз. «Қарақшы,

қарақшы» дейсің, қарақшының өз ісіне өкінетін арлысы бар, қазының әділетсіз ісіне өкінбейтін арсызы бар. «Қызымызды алып қалдың, бұл не сұмдық» деп отырсың, дұрыс. Бірақ біреуді құдай қаңғыртады, біреу құдайға болмай өзі қаңғиды дегендей, барымташыларға қыз баланы қосып аттандыру деген, өзің айтқандай не сұмдық? Бұл қасқырға қойды міне, жей ғой деп өз қолыңмен шығарып бергенмен бірдей емес пе? Өзгені қылмысқа өзің итермелеп тұрған жоқпысың? Адамды арандатып тұрған өздерің ғой. Ал тіпті, қыздарыңды алсақ не бопты?.. Бұл нәрсе яғни, бір-бірімізден қыз алу – біздің сонау арғы ата-бабамыз жоңғарлар мен қазақ арасында ежелден болып келе жатқан жағдай. Қазақ ішінде қалмақ қызынан қолға түсіп және соның атымен ру аты аталып, бір рудың ұраны болып жүрген елдер бар ғой. Әне, сол қыздарымыздан не жамандық көрдіңіздер. Ал, мына әрекетке келетін болсақ, тіпті, жайшылық уақыт емес. Барымта мен қарымта үстінде болып отыр. Және ол қызды алып қашып отырған бойдақ жігіт еді... Сорлы өз түбіне өзі қалай жеткенін соңыра білесіздер... Сендер бұл қулықты әдейі амалмен жасап, дау өрши түссін, кегімізді мықтап қайтарайық деп жасап отырсыңдар. Ол қыз сендердің арнайы құрбандыққа шығарған біреу болуы керек. Әйтпесе, қандай ата-ана осындай көзжұмбайлыққа барады? Әлде, ешкімі жоқ, тас жетім қыз шығар. Ал шұбар қысырақтың әңгімесіне келетін болсақ, оны жасап жүрген басшы жігіт – бір қу тақым кедей. Қазақша айтқанда «ұры тонар пұлы жоқ, сайтан алар діні жоқ» дейтіннің өзі. «Жарлы – жалаңашқа лыпа жаба алмайды» деген. Оның беретін несі бар дейсің. Ал басын алам десендер, қазір өзі осында отыр. Әлгі жылқыларды қайда құртып, қайда жібергенін ешкім білмейді. Қу кедей Сарсүмбе жаққа, Алтайға асырып жіберді ме, кім білсін, – деп келе жатқанда Тоқтық дауысын қатты шығара оның сөзін бөліп:

– Әй, Жамса Доржы мырза! Сен әңгімені құба жондатып қайда тартып барасың? Сенің мына айтқаның «иесі құтылғысы келсе итім құтырды дейді» дегеннің өзі болып отыр. Сөзді бұра тартып, «оның несін ала-

сың» дегің келеді. Дау жөнімен аяқталсын десең, бұл сөзінді осында келіп отырған біз ғана емес, тұтас қазақ болып қолдамайды, қабылдамайды. Сен «май басқан құлақ естімейді» болып байлығыңа сеніп, сөйлеп тұрсың, – деп қарсыласына ашулана сөз бастағанда төбе би:

– Ой, Жамса, сенің жаңағы жауабың дұрыс емес. Мен басында не дедім, сендерге? Сен Қобық пен Жайыр арасындағы үш күндік жолды үш айға созғалы отырғаныңды білемісің. «Сайтан алар діні жоқ» деп ақтағың келеді. Еліңнен шыққан ондай ессіз, есуас немеге ел ағасы деген жауаптылығың қайда? Мына халық алдындағы кісілік борыш – міндетің қайда? Атадан балаға қалатын жаулық қалдырмай сөйле. Екі араға қастандық тастамай сөйле. Ана қысырақты алған баукеспе неменді тұрғыз орнынан. Сол малдың қайда екенін айтып, тауып бермесе, дәл қазір осы араға дар құрғызып, сүйегін итке тастатамын, – деді. Ашуға булығып сөйлегенде ақсары жүзі күреңітіп, тұла денесі қалшылдап кеткенінен белгілі болып тұрды. Жамса Доржы өзінің ұлттас, қандас адамы болса да, бағанағы бастап берген жақсы сөзін сыйламағанын, төбе билік орнын құрметтемегенін айыпқа санап, қаһарланған.

Бұл сәтте жұрттың барлығының көзі Жамса Доржыда еді. Ол алғашында қайтерін білмей сасқалақтап қалғандай. Бетіне ешкім қарамаған, басынан сөз асырмайтын асау бай қатты қақпай көрді. Харахута тәйжінің аузынан шыққан айыптау билігіне осынша халық алдында намыстан өртенердей болып тұрса да, ойын тез жинақтап алды. Қалмақтың жыпырлап отырған қалың тобына қарап, жалт-жұлт еткен көзімен біреуді тез іздей бастады да, солай қарай айғайлай құлдырлап бірдеме деп, арасында «Шөрік лама» деген адам атын айтып қалды. Туғанда ата-анасы есіміне «ламаны» жамаған баукеспе ұры қалың топ ішінен сұмпииып орнынан түрегелді. Көзі жыртиған өң-түсі құдай, орта жастағы қырқылжың неме екен. Ол Жамса Доржы әдейі аузына салған жаңағы тәсілмен бұлтақтап жалтарғысы келгені байқалды. «Жақсы қанша ақыл білсе, залым

сонша заң біледі» демекші, Шөрік лама оңайлықпен иегін жерге тигізгісі жоқ. Сұрықсыз нұсқасымен сонау жақтан төбе биге сықсия қарап:

– Мен жасым қырықтан асқанша кедейлікпен үйлене алмай жүрген адаммын. Ұрыға мал да көп, мойнында қарыз да көп, біреуден алса, біреуге береді де бүйірі шықпайды. Ұрлығымды қойып жүрсем де, «ұры» атым қалмайды. Бұл маңда маған ешкім сенбейді, қыз бермейді. Оның үстіне, құдай түрімді де оңдырмай жаратқан екен... Басында мен де өзгелер сияқты тәп-тәуір жүрген адам едім. Бірақ «ақсақ қорлана-қорлана аспандағы айды тепкісі келеді» дегендей, құдай оңғармаған осы қу түрімнен жасқана-жасқана, өзімді алдандыратын бір ермек тапқым келді. Содан ондай болса, мұндай деп осы жолға түстім. Даланың көкжалы да бір, мен де бір. Ешнәрсе таппағанда өз бөркімді өзім ұрлап, қойныма тығып жатсам ғана ұйқтай аламын, – деп келе жатқанда жұрт мұның майын тамызып айтқан қисынды уәжіне қызығып қараса да, ел тағдырын шешкелі отырған тәйжі оның былшылдағын тоқтатып:

– О-о-ой, көкмылжың тоқта! Қазір елге сенің өмірің, тағдырың керек емес, жылқы қайда, соны айт, – деді. Билер сотының тәртібі осы. Көңіл ауламақ емес. Адамның көңілін тексермейді, қылығын тексереді. Шөрік лама:

– Тақсыр, өзім де соны айтайын деп келе жатырмын. Өмірден қу тіземді құшақтаған бойымда өтем бе. Баянөлгейдің бір кедей қалмағының байсыз кәртейіп отырған, бір көзі қатық жаққандай аппақ, соқыр қызын алатын болып қысырақ үйірін тұтасымен Маңғұлияға айдап апарып тастағанмын, – деді. – Ол жылқыларды мен айдап апарғаннан бастап қарыздарына беріп, жепішіп тауысуға айналған, – деді. Тоқтық ішінен: «Мына сұмның айтып отырғаны рас болса, «құрастырып айтса құлдікі жөн, біріктіріп айтса – бидікі жөн» дегеннің өзі болды-ау. Мен жүз жылқысы бар Аққозы болсам, мынадан ұрлық малды дауламай-ақ, саған қосқан көмегім болсын, өміріңді түзеп ал дер едім» деп ойлады. Бірақ Харахута – жасы алпыстан асқанға дейінгі қилы

кезең өмірінде мұндайлардың талайын көрген. Қайтер екен деді ме, дауысын жұмсақтау шығарып:

– Сонымен жылқы жоқ дейсің бе? – деген.

– Иә, солай, – деді бас барымташы қос алақанын соза жайып. – Қолымда жоқ жылқыны қайдан табам...

Төбе би Жамса Доржыға:

– Мынаның айтып отырғаны рас па? Сен қалай ойлайсың? – деді сыр байқатпай жорта сұрап.

– Шөрік сұмырай, бұл жасырын әрекетін бұрын бізге де айтпаған. Менің ойымша, бұл қу тірсек несін береді, – деп әлі де ақтай түсті.

– Екеуіңнің жауаптарың осы болса, әуселелеріңді көрейің, – деп қаһарына мінген Харахута өз елінің тобына қарап ақыра дауыстап:

– Байлаңдар, ана итті, – дегенде, алдын ала дайындап қойған екі-үш жігіт қойындарындағы бір-екі құлаш жіптерін шығара ұмтылысып барып, Шөрік ламаны тырп еткізбей қолын артына қайырып байлап алды. Харахута:

– Бері, менің алдыма сүйреп әкеліңдер! Елімнің жаман атын шығарып, масқара қып жүрген итті өз қолыммен өлтірем! – деп әмір етті. Үш жігіт ананы жанжағынан қаумалай сүйреп, аяғын тарп-тұрп дедектете басқыза тәйжінің алдына әкелді. Харахута бұл тұста өзінің ел иесі екенін анық білдіріп, шылбырдың тағы біреуін аналардың қолынан жұлқа тартып алған бойы Шөріктің мойнына орап жіберді де, екі ұшын тарта жөнелді. Темірдей қысқан қара қыл шылбыр бүршіктері тікендей қадалып, дем арада-ақ жазалының жанын шығарып бара жатты. Бұл сәтте орындарынан қопарыла түрегеп, мына сұмдыққа үдірейе қаулай қараған қазақ-қалмақ көз алдарында кісі өліміне куә болардай халде еді. Шөріктің көзі аларып, тізе буындары босап бара жатты. Қаһарлы тәйжі осы кезде ғана шылбырды босатып алды. Анау тәлтіректеп тұрып, сылқ етіп құлап кетті. Харахута оның екі бетінен алақанымен жайлап шапалақтап есін жиғызып алды да, жорыққа бірге аттанғандар кімдер екенін сұрап еді, анау қолы-басы қалтаңдай, дірілдеп отырып:

– Айтайың, тақсыр, айтайың, – дей түсіп, өзімен бірге барған жеті барымташының аттарын айтып шықты.

– Олар осында бар ма?

– Бар, тақсыр, бәрі келді. Бәрі осында отыр.

Харахута әмір беріп, енді аты аталғандарды бір шетке жеке шығартқызды. Сонан соң:

– Мына итті, осыны білу үшін ғана босаттым. Қазір қолымнан өледі. Қысырақ үйірінің саны қанша болса, содан бір жарым есе көп жылқыны ана тұрған жетеуің жиылып төлейсіңдер, – деп еді. Шөрік зар қағып:

– Тақсыр, қысырақ үйірі жоғалған жоқ. «Бытқыл сай» деген ұры сайда сол бойы жасырып бағып жүргем. Осы жолы бері шығарда Жамса Доржыға шынымды айтсам қайтеді деп едім, бұл кісі жаңа өзіңізге айтқанымдай ақыл үйретті... Қысырақтың айғырының әдемілігіне өзі қызығып жүрген болатын. Туыстығы жақын болған соң алдын ала ақылдасып айтсам, осындайға жұмсайтын да Жамса ағаның өзі. Жайырда сондай бір, адам қызығатын теңбіл шұбар қысырақ үйірі бар екен дегенімде, «олай болса нөкеріңді бастап бар да, қуалап кел» деген соң, құтқаратын адамым бар ғой деп тәуекелге барғаным рас еді. Өлсем, ақ өлейін тақсыр! Бірақ, сізге зар шынымды айтып тұрмын ғой. Бір шыбындай жанымды қия көріңіз! – деп тәйжінің аяғын бас сала құшып, өкіре жылады. Болған жағдайдың бәрін құсып тастады. Шөрік ламаны «сорлы, өлетін болды-ау» деп жаны ашып, жақтасы болып тұрған Тоқтық ішінен «түйін-түйін сырың бар, түбінде келіп шын ашар» дегеннің өзі деп ойлап, Харахутаның алдына жақындай бере:

– Тақсыр тәйжі! Бір ашуыңызды маған беріңіз, маған қиыңыз, – дей түсіп, Шөрік пен екі араға килігіп ортасын бөліп, тұрып алды. Харахута Шөрік айтқан шындыққа өзі де таңырқап қалған. Тоқтық оның ашуы қайта бастағанын біліп:

– Тәйжі, енді сіз анықтап беретін бір жайт тағы бар. Күні бойы ыңғайы келмегендіктен қозғалмаған нәрсе, біздің қызымыз қайда? Не күйде? Осы туралы Жамса Доржы әлі ауыз ашқан жоқ, – деп еді. Төбе биден сөз естіп, сағы сынып тұрған Жамса:



– Ол туралы айтылатын орайы енді келе жатыр. Біздің елге оңай шаруа болған жоқ. Сіздердің қыздарыңыз кісі өлтірді, – деді. Үлкен бір бөленің шетін шығарды. Екі жақтың елі бұның аузына дүркірей қарасып қалған. Жамса содан ары қарай бұл жақта болып жатқан оқиғаны баяндап кетті.

Белгілі барымта түні Балқияны алып қашқан жігіт өзінің көрі шешесі ғана бар, кедей біреу екен. Таң әппақ атқанда үйіне жеткен. Шешесін далаға шығарып жіберіп, қызды бақырта көтеріп ағаш төсекке алып ұрады. Еңгезердей дәудің пиғылы бұзылғанын білген Балқия, ойланбастан, қалтасынан бәкісін алып, шешінумен алданып жатқан өгіздей дәудің өңменінен сұғып кеп алады. Дауысы баж етіп шыққан немеге бәкі кірген жер оң жақ бүйірінің бауыр тұсы екен. Ананың өгіздей өкіреуінен сасқалақтаған қыз пышақты үсті-үстіне тағы екі рет салып қалады да, өзі тұра қашып далаға шығады. Арқан бойы жерге барып бүкшиіп отырған кемпір баласының жан дауысы шыға бақырғанын естіп, жүгіре басып келіп үйге кірді. Кемпірдің керілдей бақырып боздаған үнімен көрші-қоңсы үйлердің еркек-әйелі жиналып жетеді. Шетте отырған екі қазақ отбасы бар екен. Балқия бұлардың сөйлегендерінен білген. Далада жалғыз өзі шошып тұрған қыз соны аңғарып, дәтке қуат алғандай еді. Бұған дейін болары болған, өлі қалмақтың жанашыр туыс-туғаны жоқ, сорлы көрінеді. Оқиғаның не екенін түсінбеген қазақ-қалмағы болып Балқияны қаумалап алып, не болғанын жабырлай сұрасқан. Қыз бедірейген қалпында мелшиіп, тіл қатып:

...– Ағаларыммен бірге жүргенмін, қазақ-қалмақ төбелеске алданып жатқанда, мені ешкімге білдірмей алып қашып келіп... – деп арғы жағын айта алмай ұрт-езуі жиырыла жыламсырап тұрды. «Жыласа кімнің аузы ырбимас» деген. Мәселенің мәні осымен белгілі болғанды. Қазақтар ер-әйелі болып:

– Алда, айналайын-ай, енді қайтсін?!

– Қаршадай ғана бала ғой, өстіп құтылмаса қайтеді.

– Басқа лажы болмаған-ау... Дегенмен, ер екенсің, қарағым, – десіп әрі әке-шешесі барын сұрап біліп,



таңғалысып жатты. Қалмақтар да ел, халық қой. Жақсылары бар. Жасы егде біреуі бастап, өлген қалмақтың өзін қазақша сөйлеп жазғырып:

– Байғұс, өзі де тым қағынып кетіп еді, – дегенде, қазақтар да ілесе үн шығарып:

– Сөз ұқпай кеткен.

– Қой-шайды білмей кеткен.

– Өзіне-өзі ақыры тілеп алды, міне! – десіп тұрды.

Өсти келіп, бұл жағдайды біреуден біреу естіп, барымтаға бірге барған өзгелер де хабарланып жатқан. Алды келіп мына сұмдықты көргенде, олар алғашында не істерлерін білмей тұрды. Қанға бояла бүктеліп жатқан серіктерін көздері шалғанда тегіс үдіре, үдірейсіп кеткенді.

Жамса Доржы осы әңгімені шығарғанда, мына жақта Шөрік лама зар қағып:

– Тақсыр тәйжі, біз бұл жігіттің қызды алып кеткенін кейін білгенде қолдамаған едік. Әсіресе, мен өзім қарсы болған едім. Ана өлген жігітке «сөн ең жақсысы, қызды осында қазақтардың үйіне аманаттап тапсыра тұр. Қазақ бұны саған осы бойда сіңірмейді. Кейін дау бітісетін кезде бір жағына шығады» дегенімде, көнбей өз үйіне алып кеткен. «Осының бәріне кейін мен жауапты боламын» деп шырылдағанымды ана тұрған алты жігіттің бәрі естіген, – деді. Шөріктің айтқанындай, сол кісі өлген үйдің алдында үймелесіп тұрғанда ауыл басшысы әлгі жасы егде қалмақ ақыл көрсетіп:

– Бұл қызды қазақ осы бойынша іздеусіз, сұраусыз тастамайды. Оған дейін көрші қазақтар, сендер аманатқа алып, ие бола тұрмасаңдар, кісімізді өлтірді деп кектеніп алған тағы бір дойыр бәле шығарып жүрмесін, – деп еді, Балқия сазара көгеріп:

– Тиісіп көрсін... Кім басынып бірдеме істегісі келсе, амалын тауып өлтіре берем, – деді міз бақпай. Қазақ-қалмақ жағасын ұстады. Шөрік ламаның серіктері де сескенейін деген.

Осымен ары шулап, бері шулап, аяғында жаңағы қартаң қалмақтың берген ақыл-кеңесі мынау. Осында таяу жерде «Сары молда» деген қазақ молдасы бар

екен. Уақытша соған аманаттау керек екенін білдіріп, ойланып жатпастан дереу хабар жібергізген еді. Айтқаны айтқандай орындалып, сұмдықтың үстіне тез жеткен молда жағдайды ұққан соң, Балқияны амалсыз өз үйіне алып барған. Жамса Доржының сөзінен қазір мына жиын сол жағдайды білді. Мұны естігенде қазақтар жағы таңырқасып, сүйсініп, кеуде көтере, елеңдесіп кеткен. Туыстық намыстары еселеп қозғандай. Немере ағасы Саймасайдың көзіне жас іркілді. Төбе би мына сойқан хабарды енді ұғынып тұр еді. Жамса Доржыға қадала кетіп, зіркілдеп сөйлеп:

– О-оу, сендердің бұларың қалай?! Ол қызды осы жерге неге әкелмедіңдер? Көз алдымызға келуі керек еді ғой... Мұнда міне, қыздың иелері де келіп отыр. Осында басын ашпайтын ба едік, – деп ұрса жөнелген. Бірақ Жамса алдын ала ол туралы да ойлаған екен.

– Тәйжі, ол қыз қазір алдыңызда болады. Әлгі айтқан қазақ молда мен тағы екі-үш үлкендерге қосып әкелдік те, анау қыраңның арғы астына қалдырып кете тұрдық... Сөз бір жағына шыққанша тұра-тұрмаса, бұл жерге қыздары тосыннан келген соң, мына халық қашан ұғып болғанша сөзге қонақ бермей, шу шығып кетеді ғой. Жамыратпай, тыныштық сақтағым келді, – деді. Тәйжі де, Тоқтық да сабаларына түсіп, қанағаттанып қалды.

Адам жіберіліп, Балқия осында әкелінді. Аттан түспей жатып, ол көп ішінен ағасы Саймасайды іздей жалтақтаған. Қарындасын қатты уайымдап жүрген Саймасай да оны көргенде орнынан атып тұрған еді. Балқияның сағы сынғаны байқалмайды. Атынан қарғып түсіп, шылбырын біреуге тастай берді де, тұтас қазақ-қалмақты өзіне жамырата қаратып жүгірген бойы келіп, ағасын бас салып құшақтай кетті. Мәмекелер Балқияның жан-жағынан үймелеп біразға дейін қоршап алып, абыр-дабыр болып кеткен. Кісі өлтірдім-ау деп тұрған Балқия жоқ. Сазбеттеніп алған; ең болмаса көрген қорлығын ойлап, кішкене жылап та қоймайды.

4

Бұл түс ауған кез еді. Тамыз айының қоңыржай күні жанға жайлы шуағымен маужырап тұр. Теңгедей бұлтсыз, меңсіз аспанның жалтыраған көк шыны күмбезі таусыз жазық мына даладан көрінгенде, айнала етегі далиып, кеңі түскен. Төбеден сонау зәулім, заңғар биіктен көк шатырдай төңкеріліп қалған ғарыш әлемі алыс көкжиегіне дейін тұп-тұнық.

Балқияның келуі екі жақты бір ғана өзіне үдере қаратқан біраз бөгеліс өткен. Қазақ-қалмақтың ошарыла таңырқап үн қатқан абыр-дабырлары көбейіп бара жатқан соң, Төбе би:

– О-о-у, тоқтаңдар! – деп айқайлап, жұртты тыныштыққа шақырды да:

– Сары молда, сіз орныңыздан көтеріліңізші, – деп қызды осыған дейінгі бірнеше күн бойында өзінің үйінде аманатқа ұстаған қазақ молдадан жауап алды. – Сіз мына қызды дәл қандай кезде, қандай жағдайда көрдіңіз және қалай әкеттіңіз? Оған дейін балаға ешкім, ешқандай қиянат көрсеткенін байқаған жоқсыз ба?... Қандай да бір жәбір көргенін білсеңіз, айтыңыз, – деді.

– Жоқ, тәйжі тақсыр... Мені шақырып әкелгенде қыз өлтірер адамын өлтіріп болыпты. Өзі дін аман екен. Сол қалпында ұшыраттым. Өлген жігіттің есігінің алдында қазақ-қалмағы бар, бір топ адам қыздың қасында тұрған болатын. Қызды кісі өлтірдің деп кінәлағаннан гөрі қылығына таңырқап, есіркеп тұрғандар көп екенін байқадым. Солардың біразы қазір осында шығар. Айтқаным солар да куә. Мен іс бір жағына шыққанша, Құдайы қалыс адам ретінде баланы қолымда ұстай тұруыма тура келді. Өйткені, көпшілік солай ұйғарған екен. Айналайын қаршадай қыздың ер адамның қолынан келмейтін ерлігіне таңғалып, үй ішімізбен тік тұрып құрметтеп, сыйлап міне, бүгін алдарыңызға әкеліп отырмын, – деп тоқтады. Төбе би енді Балқияға бұрылып:



– Әй, қызым, атың кім еді, сен орныңнан тұршы. Бірінші мына молда атаңның айтып тұрғанының бәрі шындық па? Молда атаң келгенше, ана өлген адамның жақындарынан біреулер ұрып-соққан болса, жасырмай айт. Баласы өлген кемпір ешқандай тиіспеді ме? Екінші ана жігітті қалай, қандай жағдайда өлтірдің?

Балқия тайсалайын деп тұрған жоқ. Екі көзі оттай жанып, Төбе биге бедірейіп қарап алған. Жауабында төбелес шыққан кезде шетте тұрған жерінен екі адам алып қашып кеткенін таратып айта келіп:

– Маған ешкім тиіскен жоқ, тиісіп көрсін, – дегенде, аңырған жұрт мына бетпаққа не айтарын білмегендей. «Мынау анық тас жүректің өзі ғой» дескендей. Балқия сөзін жалғай түсіп: – Өлген кісі кәрі шешесін үйден шығарып жіберіп, менің шапанымды сыпырып тастап, көйлегімнің омырауын дар айырып жіберіп, шыңғыртып төсімнен тістелей бастады. Сонан соң, өзі жейдесіне дейін шешініп жатқанда жердегі шапанымның қалтасынан бәкімді алдым да, бүйіріне қалай сұғып-сұғып жібергенімді өзім де білмеймін. Кісі өкіріп құлағанда есім шығып кетті. Қашып далаға шықтым. Анадай жақта отырған өлмелі шешесі сүйретіле келіп, есіктен кіре бере ойбай салды. «Өле қал» деп тұрдым. Өзі зорға жүрген кемпір маған тиісе алған жоқ. Есіктен көзім түсіп кетіп еді, баласының қатарында талықсып құлап жатты. Өне-міне дегенше ел де жиылды. Іштерінде қазақтар да бар екен, солар маған жақтас бола сөйлегенде есімді жиғандай болдым. Сол жердегілер ақылдасты да молда атаны шақырып, мені сол кісіге ертіп жіберді, – деп аяқтап, қайыспай қарсы қарап тұрды.

Тәйжі:

– Ал, екі би, мына әрекетке не айтасыңдыр? – деді. Жамса Доржы қолын көтере түрегеп:

– Міне, біздің кісіміз өлді! Ол өзі жазықты бола тұрса да, өлімнің аты – өлім. Біреудің жалғызы, арыстай азамат пышақталды. Оған өзінің кінәлілігі үшін құн даулай алмаспыз. Бірақ, соның өзі ұлтымызға үлкен намыс емес пе. Орнын жоқтамасақ сүйегімізге таңба болады. Жан ашуы, мал ашуымен тең емес. Бұл қазаны



барымталанған малдың ашуымен теңгере алмаймыз. Олай болса, менің кесімім қысырақтың үйірі қайтарылмайды. Қазақ ағайындар, арыстанның аузынан аман қалған қыздарына қуануы керек. Қолдарына өне, амансау тигеніне қанағаттанғандары жөн. Мен бұл дауды осымен аяқтағым келеді, – деп сөзін шорт үзді. Мынау жауапты естігенде, өзі сөзгер Әкежан батыр орнынан атып түрегелді. Күні бойы үнсіз, тіс қайраумен отырған. Балқияның тағдыры үшін намыстан күйіп, оның ашуланғаны сонша, дәл қазір сөзге келейін деп тұрған жоқ-ты. Еркіне жіберсе, Жамса Доржымен жекпе-жекке шығардай болатын. Төбе бидің рұқсатын да күтпеді. Қос бүктеулі қамшысын Жамса Доржының дәл көзіне қарай сермеп тұрып:

– Әй, жауапкер би, сен менің мына сөзімді есіңе ұста. «Залымға зарынды айтпай тұрып, қанжарынды көрсет» дейтін сөз бар... Саған қанжар көрсетіп барып сөйлесу керек шығар. «Тіліңді ноқталасаң, құның сақталады» дегенді білемісің?! Бағана өзің залымдығыңды үйреткен Шөрігіңді ақтап сөйледің. Ақырында, ол сенің өз бетіңді жыртты. Балқияны көзге ұстаған болып сөйлеп, тәйжінің қаһарынан құтыла беріп едің... Енді былай шығып, ақ-адал малымызды бергің келмейді. Сенің бар арманың сол болса, бес байталды алмай-ақ қояйын... Бірақ тәйжі тақсырдың алдында ашып айтайын, дәл осы сапардан үйіңе жеткізбей, көзіңді жойып, құныңды бір-ақ төлеймін. Сенің құныңа Уақтың, одан қалса, Мәмбеттің бар малы жететін шығар! – деп қалшылдап кеткен. Артынша Харахутаға бұрылып:

– Уай, Төбе би мырза! Бұл қандай жауап? – деп зілденіп, дүрсе қоя берді. Харахута Әкежанның шарт кеткен жауабына мән бере тұрып:

– Оу, батыр. Өзге сөз түгелденбей жатып, сіз қаруға ауыз салғаныңыз қалай? Көзіңді жойып, құныңды төлеймін деп жатырсыз. Айтылған барлық сөз тексерілетінін ескеріңіз. Жамса Доржының үстірт билігіне шамданып тұрған боларсыз. Аз сабыр етсеңіз, біз тұрған жоқпыз ба. Ретіне қарай көрмейміз бе, – деді. Тәйжі Тоқтықты сөйлетті.



– Жауапкер бидің қарсыласы – даугер би мен болғандықтан, менің айтарым мынау. Ой қанша шапшаң болғанымен, ақылдан озбайды. Жамса Доржы ойлағанын айта бермей, іс орайына қарап сөйлесін. Ең арғы жағынан тексерсек, бүгінгі осы әңгіменің өзі Жамса Доржының нәпсі пейілінен басталғаны белгілі болып отыр. Бағана Шерік лама бар шындықты ақтарып тастады. Қысырақты айдатып алғызған да Жамса Доржының өзі екені мәлім болды. Нәпсінің жетегіне ерсең, жарға жығады. «Нәпсі арды айыртқызбайды» деп неге айтқан. Сол Жамса Доржы енді қазір барымташы да өзі, ақтаушы да өзі болып отыр. Яғни, анық бүлікбасы Жамса Доржының өзі! Шерік ламаға «қой» дегеннің орнына не істегенін Тәйжі мырза өзіңіз естіп тұрсыз. Бұзық – бүлгінші болғанда, би білгінші болу керек емес пе. Жоқ, олай етпеген. Анығырақ айтқанда, «бүлік басы бұзықта» демекші, бек басын пенде етіп, бұзықтықты өзі бастаған. Жамса Доржы еркіне би болса да, абыройына құл бола сөйлеуі керек еді. «Ісім жақсы демей, көпке ойлат» деген бар. Өз ісіне өз көзімен қарауы керек еді. Олай етпей отыр. Менің айтарым, тіл ақылдың құлы болсын, ақыл құлы болғанның жолы болсын, – дер едім.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, бүгін Шерік Лама, ажалынан бұрын өле жаздады. Оған себеп болған кім? – және Жамса Доржы. «Бай семіріп болғанша, малай өліп болады» демекші, шұбар қысыраққа қызығып, жылқымды көбейтем деп барымтаға жұмсаған адамы, өзінің туысқаны Шерік сорлы болып шықты. Өзге үшін күйіп отырған ол байғұс ел иесі тәйжінің қаһарына ілігіп, әлгі бойда өлсе, обалы кімге болатын еді. Жазығы кедейлігі демесең, ол да өзіміздей адам баласы... Адам ұлы ғой. Қазақтың тілін өздеріңіз де менен кем білмейсіздер, «келісімге келместің сөзі солтақ, көңілі бұлтақ» дегендей, Жамса Доржы бар қылмысы мойнына қойылып тұрса да, бас игісі келмейді. Бұл не?! Төбе би мырза, бағана сіз сөз бастап берген кезде «шынайы шындықтан өзін жақсы көретін тоңмойындыққа жол жоқ» деген едіңіз. Жамса Доржының қазіргі бейнесін сол айтқаныңызбен салғастырып көріңіз. Және менің айтар



билігім – барымталанған жылқы өзімізге қайтарылсын деймін, Тәйжі мырза, – деп сөзін аяқтады.

– Тоқтық би, сіз бір жағынан орынды сөз айтып тұрсыз, – деп бастады Харахута.

– Дегенмен, бірыңғай өз айтқаныңызды әрлеп жөндей түстіңіз. Тілде буын жоқ, оған тізілген тісті қамал еткен жөн. Бүйтпесеңіз, қазақ-қалмаққа аты жайылған Тоқтық би боласыз ба. Сіздің сөз сыңайыңыз белгілі болды. Жылқы қайтса дейсіз. Сонда сүйеніп отырған жалғыз баласы өлген өзі кедей кемпір, енді қалай күн көреді деп ойлайсыз? Оның да басына түскен тауқымет тағдыры шығар. Рас, өлген жігіттің әкесі көп жыл шалық болып жынданып жүріп, ақыры құтырық ауруынан кетіп еді. «Тентектен туған мал болмас, жындыдан туған сау болмас» дегендей, өзіне ажал тілеп алған мына байғұсқа ешкім қыз бермей, жасы қырықтан асқанша соқа басы соқайып жүрген еді. Аяғы мынау болды. Осының барлығын шөлкемдей келе менің айтарым, қысырақтың сегіз дөнежін биесінің төртеуі кемпірдің қарауына қалсын. Қалған төртеуі осы дауды туғызған шұбар айғырмен қоса қайтарылады. Өйткені, ешкімі жоқ және баласының жалғыз атынан басқа малы да жоқ пақыр кемпірді лайығына қарай біреудің үйіне кіргізерміз... Сонда, ең болмаса «күлшелі бала сүймекке жақсы» болып, қолындағы төрт биесі оны бағып-қағатын үйіне де бетжүздік болсын. Өлсе, көмуіне де қаражат керек қой. Шөрік Ламаға лесіп, қайтарылатын жылқыға үш әскер бірге барады. Бұл дау міне, осымен бітсін. Жамса Доржы кедей туысы Шөрік Ламаны барымтаға жұмсап арандатқаны үшін және бүгінгі билер соты үстінде бар шындықтың бетін бүркеп, жалтарғаны үшін Тоқтық би сияқты әділ қазының еңбегіне Жамса Доржыдан түйе бастатқан жақсы ат, жақсы құнан, жақсы өгіз, жақсы сиыр, қой-ешкісі, шапан-шақпыты бар «тоғыз» айып кесемін. Алып қайтуға баратын қазақтармен бірге үш әскер барып, істі тындырады. Тоқтық би, сіз маған жіберетін кісілеріңіздің атын қазір айтыңыз. Өйткені олар менің тізімімде болуы керек, – деп еді, Жамса Доржы киіп кетіп:



– Тәйжі мырза, соның бәрі қанша ақша болады, бағасын шығарыңыз. Жұртты шұбыртпай, осы арада беріп кетемін, – деп қойнына қолын тығып, бір дорба ақша шығарды. Тоқтық би ішінен «бай жақсы батырдан да, биліктен де, әр нәрсе барға келер киліккенде» дегенді ойлады. Енді қазақ-қалмақтың үлкендері шоғырланып, жаңағы малдардың бағасын шығарды. Тәйжі ақшаны «еңбектеріңізге қарай бөліп аларсыздар» деп, Тоқтық бидің қолына ұстатып еді. Ол Харахутаға «сіздің еңбегіңіз аз болған жоқ» деп, бір аттың құнын Тәйжіге ұстатты. Тәйжі соңғы сөзін айтып:

– Мұнан былай қазақ-қалмақтың қайсысы бүгінгі тоқтамды бұзып, тағы бүлік шығаратын әрекетке кіріссе, жазасы жеңіл болмайды. Осыны жарғақ құлақ, ет жүректеріңмен естіп қайтыңдар. Бітім осы, – деп тоқтады.

Күні бойы тапжылмай отырған екі жақтағы қалың халық қобырасып, орындарынан көтеріле бастады. Ортада жамыраған шу-шу әңгіме. Мәмекенің бір топ жігіті барымталанған жылқыны алып қайтуға дайындалған болатын. Осы кезде Балқия да жұлқынып:

– Мен де бірге барамын. Қысырағымды өз көзіммен көріп, таңдағандарымды алып қайтамын, – деп ағаларынан қалмай ілесетін болды. «Босқа шаршайсың ғой, онан да үйге қайтып, әке-шешенді қуандырсаңшы» дегендеріне көнбей, қасарысып тұрып алған. Сонымен, аға-қарындас Саймасай мен Балқия және екі әскер бас болған он шақты жігіт Шөріктің жол бастауымен барып, Бытқылсайдағы қысырақ үйірінің тең жарымын бөліп айдап қайтты. Ауылға жақындағанда қасындағы серіктерінен оза шауып, жылқыны жалғыз өзі қуып әкелген Балқияны көргенде, ауылдағылар өз көздеріне өздері сенбегендей еді. Сөйтіп, өз ісін өзі ақтап келген Балқия туралы әңгіме Майлы – Жайыр ғана емес, осы бір күздің өзінде-ақ, тұтас Еренқабырға, Тарбағатай қазағының таусылмас жыры болған. Ол ғана емес, заманнан заман өтіп, Зекейдің құлағына тиген.



* * *

... Зекей бір күн бұрын басталған бұл хикаяны толық тыңдап қайту үшін қона жатқан дос-жарандарына ертеңінде Шәрипаның түскі шайында аяқтаған. Ең басында айтқанға көнбей барымташылармен бірге кетіп, оны қалмақ алып қашқанын естігенде күйінгендігінен Балқияны қатты жазғырған екі әйел, Бәдет пен Жамалқан қаршадай қыздың мына ерлігін білгенде жағаларын ұстап таңырқасқан. Тіпті, дауасыз қызға не айтарларын ұғына алмағандай сөздері таусылып:

– Мұндай да болады екен-ау!

– Адам баласынан шықпаған сұмдық шығады деші! – десіп, бұл әңгімені замандар бойы ішіне сақтап, кеудесіне сыйғызып келген Зекейге де таңырқасқан еді. «Адам өлсе де қойдың соры, адам туса да қойдың соры» демекші, сәтімен басы құралған көпшілік өткен түні бір малдың етін жеп, Шәрипаның тағы бір бапты шайыін ішіп қайтқан.

Осыдан кейінгі бас қосулары сол күнгі қимас, сыйлас ағайындардың біразы жиылып, Зекейді Үрімжіге жиналысқа аттандырып, жолға шығарып салған күні еді... Бұл 1985 жылдың қараша айының басы – екінші жұлдызы болатын...



Үшінші тарау

*Шоырғағын таппай,
дән өнбейді*





ТОПЫРАҒЫН ТАППАЙ, ДӘН ӨНБЕЙДІ

1

Мұнан бір жыл бұрын, 1984 жылы Жасан Үрімжі Медициналық институтының емдеу бөліміне оқуға түскен еді. Бір күні жатақхана асханасының түскі тамағында студенттер кезекте тұрған. Жасан өзінен екі баладан кейін қолына таяқ ұстаған, бір аяғы кемтар баланы байқап қалып: «Кел, менің алдыма тұр» – деп, оның аздап тартынғанына да қарамай, өзінің алдыңғы жағына шығарып алған. Соңынан басқа үстелге жайғасқан әлгі бала тамақ үстінде ара-тұра Жасанға қарағыштап, көз салып қойып отырған. Күн жексенбі еді. Астан соң әлгі жігіт Жасанға жақындап келіп, өтініш білдіргендей нұсқамен:

– Уақытыңыз болса менімен бірге жүріңіз, азырақ еңгімелесейік, – деген еді. Жасан сәл таңырқады да, оған еріп бірге аяңдады. Оқу ордасының шеткерірек алаңқайында арқалы орындықтар бар. Екеуі соның ыңғайлы біріне келіп тізе бүккен. Алаңқайдың қайың, терек жапырақтары күз бояуымен өрттей қаулап, қызарып күн нұрына малына, алтын түсті сәуле тартқан. Тегінде, Жасан айнала маңының бәріне сергек қарап,

мән беріп жүретін. Көңіл күй жағынан романтикаға бейім жаралғандай болатын. Жайшылықта да сезім дүниесі әлдебір шаттыққа бөленіп, ертеңгі ұйқыдан көбінше жүрегі қуанышқа толып оянатын. Сондай сау денелі, шат көңілді Жасанға қыркүйектің жанға жайлы қоңыржай шуағы жағып, бар болмысымен ұнап отыр. Құрбы жігіт сәлден соң Жасанға:

– Мен өзіңді бірталайдан бері сыртыңнан көріп жүрем. Адамды адамға жақын көрсетіп тұратын бір тартымы болады ғой. Байқап жүріп, қалай сөйлесем екен деп ыңғайын келтіре алмай және тосыннан бата алмай жүретін едім. Бүгін өзің пейіл байқатқан соң реті келіп қалды, – деп қойып, күрсініп біраз үнсіз отырды. Денесі орташа ғана, адамға әдемі қарайтын ойлы, мұңлы, әсерлі қоңыр көзі баланы сыртқы дүниеге сүйкімді етіп көрсеткендей. Ақсары жүзі де қыз өңдес, мінсіз. Қайран жастың бір ғана жазығы болса, ол – оң жақ аяғының кемтарлығы ғана.

– Менің атым Ағажай болады, бауырым, таныс болайық. Өзіңді бөтенсінбей сыр ғып ашқалы отырғаным, көптен бері кімге айтарымды білмей, ішімнен тындырып жүрген бір ауыртпалық жағдайым еді, – деп өзінің басынан өткен үлкен қайғылы оқиғаны баяндай бастады. Әбден ержеткен кездегі ғұмырнамалық тағдыры шынымен адам төзгісіз тауқыметпен басталыпты.

Аталары Алтайдан Баркөлге ауып келген жауынгер Керей ұрпағы екен. Әкесі жаңа үйленген жігіт кезінде ата-анасымен бірге келіпті. «Ағажай...» деп атын қойғаны да Керей ұлының ежелден бергі ата-қонысы болған құт мекенге қарата «Ағажай, Алтайдай жер қайда-ай!» дейтін мұңға толы сағынышты әнге байланысты қойылғанын сөз арасында қоса кетті. Өзі ата-анасының бір қыздан кейінгі ерке кенжесі болыпты. Сол жалғыз әпкесінен соңғы балалары бір жасқа жетпей өле беріп, осы Ағажай ғана он шақты жыл кейін зорға тоқтап, әрең көрген ат байлар шаңырақ иесі екен. Әке-шеше, жанашыр әпке – бәрінің көздерінің ағы да, қарасы да осы болған ғой...

Жүректері ұшып, зәрезап болып қорқып қалған ата-

ана байғұстар Ағажайларын бір жасқа жеткізбей, талпына бастаған кезінде Алтайдағы нағашыларының қолына ырымдап береді. Орта мектепті бітіргенше сол жақта оқытады. Тек әр жылы жазғы демалыс кезінде ғана үйлеріне әкеледі екен. Үркек ата-ана Ағажай бір жақта бір сағат кешіксе уайымдап, көздерінен таса қылмай әлпештеп баққан, жар дегендегі жалғызы болған. Орта мектепті аяқтаған соң, өз үйіне осы биыл ғана келген. Бірақ «кеменің әуеніне жел еспейді» демекші, өмірдің соқпағы кімнің қалауына бейімделген. Көп кешікпей-ақ, Ағажай тағдырының көлеңкелі беті басталып, бұның отбасына өмірдің түнек қара бұлты үйірілген. «Бақыттың келуі – қайқайыс, кетуі – еңкейіс» деген бар. «Ауру құйғып келіп, ілбіп қайтса» бақыт ілбіп келіп, кейде құйғып қайтқандай болады.

Осыдан бір жыл бұрын көктемде Ағажай өз үйіне жеткеннен кейін, бір күні кешкі мезгілде Алтайдың Көктоғай деген ауданынан бұны баққан туған нағашы ағасы келіп қалады. Қасында әйелі және бұнымен бірге оқыған қызы мен екі-үш жасар немересі бар. Ағажайдың шешесінің аға-жеңгесі сыйлы қонақтар ғой. Өздері екі кештің арасында кір жайып, қарбаласқан үй іші күннің кеш екендігіне қарамай мал сойып, бір заманда ет асыла бастайды. Нағашыларының «бұларың не, ертең де күн бар ғой» дегеніне әке-шешесі пақырлар қарамайды... «Бүйтпесек қазақ боламыз ба, бізді өзге ұлттардан бөліп тұратын жеріміздің өзі осы ғой» деп, дәстүрге бағынған емес пе... Алыс жолдан шаршап келген меймандар шаймен бірге дайын болған қуырдақтан соң, төрт қабаттап салынған торғын көрпелерге жантайып, мызғи бастады. «Көрініп тұрған ауылдан көрінбей тұрған бұлт жуық» дегендей, алдында не тұрғанын ешкім білмейді. Кезенгеннің кезіне келсең, пердесін далдалап тұратын қасірет лап басып қалатыны таңсық емес. Көнсең де, көнбесең де сол, амалың жоқ.

...Түннің қай мезгілі екені белгісіз, үйдің ішіндегі қырсық жарылыстан шыққан сұрапыл дауыстан шынған қонақтар ояна кетіп, бастарын жұла-жұла көтеріп алады. Ет асылып жатқан газ атылған. Там

қабырғалары айырылып, қираған терезелермен бірге дем арада ауызғы бөлме отқа оранған. Бөлмені толтыра лаулаған қызыл жалын бергі ашық есіктен жалп-жалп кіре бастайды. Қысқасы, шығатын жақты от бекітіп қалған. Шулаған ер-әйел лапылдап кірген отқа қамалып, ес таппай сасқанда бас-басына құр шошына бақырып, ойбайлағаннан басқа амалдары қалмаған шарасыздар ғой. Әп-сәттің арасында есік-терезелерге тартылған перделер лаулап, іштегі шүберек атаулыға от ілініп бара жатады. Осындай қатты оқыс әбігерліктің үстінде өзгелерден гөрі тезірек ес жиған футбол ойнап, спортқа қатысып жүрген өзі жас Ағажай ғана болды. Ол шошып оянып, жұртпен бірге шырқыраған сәбиді жұла көтеріп, есіктегі қалың отқа қарай ұмтылған. Құшақтаған баламен бірге қызыл жалынның ішіне көміле жөнеледі. Бергі есіктен секірген бойда екі-үш қарғып, далаға шығып үлгіреді-ау!... Жалын шалып үйтілген қас-қабағымен бірге жалаң сымның бір балағы ілінген отпен жанып бара жатқан болатын. Сәбиді періштесі қаққан ба, Ағажай сияқты қас-кірпіктері үйтілгенінен басқа еш нәрсе болмаған. Сыртқы есіктен шыға бере-ақ баланы жерге қоя салып, жатаған тоқал там үйдің аласа терезесін секіре тепкілеп сындырып, ішке қарай жан ұшыра айқайлап:

– Шығындар, ойбай, бері шығындар! –деп өңеші жыртыла бақыра түскен. Үй ішінен шыққан қалың у-шу, ойбайдың арасынан Ағажайдың айтқанын құлағы шалған әлгі қонақ қыз екен. Терезеге ұшып жеткен де сол.

– Айналайын, қанша айтқанмен жас қой, ашық терезеге қарай ұмтылып, екі қолын маған соза берді, – деп Жасанға көзі жасаурап қараған Ағажай көптен іште тынған қайғы-қасіретін жалғай түсті. Қыздың екі қолына қолым іліне бере-ақ, қалай жұла көтеріп алғанымды өзім де білмеймін. Оның үстіндегі киімдері де қызыл жалын екені байқалған. Бар тапқан амалым керулі жіпте тұрған жаюлы кірлерді сыпырып алып, қызды басынан төмен сулы, дымқыл шүберектермен жаба орап сөндірдім де, оны бажылдап құлап түскен жерінде қалдыра бере, удай ашып бара жатқан өз борбайымдағы отты да әлгі амалмен өшіріп жатқанымды білем. Онан соңғысы

есімде жоқ, – деп зарлы бейбақ жігіт көңілдеп жылап жіберді... Міне, осының барлығы әп-сәттің ішінде болған оқиға еді.

Бұлардың үйінен қатты парытлап шыққан жарылыс үнінен көршілері де оянып, алды осылай қарай жүгіре жеткен ғой. Бұған дейінгі аралықта өртенген үй маңына адам жақындарлықтай емес-ті. Будақтаған өркеш-өркеш қара қошқыл түтінге аралас бір қызарып, бір қарая лапылдаған қалың от жалыны анадайдан бетті шалып, адамды кері қайтарады. Жалаңдаған аждаһа өрт есік, терезенің бәрінен бұрқырай атылып шығып жатқан. Аздан соң-ақ, үй ішіндегі «ойбай-аттан» дауыс азая, кейбірінің ыңырсыған ақырғы үндері ғана қалған-ды.

Осыған дейінгі мезетте күшігінен асыраған дәу көктарғыл төбет кісінің ойына келмейтіндей бір әрекет жасағанын көршілердің көзі шалған. Ағажай үш жасар қызды сыртқы есіктен шығара бере тастап, терезеге ұмтылады ғой. Есі кете шошынған бөбек шырқырап жылап жатқан босаға көзіне қарай іштегі жалын атылып шығып жалақтаған оттың жалыны жақындап қалғанда, Құттөбет қыңсылаған бойы жүгіріп келіп, баланың кезекейінің жауырынынан тістей сүйреп әкетіп бара жатады. Көрші ер-әйелдер алғашында түсінбей, итті «кет-кеттеп» қуалай ұрысқан екен. Баланы алыстау қойған Құттөбет аналардың өздеріне қатты ырылдап, қарсылық байқатады. Оның қылығын алдымен ұғынған Зарауқа дейтін көрші кемпір:

– Алда, айналайын-ай! Сорлы-ай! Иелері мынадай болғанын біліп, қолынан келгенін істеп жатқаны екен ғой! – деп жылап жібереді. Басқа әйелдер де үдірейісіп бос қарап, көздеріне жас іркіп тұрғаннан басқа еш лаж қыла алмаған. Тек алғашқы жеткен жақын көршілердің машинасы бар біреуі көлігін тез от алдырып, өзгелердің көмегімен далада шашыла құлап жатқандарды дереу ауруханаға әкеткен. Барған сайын айналадан басқа адамдар да көбейіп жиылып, үй толық өртеніп болғанша шеттерінен қабақ түйе қарап тұрғаннан басқа еш амалдары болмаған.

* * *

Бұл жағдайдан хабар алған әпке-жездесі тізгін ұшымен жетіп, дымы қалмай өртенген үйді, оның ішіндегі денесінің күлі мен кеудіреген көмірсымақтары қалған барлық жақындарын өз көздерімен көрген. Ағажайдың кейін естуінше, әпкесі байғұс сол орнында қайта-қайта талып құлап, оны да мыналар жатқан ауруханаға әкетеді. «Адам итжанды» демекші, басына түссе неге, нендей тауқыметке көнбес дейсің. Әпкесі келіп жеткен сол күні үкімет адамдары да төбе көрсетіп, қайтыс болған адамдар туралы «акт» деректеу жасап жатқан болатын. Дәрігерлер бірер күн емделген әпкесіне кеңес беріп, ана жетім қалған, өздері өртеніп күйген бейбақтарға сүйеу болуын, әсіресе, мына күнде зарлап жылап, мазасы кеткен жас бөбекті қолына алуын айтып, соған еріксіз көндірген.

Алғашқы күндері жан сақтау бөлімінде жатқан Ағажай да, оның сыныптас қызы да бұған дейін аздап ес жиып, тілге, сөзге келе бастаған-ды. Содан, арада бір-екі ай уақыт өткенде қыз да, Ағажай да сауығып шығады. Оған дейін екі ай ішінде үкімет бөлген көмек қаржысымен әкесінің сыйлас көршілері жабылып, өртке кеткен үйлерінің қасынан екеуіне бір бөлме үй тұрғызып береді. Бірақ «үй өртенсе үй тұрғызады, кісі өлсе кім тұрғызады» деген ғой. Қайғы кеміп азаймайды. Ал үкімет орны қызға да, балаға да Үрімжі Медицина институтына емтихансыз оқуға түсулеріне, әрі тегін оқуларына жолдама дайындап, жәрдем көрсетеді. Нағашы-жиен ұл мен қыз екеуі сол өткен жылы ота жасау (хирургия) бөліміне бірге түсіп, оқып жатқандарына міне, бір жыл болды.

Ағажайдың оң жақ қылта сіңірі күйіктен жиырылып, аз қысқарып біткен екен. Жерге аяғының ұшын тигізіп, таяқпен демеп басатын болған. Ал терезеден шығарып алғанша, кеудесіндегі мақталы шапаннан өрт өте қоймағанымен, көйлегінің етек жағы тұтас жанып,

дәрігерлік сараптаманың айтуынша, денесінің қарын тұсынан төменгі жағын 20 пайыз күйік шалған. Және бір жақ самайынан, шашынан от ілінген екен, сол жақ шекесінде алақандай жылтыр тыртық қалады.

Осы әңгімені тапжылмай, тырп етпей қатып, басқа дүниенің бәрін ұмыта отырып тыңдаған Жасан, бұл пәлекетке өз туысы, өзінің қимас бір жақыны ұшырағандай сезінді. Ағажаймен бірге қамығып, бірге түршігіп кеткен. Тегінде бір нәрсені себепсіз сұрап, сүлесоқ тыңдайтын немесе Абайша айтқанда «не көзі аландап, не көңілі аландап отырып тыңдайтын» бұл емес. Ондай немқұрайды әдет Жасанда бала жасынан, жаратылысынан жоқ екенін бұны танитынның бәрі білу керек. Немкеттілігі жоқ, қай нәрсеге болсын жалындап тұратын. Бұлар болашақ дәрігерлер ғой, ауырған адамға қалай қарау керек екенін Ағажай өз басынан өткізген болса, мұны – осыншалық ауыртпалық жағдайды Жасанның естігені де бұған ерекше әсер еткен. «Ауырмаған адам денім сау деп қуанбайды» дегендей, дәрігер болу үшін де пайымсыз үстірт тұру сәйкеспейді. Оқиға жүлгесі аяқтаған кезде «әңгімеші егеді, тыңдаушы орады» демекші, Жасан:

– Ойпырым-ай, қандай қиын болған! Саған қатыгез тағдыр тумай жатып не көрсеткен! Ата-анаң және өзің үйінде өскен нағашы аға-жеңгең бәрі дем сағаттың ішінде соншалық қасіретті жағдайға ұшырағаны, неткен аянышты еді?! – деп ары қарай не айтарын білмегендей үнсіз тығыла отырып қалды. Сәлден соң: – Шіркін, медицинаның орнын қандай нәрсе өтей алсын. От іштеріңе түсіп кетпей аман сауыққандарың соның арқасы ғой. Сенің мына айтқаның мені өз кәсібіме екі есе құштарландырып отыр. Өзің аман қалған екенсің, міне, бір жылдың ішінде көрген қасіретің аз да болса ескіре бастады. Солай емес пе?

– Рас, бірақ, амалсыздың күні ғой. Бүйіріңнің бір түкпірінде өзіңмен ілесіп бірге жүреді. Ойыңа түсе кетсе, ыңқылдап ауырып отырғаныңды байқамайсың. Өз әкешешемнің қызығын көріп, ең болмаса, солардың алдында да өскен адам емеспін. Бірде-бір сыр бөліспей,

тапқан ата-ананың рахатын көрмей өскенім батады. Түс көргендей ғана бірдеме, өңім сияқты емес.

– Ағажай, мен сені өзіңнен кем түсініп отырғам жоқ, солай деп біл. Менің атым Жасан болады. Тарбағатайдың Толы ауданынанмын. Өзің жауынгер керей ата баласы екенінді айттың. Менің руым уақ болады. Орта жүз ішінде «Керей-Уақ» қатар айтылады ғой. Қазақ қайда барса да – бір қазақ. Өз басым, қазақ баласының бөтендігі жоқ деп білем.

– Жасан, мектепті қатарлас бітіргенімізге қарағанда құрбы-құрдастар көрінеміз. Мен өзіңе бүгін осындай реті келіп тұрғанда, әлгі айтқан нағашы қызымды көрсетейін. Қазір біздің жатақханаға бірге жүр... Мен де өзімді адам танитын біреу шығармын деп ойлаймын. Ішіме сыймай жүрген сырымды өзіңмен бөлісуім тегін емес деп біл. Бір жыл болды. Терең сөйлескен бір адамым жоқ. Өзіңмен танысуға сыртыңнан талай оқталып жүрдім. Ақыры міне, сол тілегім орындалған сияқты. Саған бірін айтқан соң, бәрін айтайын... Ес тоқтата бастағаннан бір үйде бірге ойнап, одан бірінші сыныптан тартып бөлен жыл бірге оқыған әлгі нағашы құрбым жайлы да алдын ала естісін деп отырмын... Шынымды айтсам, оның шешесі қызы екеуіміздің ержете келе бір-бірімізді ұната бастағанымызды ішінен сезіп, біліп жүрді. Және ешқандай қақпай көрсеткен жоқ. Қазақта туған жиен қызды алуға болмаса да, нағашы қызды айттырып алатын үрдіс бар болса керек. Сол, әлгі өрт болатын күні әке-шешесі қыздарын өздерімен бірге әкелуінде де мән бар еді. Екеуімізді бірге оқысын, арғысын көре жатар деген ойлары барын менің өз әке-шешем де ертеден шамалап жүрген, – деп Ағажай осыған дейін ашып айтты.

Жасан әкесінен естіген «тауықтың жұмыртқасын қаршығаға бастырсаң, өзімен бірге шыққан шөжесін іліп жеп кетеді» деген тәмсілін есіне алды. Бірақ Ағажайды ешқандай жазғырғысы келген жоқ. Осыдан кейін екеуі аяңдап Ағажайдың жатын орнына келген. Бұнымен бір бөлмеде бірге жататын Тұрпандық қоңыр өңді ұйғыр бала бар екен. Жасанды соның қасына отырғыза тұрып таяғын тықылдата, тездете қисаңдап шығып кеткен

Ағажай көп кешікпей әлгі қызды ертіп кірді. Жасан өзінің тосыннан келе салғанына аздап ыңғайсызданып отырғанымен, бір тәуірі, мына қыз бұны жатсынбады. Бұрыннан білетін адамдай үйірсек шыраймен сәлемдесіп ұшырасты. Ағажайдың айтуынан ба екен, өзімсіну, достық пейілі бардай. Осының өзінен Ағажай екеуінің бір-бірін қалай сыйлайтыны, айтқан бір ауыз сөздерін жерге тастамайтыны ұғылғандай. Және онысы – көп қыздардай ө дегенде бөлсініп өзін көрсеткісі келмей, табиғи түрде Ағажайдың төсегінде отырған қонақ жігіттің қасына нәзік майыса келіп қатар жайғасты. Қимылында сыпайы, сезгір ептілік бар. Шекесіндегі көлемді тыртығынан алғаш көрген адамы алдында қалайда аздап қаймығатын да сияқты. Жүзінен сәл именшектенгені байқалған. Қонақ жігіт онысын қыздың ибалылығына жатқызды. Ағажай бұл екеуін таныстырған соң, Жасан қыз алдында орынды деп санаған сөзін өзі бастады.

Аты – Жангүлім екен. Жұқалтаң әдемі ақсұр жүзді және сирек кездесетін оймақ ауыз келген бейнеулі, қырлы еріндері бар бойжеткен сонау сұлуларға жатпағанмен, нәзік те сүйкімді. Және Жангүлімді өзгеден бөле көрсететін бір белгі, пікір толып қарайтын, сезгір көздері бір көрген адамның есінде қаларлықтай. Жасамасыз, табиғи жаралысы бары байқалады. Қазақ «сүйкімді қыздың көзі сыршыл» деп текке айтпаған.

– Жангүлім қарындас, айтарымды былай бастағалы отырмын. Біреулермен он жыл бірге жүрсен де қоянқолтық араласып кете алмайсың. Көңілі жараспағанның сөзі жараспайды да. Біреу «жүр» десе жүре салатын, мен де өзімді атқа жеңіл телпекбай деп ойламаймын. Бүгін мына Ағажай құрдасымның әңгімесін естіп, қақ жарыла тыңдадым. Жетелеген тайлақтай елпек боп жетіп келгенім де сол. Бұл жағын әрине, дұрыс түсінерсіз. Соншалық сырласудан соң ана жатақ, мына жатақ арасы тұрмақ сізді көру үшін Ағажай Барсакелмеске шақырса да, тартынарлықтай шамам қалмады, – деп еді, Жангүлім сыңғырлаған үнімен күліп жіберді. Күлкісі қайта естігің келетіндей жағымды екен. Сөйтті де:

– Ағажай шындап әңгіме айтқысы келген адамына

құлағына дауадай құйып жіберетінін өзім де білем. Сіздің қалай келіп қалғаныңызды да, Ағажайдың неге шақырып ертіп келгенін де білмей отырғам жоқ. Айтарыңызды тартынбай айта бергеніңіз маған да жақсы. Сөйлесетін кісі таппай екеуіміз де көптен қамығып... – деп тоқтап қалды. Өзінің шынайы бейнесін байқатты. Аузынан шыққан әр лебізі сенімді, инабатты қыз екені айтпай-ақ білініп тұр.

Өртке оранып жан дауыстары шыққан әке-шешеден бір сәтте айырылып қалу оңай болсын ба. Бұларға біреудің бір ауыз жылы сөзі ем боларлықтай шығар. Жасан осы ойларды жалпылай шола отырып:

– Екеулеріңіздің осы оқу орнына түскендеріңіз орнын дәл тауып қаланған кірпіштей болған. Келешекте адамдарға жақсылық жасасаңыздар, олармен бірге өздеріңнің жан дүниелерің дауаланып, биіктеп жүретіндеріңді сезгендеймін. Егер бұл болмағанда екеуіңді әдебиет саласында оқитын мамандыққа ұйғарған болар едім. Осыдан басқа оқу екеуіңді қанағаттандырмастай деп ойлаймын. Себебі дәрігерлік – басқа адамға өмір сыйлау арқылы өзіңді бақытты етсе, көркем шығарма атаулы автордың жан-сезімінің егіз, сыңары ғой. Жұтпаса өлетін ауадан кейінгі ақын-жазушының тірлік-тынысы әдебиет деп білем. Қолында қағаз-қаламы барда жазушылар өзін патшадан кем санамайтын болар. Қаламгер – бар жүрек үнін соған бағыштайды. Екеуіңе айтар менің кеңесім – Әуезовтің «Абай» романынан бастап, көркем шығарма оқыңдар. Мен өз басым, барлық кезде сол кітапқа сүйенем. Дұғалықтай бас жағымда тұрады. Екі оқып, үш оқығанмен қанбайсың. Әуезовтің құдыреттілігі сонда. Тіпті, сырын игеріп болуың да мүмкін емес. Оны қанша рет оқысаң әр жолы басқа қырын танып тереңдеп, шөгіп отырасың. Өзің шыңның басына шығып дүниені алақанға салғандай танып-біліп, тіпті даналанып отырасың, – деп тоқтап еді. Жангүлім:

– Сіз бізді бір көргеннен сонша танып алғансыз ба? – деп сыңғырлай күлді де. – Айтқан сөзіңіздің барлығы менің көкейіме қонып отыр. Ағажайдан өзіңіз де бәрін

естіп келіп отырсыз ғой. Бұрын да жақсы кісімен сөйлесек, сезіміз таусылмаушы еді. Ағажай екеуіміз бірдей бүкіл отбасыларымызбен қайғылы жағдайға ұшырағалы, өзіңіз құсап жылы сөз айтқан кісі көрсек жылағымыз кеп...— деп сыңсып жіберді. Әлі бітпей жүрген ескі жарасының аузы ашылған. Айтарының аяғына жете алған жоқ. Бұны көріп қайғы-мұңы ортақ Ағажай да жапақтай бастаған. Бір-біріне сүйеу боп зорға жүргендері байқалады. Жасан әңгіме төркінін бұрып:

— Айтпақшы, сіздер «медицина» деген терминнің неге, қалай аталғанын білесіздер ме? Бәрімізді шипагерліктің пірі Әбуғали Ибн Синаның рухы қолдасын. Басында Ибн Синаға бас иген араб-парсы халқының аузымен бұл сөз «Мәдәт-Сина» аталады. Және сол атпен бүкіл Еуропада да екі жүз жыл бойы «Медет-сина» атала жүріп ақырында екі сөз бірігіп, бүгінгі «Медицина» деген терминге айналып, бүкіл дүние, жалпақ әлемге сол атпен таралады, — дегенде өздері үшін алғаш білініп тұрған мына жаңалыққа Жангүлім де, Ағажай да таңырқап, мағынасына қызыға қарады. Және осы арқылы Жасан өзі түскен мамандығын қаншалық сүйетінін аңғартқандай. Ағажай жаңағыдан кейін жабырқай қалған қыздың иығына алақанын қойып еркелеткендей сыңаймен.

— Жангүлім, көрдің бе, мынау шынында да естіген адам, әсіресе, дәрігер мамандығында жүргендер кеуде керіп мақтанарлықтай сыр екен. Бұл — екеуіміз үшін зор жаңалық, жаңаша таным болды, — деді. Қыз да сөзге қосылып:

— Сонда, сіз айтып отырған «Медет-синамыз» бүкіл мұсылман әлемінің мақтанышы болды ғой. Басқалар, басқа елдер, мәселен Еуропаны айтсақ, дәрігерлік ғылымды алғаш өздері тауып жаратқандай, соның негізін өздері салғандай болады. Мұсылман жұртына биіктен көрінгісі келеді. Ал медицинаның түпкі мағанасы әлгіндей болғанда, жер бетіндегі шипагерліктің атасы мұсылман елінен шыққаны ғой. Осы үшін дүниеге жар салып күресу керек екен, — деді. Өзі әлдебір рахат сезімде терең толғанып отырып қалды. Шыт жаңа әсермен ойға шомып отыр.



Осы кезде ұйғыр баланың бөлме ішіндегі электр ошаққа пісірген картоп қуырдағы дайын болған-ды. Ол қазақшаны жөнді түсінбейді. Бет-жүзі қоп-қоңыр тұрпандық, өзі аңқиған аңғалдау. Ағажай сарқ-сұрқ бұрқылдап қайнаған шайды оның өз сөзімен:

– Сәмет, шәйің «булақ-булақ» қайнап жатыр, – деп еді. Анау Ағажайдың ең соңғы «жатыр» деген сөзін ұқпай:

– Жатор деген нема дегені, – деп сұрап, жұртты күлдірді. Жангүлімдер бұрын бір қымыз туралы әңгіме айтқанда Сәмет:

– Қымызны менма білема... Қазақ тонышларымыз ап келген қымызыңланы ташқа шықып иеп баққан, – деп күлдіргені бар. Тасқа шағып жедім деп отырғаны құрт көрінеді.

Жасан Ағажайдың бағанағы оқиғаның айтылмай, шала қалған тұсын есіне түсіріп:

– Айтпақшы әлгі, кішкене қыз қайда? Өзің айтқан жалғыз әпкең не күйде?– деп сұраған. Ағажай мен Жангүлімнің жандарына батқан, адамнан бұрын иесіз қалған тарғыл төбеттің көрсеткен тауқыметі болатын.

Бұлар ауруханадан жазылып шығып, әлгі дайын бір бөлме үйлеріне келгенде иен үйдің қаңқасын күзетіп қалған тарғыл төбет артқы бір аяғының тірсегін оқ үзіп, ақсақ болып қалған екен. Ол бейбақ алғашында үш-төрт күндей сыртқы есігіне дейін күйген үйдің босағасында күні-түні қыңсылап, қимылсыз жатып алыпты. Көрші кемпір Заруқа ас құйса да басын көтермепті. Көзінің астымен ғана қарап мөлиіп жатып алады.

– Аза тұтып жатырсың-ау, сорлы!... – деп күңкілдеп қоятын бұл кемпір қолындағы үйлі-жайлы болған жалғыз баласы өлген, өзі де пұшайманның бірі еді. Қазақ «баласы өлмегенге балам өлді деп айтпа» деген өкініш сөзді неге қалдырған дейсің. Дүниенің сырын осындай, басына іс түсіп көрген адам ғана біледі ғой. Ол тарғыл төбеттің мына жатысына адамға тіл қатқандай сөйлеп:

– Байғұсым-ай, ішіңе өрт түсіп кететін болды ғой, – деп күңіренгеннен, күрсінгеннен басқа не айла тапсын. Бірақ «үш арсыздың» бірі қу тамақ қой. Бір жағында кісі



өліп жатса, екінші жағында ұйқы, күлкі, тамақ үшеуі қабаттаспай тұрмайды дегені. Бұралып қарны ашқын ит ақыры өлместің қамына өтіп, ана үй, мына үйлердің қараусыз қалған бірдемелері болса жеу үшін ұрлыққа кіріседі. Өмірі өзінің салтында жоқ әрекетке барады. Арасында ыңырсып, қыңсылап қойып кешкі мезгілде бір үйдің қоршаулы қашасынан секіріп кіріп, жалпақ үстел бетінде жаюлы құртқа енді ауыз сала бергенде, ұрлана келіп ұрған үй иесінің таяғы басына «таңқ» ете түскенін бірақ біледі. «Қаңқ» етіп қалып, тағы да қуалай ұрған үй иесінен зорға құтылып шығады. Ең болмаса, жұдырықтай жас құрттың бір талын жеп те қашпаған. Бұл түн, тағы бір-екі күн аш бұралған қалпында өтеді. «Аш адам жатып өлмей, жүріп өледі» демекші, жолы болмаған қайыршыдай нәр таба алмаған күйі тағы да қаңғырысқа түседі. Ақырында, сорына қарай алыстағы бір үйдің кешкі қонақтай бастаған тауығын көреді. Адамдары ішке кіруін күтіп, сол жерді маңайлап жүреді. «Итті иесімен қинасын» дейтін осындайдан шығар. Бар жақсылықтан айырылып сорлы болған мақұлық ұзын науаның қырында тізіліп ұйықтап отырған тауықтарға қарап жұтынып қойып, аяғын жыма басып әбден жақындап келіп, шетіндегі дәу қызыл қоразды мойнынан шап бере бақылдатып ала жөнеледі. Оның сол кездегі сезімін немен өлшей аларсың. Бірақ бұның қораны маңайлап жүргенін алдын ала байқаған үй қожасы мылтығын оқтап, жасырынып аңдығанын қайдан білсін. Бірдемеге алданып қалып, ұры иттің қораға кіргенін дәл кезінде аңғармай қалған қас жауы қоразды ала қашқанын бір-ақ көрген. Артқы жағынан қуалай атқанда сол жақ тірсегінен тиеді. «Шаңқ» еткен мылтық үнімен бірге жалп етіп құлаған төбет аузындағы тауықтың қайда ұшып түскенін білмеген. Зарлы дауысы көкке жете, өксіп қаңқылдаған пақыр ізінен қан саулата шойқаңдап безген бойы үйге бір-ақ жетіп жығылады. Ертеңінде жарасын жалап қансырап жатқан бейшараға содан былай Зарауқа иелік еткен екен.

Ағажай екінші сыныпта оқып демалысқа келгенде көзін ашпаған күшік күнінен әкеліп асырап алған екен.

Содан мектепті бітіргенге дейінгі аралықта үйіне келген сайын өз қолынан тамақ беріп, еркелетіп, өзін осы үйдің адамы екенін білдіруге құлшынып жүрген. Жақыңды ит пен бала біледі дейді ғой, жыл өткен сайын Ағажайды біле түсіп, ол келген сайын қатты еркелеп қарсы алатын. Ал мына жолы ол шерменде екі ай жоғалып ауруханадан келген Ағажайды көргенде қайтті демейсіз бе.

Тілі жоқ дегені болмаса ит атаулының есті, ақылдылары адамның ниеттес досы ғой. Аурухана жеткізіп салған машинадан түсіп жатқан иесін көзі шала бере Құттөбет «сені рас көрдім бе» дегендей қыңсылай жүгіре, ұшып келіп Ағажайдың аяғына орала кетіп, жылағандай дауыспен қыңсылай жөнелген. Екі аяғымен балтырынан құшақтап, қозғалдырмай жатып алған. Мақұлықтың көзінен байқалған жас та бар еді. Жағы сенбей, зар қақсағандай боп безектей қаңқылдап жатқанын көрген Жангүлім шыдап тұра алмаған. Бір-бірінен өткен бұл да шеркөкірек қой. Көз алдына осы жерде өртенген әке-шешесі келді. Көзін баса қыстығып жылап жіберген. Оны көрген Ағажай да жетіскен жоқ.

Тегінде Ағажайдың да жүрегі жұмсақ болатын. Ол да еріксіз егіліп тұрды. «Қараудың көңілінде қайғы тұрмайды» десе дәті берік, қасаң адамдар ғана жылай білмейді.

Бұларға мосыға от жағып шай қайнататын шәугім, бірер шыны-аяқ және жастығымен екі көрпені Зарауқа әкеліп берді. Көңіл айта келушілердің үлкені сол болатын. Ол :

– Қарақтарым! «Мың қайғы бір қажетті өтемейді» деген.. Өздеріңнің дендерің сау болсын. Жиырма-отыз жыл көрші болған бәрімізге оңай тиген жоқ. Біз тұрмақ ит екеш ит те көмектескенін көзім көрді. Әлгі қу өрт шыққан күні, Ағажай балам, өзің есік алдына шығарған кішкене қызға от жақындап қалған екен. Біз жеткенше ана Құттөбеттерің баланы киімінен, жауырынынан тістей сүйретіп анадай жерге апарғанын көргенде сай-сүйегім сырқырап жылап жібердім, – деп мыналар білмеген бір таң-тамаша сырдың бетін ашты. Бұған жағасын ұстап таңырқамаған кісі жоқ.

Ағажай Зарауқадан:

– Апа, сол бала қайда екенін білесіз бе? Алтайдағы әке-шешесі естіді ме екен? Әй, бірақ оларға кім хабар жеткізе қойсын, – деп қазіргі білмек ойын үстемелей түскен. Зарауқа өзі көргенін айтып:

– Сендер ауруханада естеріңді білмей жатқандарыңда хабар естіп келген әпкелерің де есінен танып құлап, сендер түскен емханаға апарылған. Содан кейін екі күн өтіп өзіне-өзі келгенде, доғдырханадағылар оған сол жерге сендермен бірге әкеткен әлгі кішкене қызды табыстап қолына берген екен. Апайларың ол күні ауылына қайта алмай, алдымен біздің үйге келіп бір қонған. Далаға шығып өртенген үйді көрсе болды, қайтсін, өзін ұстай алмай жылай береді. Ертеңінде кетерінде де қос бүйірін шарт таянып, жылап-жылап кетті ғой, шырақтарым, – деп кемпірдің өзі де кемсеңдеп кетіп еді, оған ілесіп мына екеуі де үнсіз егіліп отырған. Осыларға жақсылық жасау арқылы ішін босатып Зарауқаның өзі де жеңілдеп қалғандай.

Кешкісін жалғыз терезелі кішкене баспананың екі бұрышына Жангүлім төсек салған. Қорқамыз деп Зарауханы шақырып қондырды. Сол әкеліп берген қаңылтыр шамның білтесін өшіріп, орталарында кемпір екеуі екі жерге томпиып жатып қалған-ды. Бір-біріне айтар сөздері жоқтай, екеуі үнсіз. Жуық арада ұйқылары да келе қоймаған. Көрші кемпір екі жетімнің ояу екенін кезек аунақшып қозғалғандарынан біліп жатты. Тек таңертеңгі шай үстінде ғана Жангүлім терең дем тарта күрсінгені білініп:

– Ағажай, өзімізді-өзіміз қажай бергеннен енді не пайда. Ең тәуір болғаны үкімет орны екеуімізге оқуға жолдама берді ғой. Соған да шүкірлік еткеннен басқа енді қолымыздан не келеді, – деп еді. Ағажайдың да ойындағы түпкі тірек осы екен.

– Дұрыс айтасың, Жангүлім... Басқа салған соң, көтергеннен өзге не қалды. Енді өзді-өзіміз бір-бірімізге сүйеу болайық тағы, алда қалай өмір сүрудің әрекетін ойлайық. Сөз де, уәдеміз де осы болсын, – десті.

Бұлар ашық қорапты жүк машинасының үстіне шыққан кезде-ақ Құттөбет қыңсылай бастаған. Машина жылжи жөнелгенде, соңынан шойқаңдай ұмтылған мақұлық бірталай жерге дейін арсалақтай жүгіріп, қалмай келе жатты. Барған сайын аралық алыстаса да, тоқтамай құлдырап ілесуін қоймаған соң, Жангүлім:

– Ағажай, машинаны тоқтатайықшы, Құттөбет сорлы қу далада сандалып қалатын болды ғой, – деген. Анау машинаның төбесін қағып тоқтатты да, жүргізушіге өтініш етіп, итін тосып алды. Енді аз жүрсе өзі де қалуға айналған екен, ырсылдап өкпесі өшіп әлсіреп, шойқаңдай кеп зорға ілінді. Ағажай еңкейіп желкесінен ұстап көтергенде қаңбақтай жеп-жеңіл екен, күжірейген жуан мойнының тым қылқиып кеткенін байқады.

Ажалдан тірі қалған жақындар бір-бірімен жылап көрісті, әпкелері дардай әйел болса да, жоқтау айтқанды білмейді. Қайран дәстүр, кешегі Бақатайлармен кеткен болу керек. Ағажай мен Жангүлімді кезек құшақтап қоймай, зарлап сөйлеп егілген апайлары содан бергі аралықта жүрек қабы кеңейіп науқасшаң күйде жүр екен. Күйеуі:

– Гүлзарқан, ауырып қалатын болдың ғой, қойсаңшы енді, – деп сонан соң, Ағажайды кейіндеу тартып құлағына сыбырлап:

– Әпкең жүрек ауру болып қалды, қойғызбасаңдар болмайды, – деді. Ағажай өз бойын тез жиып:

– Тәте, сабыр, сабыр, болды енді. Осы біздің қалғанымызға да шүкірлік етіңіз. Әр үйден бір-бір тұяқ қалдық қой, – деп жатып, зорға тоқтата бастады. «Бір-бір тұяқ» дегеннің ішінде әлгі кішкентай қыз да бар еді. Оны әпке-жездесі екеуі Алтайға бара жатқан бір таныстарына өтініш білдіріп, Жангүлімнің Көктоғайдағы аға-жеңгесіне сәлем жолдап, тез келіп қызын алып қайтуларын айтқан екен. Жамандық хабарды естіген олар да бөгелмей тізгін ұшымен жетеді. Ешкімге үйренбей шошынып жылай берген сәбиді сөйтіп, ақы иелеріне қайтарады.

Иелерінен бір күннің, бір сәттің ішінде көз жазып далада қалған Құттөбет те Гүлзарқанды көргенде,

туысымен табысқандай және бір топ жақындарының ортасында екенін біліп, байырқалап қалғаны байқалған.

Әпке-жездесі екі-үш күн ішінде бір сиырларын сатып, Ағажай мен Жангүлімнің қалтасына теңдей бөліп қаражат салып берді. Және оқуға аттанғандарына дейін ешқайда жібермей, көз алдарынан бір сәт таса қылғылары келмей бәйек болған.

* * *

Ағажай Жасанға айтқан ұзақ әңгімесінің соңында, Үрімжіге аттанарда, Құттөбетті әпкесінің үйіне қалдырып кеткеніне дейін тәптіштеп, баяндап сөзін аяқтаған-ды. Бір-бірлерімен осыншалық үлкен сыр табыстырған студент жастар мұнан кейінгі кезде қолдары босап уақыттары шыға қалса бір-бірлерін іздеп, жатақханада кезек бас қосып бірге қыдырып, көңіл ауласатын болған.

Жасан да аналарды әңгімеден құр қоймай, өз отбасының әртүрлі кешулері туралы бірталай көкейтесті сырларын бөлісетін. Әсіресе, өз анасы Шәрипаның басынан кешкендерін, оның шешесі яғни бұның нағашы апасы Бақатайдың қытай баланы қалай асырап алғанын, әсіресе оның кейінгі болмыстары жайлы жалықпай айтып, Ағажай мен Жангүлімге көкейлеріне қонымды, қызықты оқиғалы сырлар шертетін.

2

Зекей аудан ғана емес, қызмет бабы жағынан Тарбағатай аймағы бойынша көп жылдар бойы ауызға ілініп келген үздік қызметкер ретінде Үрімжіге өлке дәрежесіндегі жиналысқа шақырылған. Оның осындай дабыралы жиынға келгенін үш аймақтан теріп алдырған тізімдегі «Зекей Тұрсынбекұлы» деген аты-жөнінен бірден білген Шияу Ли жиналыс басталмай тұрып жолығу үшін алдын ала сол уәкілдер жатқан қонақ үйге жеткен. Қасында келіншегі де бар екен.

Өлкелік үлкен қызметкер Шияу Лидің өз аяғымен мейманханаға келгеніне сасып қалған тізімдеуші әйел Зекейдің қай бөлмеде екенін сұрағанда:

– Ол кісі бар, қазір өзінде. Осы бірінші қабаттағы бір кісілік 11-ші бөлмеде... Қазір, қазір, сәл кідіріңіз, – деп бірден телефон тұтқасына жармасты да, көп қабатты қонақ үйдің ең үлкен бастығына өлкелік кеңесші Шияу Ли жолдастың келіп тұрғанын хабарлап еді. Анау бөгелместен жоғары жақтан аяғын тездете басып түсіп келе жатты. Серейген ұзын қытай адамы екен. Шияу Лимен иіле амандасып:

– Жүріңіз, жүріңіз. Сіз іздеген қонақ осында, – деп құрақ ұшып, өзі бастай жөнелді. Бұнда кеше кешкісін келген Зекей ертең басталатын жиналыс үшін бүгінгі бір күнді тынығып және дайындық көруге өткізбек болатын. Енді ойламаған жерден есіктен кіріп келе жатқан Шияу Лиді көргенде орнынан қалай атып тұрғанын өзі де аңғармай қалған. Аузынан не сөз шыққанын да білмегендей абыржып:

– О-о, Шияу Ли-и! – деп таңырқый түсіп, екеуі бір-біріне құшақ жая шұрқырай амандасып кетті.

– Қалай, күйеу бала, аман-сау жеттіңіз бе? Ел-жұртыңыз аман ба? – деп қазақша зуылдатқанда қонақ үй басшысы мына көрініске аң-таң болып қалған.

Ол сол бойда көзі бақырая тұрып:

– Мен сіздерге қайнақ су дайындатайын, өздеріңіз отыра беріңіздер, – деді де, лып етіп шыға жөнелді. Қимылында Шияу Лиді сыйлап, зыр қаққан құлшыныс бар. Шияу Ли әлі түрегеп тұрған бойларында келіншегіне өз тілімен:

– Мен өзіңе көп айтып жүретін Зекей деген жолдас осы кісі. Менімен балалық шағын бір үйде өткізген. Шәрипа деген өзің сырттай білетін қарындасым – осы кісінің зайыбы. Бақатай деген жақсы апамыз, Қазез деген мықты әкем болған. Ес тоқтатпай барғандықтан мен өзімді сол үйдің туған баласы екенмін деп жүрдім. Өмір қандай қызық десеңші, бала күнгі көргенің кейін өткізгендеріңе қарағанда тасқа қашаған таңбадай еш ұмытылмайды екен. Және сонша ыстық болады екен, – дей келіп Зекейге:

– Мына кісі менің сүйіктім. Аты Шаң Гожи, таныс болыңыздар, – деп еді. Беті томпиған күлім көз аппақ келіншек:

– Өте жақсы! Сізді көргеніме қуаныштымын. Менің арқасүйер қожайыным Шияу Ли сіздерді ешқашан аузынан тастаған емес. Үйге қонақтар келсе де, не өзіміз қонаққа барған жерімізде де, өзінің басынан өткен ең қызықты оқиға ретінде сіздер жақты әңгімелеп отырады. Соны айтудан тынбай қазақ деген халық ешкімге, ешбір ұлтқа ұқсамайтын, жүрек жолы кең, қайырымды халық екенін дәріптеп, жар салып отырғанын қоймайды. Соны естіген жақын достары да бұнымен бірге қазақ адамын көрсе құрметтеп, иіліп тұратын болды, – деп бір топ ойдың басын құрап тастады. Бұның ағынан жарылған шынайы лебізіне қарап Зекей өз ұлты үшін мерейлене түсті. Карден фарфор табаққа қойылып, сәнді кеселермен дем арада қайнақ су жеткізілді. Оны көтерген әйелді бастап әлгі бастықтың өзі келген. Зекей ішінен «әттең-ай, осының орнына бір қып-қызыл қара шай болар ма еді» деп ойлаған. Оны құр суға қарап аңырып, бірден қол созбаған бөгелісінен сезе қойған Шияу Ли:

– Бұл кісілер кәй шүйден (қайнақ судан) шайды жақсы көреді. Шай адамның шаршағанын басады. Алыс жолдан келген кісі бой алдырып қалады ғой. Өзі шай

туралы айтуға әрине, ыңғайсызданады, – деген еді. Қонақ үй басшысы:

– Дүй, дүй, – деп басын шұлғи түсіп қасындағы әйелді тік тұрған бойда қолындағысымен қоса қайта бастап шыға жөнелді. Шаң Гожи Зекейге айтар ойын аяқтап болмағаны білінді. Күйеуі екеуі Зекейдің ұсынуымен орындықтарға тізе бүге отырып, сөзге кірісті. Мына сыйлы қонақты өздеріне шындап жақын тартқаны аңғарылып, Шияу Лимен қалай бас құрағанында кейінге қалдырмай күле отырып, мақтанышпен айта бастаған. Есті еркелігі де бар сияқты. Өзі Шияу Лиге бағынышты өлке дәрежелі қызметкер қыз екен. Басында Шияу Ли өзіне бағынышты қол астындағы қызға көз салуды ойламаған. Тек жұмыс жайлы ғана сөйлескеннен өзге ниеті болмаған. Мінезі ашық, Шаң Гожи күйеуіне еркелей көз тастап қойып сыңқылдай күле отырып:

– Әйел оңай халық емес, қыздар деген көңілі кеткен жігітті қалай торудың тәсілін біледі, – деп алдымен Шияу Лиге өзі ыңғай байқатқанына дейін әңгімелеп, алғашқы көргеннен-ақ Зекейді шынайы ырза күйде көңілдендіріп отырады. Зекей қытай тіліне жетік. Баяғыда Өшеті ауылына Ли хатшы келіп, оған белгіленген тілмаш ойдағыдай болмаған соң, компартия хатшысы алғаш оқу бітіріп келген Зекейді таңдаған еді. Одан бергі ширек ғасыр уақытта хан ұлтымен аз араласпаған Зекей қазақтың кейбір мақалдарын да толық мағынасымен жеткізуге жарайтұғын. Ол Шаң Гожи ханымның жаңағы сыр ақтаруына орай қытайша таза сөйлеп:

– Менің Шияу Ли інім «Өзің сүйгенге жүгірме, өзіңді сүйгенге жүгір» дегенді жақсы біледі ғой... Мәселен, өзің сүйгенге жүгіргеніңмен, оның ойында не тұрғаны белгісіз емес пе. Тағы айтсақ, біздің қазақта: «Сүймей алған сұлуыңнан, сүйіп алған сумұрының артық» дейтін де сөз бар. Шияу Гожи ханым, кешіріңіз, бұл сіздің әдіресіңізге айтылып жатқан сөз емес, мысал ғой. Әлгі сүйіп алған сумұрынның мұрны шырқылдап отырса да, шайды шын ықыласпен құйып береді дегені ғой, – деп еді. Мынадай мағынаға ерлі-зайыпты екеуі де қатарынан күліп:

– Дүй! Дүй!

– Рас, рас! – деп жатты. Шаң Гожи өз ойын ірке алмай:

– Қазақ халқының мына тапқырлығы кімді де болса иландырады, қандай тамаша, – деп төне түсті.

Бұлар Зекейді үйлеріне әкетуге келіпті. Ниеттерін таныған достары бас тартқан жоқ. Есік алдында көлігінде күтіп отырған жүргізушісі ала жөнелді. Үйінде бұдан бұрын мосқал жастағы еркек пен әйел, тағы сондай жасамыс әйел отыр екен. Бір ғажабы, бұл екі кісі де Зекейді өздеріне жақын бір адам санаған пейілмен ашық қабақ таныта амандасқан... Зекей ішінен «Шияу Ли табыстап айтып қойған соң, өстіп отырғандары болар» дей салған. Қасқа тістері орсиган буырыл шашты кексе әйел қытай адамы екені білініп отырған. Ол Зекейге:

– Қалай, қымбатты мейман, шаршамай жақсы жеттіңіз бе? – деп өзінен жоғары отырған еркектен бұрын тіл қатқаны қызық еді. Таныса келе білінгені – Зекей талай жылдар бұрын Бақатайдан көп естіп құлақ иі қанған оқиғаның дерегі болып алдынан шыққан мына қартаң жастағы жұбайлар баяғыда Қазез бен Бақатайды өкіндіре отырып, он жасар бала Шияу Лиді алдап алып кеткен кіші әке-шешесі болып шықты. Шияу Лидің иен үйде қайғылы өлім құшып жатқан жерінен Қазез үстінен түскен ата-анасының туыстары. Олар Зекейдің кім екенін алдын ала сыртынан біліп отырғандары ұғылып, орсақ тіс әйелдің күйеуі де сонау бұлдыр елестей кезді еске алып:

– Біз Шияу Лиді алып қайтқанда жылағысы келіп әрең отырған төрт-бес жасар қыз бала бар еді. Оны бізге Шияу Лидің қарындасы деп айтқан. Шияу Ли кейін бізге әңгімелеген сайын оның атын Шәрипа деген. Сіз сол қызбен үйленген күйеуі екенсіз. Қызмет жағдайыңыз туралы да естігенбіз. Ерлі-зайыпты екеуіміз ұзақ жылдар бұрын көз ұшында бұлдырап қалған тарихты қайта жаңғыртып, сізді көргенімізге шынайы қуаныштымыз. Өте-мөте сондағы Шияу Лиді асыраған әке-шешесінің адамгершілік парасатындай адалдықты бүкіл өмірімізде ешкімнен көрген жоқпыз. Және ондай болуы мүмкін емес

те шығар. Шіркін, қандай таза, қандай тамаша адамдар десеңізші. Кейде өзді-өзіміз отырғанда, қазақ халқындай халық ешқайда жоқ шығар деп жиі айтып, алғыстап отырамыз. Шияу Ли «үйге кетемін, қашан апарасыңдар» деп көпке дейін жылап жүрді. Бізге әрең үйреніп, әрең көнді. Онда қызметкер қазақ көршілеріміз бар, соларға барлығын қалдырмай айтқанымызда олар қуанып, «иә, біздің халық ондай жағынан ерекше екені рас, оны айта-сыздар, кім болса да бір тиын ақша шығармай түнеп, тамағын тегін ішіп, бүкіл қазақ даласын айналып шығуға болады» деп, кеуде керіп марқайып отырады, – деді.

Зекей дәл қазір өзін Үрімжіге жиналысқа емес, өз ұлты, өз қазағы үшін жасамасыз адал мақтау естуге келгендей сезінді. Және оны Жұңгоның миллиардтаған негізгі аға ұлт өкілдерінің аузынан есту аз өнеге, аз олжа емес. Ішінен өзін осынша даңққа бөлеген қайын ата, қайын енелерін ойлап: «Иманды болғыр, айналайындар-ай » деп елжіреп, бір сәт көңілі босап та кеткендей.

Сөз қисынына орай Зекей өзінің бір ұлы былтыр осында оқуға түскенін айтып қалған. Соны құлағы шалған Шияу Ли оған көз тіге қалып:

– Құрметті жезде, оны неге бірден айтпай отырсыз? Қай жерде екенін, әдірісін айтыңыз. Осындай реті келіп тұрғанда бірге болғанымыз жақсы. Шопырға айтсам, қазірақ тауып әкеледі, – деп еді. Оның аузынан шыққанын қалт жібермейтін ана үлкендер де «сөйтіңіз, сөйтіңіз» деп қостай жөнелген. Алғаш тосылып қалған Зекей мына шал-кемпірге дейін зыр қағып тұрғанына қарап, «ол да жөн екен-ау» деп келіскен сыңай байқатты. Шияу Ли онысына да қарап тұрған жоқ еді. Алды жиырма, кейінгісі он бестер шамасындағы бір ұл, бір қызы бар екен. Далада машинада отырған шопырын шақырындар деп аузынан шыққаны сол еді, бірінен бірі өткен елгезек екі баласы қатарынан жүгіре жөнелді. Әкесін қатты құрметтейтін олар да осы үйге Зекей келіп кіргелі оған жақсы көздерімен қарап, өздерінің жастық жалындарымен құрметтеуге тырысып, жылы ұшырап жүргендері байқалған. Және үйлеріне бірінші рет әкешесі мақтап жүретін басқа ұлттың адамы келгеніне

таң-тамаша сияқты. Әкесі көп айтатын қазақ деген халықтың қандай болатынын білгілері келгендей пейіл нышандары бар еді. Қалай айтқанда да, тәрбиелі отбасының өнеге-үлгісін ұстанған перзенттері екені даусыз.

3

Жасан келген кезде Шияу Ли әңгіме үстінде болатын. Бұны сүндетке отырғызып, тілін «Кәлимаға» келтірген молда соңынан Қазездің өтінуімен зерек балаға кейбір мұсылмандық сауал-жауапты да үйреткен. Айтқанды қағып алатын зерделі Шияу Ли айнала жұртты өзінің ұғымдылығымен риза ететін. Әңгіме сондағы көргендері жайлы. Бұл оқиғаларды Жасан да естіп отырсын дегендей Шияу Ли қазақша сөйлеп:

– Көршіміз Есентемір деген кісі Қазез әкеммен үнемі бірге жүретін. Және «Кәлпе апа» деген әйел болды. Қой бағатын, сөйлемей үнсіз отыратын, күйеуінің атын ұмытып қалдым. Маған шариғат сөзін үйретіп жүретін әлгі молда келген сайын сауалын:

– Аузыңда не бар? – деп бастайтын.

– Кәлиматы Шаһадат бар.

– Мұрныңда не бар?

– Шірік пәлекет бар.

– Көзіңде не бар?

– Нұр Мұхаммед бар.

– Басыңда не бар?

– Тәж дәулет бар.

– Құлағыңда не бар?

– Азан қаумет бар.

– Иығыңда не бар?

– Карибан, Катибан бар.

– Тізеңде не бар?

– Ізет, құрмет бар.

– Аяғыңда не бар?

– Дәрет кебісі бар.



– Әп-бәрекелді балам! Жарайсың, жарайсың!
Қашаннан бері мұсылмансың?

- Әлмисақтан бері.
- Дінің кім?
- Дінім Ислам.
- Менің күмәнім бар?
- Менің оны дәлелдейтін куәм бар.
- Куәң не дүр?
- Әлхамдүл-иллә, Мұсылманмын.
- Раббың кім?
- Раббым – Алла Тағала.
- Кітабың не?
- Құран-Кәрім.
- Кімнің үмбетісің?
- Мұхаммедтің.
- Кімнің досысың?
- Төрт шорярдың.

Осы кезде барып молда:

– Маш Алла, маш Алла! – деп сақалын сипайды.
Жасан ойдан ой қуалағандай үкі көздене бақырайып,
Шияу Лиден көз алмай қарап қалған. Зекей:

– Апырай-ә... Мен білмейтін, тіпті, көп қазақтың өзі
білмейтін таным-тағылым ғой, мынау! Осы күнге дейін
қалай ұмытпай жүрсің?! – деп таңырқады.

– Айтып отырмын ғой. Бала күнгі ұққаның өзіңмен
бірге жасайды екен деп. Шынын айту керек, мұсылман-
дықтың көп артық ерекшелігі бар. Қазір дүние ғалым-
дары сүндетке отырғызудың өзінде үлкен ғылымилық
бар екенін дәлелдей бастады. Мүмкін, болашақ заман-
дарда бұны бүкіл әлем болып қолдайтын шығар.
Өйткені адамзат өзіне пайдалы нәрсені біледі және
іріктеп алуға тиіс.

Сіздерге бір қызық айтып берейін, мына әке-шешем
мені алғаш әкелгенде суға түсіреді емес пе... Сонда
менің сүндетімді алғаш көріп қорқып кеткендерін
түрлерінен байқадым. Екеуі бір-бірлеріне үдірейе қарап,
бірдемелер айта бастады. Мен бұлардың не деп жат-
қандарын түсінбеймін. Сонан соң, менің шамалауымша
«ауыра ма» деп сұрайтын сияқты. Менің тәнімде



туғаннан кінәрат пайда болған деп ойлаған ғой. Әйтеуір, екеуі бірдей «ташалаң-ташалаң» деп жатқандарын білем. Мен түрімді бейғам көрсетуге тырысып, білетін сөзімді айтып «мою, мою» деп қоям, жоқ, ондай емес дегенім. Бұлар «моюды» айтқан сайын үдірейеді. Оларға «бірдеме жетіспейді, жоқ» деп тұрған сияқтымын. Ақыры сүйреп дәрігерге апарып масқара қылды емес пе. Көзілдірігі бар, қартаң доғдыр бұлармен ұзақ сөйлесіп қалып еді. Сонан мені қазақ кісілер асырап алғанын естіп, бұл мұсылмандық шартты белгі екенін білсе керек. Үшеуі бірдей күліп, дәрігер келген ізімізбен үйге қайтарды. Сөйтіп барып мыналардан зорға құтылдым емес пе, – деп күлді. Әңгіменің сарынынан «ташалаң» сөзі араласқаннан қазіргі бұл әңгімені түсінген шал-кемпір және Шияу Лидің келіншегі Шау Гожилер де қонақпен бірге күліп алды. Негізінен күлімдеп отыратын, мінезі жәйлі әйел көрінеді.

Жасан сыртынан естіп жүргені болмаса, Шияу Лиді бұрын көрмеген. Оның қазақша судай ағызып сөйлегеніне жан-тәнімен қызыға қарап қалған. Әкесінің осындай тамаша танысы барына мерейленіп отыр еді.

Ақсақал әңгіме желісіне қайта оралып, қарлығыңқы көрі дауыспен шауқылдап:

– Адам қартайған сайын жасыңда көргендерің қымбаттай түседі екен. Дер кезінде бәрі солай болуға тиісті болып сезілгенімен, әл-қуатың азайып, өзінді ауру айналдырып, оның үстіне бар нәрсені кең ойлап, терең тани бастаған кезде дүниенің сыры қабат-қабат ашыла түседі екен. Біз Шияу Лиді іздеп барған кездегі танымайтын қазақ отбасының көрсеткен азаматтығы, олардың биік парасаты бізді, әрине, қатты риза еткен еді. Ал соның бәрін енді еске алып көрсек, рас па, жоқ па дегендей кемпіріміз екеуіміз өзімізге-өзіміз сенбегендей боламыз. Шияу Ли қандай алтын адамдардың қолына түскен. Аз кешіксе, өлетін бала ғой. Қараңызшы, сол пақыр енді бүкіл Шынжаңға аты танылған ел ағасы және әсіресе, ары таза азамат болды, міне! Сол үйге ғана емес қазақ халқына рақмет! – дегенде, жан-сезімі нәзік Зекей көңілі толқығаннан танауы қақ жарылардай

кеңірсігі дуылдап ашып кеткен. Бұл оның күйреуіктігі немесе көңілшек осалдығы емес, жан дүниесінің кіршіксіз тазалығы еді. Соның сол зерделіліктің қабылдау тетігінен болатын. Шал айтарын жалғай түсіп:

– Мына кемпір байғұсқа да ризамын. Шияу Лиді бір сақалды дүңгеннен естіп, соның өзіне бастатып іздеп бару үшін бұл бейбақ ата-бабасы мініп көрмеген түйеге мінуге дейін келісті ғой. Және мол етіп сәлем-сауқат ала бару керектігін айтқанымда, әншейінде тыққыштап жүретін ақшасын да аяған жоқ. Не аламыз десем соның бәрін алды. Өйтіп бармасақ қара басты адам алып қайту оңай дейсің бе. Біздің жолымызды болдырған сол жомарттығымыздың да себебі деп білем. Шияу Ли үйге келген соң бес-он күн өткенде «сендер мені алдап әкеттіңдер. Қыдыртып болған соң үйге қайта апарамыз деп сендіргендерің қайда?» деп, көрші қазақтың аударуымен талай қиғылық салды емес пе. Соның бәрінде мына кемпір байғұс бірде-бір ашуланбай, қабақ шытып, мінез көрсетпей күліп, шыдап жүріп адам етіп алды ғой. Бұл кісіге сол үшін өте ризамын. Ол ғана емес, мен не айтсам соның бәрін істеп, Шияу Лидің білім алуына да ақшаны аямай Шынжаң университетінің Заң бөліміне түсіріп, не нәрсе керек, киім, тамағының бәрін қамдап отырдық. Екі жылдан соң өзінің саңлақтығымен құрметті компартия қатарына қабылданды. Оқу бітірісімен-ақ, қызметі бірден-бірге жоғарылап өрлей берді. Кемпір екеуіміз сол еңбегіміздің ақталғанына қуанамыз, мақтана да аламыз, – деп еді, бұған Шияу Гожи қосылып:

– Апама шексіз алғысты мен де жаудырып отырам. Атам екеуінің жансебілдікпен, қиындықпен бітірген сол еңбегі болмаса, қазақтың үйінен алып кетпесе, маған Шияу Лидей адам қайда? – деп сықылықтап күліп алды. Томпиған аппақ келіншектің күлкісі, бар қимыл-қылығы өзіне құп жарасымды. Келін мен шалы екеуінің сөзіне кемпір қосылды.

Бұлардың тұқымы аз. Жалғыз інісі өліп қалған мына лауханның көңілі орнында болғаны маған да жақсы емес пе. Бізде де бір ғана қыз перзент бар еді. Шияу Ли соған жанашыр аға ғой. Мәселен, бұны өлімнен араша-

лап қалып, бір даладағы қазақтар алақанға салып асырап отырса, оған қызықпайтын біздікі не?... Тіпті, үстіміздегі тонымызды сатсақ та алайық деп келістік. Шияу Ли қолымызға келген соң, ниетімізге қарай қыздың соңынан ұл бала көріп қандай қуандық. Зекей інім, сіз білмейсіз ғой, Шияу Лидің әкесі мен менің шалымның туылу тарихы, және сол ағайынды екеуінің әкесінің басынан кешкені өте бір аянышты жағдай болыпты, – деп содан ары қарай біраз оқиғаның басын шалды. Мына ақсақалдың әкесі сонау ішкергі Жияңсу өлкесінен екен. Аяқ киім тігетін жалғыз басты бойдақ жігіт болған ғой. Оның шебер етікшілігін ұнатқан бір бай жалтаңкөз кедейді алдап-сулап өзінің қарамағына алады да, ауласының ішінен етік тігетін шеберхана ашып береді. Жігіт осының арқасында бас құрап үйленетін болдым деп қуанады. Бірақ алғашында тәуір қарағансымақ болып сеніміне кіреді де, бара-бара ақысын дұрыстап бермеуге айналады. «Байдан жұмыс сұрасаң қуанады, ақы сұрасаң тұлданады» деген ғой. Қысқасы, бақасы көп көлдің сары иек жыланындай сорып, әлгі бай шаш етекпен пайда көреді. Көн былғары, ұлтанды сатып әперетін әлгі сол қожайын емес пе. Сондайдың есебінен ананың мойнына өтірік-шынды жамап-жасқап бірталай қарыз іліп қояды. «Аузы дуалы жала жапса – өтірікші болуың оңай» деген. Байдың сыбайластары да соның сөзін сөйлейді. Тірі қорлық көрген етікші не істерін, кімге шағынарын білмей іші өртеніп күйіп жүреді.

Қазақ «етікшіден ары қаш, сөзі тиер өзіңе, бізі тиер көзіңе» демей ме... Дәл сол айтқандай бай бір күні кешке жақын шеберханаға бас сұғып, қорасындағы малай әйелінің пәлен жыл киіліп, сасып кеткен аяқ киімін неге жөндемедің деп жазғырады. Анау:

– Тазалау аяқ киім алып беруге шамаңыз келмей жүр ме? – дей бергені сол екен, екі сөзге келмейтін айырсақал, тәкаппар ақсүйек «маған сөз қайтара қойдың» деген желеумен жігітті жағасынан алып сілкілей жөнеледі. Ашу-ызасы шегіне жетіп жүрген, қолында бізі бар жарлы өзін ұстап тұра алмай, ілмек бізді байдың оң жақ көзіне қорс еткізіп сұғып кеп алады. Бай көзін

басып бажылдап жатқанда, жігіт кешкі апақ-сапақта көзден ғайып болып, зым-зия жоғалады. Қысқасы, сол қашқаннан қашып отырып, Шынжаңнан бір-ақ шығады ғой.

Бұл жерде де Үрімжінің әр түкпірінде біреулерге жалданып жүріп етікшілікпен қайта көтеріліп, жасы қырыққа тақағанда зорға басын құрайды. Екі балалы болып, Шияу Лидің әкесі мен мына шалды көреді. Кемпір осы оқиғаны баяндай келіп:

– Ағайынды екеуінің мінездері екі басқа болды. Шияу Лидің әкесінен бәріміз қорқатынбыз. Ол өзінің әкесі сияқты ашуы қатты, еш нәрсеге көнбейтін адам еді. Біреудің көзіне біз тығып алған әкесінен аумайтын. Ақыр аяғы сол мінезімен иен тамда өзімен қоса жақсы әйелін де аштықтан өлтіргені белгілі болды. Міне, мына Шияу Лидің тірі қалғандығы үшін осыншалық табыстарға жетіп отырмыз. Шияу Ли әке-шешесінің көмілген жерін білетін бір қазаққа бастатып барып, олардың бастарына үлкен ескерткіш те тұрғызып азаматтығын көрсетті, – деп тоқтады.

Оның бұл айтып отырғанын Зекей білетін. Шияу Ли бірнеше дүркін Тарбағатай аймағына өкіл болып барып жүрген жылдары Толыға келіп, Шәрипадан бұның әке-шешесінің моласын Есентөмір білетінін естіп, ішінде Зекей бар, бірнеше адаммен Қату тауының баурайындағы Алтынкен маңында томпайып жатқан екі төмешікті тауып ескерткіш орнатып, даналап аты-жөндерін жазып қалдырған.

Шияу Ли мына кіші шешесінің сөзінен жаңғырық алып:

– Менің әкемнің мінезі қиын еді деп отырсыздар... Мен он жасқа келгенше қазақтың үйінде болғаным – мінезімнің қалыптасуына себеп болған шығар. Әсіресе, барынша жұмсақ, кең мінезді Бақатай апамның еңбегін қалай ұмытайын. Қазақ тілін өз тілімнен кем көрмей, ұмытпай жүргенім де сол кісілерді жақсы көргендігімнен. Қайта, қазақ көрсем сөйлесе кетіп, тілімді үдетіп жүремін. Әке-шешем тірі боп өз үйімде болсам, баж-бұжы көп отбасының баласы да сондай болмай ма. Бұлай

дегенде әкемді жазғырып отыр демендер. Оларды кей-кейде ішім өртене сағынып, аңсап кетем, – деді. Бұлардың сырға толы сөзін тыңдап болған Зекей:

– Міне, көрдіңіздер ме?!... Біздің қазақта «жерде жатқан жұмыртқа аспанда ұшқан құс болады» деген тәмсіл бар. Сол айтқандай, өлім аузында жатқан бала жазмыштың адам айтса нанғысыз жазуымен тірі қалып еді, өздеріңіз айтып отырған мұншалық оқиғалардың арқауы болды, – деп еді. Қорғасындай құйылып дөп түскен сөзге үй ішіндегілердің барлығы да ықылас қойып, Зекейге бір сәт ұйып қарап қалды.

Бүгінгі бұл отырыста Зекей қайын енесі Бақатай марқұмнан, Жасан өз анасы Шәрипадан көп естіген әңгімелерін бастан-аяқ қайта естеріне түсірген. Әсіресе, Жасан мұнан бұрын әлгі Ағажайдың басынан өткен тауқыметті естігені оның үстіне қазіргі мына кісілерді тағдыр тәлкегіне ұшыратқан хикаяларды тыңдағаны бұның ой дүниесін іштей өсіре түсті... Адам баласы басына түссе не нәрсеге көнбес деп ойлайды. Өзі мұнан бұрын да басқа емес, өз әке-шешесінің бастарынан өткізген не түрлі қиындықтарын білгеннен бергі уақытта, өз басының зейінділігімен өмірді бір кісідей түсіндім деп жүруші еді. Ол аз екен, көре беру көптік етпейді екен. Осылардан ұққаны – адам өмір жолында кездескен қандай қиындықпен болсын, күресуге іштей дайын болу керек екен-ау деп түйді. Бұның көргенінен естігені көп. Сонау Қазез, Бақатай, Есентемірлер өткізген кешулер, Толыдағы бай баласы Қазездің көргендері, тіпті, өз шешесі Шәрипаның бір басынан өткізгені аз тарих емес еді.

* * *

Әкелі-балалы екеуі бұл үйден риза-хош болып аттанып, қонақ үйге бірге келген. Ауылдың әңгімелерін қозғай отырып, Жасан қайтар кезде Зекей:

– Балам, барлық жағынан сақтанып жүрші... Мәселен, оқуыңды өте жақсы оқып жатырсың. Жүріс-тұрысыңда да жұрт көз тігерлік қасиеттерің бар. Тіл-көз деген болады. Оқу ордаларыңдағы әр түрлі мереке-мейрамдарда гармонь тартатыныңды, институттарың бойынша өз факультетіңді алдыға шығаратыныңды ұзынқұлақтан естіп жатамыз. Барлық кезде сақтанып, абай болып жүр, бір Аллаға аманат еттім, балам!.. Шешең екеуіміз сендердің тілеулеріңді тілеп, жанымызды шүберекке түйіп отырамыз, – дей келіп, әлденеден іштей тіксінгендей ауыр ой үстінде түйіліп отырып қалды... Кімнің болса да, қасындағы адамның қабағын қалт жібермейтін Жасан әкесіне сұрақты жүзбен қарап:

– Аға, сенде де тіл-көз аз емес шығар, өзің де байқап жүр, жарай ма, – деді. Соңынан ерген інілерінің әлі жас екенін ойлағанда Жасан әке-шешесінің амандығын жаратқаннан мың тілеп жүреді десең артық емес. Зеректіктің өзі басыңа азап, ойлатпайтыны қалмайды. Бұның қазіргі қалпын сезе қойған әкесі түрін өзгертіп:

– Ертең ерте басталатын жиыннан соң жолға шығамыз. Біраз дайындалайын, сен де барып дем ал, сабағыңа қара, құдайға тапсырдым, қарғам! – деді. Зекейдің жаңағы әлдебір күдікті оймен түйіле қалғаны тегін емес еді. Бұл ауылдан жиналысқа аттанардан бірнеше күн бұрын Кәлпе Есентемірге:

– Ана Зекей інің бір жаққа жолаушы жүре ме қалай... Қап, лажы болса жолға шықпағаны жақсы еді-ау, – деп ықылық атып, одан ары өзімен-өзі бола беріпті. Есентемірдің жүрегі зу ете қалады. Ол – Кәлпенің тегін сөйлемейтінін анық білетін кісінің бірі. Өзгесін айтпағанда, сонау Қазез туралы болжамы және Бақатайдың Бөрікталға баратыны туралы әрі ол ауырар алдында

«Өшетіге кетсеңші» дегені сияқты, тағы басқа көріпкелдігі қате кетпейтін. Есентемір соның бәрін ойлай келе Кәлпенің осы жолғы жорамалынан шошып, Зекейге қолма-қол жеткізіп келген еді. Ол Есентемірдің бұл достығынан іш жиып, едәуір сескеніп қалса да:

– Үкімет пен партия бұйырып отырған нәрсе ғой...
Әрі үлкен сеніммен жүктеген тапсырманы ақтағанымыз дұрыс. Қайда болсақ та, бір Алланың салғанын көрерміз, – деп қана қойған.

– Ата-тек жаралысынан таза тұқым өз еңбегін ардақтай білген қоғамына да барынша адал болатын. Әрі соған жүрек-ділімен беріліп кеткен. Өзін тапсыра, тіпті жұтыла беріліп болған қызмет орнын өзінің отбасынан кем көрмейтін. Қызғындығы сонша еді. Бұның осындай кірсіз, кіршіксіз бейнесін білетін «әйелдің қара тіл шешені» атанған Жамалқан Қарабатырқызы бұл туралы:

– Зекейдің денесінде тырнақтың қарасындай арам ет жоқ қой. Оған «сені патша сайлайық, осыңнан кішкене өзгерші» деп те бұза алмайсың. Осындай болып та адам жаратыла береді екен, – дегені бар. «Тіл шешендігінен ой шешендігі артық» дегенді еске алғанда, саңлақ әйел мың сөздің орнын өтейтін бір сөз айтып қана қойған.



Төртінші тарау

Эл аясы





ЕЛ АЗАСЫ

1

*«Аттың нарқымен қасқырдың ісі жоқ,
Адамның нарқымен тағдырдың ісі жоқ».*


Халық даналығы

Шияу Ли таңғы сегізден түс ауғанша өткен жиналыстан шаршап кешкі жұмысынан енді ғана қайтайын деп отырғанда, алдындағы телефон безілдей жөнелді.

– Вай, вай, бұл қайдан?

– Кешіріңіз, бұл Күйтүн қаласының орталық ауруханасынан еді. Осындағы бас дәрігер едім... Зекей Тұрсынбекұлы деген кісінің қалтасынан сіздің телефон нөміріңіз шықты... – деп, арғы жағындағы кісінің абыржулы дауысы аз бөгеле берді. Үкімет төрінде отырған кісіге өзінің тосын телефон шалғанына ыңғайсызданғанын білген Шияу Ли «бұл не» дегендей кенет таңырқай түсіп:

– Иә, иә, айта беріңіз. Не, не жағдай, бұл?



– Ол кісі осының алдында ғана сізге телефон шалуымызды өз аузымен тапсырып... Ол кісі көлік апатына ұшырап, бізге түскенін хабарлайық деп... Сізді мазалағанымызға кешіріңіз...

– ... Айтсаңызшы, ол кісі қазір не жағдайда? Сіздер жақсылап қарап тұрыңыздар, мен қазір осы бойда шығып жетемін. Мүмкін, Үрімжіге жеткізерміз.

– Жоқ, Шияу Ли мырза... Сіз ойлағандай емес, ол кісі қазір ғана демі таусылып, содан ... Шияу Ли түнеріп кетті. Не айтарын да білмей, үні қатаң шығып:

– Ой, ой, не деп тұрсыздар?! Ол қалай, қалай болғаны? – деп қалып, соған жалғас:

– Мен тез жетемін, күтіңіздер! – деп тұтқаны тарс еткізіп тастай берді. Ойланып та жатпастан далаға жүгіре шығып, жүргізушісіне дереу машинасын от алдырды да:

– Күйтүнге тарт! – деді. Осыншалық жаманатты естігенде ойлап күтпеген сұмдықтан төбесінен жай түскендей болып еді. Жүрегі жәбірленіп-ақ кеткен. Жолда әредік сайын үрке қамығып отырды. Ширыққаннан тістері шықырлап: «Бұл тегі мүмкін еместей нәрсе еді ғой, қалай, қалай болғаны» деді ішінен, «бәрінен Шәрипаға қиын болды-ау! Ата-анасынан жастай қалып, көп қиындықтардан көзін енді ашқанда...» деген сияқты сан түрлі ойлармен шырмалуда. Зекейдің бүгін ғана өлке дәрежелі жиналыста соңғы он жыл ішіндегі қызмет табысы үшін кеудесіне Сайфидден Әзиздің өз қолымен төс белгі тағып марапатталғанын ойлады.

Шияу Лидің Күйтүнге жеткені түн жарымы болған кезі еді. Өлкелік үкімет адамы келе жатқандықтан ба, түнгі күзетші дәрігерді ғана қалдыратын тәртіпті өзгертіп, бұл күні мұндағы лауазымы бар негізгі дәрігерлердің барлығы осында екен. Зекеймен бірге жазымға ұшыраған тағы екі-үш адам күзет үстінде көрінеді. Шияу Лидің түртүсінен Зекей оның өте бір қимас адамы екенін түсінген бас дәрігер қысқа қайырым аман-сәлемнен кейін-ақ оқиғаны сұратпастан баяндай жөнеліп:

– Осы қарашаның 5-і күні жаңбыр аралас қиыршық қар түсіп, жолдың кей тұстары сырғанақ көктайғаққа

айналған. Машина содан жолдың оң жақ шетіне қарай аударылып, қыраңнан төмен екі-үш аунап кеткен. Сіздің танысыңыз өзі маңдайы жарылып, бас сүйегі де зақымдалып, ауыр жараланғанымен, есін жоғалтпай өзгелерге жәрдемдескен. Жолдан оларға машина тосып тоқтатумен уақыт өткізіп алған. Қасындағы аяқ-қолдары сынған жаралыларды сүйрелеп, осында жеткізген. Алғашында жеке бір адам ғана отырғызарлық орны бар машина тоқтаған екен, жолдастарының айтуынша, оған өзі отырмаған, қасындағыларды тастап кете алмаған. Сөйтіп жүріп қанды тым көп жоғалтқандықтан, мұнда жете бере-ақ өзі құлап қалды. Жұмыс аяқталған кез. Мен үйде едім, тез хабарланып, алдымен Зекейге алғашқы медициналық көмекті көрсете бастадық. Қан құйғанға дейінгі аралықта алдымен тездетіп жүректі қуаттандыратын укол салдық. Артынша қан құя бастадық. Бірақ есін аздап жинағанымен, ең өкініштісі, ауыр жарақат алған азамат бері қарамауға айналды. Әл-қуаты барда айтып қалғысы келген болар, маған «қалтамда Шияу Ли деген кісінің өз қолымен жазып берген телефоны бар, мүмкін болса, сол кісіге хабарласыңыздар», – деді. Содан кейін-ақ тілден қалды. Соңғы сөзі де сол, демі таусыла берді. Біз оның аманатын орындауды міндет санадық, – деді.

Шияу Ли асыл туған Зекейдің соңғы рет өзге емес, тек бұның өзін есіне алғанын естігенде, еріксіз қалтасынан орамалын алып көзіне басты. Өзге бір ауыз сөйлемей бұларды жөніне қойды да, бөгелместен бас дәрігердің бөлмесіндегі телефон тұтқасын алып, Тарбағатай аймақтық парткомның үйіне болған жағдайды айтып хабарласты. Ол қолма-қол Толы аудандық хатшыға хабарлап, түн жарымында бәрі де жатқан жерлерінен су шыққандай болды. Толы ауданының басшысы дереу жүргізушісіне бұйырып, өз машинасын тез арада Күйтүнге аттандырды. Соны естіген Шияу Ли мұндағыларға:

– Таңертеңге дейін мәйітті жолға дайындаңыздар. Қазір түн салқын ғой, сонда да денесін бальзамдап қатырыңыздар. Ертеңгі тоғыз-ондарға дейін ауданнан



жіберілген көлік жетіп қалар, сүйекті алып шығамыз, – деді. Барлық әрекет Шияу Лидің шамалағанындай болды. Сағат тоғыздан қалмай жеткен машинаның артқы орындықтарына ұзынынан жатқызылған мүрдені өзі бастап алып жүрген Шияу Ли Толыға таяу Қарағайтының еңісінен түскенде, бір топ ауыл адамдары қара машинаның ашық қорабына сиғандарынша тиеліп келіп, осындағы бұлақ басында күтіп отырған екен. Шәрипаның ағасы Жөкеннен бастап, іштерінде Зекейдің ежелгі дос-жар, сыйластары: жазушы Сұлтан Тәукейұлы, Сүлеймен аудармашы, Кейқуат, Есентемір, сазгер Физат Сейтғазин, шежіреші Қуан Берікбайұлы, Жамалқан Қарабатырқызы, Бәдет Нұрсалғазықызы сияқты тағы бірнеше қимас, сыйлас қызметтестері бар. Бұлардың барлығы алдыңғы жағына қызыл жалауша белгі байлаған машинадағы мәйітті бастап еңкейістен алдымен келіп түскен Шияу Лиді көрді. Оны ұшыратқанда Толы ауданының танымал азаматтарынан тік тұрып сыйламайтындары жоқ. Ел ішінде «Ақжолтай» атымен атанып кеткелі көп жыл болған. Ол өзімен әйелдерге дейін қол алып, жабырлай амандасқандарға қабағы ашылмаған қалпы алақандарын жая:

– Міне... осылай болды! Мұндай бола қалар деп кім ойлаған!!! – дегеннен басқа бір ауыз сөйлеген жоқ. Есесіне ауыл адамдары шетінен оған көңіл білдіріп жатты. Дүниеден қайтқан бұлардың емес, соның туысы сияқты болатын. Шәрипаның шығарда жаны басқа ағасы ғой. Шешелері Бақатай емшек сүтін бермесе де, елік сүтін бергендей етіп асыраған ағасы екені рас.



* * *

Сүйек үйге жеткізілерден бұрын таңертең бұл қаза Шәрипаға өте бір қиындықпен естірітілген болатын. Расында, оған хабар жеткізу оңай бола қойған жоқ еді. Ертеңгі сәске мезгілде қызы Сайра екеуі бір қызық іске күле сөйлеп жатқан. Зекей Үрімжіге жүрердің алдында, биылғы күзгі қырманның бірінен кеусен ретінде тазаланбаған бір қап шар бидай әкелдіріп: «қызың екеуің келіге түйіп, қауыз қыпықтарынан арылтып, бидай көже қайнатуға жаратарсыңдар, қатық, сүзбе қосып ішкенге жақсы ғой» дей салған. Сыртта есіктің көзінде ауызы ашық бөшкеде тұрған сол бидайдан тауық асырайтын көрші кемпір ақырын келіп, бір тегенеге салып алып жатқанын Сайра көріп қалып:

– Ойбай, тәте, ананы қара! – дегенде Шәрипа да терезеден байқап:

– Қызым болды, қаш бері, бізді көріп қалса ұят болар, былай тұр, – деп жеңінен кейін тарта берген... Шал-кемпірдің, ата-әженің қызы боп еркін өскен Сайра ішегі қата күліп:

– Қайран, тәтем-ау ... Ол кісі ұялудың орнына біздің ұялатынымыз не? – деп әлі де қоймай күле түсіп, шешесінің мына қылығын ажуа, сықаққа айналдырып тәлкек етуде еді.

– Құрысын, үндеме. Жоқ-жітік кісілер ғой, қайыры тиеді.

– Ойбой, ұрлап алғанның да қайыры тие ме? Онанда сұраса да бермес пе едік.

– Әй, қызым-ай... Өмірден сағы сынып, жуасып кеткен кісілер ғой. Бір нәрсе сұрауға да бата алар деймісің. Сұраудан ұялатын шығар. Кейін таман «апа, тауығыңызға беріңіз» деп білмегенсіп, қайта өзің бір дорба ғып апарып бер. Батасы тиеді.

– А, солай дейсіз бе. Мақұл, тәте, айтқаның болсын. Маған бірталай ой салып тұрсың.



– Иә, қызым, көңіл көзін сыр ашады. Менің шешем күні кешегі көшпенді елдің қызы ғой, сол нағашы әжең Бақатай сөзгер кісі болатын, «тарылмай тұрсаң көңіл әдемі, тарықпай тұрсаң өмір әдемі» деп отыратын. Біз де осы күнге оңайлықпен жеткеніміз жоқ. Сол үшін неғұрлым қайырымды болып жүріңдер. Бәрі – бір Алладан, құдайдан қайтады, – десіп шешелі-қызы екеуі жоқ жерден сөз тауып сырласып қалғандай шақ еді. Дәл осындай кезде бұларды елең еткізіп, есік алдына дүр етіп бір машина келіп тоқтай қалды...

Аудан басшысы таңертең ерте Сүлеймен аудармашыны шақырып, түнде аймақтың бас хатшысынан естіген жаманат хабарды жеткізген. Жақын-жуықтары ерте ұғынсын деген. Сүлеймен тізгін ұшымен шапқылап жүріп, жаңағы Қарағайтыдағы кісілердің барлығына ауыр қазаны қайғыра хабарлаған. Бірақ бұны Шәрипаға естірту қиынның қиыны болды. Күні кеше ғана үйінен аман аттанып кеткен адам, арыс азаматы ғой. Данышпан қазақ «өлімді естіртуші жан алушы өзیرهйлмен бірдей» дегенді неге айтқан дейсің. Тегінде бұл сөз анауымынауға емес, нақ осындай қиын өлімге, ауыр қазаға арналып айтылған болса керек. Және «өлім шыққан үйдің есігінің көзінде арыстан жатады» дегенді де екінің бірінде бастан кешкен. Алдымен біреулер барып із салып алғанша баса-көктеп кіруге, жөн-жосықсыз әрекетке бара алмайсың.

Жаңағылардың барлығы біріне-бірі «сен айт, сен айт» десіп жатып, бұған еркектердің батылы жетпегені белгілі болғанда, жұрт тілі жүйрік Жамалқан Қарабатыр-қызына жабысқан. Оған дейінгі аралықта маңдайлары тасқа тірелгендей болған жігіттер бір-біріне:

– ...Сен менен гөрі өткірлеу едің ғой, сен айтсаңшы, – десе, қарсыласы құрдассынып:

– ...Сен менен гөрі пысықтау сияқты едің ғой, өзің бастасаңшы, – десіп тұрғанда, Сұлтан Тәукейұлы Жамалқанға қолқа салып еді, өзгелер де соны қостап:

– ... Сен ғана лайықтысың. Затың әйел әрі Шәрипамен дос емеспісің, – дегенде, ол шоқ басқандай ыршып түсіп:



– Е, сендер жазушың бар, шежірешің бар, өнерпаздарың – барлығың тұрып маған не жорық! Әйел затына карағанда ер адамның жолы үлкен еді ғой, сендердің алдарыңда менің көсемсігенім болмас, – деп шорт кесіп, жазғыра тіл қатқан. Осымен ақыры ешкім шықпауға айналған. Кейбіреуі «менен аулақ» дегендей теріс бұрылып шеттеу тұрып алған. Содан ақыры ең жақсы ақылды Жамалқан тапқан еді. Тіл шешендігі мен ой шешендігі түбірлес қой. Ол еркектерге:

– Әй, өңсең мәнжубастар! Онда былай істеңдер. Екі-үшеуіміз аудан басшысының өзіне кірейік. Оған өтініш етіп: «Қызмет сапарыңда қазаға ұшыраған адам ғой. Ауданның маңдай алды, озат қызметкері ретінде жиналысқа да өздеріңіз жібердіңіздер. Шәрипа да мықты сарбазыңыздың бірі екенін өзіңіз білесіз. Мына күтпеген ауыр қаза-қайғыны біздің оған айтуымыз өте қиын болып тұр. Аузымыз барар емес, бізді бір қиындықтан құтқарып жіберіңіз. Бәрімізді өзіңіз бастап барып, өз аузыңызбен айтсаңыз, қаралы отбасына да сіздің абыройыңызбен жеңілдеу тиер еді. Әрі мына ошарылған бізді де бір тығырықтан құтқарған боласыз» деп жабысайық, – дегенде, ақыл таппай ұйлыққан жұрт шулай жөнеліп:

– Міне, табылған ақыл! Міне, міне!

– Ой, аузыңнан айналайын!

– Бағанадан бізді мөлтендеткенше, осылай демейсің бе! – деп, Жамалқанға шетінен құлдық ұрғандай болды.

Сүлейменнің майын тамыза айтуымен затынан терісі кең әрі өзі бұл ауданда ұзақ жыл қызмет істеп, ыстығына күйіп, суығына тоңған Жаң Бу басшы бұлқынуға шамасы келмей, қыл мойнынан бұғалық түскендей:

– Дүй! дүй! – дегеннен өзге сөз айтпай, барлығын көлігіне сыйғыза отырғызып алып келген бойы әлгі еді.

Машинадан аудан басшысының және топ адамның түскенін терезеден көрген Шәрипа қатты таңырқай, біресе қуанғандай, біресе тіксінгендей ойпы-тойпы түрде абыржып қалған. Үйде күтіп тұра алмай, Сайра екеуі тез далаға шыққан. Жаң Бумен бірге өзіне қарсы аяңдаған бір топ жақындарын байқағанда да, ойында

жамандық жоқ, орнында тік тоқтай қалып, алдыдағы басшыға сәлемдескен. Қорғасындай салмақ, зілі бар қытай адамы Сүлейменге қарап қойды. Оны үнсіз түсінген тілмаш:

– Шәрипа, мына кісі ішке... – дей беріп еді, үй иесі қарбаласа қозғалып есікті айқара ашып, топ кісіні үйге енгізіп болып, өзі соңынан кірді.

Төрт-бес кісі биік үстел айналасындағы орындықтарға жағалай жайғасқанда басшы Шәрипаны өз қатарындағы бос орынға келіп отыруын өтінді. Бұрын мұндай іс көрмеген, бастан кешпеген жас әйел әркімге бір жалтақтап қарады. Зекейге әр кезде бір марапат көрсетіліп жататынын ойлап, бұлар сондай бірдемеге келді ме дегендей, аң-таң күйде кідіріп қалып еді. Сүлейменнің:

– Ана кісі өз қасына шақырып отыр ғой, жайғассаңшы, – дегені бойынша ілбіп келіп, сол орынға тізесін ақырын бүге берген. Түр-нұсқасында шешуіміз жұмбақ. Қазір бұл үйде қанша адам отырған болса, бұлардың көңілдерінде сонша ой астаң-кестең сапырылысып жатқанды. Шәрипа бір жақсы хабар бар ма дейін десе, ешкімнің қабағынан ашық шырай байқай алмады. Соған орай Жаң Бу ілінбей сөз бастап кетті. Ол Зекейдің бүгінгі таңға дейін жеткен жетістік, табыстарын тәптіштеп айтып сабақтай келіп:

– Шәрипа, өмір болған әр адамның басынан қуаныш та, қайғы да өтеді екен. Менің әкем жеті жасымда, ал шешем он бес жасымда қайтыс болды, – деп бастап, айтарын жалғай түсті. Үлкен басшы адамның жай қарапайым отбасындағы әйелге осынша шешілгеніне ішінен пейілденіп қалса да, бұл кісі өзінің жастай жетім қалып, не түрлі қиындықтар көргенін, сол арқылы көп ойланып, ақылды болып өсуге тура кеп тырысқанын айта бастағанда, Шәрипа бір сұмдықтың болғанын сезгендей жүрегі зу ете қалды. Тесік құлақ нелерді естімейді, «әкесі өлгенді де естіртеді» деген ғой. Жаң Бу бірден төте тартып:

– Құрметті Шәрипа Қазезқызы! Біз аудандағы, тіпті аудан ғана емес, аймағымыздағы ең озық қызметке-

рімізден айрылып қалдық! Жаратылыстың, табиғаттың көрсеткен тағдырына ешкім еш нәрсе істей алмайды. Біздің қимас досымыз, қызметтес жолдасымыз Зекей Тұрсынбекұлы көлік апатынан қаза болды, осы қаралы хабарды сізге амалсыз қайғыра отырып естіртуімізге тура келді. Мұндай төтенше жағдай сізді ғана емес, бәрімізді есеңгіретіп отыр. Амал не, тағдырдың жазуы солай болса... Енді белеңізді бекем буып, бала-шағаға өзіңіз бас-көз болады деп аудан атынан сенім артамын. Өзіңіз де біздің бетке ұстар қызметкерлеріміздің бірісіз. Өткен өмір жолыңыз өте қиын болғанын өзіңіздің Шияу Ли ағаңыздан естіп білгенмін. Бұл қазаны аймақ бастығына және маған хабарлаған сол Шияу Ли ағаңыз. Ол өзі де келе жатыр. Жасық әйелдерше дос-дұшпаныңызға сыр бермей, мықты болыңыз. Мен сізден соны күтем. Әрі мен сіздің мықты әйел екеніңізді бағалап жүрген адаммын. Және айтарым, мен өз атымнан әлі де берік-бекем болуыңызды тілеймін, – деп арқасынан қағып, қойын қалтасынан бір бума қызыл қағаз ақша шығарып, Шәрипаның алдына қойып, – «Ауданның көмегі...» – деді де, орнынан көтеріле берді.

Аудан иесі Жаң басшының аузымен айтылған сұмдық хабар төбесінен жай түсіргендей болса да, Шәрипа ана кісінің емеуірініне амалсыз бағып, үн-түнсіз сілейіп қатып қалған-ды. Өң-түсі қатты қуқыл тартып кеткен. Орнынан құлап түсердей еді. Бірақ бір ауданды алақанында ұстап тұрған зіл салмағы бар басшы адам сөзін аяқтағанша дауыс сала алмаған. Іштей булығып, қыстығып отырған. Жаң Бу есіктен шыға бере-ақ, егіле еңіреп жіберген Шәрипаны онсыз да зорға отырған дос-жолдастар, туыстар жан-жағынан бас сала құшақтап «ой, бауырымдап» көрісе берді. Шеттерінен кеп Шәрипадан айрыла алмай солқылдасып жыласып, жапа-тармағай өре түрегелген барлық қимас жақындар бір-біріне жол берер емес. Алдыңғысын соңғылары күтіп, мол шу салып тұрды. Қаралы әйел бірталайға дейін зар сөздерін айтып, үзбей жылай-жылай келіп, жұрттың сүйеуімен бүйірін таяна талықсып отырып, зорға ыңырана тіл қатып:




– Ағайындар-ау, бұл не өзі?!... Жасымнан көргенім өлім-қаза! Өлімнен көз ашпастай маған не болды, жұртым-ау, тақсырлар-ау, – дегенде бағанадан енді-енді тоқтай бастаған еркектер тағы да дауыстары шыға қайта жылап, кеңкілдеп кетті. Бір айтарлығы бірталайға дейін Шәрипаға сабыр тілеп, «қой» деп ешкім тоқтау айта алмаған. Жөпелдемеде ауыздары да бармаған. Не керек, қиялдағы тәтті тілегінді анасы жат тағдыр билесе!

Ақырында шешелерімен қоса улап-шулап жылаған бала-шағаның қасында бел-арқау болар нағашы ағалары: Қазықан, Мұртаза, Батырлар және Зекейдің екі ағасы Молдатай, Ордабайлар сияқты жақын жанашырдан бірнеше кісі қалды да, өзгелері түс ауған кезде сүйек кеп қалады-ау дегенді межелеп Қарағайтыға жетіп, ардақты мәйіттің алдынан тосқан.

2

Мәйіт үйге жақындағанда ашық машинадағылардың барлығы анадай жақтан жерге түсіп, азан-қазан бауырымдап келе берді. Топтасқан жұрт бірден дауыстап үн көтере бастағанда, үйдегілердің де озан-шу сала жоқтаған зарлы дауыстары естілді. Әйел атаулыдан Сайра, Шәрипадан басқа оның кіші шешесі, Жөкеннің әйелі Гүлсім, Сүлейменнің әйелі Бибіш, Есентемірдің әйелі Жамал, Сақанның келіншегі Зәмзамкүлдермен қоса бүгінгі мына жиналған туыс, достарының әйелдері бар болатын.

Сыртта аза тұтып, қатар тізіліп тұрғандар: Зекейдің ұлдары Сержан, Ержандардан өзге қабығы аршылған ақ тал таяққа еңкейе сүйенген нағашылары Қазықан, Мұртаза, Батырлар мен туыстар, Молдатай, Ордабайлар еді. Бұларға мәйітті бастап келген дос-жарандар бір шетінен көрісе құшақтасып, у да шу қалың дауыс қою басталып кетті. Ерлер осында айналып жатқанда Жамалқан, Бәдеттер ішке қарай кірген. Мұндайда кісінің сай-сүйегін сырқырата жоқтайтын әсіресе, әйел жарық-



тықтар. Неше түрлі жыр айтып, шер төгіп, зар қаққан қасірет үндері қасаң көңіл ерлердей емес, бар жан-тәндерімен, тұла бой, өзектерімен ақтарыла, төгіле егілетін солар – әйел аналар. Жамалқан мен Бәдетке Шәрипа «тәтетайлар-ау, бес баланы бірдей кімге тастап кетті» деген сияқты ащы қасырет шерін төгіп еңіреп кеткен. Сырттағы ерлер ішке кіріп құшақтасып көрісіп бола берген кезде, әйелдер арасынан бір зарлы, ащы дауыс жеке дара шырқырап шықты. Алғашқы ұлар-шу азайып, сәл де болса бәсеңсіген кез... Бұл баяғыда Шәрипаның әкесі Қазез қазасында құлаққа жағымды дауысымен қайғылы жоқтау айтып, дүйім жұртты жылатқан Гүлсім еді. Бүгін де ол өзінің ежелгі саңлақ тапқырлығымен көрінді. Өзге әйелдер ең мықтағанда жүйеге түсетін жай сөздермен «жас кеттің», «отбасы, бала-шағанды қалай қиып тастап кеттің», «кімге сеніп қалдырдың» деген сияқты күрсініс, өксулерін білдірсе, Гүлсім ежелгі көшпенді қазақтың өзекті өртерлік қайғышерге толы жоқтауын айтты. Бұл кезде бағанадан сыртта машинаның ішінде отырған Шияу Лиді де Есентемір, Сүлеймендер ішке алып кірген. Шәрипа Шияу Лидің келгенін көргенде, өзін ұстай алмай әлсіреген қалпында орындықтан құлардай шалқалап бара жатқан. Соны аңғарған Шияу Ли тез қимылдап келіп еңкілдеп жіберіп, қарындасын құшағына алды. Екеуінің де айтарға сөздері жоқтай. Таңертеңнен бергі жылаудан аппақ шөлмектей болып өң-түсі қалмаған, боп-боз болып қураған Шәрипаны жайын түсінген Шияу Ли қамығып-ақ кетті. Бір қолмен орамалын көзіне баса үнсіз тұрды. Дыбысын ішке жұта қыстығып, тұншыға қамыққан. Шәрипаның әке-шешесі көз алдына келген-ді. Бұны бауыры бүтін балалық бақытты шағында, еркетотай кезінде көре қалған емес пе еді. Бұрын дәл мұндай өлімге жылап көрмеген екен. Мүмкін емес, мұнда қатыбас, безбүйрек ретінде өзін ұстап қалуға шара жоқ. Дәл осындай тұста қатты шу саябырсығанын пайдаланған Гүлсім бағанадан бергі жай айтқан қайғылы сөздерінен енді зарлы жоқтауына ауысып, анық бір қасірет, шерге толған өксүлі дауысымен:

Жиылды елің азаға,
Өрт болды ішім назаға.
Үйірсек аттай, қарағым,
Үйір де ме едің қазаға!

О, дариға жалған-ай,
Жалғаннан көңілім қалғаны-ай.
Асыл бір туған, қарағым,
Орның бір толмас болғаны-ай!

Жаратқан болсын жеберге,
Болады бұған не дерге...
Отбасыңды шулатып,
Сеніп те кеттің кімдерге!

Сыйлы да болып бас жеген,
Алаштан таңдап ас жеген.
Ер жігітке немене,
Қырық екі-ақ жас деген!

Өшетің қалды мұрагер,
Хабарсыз жатыр құба бел.
Баурайында ол өскен –
Қайғыға батты құба бел.

Пұл жібердің қалаға,
Қалмақ ер салдың қараға.
Қалай ғана тастадың,
Үйірсек едің балаға!...

Айтайын кімге зарымды,
Бағаладық па барыңды!
Қолымнан берген қыз еді,

Тапсырдың кімге жарыңды! – деп келген жерде үй
ішінде солқылдап жыламаған адам қалмады.

*Сөз таппадым бастарға,
Көзімнен бұршақ жас парла.
Орныңды кімге тапсырдың,*

Үйірсек едің дос жарға! – дегенде де Жамалқан мен Бәдеттің дауыстары ерекше шығып, екеуі де қосарлана еңіреп кетті. Қазез бен Бақатайдың көзін көрген Есентемір, Жөкендер де жетіскен жоқ. Олар да бордай үгіліп түсті. Қазақ «бауыры жыртық жылауға келеді, бауыры бүтін сынауға келеді» деген болса, әкесінің көз алдында дарға асылып өлтірілген өз көзімен көрген Зәмзамкүл мен өмірден жәбір-жапаны көп тартқан оның күйеуі Сақан да бастан-аяқ бір тоқтамай, бір тынбай егіліп жылау үстінде еді. «Шын жыласа соқыр көзден жас шығады» демекші, Сақан байғұстың әйнек көзінің жан-жағынан да бырт-бырт үзіле шығып, тарам-тарам жас көрінген. Бұлар үшін, Зәмзамкүл мен Сақан үшін Шәрипа мен Зекейдің көрсеткен еңбектерін қайдан ұмытсын-ау. Ерлі-зайыпты екеуі бұларға бірге туғаннан артық жанашырлық, қамқорлық жасап, жаман күнде жар болды. Шындығында екеуін жетелеп сүйреп бақытқа жеткізген – Зекей отбасы. Және соған мына айнала отырған жұрт та куә. Солардың барлығы да іштерінен бастарына ауырлық түскен жас жұбайларды «осында жыламай қайтсін-ау» десіп отырды. Ал жасынан бірге ойнап, бірге өскен Кейкуат досының Зекейінен осылай ажырап, осылай айырылармын деген ой үш ұйықтаса түсіне де кірмеген ғой. Ол да әкесі өлгеннен кем қайғырып, кем жылаған жоқ. Тіпті, осы отырғандардың барлығына да Зекейдің орны қандай еді. Шияу Ли болса қазақ жұртының мынадай жоқтау сарынын бұрын көрмеген, білмеген екен. Соған табынып, соған беріле бағынып шерленуде. Гүлсім жоқтауын жалғай түсті:

*Жылайын жұртым, жылайын,
Көзімнің жасын бұлайын.
Болар ма бұған сенуге,
Не көрсеттің, Құдайым!*

Қарлықты үнім айқайлап,
Сене алмаймын ойбайлап.
Сабыр ет, қызым, Аллаға,
Елің жатыр «қой-қойлап».

Ісіне тағдыр не дерсің,
Қайғыға шөгіп кетерсің.
Аман болсын балаларың,
Әлі- ақ бір күн жетерсің.

Қарсылық емес, кеш, Алла,
Жылайды жұртың, бейшара.
Өзіңнің салған ісіңе,
Пендең қылар не шара.

Атың мен қалды құранды ер,
Қайғыда қалды қалың ел.
Саламат қыл иманың,
Соңын жақсы қыла көр! – дей келіп, бұған қабырға-
лары қайыса жан-жақтан сабыр етілген жұрттың райына
жығыла соңғы айтарына көшті.

Қашан тойған қара жер,
Уанайық, жұбатты ел.
Бес баланы жеткізсін,
Шәрипаға қуат бер!...

Қашан тойған қара жер,
Жұбанайық, уатты ел.
Шешесіне ес болсын,
Балаларға қуат бер!

Кешіре гөр, қара жер,
Жұбанайық, жұбатты ел.
Шәрипаға ес болсын,
Дос-жаранға қуат бер! – деп келгенде, Есентемір,
Сүлеймен, Кейқуаттар бастап, Зәмзәмкүл, Сақан,
Жамалқан, Бәдет қосылып үй іші тағы бір толықсый
толқып күңіреніп өтті.

Гүлсім өзіне зор сабыр тілеп, соңғы шерін шығарып:

Жүзімді жаспен бояйын,

Көзімді қайтып ояйын.

Бетімді қайтып жыртайын –

Қояйын жұртым, қояйын, – дей келіп ақырғы, соңғы рет солқылдап барып солығын зорға баса берді.

Қолға су құйылып, жұрт көздерін шайып, солықтарың сәл басып отырған кезде Шаяу Ли сөз бастап:

– Шәрипа қарындасым, енді соңы жақсы болсын дегеннен басқа не айта аламыз. Өзің білесің, мен де әке-шешем ел жоқ жерде қу далада, қуыс үйде қайтыс болып, мен өлім алдында жатқан жерімнен Қазез әкемнің арқасында тірі қалып, осы күнге жетіп отырмын. Маған өмір сыйлаған сол әке-шешеме мәңгі қарыздармын. Өзіңе туған ағаңдаймын. Ал енді мен куә болған оқиға былай еді. Зекей жиналыс болардан бір күн бұрын біздің үйде бас қосқан. Жасанның оқуға түскенін естіп, оны да үйге алдырдым. Кеңінен әңгімелестік. Менің әкем ғана емес, әкемнің әке-шешесінің тағдыры да өте қиын болғаны айтылды. Серік деген үлкен ұлдарың да Жасаннан бұрын оқуға кіргенін соңынан естідім. Сіздерге айтайын, міне қазір осында отырғанымды, менің қайда екенімді қызмет орным да білмейді. Суық хабарды бірден естігенде есімнің шыққаны соншалық, басшыларға телефон шалып айту ойыма келмеді. Бүгін осыдан кейін ауданның телефонымен дереу хабарласып, сонан соң амалсыз қайтуыма тура келеді. Жаңа ана жеңгейдің айтқан жоқтауынан сөз қалған жоқ. Қазақ халқының өзге елде жоқ ерекшелігі осы. Бұл кісі бәріміздің айтарымызды жырменен айтып кетті. Соны естігенде қандай адам шыдап тұрады. Мен осы кісіге өте үлкен риза болып қайтамын және сол сөздер, Шәрипа, сенің өзіңе десүйеу ғой. Қазақ халқы шексіз дана халық, – дей келіп, айтарын басқа арнаға бұрды:

– Зекей өлкелік жиында аса зор абыройға ие болған еді. Үлкен басшы Лиң Бияудың және Бұрхан Шаһидидың баяндамаларында ауызға алдымен алынып, Сейфиддин жолдастың өз қолымен төсіне алтын жалатылған медаль тағылып, шексіз марапатқа ие

болды. Оны қазір менің машинамадағы киімінен көресіздер. Зекей өзінің рахметін айтып сөйлегенде: «мен өзімнің мемлекетімнің әділдік түзімді жоғары орынға қоятындығына қуанып қана қоймаймын, кеуде керіп мақтана да аламын. Әлі көрерсіздер, Жүңго халқы – ұлы Шығыс алауы, басқасын айтпағанда, тек осы әділдік жолының өзімен-ақ күллі дүниені, бүкіл әлемді бізге қарай көз салдырады. Азуын айға білеген Америка да Шығыс алауымен санасатын болады» деп сөйлегенде, мыңдаған адам отырған бүкіл зал дүркіреп кетті. Қол шапалақтау басшылардан бастап тоқтар емес. Бұл аузы дуалы адамның сөзі еді.

– Шәрипа, сен жалғыз емессің, қасыңда мына ел-жұртың бар. Зекеймен сыйласқан достары сені жалғызсыратпайтынына сенемін. Менің айтарым – енді тек өзіңе мықты бол. Өзің де еш нәрсеге оңайлықпен мойымайтын қайсар адам едің ғой. Енді бала-шағаның әкесі де, шешесі де өзіңсің, өзің боп қалдың. Сол үшін алдағы өмірге қарай беліңді бекем бұғаныңды тілеймін, – деп барып, үй ішіндегілерге жағалай көз салып. – Солай емес пе ағайындар? – дегенде, сөз табуға ділгір болып әрең отырған көпшілік шеттерінен құп көре қоштай жөнелген. Шияу Лидің әлі де айтары бар екен.

– Зекей Тұрсынбекұлы әлі үкімет қаулысымен «Даңқты құрбандар отбасы» деген лауазымға ие болады. «Халық қамы үшін қаза болған қайраткер» ретінде отбасы мемлекеттің қамдауына алынатын болар.

Сол күні Зекей өзі жан тәсілім етер алдында дәрігерлерге менің телефонымды беріп, алдымен маған хабарласуларын аманат қып тапсырыпты. Сол бойынша мен кешкі жұмыс орнымнан шыққан бойы Күйтүнге түн жарымында ілініп, болған жайтқа көзім анық жеткен соң, бірден аймақ басшысының үйіне хабарластым. Ол ауданға білдіргенін айтты.

Мен енді осыдан барған соң Жасанмен бірге Серікті де тауып, оқу орнынан рұқсат әперіп, өзім жол қаражат шығарып, тез жіберуге тырысамын. Әзірше айтарым осы, – деп тоқтады. Бұған дейінгі аралықта сыртта көмекке келген ауыл адамдары бір жағынан қонақасыға

мал сойып, өзгелері таза аққа оралған мәйітті түсіріп, жұрт отырған төргі бөлмеден өзге жеке ашылатын есігі бар ішкі бір салқын сарайдан орын дайындап, соған жайғастырған-ды.

Шияу Лиден кейін енді бұл отырғандардың бөрінен кеуделі, өткір әйел Жамалқан сөз бастап:

– Міне, көрдіңіздер ме... Шияу Ли бауырымыз бөріні айтты. Бұл кісінің ұқтыруынша, Зекей өлімнің өзімен де артқы жағын, артында қалған жұбайын, бала-шағасын қамдап кетті деген сөз. Бұл кісідей бауырымыз болса, бәріміздің арманымыз болмас еді. Шәрипа, саған айтарымыз, енді өзіңе келуге тырыс, қарағым! Бұрынғылар «төс болам десең төзе біл» депті. Басыңа түсті қайтесің, енді сол шой балғаның астындағы тас темірдей болып ерлік қыл, жаным! Өзің де ер болып туғансың, еркекке бергісіз қайрат тәуекелің бар еді ғой. Енді өзіңнен соны күтеміз, – дегенде, Шәрипаға әке орнындағы Есентемір:

– Ақыл Алланың сыйлығы ғой, қарағым! Жамалқан айтса айтқандай, мен – мен деген ер адамға айырбастағысыз ақылды болып, тегің асыл болып жаралдың! «Ағаш мықтысы дауылда, адам мықтысы ауырда сыналады». Сен енді сынға түсіп отырсың, қызым... Ешқайсымыз Зекей жоқ деп алыстап кетпейміз, бәріміздің төрт көзіміз өзіңде болады. Бойыңдағы құдай берген қайратыңды енді осындайда көрсет. «Шынайы қайрат басыңды қырсық шалғанда танылады» деген бар. Шияу Ли ағаң айтқандай, саған осы отырған барлығымыз сенеміз, жаным, – деп қостады. Мұнда отырғандар бірінен-бірі кем түспейтін сөзгерлер ғой. Тек бастап кетулері қиын боп қамалғандары байқалған. Зекейдің Кейкуат құрдасы көңілге жылы, жеңіл тиерлік сөз айтпақ екен. Шәрипа мен Зекейдің бас құрауына көп септігін тигізген бұған не десе де жарасатындай.

– Бұл кісілер дұрыс айтып отыр, Шәрипа. «Дорбасында не барын дәруіштің өзі біледі» дегендей, сенің ақыл-жігерің қоржында, қапта болса, дорбадағы ақылымызбен біз де жүрміз ғой. Сен қаптың аузын ашатын болсаң, біз сол дорбамызды шошаңдатамыз, – деп жұртты аздап жадыратқандай болды. – Айналаңда

отырған осы барлығымыздың тағдырымыз өзіңе аян. Өлім-қазадан аман ешқайсымыз жоқ. Мықты бол, айналайын! Енді Сұлтан Тәукейұлы қосылды:

– Қашан көрсең, бақыт мысқалдап зорға келсе, қайғы-бейнет батпандап келеді. Адамды Алла бес күндік өмірде сынаққа жаратқан сияқты. Шәрипа шырағым, бұл да саған, сенің өзіңе алдыңнан тосылған сынақ көпір шығар. Енді сол тосқауыл көпірден сүрінбей өтуің керек. Бұл қаза бәріміздің де арқамызға аяздай батып отыр, қайтейік! Өстіп елдің барлығы жандары қалмай өлердегідей сөздерін арнап жатқанда Шәрипа бір ауыз лебіз білдірмей, үндемей қала алмады. Өксіп, күрсіне түсті де, баяу ғана:

– Әкем өлгенде кейінгі бір жылдары шешем Бақатай «қайқашан қуаныштың күні қысқа екен ғой» дегенді айтып еді. Өз қайғыңды етегіңмен жауып жасыра алмайсың ғой. Бүгін сіздер барда айтқандарыңызға алданып отырғаныммен, сіздер кетесіздер... Ал мен құлазыған қу моладай бос үйде қаңырап қалармын. Қайғыға аяқ бітпей тұра ма... Қайғыға қайғы жамалып, көрген күнім не болар дейсің! – деп көзін сүрте отырып, – Бетімдегі ажарым, көңілімдегі базарым бұрынғыдай қайдан болсын! Бұл өмірде бақыт пен қайғы егіз екен ғой, – деп ақылды сабырға бой алдырып отырып қалды. Бәдет Нұрсалқызы сөз қосты:

– Зекей жас кетті деп армандайтынымыз рас. Бірақ, ондай болған да бар, болмаған да бар. «Өз туған топырағыңда бүр жар» демекші, ол өз топырағын гүлдендіріп кетті. Өз ауданының, Толының атын аймаққа ғана емес, өлкеге шығарды. Қайсымыз ондай болып жатырмыз. «Ерім» дейтін елі болса соған лайық «елім» дейтін ұл туды емес пе. Елдің атын ер шығарады. Соған да тәубе деп, шүкірлікке келейік. Шәрипа жаным, қасыңда бұл отырғандар бір ауданның бетке ұстар азаматтары ғой... Соның өзін медет етсең болады. Басыңа түсті, көнбегенде қайтесің, шырағым. Сен осы отырған бәріміздің кеудеге таққан жұлдызымыз, мойнымыздағы асыл алқа-моншағымыздайсың. Бәрімізге керексің, мықты бол, қалқам! Атаң қазақ «жарлымын дегеніңе қарызың

қоймайды, жалқымын дегеніңе ажалың қоймайды» депті, сол осы ғой, шырағым, – деген шынайы жүрек сөзін жұбатуын арнады.

Шәрипа үнсіз отырғанымен, осы сөздердің барлығын бауыры езіліп қан болып кетердей күйде тыңдады. Осыдан кейін Физат Сейтқазин, Қуан Берікбайұлы да бірінің артынан бірі:

– Иә, Шәрипа шырағым, айтпас сөздерін амалсыз айтып, жасыңды тый деп елің отыр. Мың қайғы бір қажеттен шығармайды. Бұрынғылар «қайғының шоғы ертесе, сабырдың суын сеп» деп кетіпті. Осы отырған барлығымыздың да айтарымыз бір-ақ сөз, ол – өзіңді іштен қажап, таусылмай, болған іске болаттай берік бол дейміз. Бұрынғы Шәрипа қалпында қайрат қылып, балаларға бас-көз, ие бол. Даналығыңды көрсет дегеніміз. «Білгірге де ділгірлік бар» деген осы, қайтесің, – деп еді, көпті көрген шежіреші Қуан іліп кетіп:

– Жүрегің жараланғаны рас... Жүрек жетпеген жерге, жүйрік жете ме... Айтарға оңай болғанымен, естірге қиын болып отырған шығар. Солай болса да «жақсы әйел ері өлсе басына орнатқан мұнара болады, жаман әйел ері өлсе ешкімге сөзін өткізе алмай диуана болады» деген бар. Шамамыз келгенше жетісін, қырқын жабылып өткіземіз. Сөзімізді ғана емес, бөзімізді де аяп қалмаспыз. Бар салмақты саған салып қоймаймыз. Қолыңда ошарылған бала-шаға қалып отыр. Соның бәрі есебімізде болады, шырағым, – деді.

Зекей өзі таңдап жолдасы болған жезтаңдайлардан айтылмаған сөз қалмаған сияқты. «Аз қайғыны ас басар, көп қайғыны дос басар» деген осындайдан ғой.

Алғашқы шай ішіліп болғанда Шияу Ли бағанадан ішке сақтап отырған соңғы лебізін арнап:

– Ал, көпшілік! Мен енді жүрмесем болмайды, себебін білдірдім. Енді сіздерге тапсыратыным, бұл үйге Зекейді құрметтейтін бүкіл Толының халқы топырлап келе бастайды. Шәрипа оның әрқайсысына жылай берсе не болады?... Міне, бүгіннің өзінде бітіп отыр, бүйте берсе несі қалады!... Сондықтан аса бір жанашыр жақындары болмаса, келген елді, жалпы халықты

жылатпаңыздар. Жай кіріп-шығып көңіл айтсын. Жұрт бағанағыдай жабырлап, бауырым салып келсе, өзі зорға отырған қаралы адам не болмақ? – деп алып, соған жалғас Шәрипаға бұрылып:

– Айналайын, қарындасым!...Енді Зекейді ешкім тірілте алмайды. Еркіне қоя берсең, Зекейге жылайтын адам аз емес. Тағы айтсам, мына ағайын, өздеріңізге қатты табыстайтыным, жүз адамға жүз рет жылап отырмасын Шәрипа. Осындағы есті-бастыларың жұрттың алдынан шығып, соны ұқтырарсыздар. Ал қайыр-қош енді. Шәрипа, кездескенше аман тұр. Айтқанымды ұққан шығарсың, – деп орнынан көтеріле бергенде, Шәрипа да бірге түрегеп кеп, Шияу Лиді ақырын құшақтағанында, көзінің жасы мөлтілдеп кетіп:

– Сізге рахмет, бауырым! Үй ішіңізге бізден сәлем айтыңыз. Жазда отбасыңызбен келіңіз, мені іздеп тұрыңыз, – деді де, соған жалғастыра:

– Менің бес жастағы кезімде сізді үйден алып кеткенде әке-шешеме «... неге беріп жібердіңдер?! Ол қашан келеді?» деп ұмыта алмай, жылап қалатын едім. Сол көз жасымды құдай көрген екен. Міне, соның белгісі. Мен біздің үйге сіз келген соң туылған баламын ғой. Мұндай екеніңізді, кетіп қалатыныңызды білмегенмін. Бірге тумағанмын деп ойламаппың, – деп бұлармен бірге орындарынан өре түрегелген жұртты бірталай ойға салып тастады.

– Демалыс алсам міндетті түрде келемін. Сені көрмесе де жеңгең өзіңді өте жақсы біледі. Үйде екі сөзіміздің біреуі сендер болып отырарсыңдар. Үйдегілер – жеңгең ғана емес, үлкейіп қалған қызым, ұлым өзіңді арнайы көргісі келіп жүр еді. Ең жақсысы, Зекейді бәрі көріп қалды. Әлгі мені әкеткен әке-шешем де сол күні біздің үйде өздерің жайлы естіп, қатты таңырқады.

Мен бұрын да айтқанмын, сен ғана емес, мені әкеткен сол кісілерге талайға дейін наразы болып, «Үйге кетемін... Сендер мені алдап әкеттіңдер» деп ұрсып та, жылап та жүрген кезім болған, – деп, жабырлай қарап тұрғандарды таңырқатып та, аздап күлдіріп те алды.

Үйде әйелдер қалып, далаға тегіс шыққан Толының ең белді, беделді деген азаматтары Шаяу Лидей құрметті қонақты Меккеден келіп, қайтып бара жатқан адамдай шексіз зор ықыласпен шығарып салды.

3

Арада үш күн өткенде Зекейдің Үрімжіде оқып жатқан екі баласы да жетті. Әрі олар тек өздері ғана емес, қастарында бір қыз, бір жігіт жолдастары бар. Шияу Ли қайтып барған соң, Жасанға болған барлық жағдайды толық айтып естірткен. Ең алдымен, бұлар ер адам ретінде қайғыда отырған шешелерін көп жылатпауға тырысуларын шұғыл да өткір түрде тапсырған. Сөйтіп, шүйлеп алған екеуін ауылға аттандыруға рұқсат алмақ болғанда, Жасан Шияу Лиге ашық бір өтініш тілек білдіріп, осындағы таныстары Ағажай мен Жангүлімді қоса ертіп барсам, шешемнің көңілін жұбатуға да бетжүздік болар еді деген екен. Себебін толық түсінген Шияу Ли оның қисынды сөзін жерге қалдырмай, жолға шығатын төрт адам болғандықтан, өзінің орынбасарының машинасын алып беріп, сонымен бір-ақ аттандырыпты. Бұлар әсіресе әкелерінің жетісі берілетін қарсаңға дәл келген.

Құстай ұшып жеткен бейбақ балаларының төбесін көргенде, Шәрипа әнекүннен бері өзін аздап бекітіп жүрмін десе де, жыламай тұра алсын ба. Презенттеріне шағынбай қайтеді. Екі ұлын кезек құшақтап, бар жүйесімен қатты босап, сыңсып егілгенде, көз жасы судай төгілген. «Ана махаббаты тұңғиықтың түбінде» десе соның, сол түпсіз шыңырау әлемнің соққысы ұрмай тұра ма. Бұл жолы да оған біразға дейін «қой» деп ешкім айта алған жоқты. Тек көсем азамат Шияу Лидің берген кеңесін есінде ұстап, салқын сабырлы ақылға салған Серік пен Жасан болды. Осындай қарсаңда, әкесінің қайғылы қазаға ұшырағанның алдында Ағажаймен

танысып, оның басынан өткен зілбатпан қасыреттен жаға ұстап тәубеге келуі де дәл осы жолы Жасанның аздап болса да беки түсуіне орай келгендей. Шияу Лидің үйінде естіп білгендермен осылардың барлығын таразылай келе, ол анасына үлкен адамдай басу айта алды. Бірақ ол да жаралысынан жігері берік болғанымен, жүрегі жұмсақ еді. Келе жатқан ұзақ сапарында неше жерде әкесінің не бір қимас, болмыс-қылықтары көз алдынан кетпей, жол-жөнекей жас төгіп өксумен болған. Қазір де көз жасын сүрте отырып:

– Тәте, сабыр етіңіз, сабырға жүгініңіз. Әкеміздің қазасы бізге жеңіл дейсіз бе. Кеткеннің артынан кете алмаймыз ғой. Енді бір-бірімізге сүйеу болайық, содан басқа не қалды? – деп, көп еңіретпей тосқауылдап жұбатып алды. Алыстан сабылып келген бұларға Серік екеуіне шай-су, ас жегізіліп, сабыр тауып аздап өз-өздеріне келген кезде, Жасан өз қасына әдейі ертіп келген жолдастарын таныстырып, олардың жөнін білдірді. Қыз, жігіттің екеуі де бір түннің ішінде әке-шешелерінен бір-ақ айырылғанынан бастап айтып беріп еді, содан ары қарай қалғанын аналар өздері жалғап, бастарынан өткен сұрапыл қайғыны кезек әңгімелеп, Шәрипаның үрейін ұшырды. Ағажай:

– Жасан, бізді сізге сабыр тілеу үшін арнайы бастап ертіп келді. Және бір жағы өздері жеке келгеннен гөрі тату-тәтті сырлас, жолдасы біздің бірге болуымыз дұрыс та еді, – дегенде ашық мінезді жайдары Жангүлім де:

– Тәте, міне, өзіңіз естіп, білдіңіз... Тағдыр-тауқымет деген төтесінен келсе ешкімді аямайтын көрінеді. Сіздердің жағдайды ойлап біз сабыр етейік, балаларыңыздың дос-жолдасы бізді ойлап сіз сабырға келіңіз, – десіп, үйлеріне қатты жүрексініп жеткен Серік пен Жасанның қайғылы анасын азда болса шүкіршілік, тәубеге келтіріп отырды.

Отбасы осындай күйге ілініп әрең отырған болса, бұл қаза – Зекей қазасы бүкіл Толы ауданы, Еренқабырға өңірі, аймақ басшыларына дейін жалт қаратқан ауыр өлім болғаны анық. Қолдан сусын татып, үйде ауырып

өлдебір науқастан қайтыс болса оның жөні басқа ғой. Мынау өзге бөгдені, сыртты айтпағанда әсіресе үй ішіндегілерді сенем бе, сенбейім бе дегізерлік, қолқа-жүректі үзіп кеткендей тағдыр соққысы еді. «Сүйкіміне қарай мезіреті» деген бар. Елге сыйымдылығымен жаққан Шәрипаның өзі бел ортасында әдемі өмір кешкен аяулы халқын қамықтыра түсетін жері де осы.

Сүйегі жеткізілген күннің ертеңінде, өзі туған асыл топырағына тапсырылған Зекейдің жаназасына жиылған елде сан жоқ десе де болатын. Сол қара құрым халықтың пейіл-ниетімен ақ аруланып, жаназасы шығырылып бола бере, алды-артына қаратпай, кілем жабулы табытты жабыла көтеріп ала жөнелгенде, тағы да зарлап, шулап қалған жақын-жуықтар өне-міне дегенше марқұмның жетісін де өткізді.

Ұлдың үлкені Серік тумысынан қайсар, ата-анасының ең арқа-тірек көрген балалары болатын. Ол жолға шығар алдында анасының қолын ұстап тұрып:

– Тәте, өзіңіз көрдіңіз, мына Ағажай мен Жангүлімді Жасан бұл жерге текке әкелген жоқ. Әркімнің ата-анасы өзіне ғой. Бір күнде тақыр-жалаңаш қалған және қаншалық қайғылы қазаға ұшыраған бұларға өзімізді салыстырғанда шүкірлік етсек болады. Басқа не амалымыз бар, жетісін жақсы өткіздік, – деп жетімсіреп қалып бара жатқан шешесін құшақтап бетінен сүйген-ді.

Басына түскен ауыр қасіреттен жаны күйзеліп, өзегі өртенген Шәрипа ішінен «әй, өмір-ай, алдың сайран, артың ойран екені осы екен ғой...» деп аһ ұрды. Амалсыздың күні еді. Тек Алладан қуат тіледі. Осы бір міндет өтеліп, балалары қайтарында оларға енді өз бойын бекіткен шешелері ақыл айтып мықты болуларын, алаңдамай оқуларын жақсы оқуларын қайта-қайта табыстап, жігерлендіріп шығарып салды. Уақыт тоқтар емес, ай ағындап қырқы өтіп, жыл жылжып мына жарық жалғаннан абыройлы аттанған Зекейдің ас-нәзірі де берілді. Қара ту жығылып, бәз баяғы жаны сірі тірлік қамы жалғасын тапты.

Бесінші тарау

Асыл нәсілдер





АСЫЛ НӘСІЛДЕР

1

Арада тағы бірнеше жылдар өткен. Үшінші курста оқып жүріп Қытай компартиясының мүшелігіне қабылданған Жасан оқуын жоғары дәрежедегі дипломмен аяқтап, Іле Қазақ автономиялы облысының жаңа орталығы болған Күйтүн қаласының бас ауруханасына «бес мүше және көкірек, жүрек бөліміне» хирург дәрігер болып келген. Сексенінші жылдардың басында қытайдағы «100 шолпан қаланың» бірі саналған Күйтүндей жасампаз жас қалаға арнайы жолдамамен кәсіби маман ретінде жіберілуі біраз мән-жайды аңғартқандай еді. Өмірге деген сүйіспеншілік адамға күш-қайрат береді. Зекей мен Шәрипаның еңбегін ақтаған балаларының бәрі де қаражаяу емес-ті.

Бұл жылдар ішінде кешегі Зекей ұлдарының түгелдей мамандық иелену дәуірлері басталған. Жасаннан үлкен Серік 1988-де Шинжаң Медицина институтының гигиена зерттеу мамандығын бітіріп, Үрімжі қаласындағы туберкулез зерттеу, емдеу институтында дәрігер маман еді. Жасаннан кейінгі Сержан 1993 жылы Іле Педагогикалық институтының химия мамандығы бойынша тамамдып, Құлжа қаласындағы облыстық

сауда мекемесіне атқарушы қызметке орналасқан. Ал Зекей отбасының кенжесі Ержан болса 1992-1997 жылдар аралығында Шинжиаң университетін радиобайланыс мамандығы бойынша бітіріп, алдымен Күйтұң бөлімшесінде, онан соң Үрімжіде жетекші маман (China Mobile) болып қызмет істеген. Өстіп, Тарбағатай, Толы ауданы өңірінде көшпенді кезде аттары шыққан Уайыс зәңгі, Мәсели байлардың соңынан ерген ізбасары, ал бері таманғы Қазез зәңгінің үзеңгілесі болған Тұрсынбек немерелері «жақсы атаның ұрпағында ат меңіндей белгі болады» демекші, өздерінің негізгі нәсіл тектерін жоққа шығармаған.

Уақыт – емші, Шәрипаға Зекейден қалған осы перзенттері қызмет жетістіктерінің өзімен сүйеніш бола бастағанды. «Ұмытылмайтын қайғы, жазылмайтын жара жоқ» деген сөзде шалағай болса да шындық бар. Бір қайнауы ішінде, дүмбілез болғанның өзінде мерзім өлшемі арқылы көз жасты құрғатарлық алданыш жоқ емес.

Жасан алғашқы еңбек демалысында Орқашар жайлауындағы баяғы Уәйіс зәңгінің қонысында өтіп жатқан бір тойға келген. Оның қасына ерген Зекейдің Кейқуат досы және Зекей отбасынан күні бүгін қол үзбей келе жатқан Сақан мен келіншегі Зәмзәмкүл бар болатын. Ал әкесінің ежелден араласып жүрген кісілерінен Жасанды орталарына алған Сүлеймен, Есентемір, Физат Сейтқазин, Сұлтан Тәукейұлы, Қуан Берікбайұлы, әйелдерден Жамалқан Қарабатырқызы мен Бәдет Нұрсалқыздары барлығы бір үйде бас қосқан. Мұндай жерде Кейқуат Сақан құрдасына тиіспей отырмайды. Сөз арасында:

– Мына Сақан баласы құдыққа түсіп кетіп бақырып жатса, жүгіріп барып қарай салып; «ойбай, тоқтай тұр, арқан әкелейін», – депті. Сол да сөз бе, құдықтағы бала тоқтай тұрмай қайда барады, – деп көңілді жұртты күлдіріп отырған. Оның алдында бүгінгі болған бәйге жөнінде сөз шығып, Есентемір, Қазез досының бәйге қоңыр аты туралы әңгіме қозғаған. Кезінде тұтас Тарбағатай аймағын, Өшеті, Орқашар, Майлы, Жәйір, бүкіл Құлыстай өңірін, Толы, Дөрбелжін, Шағантоғай



аудандарын тыйғаны жайында айтқанда, бала күнінде ылғи сол атқа мініп шапқан Қабимолда Берікбайұлы желпіне қосылып:– Өмірімде бәйге атының сабырлысын сонда көрдім... Жануар ә дегенде бірден арындап кетпеуші еді. Қазез аға маған бәйгеге мінген сайын табыстап «өз еркіне жіберіп отыр... басқа аттар ұзап кетті-ау деп қыспа. Қамшы салма, бір-екі айналымнан соң өзі серті бардай тез ширап, серпіле бастайды. Сол кезде ғана қиқулап леп беріп отырсаң болды, содан ары қарай перісі ұстайды да, аузынан ақ көбік шашады. Өзге қыл құйрықтыны жылқы екен демеі артына тастап, ағызып зулап өте береді» дейтін. Қазақ «анық бәйгенің көзі алдында болғанымен, құлағы артқы аттың дүбірінде болады» деуші еді. Сол дәл рас екен, қоңыр ат жануар құлағын артқы жағына қайшылап, соңындағы аттың дүбірін бағып отырғандай болушы еді. Енді ойласам, жануар көшпенді қазақтың өзімен бірге кеткен дүлдүл тұлпары екен ғой. Енді ондай жылқы қайдә-ә! – деп бүгін айырылғандай өкінішін жасыра алмады. Қуат Берікбайұлы мен ағайынды Қабимолда Шәрипаға нағашы болып келетін.




Өстіп отырғанда бір оқыс оқиға туылды. Зәмзәмкүл жас баласын жайлауда басқа жерде отырған бауырының әйеліне қалдырып кеткен екен. Ол әлде неге дегбірсізденгендей күйде еді. Соны байқаған Жамалқан бір нәрсе сезгендей болып:

– Әй, Зәмзәмкүл, сен төсіңді қайта-қайта сипалай бердің, омырауың сыздап отырған сияқтысың... Балаң жылап қалды ма, бізге алаңдамай барсаңшы, – деген. Шынында да, емізулі қызы бар келіншектің жағдайын жасамыс әйел дөп басқан екен. Әрең отырған Зәмзәмкүл тездетіп шыға жөнелген болатын... Бірақ көп уақыт өтпей далада әлдебір әйелдердің у-шу сөздері естіліп қалды. «Тебеген жылқы көзінен танылғы» деген бар. Маңына адам жақындаса көзі шадырайып тұрған тарпаңдау құла дөнен байлаулы болатын. Келіншек ұшаяқтап, бос қойған атты көп аттардың қасына келіп, үйездеп тұрғанын көріп, шідерін шешуге еңкейе бергені сол еді. Жаулығы жалп еткенде үріккен әлгі дөнен теуіп жіберіпті. Басына тарс етіп тиген тұяқты сезбей де қалған байғұс құлап түскенде, әлгі шулаған әйелдер соны көрген екен.

– Ойбай, шығындар, кісі өлетін болды! – деген үрейлі дауыспен елмен бірге Жасан да жүгіріп шыққан. Сүйегі аман болғанымен тұяқ қыры жанай тигенде, төбе құйқа қақ айырылып миға зақым келгені білінді. Соны аңғара бере жалма-жан қанжығасындағы сөмкесін шешіп алған Жасан бөгелмей іске кіріскен. Әйел қан кетіп, есін жимай жатыр. Дәрігер алдымен білектен жүректі қуаттандыратын укол салып, артынша шынашақтай бітеу шисаны сындырып, ішіндегі әлдебір сұйықтыққа шыланған жібек жіпті арнайы доғашық жалпақ инеге сабақтап жіберіп, құйқадағы қанды спиртпен тазарта отырып жарақатты тіге бастады. Барлығы 21 сабақ жіппен айырылған құйқаны қырық минуттай уақытта тігіп болды. Дәрінің күшімен есін жиған Зәмзәмкүл Жамалқан мен Бәдеттің көмегімен соларға сүйеніп отырып, біраз өзіне-өзі келе бастаған кезде:

– Құдайы, жеті нан Құдайы! – дей түсіп, Жасанға алғыс жаудырған-ды. Жұрт «Құдайдың қисынын келтіргенін қарашы, ортамызда дәрігеріміз болмағанда қайтер



едік» десіп жатты. Бұл әрекетінен тойдың елі құлақтанатыны мәлім ғой. Жасан туралы «Адамды өлімнен алып қалды» деген әңгіме Өшеті, Орқашар, Жәйір, Қоржынтүбек, Толы өңірінен келген елдің аузымен жайылған. Соның салдарынан болса керек, арада көп уақыт өтпей Күйтүндегі Жасанға Толының тұрғыны, аудандық білім бөлімінің бастығы Қазы деген қызметкер іздеп жеткен. Оның қарындасы 6 килограмм боғақтың ісігімен қатерлі науқасқа шалдыққан екен. Соны ота әдісімен сылып алған Жасан бойжеткен қызды небары жарты ай ішінде сауықтырып, ағасы екеуінің шексіз алғысын алып үйлеріне қайтарған. Бұл әрекеттер баспасөз беттерінде жарияланып, Жасанның аты Шинжианға жайыла бастаған. Соны естіп, 1994 жылдың жаз айында көршілес Шиху қаласынан 21 килограмм бауыр қан тамыры өспесімен Жаң фамилиялы науқас Күйтүн орталық ауруханасына Жасанның аты-жөнін сұрастырып келген. Ол мұнан бұрын Бейжің, Ухан, Шыңду қалаларына барып емделгенімен жазылмағаны дәрігерлік құжаттарынан көрінген. Жасан бұған жалғыз өзі емес, осы ауруханадағы Ли Жың Жау деген әйгілі хирургия маманы екеуі адам қорқарлық құбыжық өспені он жеті сағат ішінде 121 жіппен тігіп жазғаны да газеттермен қоса, ауыл-қыстақтарға дейін ағаш басында тұратын «лаба» радиомен жарияланған. Жайпақ тегеш аузындай әлгі «лаба» радиосы осы тектес сирек жаңалықтармен қоса саяси хабар, ән-жыр барлығын да халыққа жар салып жеткізуші Жүңго бойынша саңлақ тұғыр саналатын.

2

Бұл Жасан Зекейұлының аға дәрігер атанып, үкімет емханасының 80 орынды палатасының көкірек, кеуде, бас бөліміне жауапты болған кезі. Ал бұдан біраз жыл бұрын емхананың «жедел жәрдем» қызметі түнгі кезекшілік міндетін атқарып отырған Жасанға Ши Гүң деген бір ауыр жаралы адамды жеткізеді. Оқиға – бір топ қарақшы, тонаушылар күзетші болып істейтін әлгі адамды пышақтап жығып, сауда мекемесінің ақшасын тонайды. Жан-дәрмен сақшы мекемесіне хабарлап үлгірген, оған жедел жәрдем барады. Бірақ ол мұнда жеткізгенге дейінгі аралықта қансырап кетеді. Пышақ жүрек қабынан өтіп, жүрек бұлшық етін 0,3 мм зақымдаған. Ол жылдары хирургиялық жолмен жүрек қабын ашу, ондағы ұйыған қанды тазарту Шинжиаң бойынша бірден-саран ғана емханалардың еншісіндегі тәжірибе болатын (*«Шығыс-тибет шипагерлігі Жасан Зекейұлы» атты кітаптағы Қайрат Құлмұхаммедтің мақаласынан*). Бұл ауыр жаралыны Үрімжіге жіберсе жол үстінде мерт болатыны айдан анық. Осы ең бір қысыл-таяң сәтте Жасан өзінің көмекші дәрігерлерімен шұғыл қорытындыға келіп нар-тәуекелмен отаға кіріседі. Ұйыған қанды тазартып, жүрек етін үш жіппен жамап тігеді. 40 минутқа созылған бұл құтқару сәтті аяқталады. Науқас микрофон ұсынып келген тілшілерге: «маған екінші өмір сыйлаған Жасан Зекейұлындай білікті дәрігерге мәңгі қарыздармын» деген алқауын білдіріп, содан былай ол Жасанмен отбасылық достар болып ұзақ жылдар бойы араласып тұрып, тек сүйікті досы Қазақстанға кететін болғанда ғана қимай қоштасады.

1989 жылдың күзінде Алтайдың Жеменай ауданынан ауыр науқасқа шалдыққан Бақытқан Жанымқанұлы Күйтүң ауруханасына Жасанды іздеп келеді. Сырқатты мұнда жеткізген екі адамың бірі қазіргі «Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері» атанған әйгілі айтыскер ақын Қайрат Құлмұхаммед еді. Бақытқанды

мұқият дәрігерлік тексеруден өткізу нәтижесінің көрсетуі – бұл науқас асқазан-өңеш қатерлі ісігіне шалдыққан, әрі рак дертінің ең соңғы қауіпті мерзіміне ілінгендігі анықталған. Көп болса, бір ай шамасында ғана өмірі бар. Жасан осы жас кезінің өзінде дәрігерлік міндеттің сыртында, алыс аймақтардан келген қазақтарға көмек көрсету жолында күн-түн демей, солардың әр түрлі қамымен жүретін кеңпейілдігі білінетін. Әкелген науқас туралы қысқа әңгіме үстінде Қайрат алғаш танысып отырған Жасанға:

*Қою, ұзын қасың бар,
Қалың қара шашың бар.
Арықшалау келеді,
Сіз секілді асылдар, – деп әзілдеген-ді.*

Жасан хал үстінде нашарлап жатқан Бақытқан туралы:

– Бұл кісінің су ішерлігіне аз ғана қалған. Осы заманғы емдеу шараларынан ешқандай үміттенуге болмайтын сияқты. Менің ойымша, қарапайым қазақ емшілігімен дауаланудан басқа мүмкіндік жоқ. Сондықтан қалың тасты таудың меңсіз қара жыланын тірідей ұстап, қақпағы бекітілетін әйнек ыдысқа салып, үстіне бір литр күшті арақ құйып, бір апта күннің көзіне қойып қыздырған соң, өте аз мөлшерде (шай қасықпен) бір қасық беріп көріңіздер. Егер науқастың тәбетіне сәйкес келсе, ары қарай күніне бірнеше реттен тақыл-тақыл беріп отырыңыздар. Бәлкім аурудың жазылуына бір себеп, соңғы мүмкіндік осы болып қалар, – деген. Бұған өзі де амалсыздық күрмеуінде дағдарып үміт артқан еді.

Аузына су тамызып қана жатқан Бақытқан Жасан дәрігердің осы сөздерін соңғы медет тұтып, Жеменейдің Қайнар деген жерінде күзеулікте отырған үйіне жетеді. «Көптен амал құтылмас» деген бар. Тілеулес жұрт қолдан келгенін істемек. Көп ұзамай-ақ, биылғы өткен шілденің ыстық тасы үстінде күнге қақталып ұйықтап, зәр жинаған қара жылан да табылған. Жасанның айтқанының бәрі орындалып, әйнек банкенің түбінде жиырылып жатқан кесапаттың үстінен 50градустық

арақ құйылғанда қайтты демейсіз бе?... Тұла-денесімен ыршып атылып, басын қақпаққа соққан пәлекеттің ысылдаған үніне адам қарап тұра алмастай болған. Арақ Бақытқанға құда болып келетін Қайрат Құлмұхаммедтің қолында еді. Ол сескеніп қалып, ішінен «мына бөле түсіме кірмесе болды ғой!» деп қауіптенеді. «Іле Дачүй» дейтін удай араққа тұншыққан жылан көк-жасыл зәрін құсып жіберіп, атқақтай ирелеңдеп барып сұлық қалды.

Жасан айтқан бір аптаға шыдамаған Бақытқан үш күн өткенде-ақ:

– Аллаға тәуекел, аналарыңнан бір қасық құйыңдар... Кетсем кетермін, осы ажалдан қалсам жаным олжа болар, – деген. Бұл ертеңгі сәске мезгілі еді. Кеш бата тағы азырақ сұрап ішкен Бақытқан сол жатқаннан мол жатып, арада бір тәулік өткенде ғана ұйқысынан оянады. Жамылған, төсенген көрпелері шылқыған терден суға малшып алғандай болып кеткен. Ол бірден құсқысы келгенін айтады. Таза тегешке құсқанда асқазанында еш нәрсе жоқ адамның өңешінен майда-майда іріген өлі еттердің қиқымы түседі. Бақытқан өзегі талып бара жатқанын, сұйық бір нәрсе жұтқысы келетінін білдіргенде, сол үйдегі інісінің әйелі көрші отыратын өз шешесінің ақылымен жарты кесе сиырдың шикі сүтін әкеліп береді. Соңғы жарты ай бойында бір ұрттаған суының жартылай тамшылары ғана өтіп жатқан науқас, әлгі сүтті сіміріп салады! Отырған жұрт мұны көргенде «а, құдайлап» түрлерінен үміт нышандары бірден байқалған. Жаралысынан саңлақ Қайрат бастаған жақын-жуықтар: «Жасан бұл емді соқыр, дүмше, ойжота, тәуекелмен айта салмай, өңештегі шіріген етті ірітіп түсірудің бір амалы осы болатынын ғылыми негізбен ұштастырып жобалап айтқан болса керек» деген тұспалды болжамдар айтып жатты.

Сол күннен бастап аздап қана қайнатылған жас сорпадан мезгіл-мезгіл татумен бірнеше күн ішінде күріш көжеге де іліне бастаған.

– Міне, содан тартып Бақытқан құдамыздың беті бері қарап, күн сайын сырқатынан айыға түскен, – деді Қайрат. Кейін біржола жазылып кетті. Бұрын тұрмыс

жағдайымен үйлене алмай, малшы інісінің отбасын паналап жүрген ол кейінірек шаңырақ көтерді. Бірнеше ұрпақ сүйді. Тың тіршілік бастады. Асқазан-өңеш рагынан айыққан Бақытқан Жанымқанұлы содан он сегіз жыл өткенде басқа аурудан қайтыс болды, – деді өзі де таңырқап.



Алтыншы тарау

ЖСұбатым






ЖҰБАНЫШ

1

«Жылатқан қайғың ұмытылып, қатты шаттықтан жылайтын күнің болады» деген. Шәрипа үшін балаларының барлығы бас-басына жоғары білім иеленіп, өздері өмір сүрген қоғамнан лайықты орындарын тапқыны жастай жесірлік тауқыметін тартқан анаға күш-қуат болды. Күннің түні тәрізді бақыт та мәңгі шегеленіп қалмайды, қайғысы бар. Әрі жамандықтың жақсылығы болмай тұрмайтыны сияқты алма-кезек ауысып тұратын, жіп ұшын ұстатпайтын құпия тылсымы көп дүние. «Бақ келді деп таспаған, сор келді деп саспаған» дегендей, Шәрипаның бір басына жеткілікті қайсарлығы бары көрінген. Жастайынан жақсы сөзге ден қойып, әсіресе ән-өлеңге үйірлігі болған сыр құмар Шәрипа өзінің жан-дүниесіне серік боларлық өлеңдер жазып, әндер шығарды. «Мұңайған аққу» өлеңі ойлы жанның өз өмір жолын елестеткендей:

*Бір міні жоқ жаралыс келбетінде,
(Қиял-ғажап ертегі келді есіме)
Жалғыз аққу мұңайып жүзіп жүрді,
Көк аспандай мөл-мөлдір көл бетінде.*



Жылжымады...кідірді, мұң бар көзде,
Оның сырын кім білер мұндай кезде.
Бір сыңарын сұр мерген атты ма әлде,
Келмейді ғой бейшара бізбен сөзге.

Ағармайды сызылып түнсіз таңдар,
Ал өмірде бар ма екен мұңсыз жандар.
Тағдырымыз ұқсайды, ей, аққуым –
Дедім, бірақ тыңдады, үнсіз маңдар.

Отбасында демалыста отырған қарапайым ананың «ағармайды сызылып түнсіз таңдар» деп философиялық ой түйіндеуі – өзінің жан әлеміне ем, дауа тоқтамы тәрізденген. Осы тектес естелік дәптерінде өзі үшін жанына демеу ұрымтал толғанысын түсіріп:

«...Мен тағдырыма ризамын. Әкемнен ерте айырылсам да, Зекейдей сегіз қырлы, бір сырлы жігіттің сұлтанна жар болдым. Еңселі бітімі, жаратылысынан келісті пішілген кескін-келбеті есіме түскен сайын бейне бір түс көргендей аласапыран күй кешемін. Түс болғанда да тым шолақ, келте түс болар ма? Онсыз да қамшының сабындай ер-азаматтың бір тұтам ғұмырын небары қырық екі жасында қыршынынан қиған Жасағанның кесіміне не дейін?!.. Бірақ тоқтамға келіп, тәубе дедім өзіме-өзім. Аз жасаса да, Зекейім алтынның сынығындай жарқылдап, бықсымай, жалындап жанып өткен екен. Мәнсіз, мағынасыз, елеусіз өткен ұзақ жастан не қайыр екендігіне қарапайым пенденің көзі әлдеқашан жеткен. Зекей көзі тірісінде осы туралы ойламады дейсіз бе? Сонау Алаш зиялыларының орындай алмай кеткен армандарын ойлағанда өзегі өртенбеді дейсіз бе? Оның ата жұртқа деген аңсар сезімі еш уақытта бәсеңдеген жоқ. Ой толғады. Сырттай салмақты, қайғы-қамсыз, сері десең сері-тін. Сол баяғы көпшіл мінезбен қашанда айналасына мейірімін шашып, нұр төгіп тұратын ойшыл да, сыршыл, сұңғыла, зерек көздерінде кісі жанын баурап, арбап, матап тастар бір сәулелі, сиқырлы күш жатар еді. Армандай білетін, армандарына жетуге асығатын.

Сағынған сәттерде ойлап кетсем, көзімнің анық жеткені – ол ер тұлғалы, мәрт мінезімен, дархан жүрегімен адамдарды баурай білген екен. Кұшағы кім-кімге де болса айқара ашық. Кісі жатырқау, біреуді көкірегінен кері итеру – оның табиғатына жат болғанын жақын білгендер мойындағаны хақ. Менің өз басым Зекейден көп тәрбие алыппын. Тумысынан құйма құлақ, оқығаны да, тоқығаны да мол, көргені де, естігені де тасып төгіліп жатқан түпсіз бір тұңғиық тәрибе мектебінен өтіп, рухани өмір дариясынан сусындаппын. Менің қытай тілін үйренуіме, білімімді толықтыруыма да көңіл бөлді. Ойлап қарасам, кейінгі Зекейсіз өтетін өміріме жетерлік рухани азық қалдырған екен ол. Өмірінің қысқа боларына көрінді ме, отбасылық тәрбиеде отағасылық орнын, әкелік парызын соншалықты терең түсінгендігіне таңғаламын. Осындай дара, бірегей азаматтың жары болғаныма, алтын айдарлы ұл, тұлымшағы желбіреген қыз сүйдірген Аллаға мың бір шүкір!...» деуі өмірлік серігі, отағасы, балаларының әкесі, елінің елеулі азаматы, елағасы Зекейдің шынайы болмысын ашатын түйін еді.

Анасы осылай десе, Жасан көрмеген қиындығы қалмаған шешесі жайлы толғанысында: «Адам баласының бесігі – жер. Жер – Ана, Отан – Ана! Ана! Ұлы анамыз Хауа ана – ұрпақтар анасы, барлық адам баласының анасы! Құрметтейік, бас иейік, бүкіл адам баласының мәңгілік ортақ бесігі Жер – Анаға, Отан – Анаға! Анаға! Елдің, халықтың, туыстықтың, достықтың елшісі де әйел – Ана».

«Ана», «нан», «қазақ» деген қасиетті де, киелі сөздер қай жағынан (оң-теріс) оқысаң да, әріптері өзгермейді. Бүкіл әлемге, барша адамзатқа Күн ортақ, Ай ортақ, Аспан ортақ, Жер ортақ, Ана ортақ. Күннің көзін ештеңенің де көлеңкелей алмайтыны секілді, жер бетінде мәңгі өшпейтін, көнермейтін «Ана» атты ұғым ұлылықтың, ұлағаттылықтың, сағыныш пен махаббатың айғағы іспетті. «Анаңның басқан жерінде бейіш бар» дейтіні сол Ана – Алланың аманаты. Ол – бүкіл өмірдің тіршілік бастауы. Ана болу жанкештілік, азаматтық ерлік, табиғи талант, теңдессіз өнер. Адамзат ойлап тапқан барлық

мақтау-мадақ, мансап, атақ-даңқ, баға, сый-сияпат, құрмет, дәулет, байлық-бақ, тақ бәрі «Ана!» деген бір ғана құдіреттің жолында құнсыз болып қалады. «Құдайдан басқа құдай жоқ, анадан басқа ана жоқ», «жәннәттың кілті ананың табанының астында», «алдымен анаңды сыйла, тағы да анаңды сыйла, сосын тағы да анаңды сыйла, сосын барып атаңды сыйла»...

Міне, қасиетті Ислам мен Мұхаммед пайғамбарымыз ананы осылай бағалайды, дәріптейді, пір тұтады. Тәңірде әйелдермен сыпайы сөйлесуді, сыйлауды бұйырады. Себебі әйел – анаңыз, жарыңыз, қызыңыз, қарындасыңыз, әжеңіз. Құранда өзіңе өмір берген әйелді, әлсіз әйелді, нәзік әйелді, анаң мен жұбайыңды, қызыңды, апа-қарындасыңды, әжеңді қорлама, оларды құрметте, сыйла, сүй деген. Ананың жан-жүрегі, махаббаты, мейірімі тілмен айтып жеткізе алмастай теңіздей түпсіз шалқар, аспандай шексіз зәулім заңғар емес пе?! Талқылауға жатпайтын Күндей, Айдай ақиқат сол: әлемдегі бар жақсылық күннің жылуынан, ананың ақ сүті мен ақ тілегіндей өлшеусіз еңбегінен, шексіз қамқорлығынан бастау алады. Отбасын отбасы етіп отырған, әулетті әулет етіп отырған, мемлекетті мемлекет қылып отырған да осы Аналар. Отбасының киесі, құты, берекесі, ұйытқысы, ұйымдаструшысы, жарығы да, жылуы да – ана. Махаббаттың символы, әсемдіктің, әдептіліктің, нәзіктіктің, инабаттылықтың, имандылықтың үлгісі де, ұясы да әйел – ана. Батырлықтың, батылдықтың, шыдамдылықтың, тұрақтылықтың, даналықтың, даралықтың, ант пен серттің қорғаушысы, қолдаушысы да Әйел – Ана.

Сонау Алтай мен Атырау, Арқа мен Алатау, Сыр менен Жетісу, мына өзіміз мекендеп отырған Іле, Алтай, Тарбағатай арасында осыншама кең байтақ жерді мекендеген қазақ деген қасиетті халқымыздың бір тілде сөйлеп, әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүрінің біркелкі болуы, тұтастығы осы – аналардың арқасы. Сол үшін біз аналарға мәңгілік борыштымыз, мәңгілік қарыздармыз. Сол үшін де әрбір ана мадақтауға, ұлықтауға, ұлағаттауға, қастерлеуге, құрметтеуге әбден лайық.

Бәріміз де анадан тудық, адам болдық, азамат болдық. Осындай құрмет, жылы лебіз, ақ тілек жоғарыда аналар жөнінде айтылған ұлағатты сөздер – бәрі-бәрі Зекей әулетінің қасиетті қара шаңырағының құт-берекесі, мейірімді ана, өмірдің қандай қатаң сынағына түссе де, болмысына біткен адамдық қағидасынан айнымаған асыл анамыз Шәрипа Қазезқызына арналады. Әлі есімде, біздің балалықпен жасаған кейбір оқыс қылықтарымызға анамыздың мейірлі жүзіне сәл кірбең келіп, сабырлы қалпымен ақылын айтып алып, артынша басымыздан сипап, «әке мен ананың қадірін өздерің балалы болғанда білесіндер әлі» дейтін.

Сонда өз-өзімнен «мен әке-шешемнің қадірін білемін ғой. Оларды бәрінен артық жақсы көремін. Ол үшін отбасын құрып ата-ана болу шарт емес шығар» деп ойлайтынмын. Балалық жасаппын. Анамның сөзінің астарындағы мәнді, расында да, міне отбасын құра бастаған кезде енді толық түсінген сияқтымын. Менің балалық шағымдағы ақ-құба өңді, өткір жанарлы асыл анамыз бүгінде жайдары жүзінде тағдыр тауқыметінің ізі қалған, өмірден көргені де, түйгені де мол, ақ жаулықты, барынша байсалды анаға айналыпты.

Жылдар жылғалаған маңдайы мен айлар айғыздаған ажарына қарап отырып еріксіз ойға шомамын. Басында балалықпен байқамаған екенбіз. Одан кейін білім-ғылым қуып, өмірдің әр тарау жолдарымен кеттік. Одан ары елге қызмет етудің қамында жүріп, анамызға көңіл бөле алмаппыз-ау, кешіріңіз, ана, сізге мәңгі қарыздармын..

Шынында, пенде атаулы ең бірінші Жаратушысына, одан кейін Анасына шексіз қарыздар. Ол борышты толықтай өтеген ешкім жоқ, олай болуы мүмкін де емес. Олар бізге өмір сыйлады. Ал адам үшін ең қымбат құндылық өмір екенін ескерсек, біз сол өлшеусіз қарызды қайтаруға тырысушылар ғанамыз. Анамыз үшін не істесек те артық болмайды.



Ал менің анам... Анамның біз үшін тартқан азабын, көрген қиыншылығын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Өмірлік серігінен, арқа сүйер асқар тауынан ертерек айырылып, қабырғасы қатып, бұғанасы бекімеген бес сәбиін арқалап, бес күндік дүниенің баянсыз базарында, аяусыз азабында қалған менің анам – Шәрипа Қазезқызын тағдыр аз сынаған жоқ. Өзінің қатал да қатыгез сан өткелдерінен өткізді. Жәйір тау сілеміндегі

Толы ауданының Өшеті ауылында сол өңірге аты белгілі, дәулеті тасыған бай отбасында өмір есігін ашқан анамыздың жастық шағы Қытайдың «Мәдениет төңкерісімен» тұспа-тұс келді. Әкенің байлығы баласының басына шоқпар болып тиген сол қатал қоғамда жас қыздың өзі ұнатқан адамына қосылуы қияметтің қиыны болса да, көзсіз қарсылық көрсеткен көп кедергілерге қарамай, әкеміз бен анамыз өз алдына шаңырақ көтеріп, отау тікті. Рас, шаңырақ көтерді дегеніміз балама түрінде айтылғаны болмаса, жас отбасына қарапайым тұрмыстық бұйымдарды табудың өзі оңайға түспеген. Әкеден қалған дәулетті үкімет тақыр сыпырып алған. Осында құрылған «Халық коммунасы» әр үйдегі ыдыс-аяққа дейін бір орталыққа жиып алған. Әке-шешем үйленер-үйленбесте шешемнің анасы Бақатай деген кісі коммунаның ауыр жұмысына шыдас бере алмай, ауырып қайтыс болды.

Соқтықпалы, соқпалы өмірде бір-бірін сүйеніш еткен жұбайлар тағдырдың қандай қиыншылығын болса да бірге көтерісіп, қуанышты бірге бөлісуге тәуекел еткен еді.




Анамыздың еңсесін басқан ең ауыр қасірет арқа сүйер тірегі – асыл жарынан мезгілсіз айырылғаны еді. Сонда да ауыр қайғыға қарағайдай қасқайып қарсы тұрған қайсар анамыз: «Зекейдің шаңырағын шайқалтпаймын, балаларын жылатпаймын, тәрбиелеп қатарға қосамын» деп белін тәуекелдің белдігімен бекем буды. Міне, осы кезден бастап анамыздың иығынан жүк түспеді, қолынан жұмыс кетпеді, маңдайынан тер кеппеді... Қанша бір қажып, қабырғасы қайысып жүрсе де, балалары үшін сүрген өмірінің зая кетпесіне сенді. Сол сенімнің үшін де қарыздармын саған, аяулы жан анам!

Сол қиындықтар кезінің өзінде анамыз сызылтып салған әнімен ауылдағы той-томалақтардың сәнін келтіретін. Ол кезде мен кішкентай баламын. Бірақ ән-күйге өлердей құмарлығымнан анамның жанына еріп алып, қай тойдан да қалыспайтынмын. Сонда мен үшін әлемдегі ең керемет әнші анам болып сезілетін. Енді ойлап қарасам, мен үшін ғана емес, біздің бүкіл ауыл үшін де анамнан асқан әнші болмаған екен. Сөзі мен енін өзі шығарып, әуелете салған әндері сол бір қыспақ кезеңде өнерге сусап тұрған, еңсесі езілген халық арасында қолма-қол тарап жататын. Әттең, сол кездегі адам төзгісіз ауыр еңбек, сұрқия саясат қаншама өнерлі адамның өрісін тарылтып, қапас торға қамаған сұңқардай, қаншама талантты адамдардың рухын жаныштап, жігерін сөндіріп, талайдың салын суға кетірді десеңізші!

1975-1985 жылдар кезінде іргелес жатқан Қазақстанның ана тілінде тынбай хабар жүргізетін «Шалқар» радиосының музыкалық және әдеби хабарлары Қытай еліне көп естіле бастаған еді. Ел ұрланып болса да радио тыңдайтын. Әкемнің туған жерге, ту тіккен атамекенге деген сағыныш сезімі өте күшті екенін сөзінен, іс-әрекетінен сезінетінбіз. Сол кездегі Бәдет Нұрсалқызы сынды гармоншыларды, өнер майталмандарын, музы-

кант композиторларды үйге ертіп келіп, үй ішін кішігірім думанға бөлейтін. Кейде тіпті арнаулы музыка сабағын өзімнен үлкен ағам Серікке және маған үйрететін. Аккордеон тілін бағындыра келе, вальс ырғағындағы лирикалық әндердің әуенін тартқан кезде шаттанып, жүрегімде зор қуаныш пайда болатын. Осындай талабым әкеміздің көңілінен шығып, әрі гармонды жақсы тартатынымды көрген соң өздерінің бас қосқан жиындарына апаратын болды. Бұрынғы шақырып жүрген белгілі өнерпаздарды шақырмай-ақ, маған гармонь тартқызып, қатар құрбы, достары, қыз-келіншектермен вальс билеп, ән айтып менің музыкамен сүйемелдеуіме қатты назар аударатын. Ол кісілердің маған сенгені соншалықты, өздеріне ұнайтын кейбір әндерді ауызша айтып отырып маған бірден гармонға тікелей салуды талап ететін. Сонда сол кездегі қадірменді үлкендер мені мақтай отырып, өнерге талпындырған екен. Осылай дей келіп анамыз туралы қорыта айтқанда, бұл кісінің ерекше қасиеті – ұлық та, кішік те бола білетін, тумысынан берілген табиғи артықшылығы. Өзінен төменгі адамдармен де тең сөйлеседі. Және әрқандай шеншекпенді, шенеуніктің алдында төменшіктеп жасып тұрмайды. Хан қараға бірдей, әрі жұртты сыйлай да, өзін сыйлата да біледі. Алла оған ұзақ ғұмыр бергей!»





Жетінші тарау

*Әсіне қарай
мезіреті*





ІСІНЕ ҚАРАЙ МЕЗІРЕТІ

1

Жасан Зекейұлы Күйтүң ауруханасында бірнеше дүркін ерен еңбегі үшін марапатталып, әрі Бейжің, Тиянжін қалаларында арнаулы білім жетілдіріп, Қытай Халық Республикасының денсаулық сақтау үздігі ретінде «100 үздік жас ғалымдар» қатарынан көрінуі тегін емес-ті. ҚХР-да 40-қа жуық ғылыми еңбектері жарық көрген. Саясат ұстамы мығым елде қызмет беделі дегеннің өзі елеусіз қалмақ емес. Мұнда әрбір жеке қызметкердің әр маусымдық, алты айлық және әсіресе жылдық еңбек қорытындысы шығарылып отырады. Қатал іріктеліп бағаланады. Сондай сүзгіден сүрінбей өтіп отыру және жоғары бағаға іліну дегеніңіз тал басында тұрған нәрсе емес. Бірақ қолға зорға келетін сондай абырой-атақ, қызмет табыстарының барлығын Жасан Зекейұлы ата-баба ту тіккен тарихи Отаны, ондағы қалың елі қазағы үшін құрбан етуіне тура келген. 1995 жылы Қазақстан Республикасы елбасының және денсаулық сақтау министрлігінің шақыруымен Жасан біржолата Алматыға аттанып кететін болды. Өзінің отбасын да қалдырып, жеке

аттанған ол қош-қошын айтып, бұрын көрмеген алыс сапарға аттанып жүріп кеткенде, соңында қалып көзінің жасын іріккен Шәрипа қолына қағаз-қаламын алып:

*Жолың болсын, жолаушым,
Алла болсын қорғаушың.
Күндіз-түн тілеп отырам,
Қыдырың болсын жолдасың!*— деп қойын дәптеріне түсірді.

Өмірде қиындықты көп көрген Шәрипаның көңілі нұрлы, жаны жырлы ана Жасаннан бастап барлық балаларының жеткен жетістіктеріне әлдекімдерше кеуде керіп, дардайып кетпей, «Е, Құдай, қолым жағамда, аузым тәубамда» деуден жаңылған жоқ. Барлығы Қазақстанға өтіп келген балаларының алды Серік Шинжиан Медицина университетінің жеті жылдығын қызыл дипломмен тәмамдап, медицинадан бакалаврлық білім алғанымен қоймай, Қытайдың бас қаласы Бейжіңде білімін жетілдірген. Үрімжідегі өкпе-жүрек ауруханасында және түберкулез аурулары институтында қызмет істеген жылдарында жан-жақты маман ретінде танылып, тәжірибесін шыңдады.

Алматыға біржолата келген соң, Қаскелең қаласынан «Жас-Ай»-дың бөлімше орталығын ашты. Ол Қазақстан Емшілер қауымдастығы «Шығыс медицинасы» емдеу орталығының бас дәрігері, Қазақстан Республикасы халық медицинасы және ғарыштық қуат академиясының толық мүшесі, әрі академигі, халықаралық дәрежедегі дәрігер емші, Шығыс медицинасының магистрі. Бірнеше медициналық кітаптардың авторы. Қытай мемлекетінің және Халықаралық беделді басылымдар мен ғылыми конференцияларда 40-қа жуық ғылыми еңбегі жарық көрген.

Зекей мен Шәрипаның үшінші ұлы Сержан Іле Қазақ автономиялы облысының орталығы Құлжа қаласындағы Іле педагогикалық институтының химия-биология мамандығын 1993 жылы бітіріп, Алматыдағы Қазақ-Қытай мұнай құбыры орталығында жұмыс атқаруда. Ал кенжелері Ержан болса, ол да осы Алматыда бір

саланың инженерлік қызметінде. Төредей төрт ұлдың анасы Шәрипа сол перзенттерінің ортасында көңілі марқайып, өлеңін жазып, жұрт алдында бірталай әндері лайықты бағаланды. 1998 жылы зейнеткерлікке жеткеннен кейін Алматыға қоныс аударған Шәрипа ара-тұра, туып-өскен жеріне, сағындырған еліне жолы түссе, барып-қайтып тұрады. Ата-анасы алақанына салып әлпештеген, балалығының бал дәурені өткен Қату тауының етегіндегі Тасбастау тәрізді құт мекен қоныстарына деген сағыныш сырын шерткен көптеген жүрек-жарды әндері мен жырларын жазып отыруды әдетке айналдырған. Қазақстанға келіп біраз жыл өткенде жазған «Тасбастау» деген өлеңінде:

*Келемін сағынышпен туған елге,
Гүлге оранып, көбелек қуған жерге.
Қатуым, тәу етөмін қасиетіңе,
Ауылым көшіп барып қонған белге.*

*Мен неге Қату тауым, әндәтпейін,
Құшағыңда тербеліп, сәндәтпейін.
Тәй-тәй басқан сазыңды, Тасбастауым,
Жырыма тағы қосып мен кәтпейін, – деп* жырлайды. Ал Алматыға келіп Жасан баласының игілікті істеріне көңілі толғанда:

*Күн сәулесін тәгіп жатқан,
Кәлдім ару Алматыға.
Ақ түйесі шәгіп жатқан
Райымбектің даңғылына.*

*Елдің жолы ақ жол екен,
Ақ ниетке тайпалған.
Ақ дастарқан, ақ мол екен,
Мені солай қарсы алған.*

*Айналайын, Жәкәнім-ау,
Айналдым да, сиындым.*



*Жәннат екен Атамекен,
Артта қалды қиын күн, – деген тәрізді аналық
ақжарма сезімінен туған өлеңдерін жазған. Жасынан
жапа көріп, бейнет шеккен Шәрипаның төрт ұлы бірдей
үйлі-жайлы болған. «Жылаған қайғың ұмытылып, қатты
шаттықтан жылайсың» деген осы кез еді.*

*Армандарың арынды, тебіндерің,
Тік ұшырып түтінді, берілгенің.
Немерелер әлегін бақыт санап,
Жайраңдаған айналдым, келіндерім.*

*Ақ жаңбырдай көктемгі себілгенің,
Отауларға гүл болып егілгенің.
Ана көрген тектілік бойларыңда,
Алдымнан қия өтпейтің, керімдерім, – деп те ағынан
ақтарылған.*

Бірақ «қуаныш пен қайғы егіз» демей ме. Пенденің қай ойлағаны болған.«Күлген көзің жылаудың да ұясы» деген бар... 2004-2007 жылдар арасында Шәрипаның Қытайда қалған екі бауыры бірдей қайтыс болып, бұның көнпіс басына кезекті қара күн тағы туған-ды. Шешесі Бақатайға тартқан ақынжанды ана іштен жегі боп жеген дертін жоқтау сазымен шығарып, боздап барып қайтқан соң:

*Қайран да екі бауырым,
Кеттіңдер неге қайырылмай?!
Қайғының жұттым ауырын,
Шыдайын қалай майырылмай?*

*Өтірік күліп, шын жылап,
Әпкең де жалғыз қалды артта.
Қайғыда қалдым тұнжырап,
Оларға, тәңір, күнә артпа.*

*Япырым-ай, неткен арман-ай,
Жер сипап қапы қалғаным.*



*Бір ауыз сөз ала алмай,
Күңіреніп жоқтап барғаным!*

*Барамын мен де ерте-кеш,
Сағынған мауқым басылар.
Құдайсыз мұным серт те емес,
Маған да бейіш ашылар.*

Көріп отырғаныңыздай, міне, осыдан артық қандай жоқтау, қандай іздеу, шарқ ұру болсын. Кәнігі ақындарыңыз жазғандай, шынайы көңілден туған шалыс ұйқас өлең барлық қисын жағынан да, ұйқас сұлулығы жөнінен де мінсіз, қылаусыз. Егер жасынан біріңғай осы жолға түсіп, поэзия сүрлеуін қуаласа қандай болар еді деген ойға келесің.

Шәрипаның үлкен ұлы Серік шешесі туралы: «Ата-анам, нағашыларымыз Қанағат пен Құмарды да өз балаларындай көрді. Үйде тұрғызып оқытты, қызметке де орналастырды. Бастарына үй, бауырларына қазан-еншілерін беріп, бір-бір бөлек отау етіп шығарды. Нағашыларым бірінен соң бірі арт-артынан қайтыс болса да, ұрпақтары өсіп-өніп, өркендеген үлкен ауылға айналды. Бізге қара тартып бірінен соң бірі Алматыға келе бастады. Осыған орай өткенді еске алсам, әкем көлік апатынан қайтыс болғанда, мен Шинжиаң Медицина университетінің 3-ші жылдығында, Жасан інім артымнан ілесіп аталмыш университеттің 1-ші курсына оқып жатқанбыз. Ол кезде інілерім Ержан кішкене, Сержан орта мектепте оқып жүрген. Тағдырдың тауқыметіне не шара! Осылайша анамыз небары отыз жасында сүйікті жарынан мезгілсіз айырылып, үйдегі екі нағашы ағаларымызбен қоса бір топ жетім балалармен қалды. Міне, сонан бастап үйіміздің ішкі-сыртқы барлық ауыртпалығы тек анамыздың ғана мойнына түсті. Бұл сәтсіздік біз үшін, әсіресе анамыз үшін өте ауыр сын болды. Туыстардан және басқа да ниеттес жақын жандардың анама: «Енді балаларыңды оқытуың қиын, онан да оларды шамалары келетін қара жұмыстар болса да тұрғызып, жан бағу жағын

ойласаңшы» деп кеңес бергендері болды. Сонда анам оларға: «Қара нан жеп, қара су ішсем де балаларымды оқытам» дейтін жігерлене түсіп. Көргені мен түйгені мол анашым анау-мынау қайғыдан морып, күйреп кетпеді. Бақыт көрсе басы айналып асып-таспады. Қам қайғыдан жасып кетпеді. Соның есесіне Жасандай елі үшін туылған ұлының кейбір жетістіктерін қойын дәптеріндегі өлеңдерінің қасына түсіріп, соны медет тұтады» деп толғанғаны бар.

Зекейдің көзі барда қатты сыйласқан дос-жарларға, туған-ел, туған жердегі қимас сырластарға сағыныш жырын арнаған Шәрипа «Достарым» деген әні бар өлеңінде:

*Достарым, менің достарым,
Күн туса басқа қостарым...
Жұмыста, үйде, түзде де,
Жасалған бірге жоспарым.*

*Тойларда жүрсем, думанда,
Тәтті мұң –жырлар туғанда.
Көргендей болам сендерді,
Жүргендей билеп сол маңда.*

*Сағынам, қайда сол күнім? –
Келеді кейде сұрағым.
Жолдаған сендер хаттардан
Тапқандай болам жауабын.*

*Алатау жаққа қараймын,
Батырып ойға арай күн.
Кездесер күнді алдыдан,*

Күтіп бір күнде санаймын, – деп ұзақ сарылдырған сағынышын өлең жолдарымен өрнектейді. Сол сияқты, өзі шығарған әні бар өлеңдері «Алатау», «Алматым», «Балаларым», «Екі елім», «Қатуым», «Немерелеріме», «Нұрсұлтанға» (Қазақстан Республикасының Президентіне арналған), «Талдықорғандағы той», «Түңілмей-

мін», «Шығыс жаққа қарасам» болып әсем сөздерімен өріліп жатады.

«Екі елім» әнінің мәнді өлеңімен қоса жақсы саяси астары бар.

*Екі елім менің, екі елім,
Екі ел де құтты мекенім.
Қытайда жүріп сағынсам,
Алматыма жетемін.*

*Екі елім тату тұрсаңдар,
Жыртылмас жаға, етегің, – деп жырлаған. Немесе
немерелер тойындағы қуанышты ақын әже:*

*Шырқаңдар, көне, шалқыңдар,
Тербеліп билеп балқыңдар.
Кесілді тұсау, бесік той,
Ән болып көкте қалқыңдар.*

*Көктеммен бірге гүлденген,
Табиғат ару түрленген.
Томпаңдаса екі немерем,
Көктемдей шуақ күйге енем.*



*Ақ ниетпен алғыстар жауса
төпелеп,
Қадіріңді халқың, бағалай білген
жекелеп.
Жасартатын, жақсартатын
«Жас-ай» деп,
Өзіңді іздеумен келеді халқын мәпелеп!*

*Ақ ниетпен алғыстар жауса
төпелеп,
Қадіріңді халқың, бағалай білген
жекелеп.
Жасартатын, жақсартатын
«Жас-ай» деп,
Өзіңді іздеумен келеді халқын мәпелеп!*

М.М. 111111





СӨЗ СОҒЫ НЕМЕСЕ ЭПИЛОГ

Арада талай жылдар зуылдап өте шықты...

Жасан әдеттегідей жұмыс орнына бас сұққаны сол еді, үлкен үстел басындағы телефон безілдеп қоя берді.

– Жасан балам, аман-сауымысың? Өзің ашқан, бүгінде бүкіл қазақ халқы ғана емес, өзге де ұлт пен ұлыстардың игілігіне айналған «Жас-Ай» медициналық орталығының 10 жылдығы құтты болсын! Теледидардан көріп, радиодан тыңдап, газет-журналдардан оқып, жеткен жетістіктеріңе, табыстарыңа қуанып жатырмын. Өкіл балам ретінде сенің әрбір ізгілікті ісіңе, дәрігерлік парасатыңа шын жүректен қуанып, Жаратқан иемізден аман-саулығыңды тілеп отырамын, жарығым! Өркенің өссің, айналайын! Шыққан тауың бұдан да биік болсын!

Жасан алыстағы Семейден хабарласып, ақ тілегін айтып жатқан Нұрбәтiш апасының дауысын бірден танып, жүрегін мейірім шуағы баурап ала жөнелді.

– Нұрбәтiш апа, жүрегіңізден шығып жатқан ақ тілегіңізге ризамын. Айтқаныңыз келсін, «жақсы сөз – жарым ырыс» қой, өздеріңіздің хал-жағдайларыңыз қалай? Ұл-қыздарыңыз өсіп, ержетіп, немерелеріңіз шапқылап жүр ме?

– Бәрі дұрыс, балам, анаң Шәрипаның жағдайы, денсаулығы жақсы болар? Менен дұғай-дұғай сәлем

айтарсың. Құдай қаласа, жақында Алматыға барып, өзінді арнайы құттықтап шығамын. Алтын уақытыңды босқа алмайын, қош бол, балам!

– Кездескенше, Нұрбәтiш апа!

– Жасан телефонның тұтқасын өз орнына қойып, алыста жүрсе де, қарлығашша шырылдап, ақ тілекші болып жүретiң, тумаса да туғандай болып кеткен аяулы ананың мейiрiмге толы жылы жүзiн көз алдына елестеттi.

...Ойламаған жерден келген науқастан әбден қиналып, жүдеген ананы баласы алып келген болатын. «Ауру айтып келмейдi» демекшi, байқаусызда қолына ағаш жарықшағын кiргiзiп алып, иығына дейiн тұтас iсiнiп, дертi асқынып кеткен ақ шашты ана қатты қиналып отыр.

– Шырағым, есiгiн ашпаған емхана мен бармаған аурухана қалмады, бiрақ еш емi болмай тұр. Бәрi де бiр ауыздан келiсiп алғандай «Қолыңызды кесу керек, өмiрiңiзге қауiп төнiп тұр» деп қорытынды жасап, әбден зәремдi алып бiттi. Атақ-даңқыңа сырттай жақсы қанықпын. Бiрiншi құдайға, екiншi өзiңе сенiп келiп отырмын, шырағым. Кейуана көзiне iркiлген жасты қол орамалымен сүрте бердi.

– Босқа абыржымаңыз, апа! Дұрыс айтасыз, бәрi де бiр Алланың қолында, өзiңiзге шипа дарысын! – деп, профессор науқас жанды мұқият тексерiп, қарай бастады...

Жарты айға жуық ем алған Нұрбәтiш ана құлан-таза айығып, жүрекжарды алғысын ақша қардай жаудырып, Семейге аттанып кеттi. Сыйластық пен iзгiлiк кейiн де өз жалғасын тауып, Жасан Нұрбәтiш ананың өкiл баласы атанды. Iзгiлiк пен мейiрiмдiлiктi жалғастырған жандар осы күнге дейiн дүниедегi ең жақын адамдардай араласып, сыйласып тұрады.

Нұх Пайғамбар дүниеден озарда жалғыз ұлына үш өсиет қалдырыпты.

– Ұлым, – дептi, хәл үстiнде жатқан Пайғамбар, – Бiрiншi өсиетiм – сен бiреуге жақсылық етсең, соны ұмыт. Екiншi өсиетiм – саған бiреу жамандық жасаса –

оны да ұмыт. Соңғы үшінші өсиетім – ешқашан да Жаратқан иеміз Алланы ұмытпа.

Әкесі Зекей мен анасы Шәрипадан бала кезінде естіген ұлағатты сөздерді жігіт ағасы жадынан бір шығарған емес. Тарбағатайдың күншығысындағы ата-бабаларынан жұққан асыл қасиет болар, ес жиып, етек жапқалы бері қолынан келсе, адам баласына жақсылық жасағысы келіп тұрады.

Бірде Жасан теледидардан жүректі шым еткізетін хабар көрді. Жиырма жастағы Нұрлықұл Жаңабаева деген қыз дүниеге шыр етіп келісімен қоянжырық болып туылыпты. Жап-жас сүйкімді қыздың аянышты халіне бей-жай қарай алмаған Жасан, сол сәтте-ақ теледидар редакциясына телефон соғып, өзінің қол ұшын беруге әзір екендігін айтты. Ертесіне-ақ өз қалтасынан 300 мың теңге төлеп, Нұрлықұлге ота жасатқызды. Ота сәтті аяқталып, бойжеткеннің ерніндегі кемістіктің ізі де қалмады. Сондағы қыз бен оның ата-анасының жүрекжарды қуанышын көрсеңіз ғой! Олар Жасанды жан-жақтан қаумалап, қоршап, алғыстарын жаудырып жатты.

Бүгінгі таңда есімі талай жерге белгілі білікті дәрігер, танымал профессор, академиктің өмірінде мұндай жүрек тебірентер сәттер ондап, жүздеп саналады. «Жас-Ай» медициналық орталығы ашылғалы бері 7 мыңнан астам науқасқа тегін ем жасалып, олардың көбісі құлантаза айығып кетті. Мұндай жақсылық пен ізгілік жігіттің сұлтанының қолынан ғана келеді емес пе?!

Түрік ағайындарда «Ыстамбул бірден Ыстамбул бола қойған жоқ» деген мақал бар. Он жылдан астам уақыттың ішінде бір Қазақстан ғана емес, алыс-жақын шет елдерге қол жеткен жетістіктерімен танылған денсаулық ошағының алғашқы іргетасын қалай қалағанын есіне алса, батылдығы мен нар тәуекелшілдігіне Жасанның өзі таңғалады.

Былайша айтсақ, дүние-мүлкін банкке кепілдікке қойып, несие алу үлкен тәуекелділік. Мұндай батыл қадам екінің бірінің қолынан келе бермейді. Қазіргі жалаңдап тұрған экономикалық дағдарыс кезінде қыруар қаржыны уақытында қайтара алмаса, бәрінен

айырылатынын біле отырып, Жасан белін бекем буды. Медициналық орталыққа жұмсалған ақшаға өзіне, болмаса бала-шағасына арнап, зәулім-зәулім үй салып немесе сауданы шыр көбелек айналдырып, «есемім түгел» деп, шалқақтап жүруіне әбден болар еді. Өзге елде жүріп-ақ, өз елінің бір кірпіші болуды армандаған жігерлі, ұлтжанды азамат «Үлкен қадамға бармасам – туған елімнің алдындағы зор борышымды орындай алмаймын» деп ой түйді. Өзінің ел үшін жасаған игілікті ісі халық игілігіне жарап, лайықты бағасын алатындығына ол кәміл сенді де.

Иә, «көз – қорқақ, қол – батыр». Алдына қойған мақсатын орындау жолында Жасан талай-талай қиындықтарды басынан кешірген, аяғындағы киген туфлиінің табаны тесіліп қалған сәттері де болды. Бірақ жігері жасымады, елге жаны ашымайтын небір бюрократтардың есігін мың рет ашып, тоңмойын жандарға қолға алған ісінің адамзат болашағы мен денсаулығы үшін қажет екендігін дәлелдей білді.

Халық алдындағы абыройды, құрметті сатып ала алмайсың. Сондай-ақ, елдің алғысын, көптің батасын алу – кез-келгеннің еншісіне бұйырмайтын сыбаға. Адамның қадір-қасиеті өзі өмір сүрген ортада істеген қызметі, жүрген жүрісі, адамдық қасиетімен өлшенері даусыз. Жасанның тұла бойындағы осы даралық ерекшеліктер оны үлкен құрмет биігіне көтере білді.

Қасиет те, қабілет те адамның бойына туған ата-анасынан, тіпті бабаларынан даритыны анық. Бірақ өмірдің соқтықпалы-соқпақты, бұралаң жолдарында соны бәз-баяғы қалпында ұстап отыру да керек. Күрмеуі көп қандай істе, қандай жағдайда да ерекше сабырлы болу – Жасанның құдай берген тағы бір ерекшелігі болып саналады. Ширыққан жағдай туа қалса, оның ақ-қарасын анықтап, байыбын анықтап алмай байлам жасау, артық-ауыс ұсақ-түйекті әңгіме ету оған жат нәрсе. Ақылдылығымен табанда жол таба білетін тапқырлығының арқасында, кез-келген даулы мәселе оп-оңай шешімін тауып жүре береді. Кез келген топта, жұмыс істеген ортасында, тіпті емделушілерімен де осы

қалпын сақтайтындығын үлкенді-кіші үнемі сүйсініп айтып отырады. Ешқашан өтірік сөйлемей және қолынан келмейтін нәрсеге уәде бермеу, уәде еткен екен, оны орындау – Жасан үшін бала кезінен қалыптасқан қасиет. Бастаған істің сапалы орындалуын қадағалауға көп мән беріп, тек сабырлылық, адалдық қасиеттерімен халық сенімінен шығуға болатындығына Жасан әлдеқашан көз жеткізген.

Бүгінде қазақтың бір тұлғалы азаматына айналған профессор, академик еңбек жолын қарапайым қызметтен бастады. Бірден дайынға тап болған жоқ. Өз саласындағы қызметтік баспалдақтардың барлығынан өтіп, өз еңбегімен биікке көтерілді. Барлық табыс адалдықтың арқасында таза еңбекпен, маңдай термен келді. Жасан әрқашан да «Сабыр түбі – сары алтын», «Сабырсыз сырын алдырар», «Кең болсаң, кем болмайсың» деген халық даналығын Жәкең өмірлік ұстанымына айналдырды.

Инемен емдеу дегенді бұрын-соңды естімеген жұрт, адамзат игілігі үшін жасалатын медицина жетістіктерін тек теледидардан, қытай фильмдерінен ғана көретін. Денсаулығымызды одан сайын құртып аламыз деген үрей мен қорқыныштан «Жас-Ай» медицина орталығын айналып өтетіндер, бүгінде өздері іздеп жүріп табатын болды.

Алғашқы іргетасы қаланған 2004 жылдан бері он жылдан астам уақыт ішінде, академик Жасан Зекейұлы жетекшілік ететін медициналық ұжым бүгінгі таңда заманауи құралдармен жабдықталған ірі медициналық орталыққа айналып отыр. Бес қабатты, алпыс төсектік ауруханасы бар емдеу орны Қазақстан бойынша медициналық кластер жүйесі негізінде алғашқылардың бірі болып қызмет көрсете бастады. Атқарылған игі іспен ізденістің нәтижесінде «Жас-Ай» медициналық орталығы республика бойынша ең көп халықтық сұранысқа ие болып, жеке медициналық орталықтардың арасында көш бастады.

Мыңдаған жандарға ем болған шипа орнына кіреберісте академик Жасан Зекейұлының «Келген жанның

бәріне кішіпейілділікпен, мейіріммен қараңдар! Жанына демеу болыңдар! Бұл – сендердің міндеттерің!» деген қанатты сөзі ерекше назар аударарлық.

Медициналық орталыққа қай кезде келсең де, үлкен қарбалас үстінде жүрген мейірбикелер мен ақ халатты абзал жанды дәрігерлерді көресіз. Жасан Зекейұлының қабылдауына бір-екі апта бұрын, тіпті бір ай бұрын жазылып қойып, кезегін күтіп отырған науқастарды көптеп кездестіруге болады. Олардың арасында қаланың ақ жағалы тұрғындарымен қатар, Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі ауылдардан келген қаракөз ағайындар да бар. Тек қазақ ұлты ғана емес, әр ұлттың өкілдері, сондай-ақ, ТМД елдерінен келген шетелдіктер де ұшырасады.

Немересін жанына алып, кезек күтіп отырған ақ жаулықты анамен танысып, әңгімеге тарттым:

– Жасан Зекейұлын әдейі іздеп, Қарағанды қаласынан келдім. Ауылдағы жақын құдағиымның танысының баласы осы жерден «ДЦП» дертінен жазылып шығыпты. Өз еркімен жүріп тұра алмайтын, тіпті өз қолымен тамақ іше алмайтын баланы Жасан бауырымыз емдеген соң, үйіне өз аяғымен қайтыпты. Сол сөзді естіп, үлкен үмітпен келіп отырмын. Әйтпесе немеремді апармаған аурухана, көрсетпеген дәрігерім қалмады, – деп көзінен еріксіз шыққан жасты жаулығының ұшымен сүрте берді.

Қасындағы әйелдің де көңілі босап:

– Әже, алаңдамаңыз! Алла шипасын берер, бәрімізде сол бір үмітті арқалап келіп отырмыз,.. – деп, жанында отырған көршісін жұбата бастады.

Мен жас нәрестенің айығып кететініне іштей сенімді едім. «Жас-Ай» медициналық орталығында он жылдан астам уақыттың ішінде қырық мыңнан астам науқасқа ем жасалып, мыңдаған адамдар айығып, шаңырақтарына үлкен қуанышпен оралды. Осы уақыт ішінде 500-ге жуық ана сәбилі болып, үлкен бақытқа кенелді. Көптеген сәбилер мешел (ДЦП) ауруынан айығып, аяқтарынан тік тұрып кетті.

– Дәрігерлік деген – үлкен өнер. Ал әрбір өнерді Алла тағала пендесіне аманатқа береді. Сол өнерді де жеке басының қамы үшін емес, елдің қажетіне жұмсасаң, игілікті істермен айналыссаң ел сеніміне бөленесің. Дәрігердің парызы, жауапкершілігі өте үлкен. Өмірдің қаншалық қымбат, жанның қандай тәтті, ажал мен аурудың қандай жақын екендігін күнде көріп, біліп жүресің. Барлығы көз алдыңнан өтіп жатады. Пенденің қаншалықты қауқарсыз екенін сәт сайын сезінесің. Осының бәрін көре тұрып, менмендік, тәкаппарлық жасаған дәрігерден ештеңе күтуге болмайды. Жақсы дәрігер болудың негізгі үш алғы шарты бар. Әрине, ең біріншісі – білім. Білімсіз дәрігер баланың қолындағы оқтаулы мылтықпен бірдей. Осыдан кейін – кішіпейілділік пен имандылық. Осы қасиеттің үшеуі де дәрігердің бойынан табылуы тиіс, – дейді өмірден көргені мен түйгені мол академик, дәрігер бір сұхбатында.

Қазақ жерінде шығыс медицинасы дегенде, ең алдымен, Жасан Зекейұлының есімі аталады. «Шығыс медицинасы мені танытса, мен шығыс медицинасын таныттым» деген академик сөздері үлкен шындықты аңғартса керек. Дәрігердің парызы аялы алақан, сырқаттың жай-жапсарын анықтап, нақтылы ем жасауға нұсқау беру. Сонымен қатар, өз туған жерінің саф ауасымен тыныстап жүріп ем алудың да біз байыбына бара бермейтін тылсымды тұстары бар. Ине терапиясымен сапалы ем алу үшін шетел асып, үлкен шығынға бату, түрлі қиыншылықтарды бастан кешіру арқылы алған емнің қона қоюы да екіталай. Осы мәселені түгел шешіп, шығыс-тибет медицинасында ем алу мүмкіндігін халқына сыйлаған адамға шынымен де халық алғысы шексіз. Әрбір адамның табиғаты туған жерімен тығыз байланысты. Сондықтан да туған жердің ауасы да, топырағы да оның дертіне дәру.

Жасан Зекейұлын дәрігер-академик ретінде бүгінгі таңдағы көптеген көкейтесті мәселелер әрқашан да қатты толғандырады. Белгілі академиктің «Қазіргі динамикасы өте жоғары ХХІ ғасырда бұдан бұрын кездеспеген түрлі дерттер адамзаттың алдында кесе

көлденең жатыр. Экология, ядролық жарылыстар, адамның өзіне өзі тауып алатын арақ-шарапқа әуестік, шылым мен нашарлық, құмар ойындары тудыратын кеселдер, өз ұлт дәстүріне жат тағамдарға әуес болу салдары бүгінде бүкіл адамзаттың көкейтесті мәселесіне айналды. Түрі мен дамуын өзгерткен эпидемиологиялық жұқпалы аурулар тағы бар. Туа біткен генетикалық аурулар, балалар сал аурулары, айта берсек толып жатыр. Мұның бәрі қазіргі уақытта дәрігерден терең білімділікті, сезімталдықты, байқампаздықты, аңғаруы мен түйсігі мол болуды талап етеді. Егер дәрігерде мұндай қарым-қабілет болмаса, ем жасарда қателік салдарынан түрлі қиындықтар тууы әбден мүмкін» деп, теледидардан берген салиқалы сұхбаты көпке үлкен ой салды.

Қай ғасырда болмасын, халқымыз емшісіз, тәуіпсіз болмаған. Елдің бағына ондай адамдар ұрпақ ауысқанмен бұрынғы сара жолға дақ түсірмей жалғастырды. Бірақ халық емінің негізіндегі көптеген құпиялар мен тәсілдерден түрлі саяси жағдайлар тудырған қысылтаяң кездерде қол үзіп қалдық. Ел арасында халық емшілері қолданған табиғи ем түрлерін тауып, аныққанығына көз жеткізіп барып, Жасан Зекейұлы өзі жетекшілік ететін «Жас-Ай» медициналық журналына үзбей жариялап келеді.

Бұдан бұрын да дәрігерлер әрбір сырқатқа ерекше назар салып, аурудың неден, қалай басталғанын қазбалап сұрап, тамырын ұстап, зертханалық тексерудің қорытындысына қарап, терең ойланып, талдап, қиналған кезде әріптестерімен ой бөлісіп, бір шешімге келіп, ауру диагнозын анықтап, ем-дом жүргізетін. Қалай болғанда да, тіпті бұдан 20 жыл бұрынғы уақытта да медицинада дәл қазіргідей диагностикалық аппараттар (фиброэндоскоптар, ультрадыбыстық зерттеу құралдары, МРТ, ЭКГ, т.б.) қолданыста жоқ еді.

Сөйте тұра, өз ісіне ерекше жауапкершілікпен қарайтын дәрігер қауымы ілуде бір қателесіп жататын. Өкінішке орай, қазір бәрін аппаратқа байлап тастадық. ғылыми техниканың жетістігіне ешкімнің қарсылығы жоқ.

Бірақ адам қолымен жасалған кез-келген аппарат көрсеткен нәтижені бірнеше қайтара тексеріп, сондай науқас түрлерімен салыстыра қарау жағы азайып барады. Жан-жақты тексеріп алмай диагноз қою – қате ем жасауға апаратынын дәрігер қауымы ешқашан естен шығармауы абзал. Профессор Жасан Зекейұлының ұстанымы осындай.

Жасан қытай елінде медицина саласы бойынша терең білім алған дәрігер. Ол Қазақстанға оралған соң С.Асфендияров атындағы Ұлттық Медицина университетінің Емдеу-хирургия факультетінің аспирантурасында білімін жетілдірді. Оқып жүрген кезінде бірлі-жарымды жандарға ине салып, біліктілігімен ерекше дараланып, есімі атала бастады. Еңбегі жоғары бағаланып, 1998 жылдары Халықаралық инемен емдеу академиясының академигі атанды. Алдына үлкен мақсат қойған Жасан Зекейұлы 2004-2007 жылдары ұстазы ҚХР Ұлттық Академиясының академигі Суньнің жетекшілігімен Шығыс-тибет медицинасы бойынша докторлық диссертациясын қорғап шықты. Іле-шала бұл ғылыми жұмыс Тәуелсіз Мемлекеттер Достығы елдерінде үлкен сұранысқа ие болып, үш академия бірлескен ғылыми кеңесте Жасан Зекейұлы Ресей медицина ғылымдары докторы диссертациясын абыроймен қорғап шықты.

«Жас-Ай» медицина орталығына еміне шипа тауып, жазылып кеткен жандардың алғыстары бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ әлеуметтік желілерде (фэйсбук) толассыз жарияланып жатады. Жаркент ауданы, Әулиеағаш ауылында тұратын Ұлан Жексенбиевтің шын жүректен шыққан алғыс сезімі кімді болмасын толғандырмай қоймайды.

«Мен 2007 жылы жол апатына ұшырап, жолдасым Тұрсынай қайтыс болды. Сол көлік апатына ұшыраған кезде көліктің ішінде бес айлық қызым да бар еді. Терезеден ұшып кетіп, періште қаққан болуы керек, құдай сақтап, аман қалды. Мен төсек тартып, Алматы және Талдықорған қаласындағы ауруханаларда ұзақ ем алдым. Өкінішке орай, еш нәтиже

шықпады. Салым суға кетіп, Қытайға барып емделсем деген оймен төлқұжаттарымды дайындап жүргенімде, Алматы қаласындағы «Жас-Ай» шығыс-тибет медицина орталығында халық денсаулығы үшін атқарылып жатқан игі істерді естіп, осы шипа орнына арнайы келдім. Мұнда шығыс-тибет емі бойынша ине қабылдадым. Жасан Зекейұлы жетекшілік ететін медицина орталығының нәтижелі шипасының арқасында бір жарым айдың ішінде денем қимылдап, жан біте бастады.

«Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» демекші, академик Жасан Зекейұлы менің екі емделу курсыма жеңілдік жасады. Ал, қалған бес емделу курсым төгін алдым. Бірінші, Алла Тағала қолдап, екінші Жасан ағаның жасаған емі шипалы болып, мен құлан-таза айығып кеттім. Жақында «Жас-Ай» медициналық орталығына өз аяғыммен келіп, белгілі дәрігер, академикке алғыс сезімімді білдірдім. Иә, менің бұл ұжымға деген алғысым шексіз. Өйткені, ақ халатты абзал жандар маған екінші өмір сыйлады. Еңбектеріңіз жемісті болып, биіктен көріне біліңіздер. Ел алғысына бөленіңіздер! Менің жүректен шыққан шын сөзім осы» – деп, Ұлан тебірене жүрек түкпіріндегі алғысын жеткізуге асығады.

Сөзіміздің басында «Жас-Ай» шығыс-тибет медицинасына үлкен үмітпен келген мыңдаған адамдардың құлан-таза жазылып кеткендіктері туралы деректер келтірдік. Алатаудың етегіне орналасқан шипалы емдеу орнына Қазақстанның түкпір-түкпірінен, одан да тысқары жерлерден алғысқа толы хаттар үздіксіз ағылып келіп жатады. Жақында сол алғысқа толы лебіздерден құрастырылған «Ізгіліктің ізі бар» атты кітап жарық көріп, оқырманның қолына тиді. Алғысқа толы әрбір хатты оқи отырып, ерекше тебіренесіз, үлкен мен кішінің жүректен шыққан алғыс сезімдері жан толқытады. Олар ең алдымен мейірімі шексіз Аллаға шүкіршілік етіп, жүрегі мейірімді, қолы алтын Жасан Зекейұлының дәрігерлік үлкен талантына баға береді. Адам баласына бақыт, өмір сыйлаған «Жас-Ай» медициналық орталы-

ғының ақ халатты, шипалы қолды, абзал дәрігерлеріне ризалық сезімдерін білдіреді.

Олай болса, шын жүректен шыққан сол ізгі тілектердің бірнешеуіне оқырманның назарын да аударайық.

Күлбағира Әлімқызы, Алматы қаласы:

Оң жақ бүйрегімнен бүктеліп, қозғала алмай, талай қиналдым. Бүйрек – адамның ең нәзік, бірақ, ең бір маңызды мүшесі. Бүйректің басты қызметі – қанды улы заттардан тазарту және ағзадан артылған суды сыртқа шығару. Бүйрек күніне, орта есеппен, 200 литр қанды сүзгіден өткізеді екен. Сонымен қатар ол қан қысымын реттеп, эритроциттерді өндіреді. Ең маңызды мүшенің де аурулары көп екенін өзім дертті болған соң барып білдім. Тамаққа тәбетім тартпайды, аз ғана артық ас ішсем болды, бүйрегім бүлкілдеп, жүрегім қысылады. Ақыры ультрадыбыстық зерттеуге тексерілуге (УЗИ) барып едім, «оң жақ бүйрегіңізде тас бар» деп көрсетіп берді. Сол диагнозбен талай мекеменің табалдырығын аттадым, бірақ алған емдерім нәтиже бере қоймады.

Соңғы үмітімді үкілеп, 2006 жылдың қараша айында «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығынан ем қабылдауға бекіндім. Бірінші курс ем қабылдағаннан кейін мен тамақ жей бастадым, сусындарды да көбірек іше алатын болдым. Бүйрегімнің ауырып, шаншығаны басылды. Ал екінші курс емінен кейін бүйрегімді УЗИ-ға түсірдім. Ол жерде маған «бүйрегіңіз таза» деген анықтама берді. Өз көзіме өзім сенбей, қатты қуандым. Осы медицина орталығында бөленген тағы бір үлкен қуанышым – қан қысымы ауруынан айыуым. Сондықтан, алдымен Аллаға, одан кейін осы медицина орталығы қызметкерлеріне шексіз алғыс білдіремін.

Майра – Назеркенің анасы, Маңғыстау облысы:

Сау дене, азат ақыл, адал көңіл,

Үшеуімен бақытты болады өмір – демекші, қызым Назеркені осы орталыққа 2011 жылы қыркүйек айында «ДЦП» диагнозымен алғаш алып келдім. Ең бірінші келгенде қызым өздігінен жүре алмайтын. Тіпті, орнынан тұра да алмайтын. Профессор Жасан Зекейұлы тамырын ұстап: «Егер, емді уақытында алатын болса, қызың аяғын нық басып, тұрып кетеді», – деді. Содан бері 4 курс ем қабылдадық. Қазір қызым өздігінен жүріп, орнынан тұра алады. Осының бәрі «Жас-Ай» орталығындағы мейірімі мол дәрігерлер мен мейірбикелерінің шипалы емдерінің арқасы деп білемін. Алғысым шексіз. Еңбектеріңізге тек табыс тілеймін, аялы алақандарыңызбен ауруларды емдей беріңіздер. Сіздердің қолдарыңыздағы алтын инелеріңіз, дәруменге толы дәрілік шөптеріңіз талай жаралы жүректерге жылу шапағатын шашатынына сенемін. Соның бірі – менің қызым Назерке.

Нұрдәулет Жанқараев, Жамбыл облысы:

Балалар сал ауруы диагнозы бойынша баламыз Жанқараев Нұрдәулетті алғаш рет «Жас-Ай» клиникасына алып келгенде өздігінен жүре алмайтын. Біреудің көмегіңіз орнынан тұра алмайтын, түнде дұрыс ұйықтай алмайтын. 1-ші курс емінен соң түн ұйқысы тыныштала бастады. 3 курстан соң орнынан өзі тұра алатын дәрежеге жетті. 5-ші курс емінен соң балам үлкендердің көмегіңіз жүре алатын болды. Баламыз толық жазылып кеткенше, «Жас-Ай» клиникасынан ем алуды үзбейміз деп отырмыз. Бірінші Аллага, екінші «Жас-Ай» клиникасының қызметкерлеріне алғысымыз шексіз. Профессор Жасан Зекейұлына, балалар дәрігері Айгүл Оңдасқызына көп рахмет! Бізге көрсеткен еңбектеріңіз бен жасаған жақсылықтарыңыз Алладан қайтсын. Баламыздың жазылғаны біз үшін үлкен қуаныш. Сіздерге деген алғысымызды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Баламызға болашағы бар өмір сыйлағандарыңыз үшін

Алланың нұры жаусын сіздерге! «Жас-Ай» орталығының одан әрі гүлдене беруіне тілектеспіз. Алдағы уақытта да көптеген науқастарды орнынан тұрғызып, еліміздің жарқын болашағына септігін тигізе алатындығына біз сенеміз.

Шерхан Мұртаза,

Қазақстан Республикасының Халық жазушысы

Қадірлі Жасан Зекейұлы! Сіз шекара асып, Қытай елінің медициналық құпияларын өз Отанына алып келген, бүгінде халқының игілігіне қызмет жасап, денсаулық қорғаушысы атанған ақ халатты абзал жандардың бірісіз. Көмекке зәру жандарды шипагерлік орталығында сауықтырып, талайларды ажал аузынан аман алып қалдыңыз. Дәрігерлік, дәругерлік жолдағы жасаған әрбір қадамың сәтті болып, арман-мұраттарыңа жету жолында Алла Тағала өзіңе қуат берсін! Сондай-ақ, халықты медицина саласындағы ақпараттармен құлағдар ету мақсатында жарық көріп отырған «Жас-Ай» журналының әұмыры ұзақ болсын! Бес жылдық тарихы бар шипагерлік ордаңыз ел алғысына толып, Ұлы Жаратушының нұрына бөленіңіздер! Лұқпан Хәкімнің ұрпағы, ізбасары, халық құрметтейтін Жасан мырзаға Алладан ұзақ әұмыр, зор денсаулық тілеймін.

Уәлихан Қалижан,

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты

Тәуелсіздік алғаннан кейін халық емі қолданыла бастады. Дегенмен, халық санасында ине, яғни алтын ине қою деген аңыз секілді естілетін. «Соған барып емделсек екен» деп армандайтынбыз. «Алтын ине емін алып, жазылып кетіпті» деген сөздер жай ғана қауесет сияқты болатын. Халықтың қолы осыған жете бермейтін. Енді, міне, қандас бауырларымыз Тибет медицинасын шекара асырып, өз Отандарына алып келді. Жақында Парламент жиынында Тибет медицинасын көптеп ашу мәселесі талқыланды. Болашақта бұл медицина толығымен халық игілігіне қызмет жасайды деп сенемін. Өзім де жақында осы «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығына келіп ем алып, қан қысымым орнына түсті. Халықты химиялық қоспасыз сауықтыратын алтын инелі орталықтың мамандарына және Жасан Зекейұлына айтар алғысым шексіз.

Мұрат Жұрынов,

ҚР ғылым Академиясының президенті,

ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, академик

Қадірлі Жасан Зекейұлы! Сіз классикалық Шығыс-тибет медицинасының қыр-сырын терең зерттеп, толық игерген ғалым дәрігерсіз. Сондықтан өз Отаныңызға оралып, Шығыс-тибет медицина орталығын ашқаныңызды туған еліңізге арналған үлкен қызмет деп санаймын. Шығыс-тибет медицинасы – адамзаттың мыңдаған жылдар бойы ғылыми-тәжірибелік зерттеулерінің негізінде қалыптасқан емдеу саласы. Оның көптеген құпия сырлары да бар. Бірақ, ол кәдімгі классикалық медицинаға қайшы емес, керісінше, оны толықтырады. Орталық дәрігерлерінің адам денсаулығын сақтаудағы табыстары мол болсын!



Тоқан Сұлтанәлиев,

А.Н. Сызғанов атындағы хирургиялық орталықтың директоры, профессор, академик

Қадірлі Жасан Зекейұлы! Шығыс-тибет медицинасының тәсілдері, соның ішінде ине терапиясы қазіргі медицинада кеңінен қолданысқа еніп отыр. Дегенмен, бұл емдеу тәсілінің еліміздегі ғылыми зерттелу деңгейі әлі де жеткіліксіз. Сіз сол емді Қазақстанда толыққанды жүзеге асырып, инемен емдеудің жаңаша түрін қолданысқа енгіздіңіз. Шығыс-тибет медицинасы халқымызға тың тыныс әкелді, инфильтрат, анастомоздың қабынуы мен асқынуы сынды ауруларды емдеуге жақсы нәтижелер көрсетті. Мыңдаған жандарды ауруынан айықтырып, Шығыс-тибет медицинасының нағыз білгір, ғалым-дәрігері екеніңізді дәлелдеп келесіз! Медицинаны жаңа қырынан танытып, ғылым саласына сіңіріп жүрген ерен еңбегіңіз үшін зор алғысымды білдіремін!

Әділ Ахметов,

ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, академик

«Жақсы істің басына, жақсы келер қасына» демекші, орталықтың негізін қалаушы әрі бас дәрігері Жасан бауырымыз – бүгінгі таңда елінің елеулісі, халқының қалаулысы деген биік атақтың иегері. Жасан өміші ретінде екі өркениеттің, атап айтқанда, қытай медицинасы мен отандық медицина саласының жетістіктерін жете игерген, кісілігі мен тектілігі жарыса жүретін ірі маман. Айтса, айтқандай-ақ, Жасан – тибет медицинасының да білгір маманы. Жасаған емі шипалы, айтқан сөзі дуалы, елге берер ақыл-кеңесі де уәлі. Жасан тек ел ішінде ғана емес, шетелдерде де, әсіресе, денсаулық сақтау саласы аса дамыған Еуропа жүрегіндегі Австрия мемлекетінде де аса танымал Вена университетінің құрметті профессоры, бүкіл әлемдік медицинаға қосқан ірі үлесі үшін берілген Сократ атындағы марапат-орденнің иегері.



Бүгінгі таңда «Жас-Ай» медициналық орталығы елімізде атағы кеңінен тараған, халық сүйетін де құрметтейтін институтқа, ал, орталық үздіксіз шығарып отырған «Жас-Ай» медициналық журналы халық аса сүйіп оқитын басылымға айналды. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Жасан батыр мен «Жас-Ай» орталығына тек жақсылық тілеп, осы орталықтың жетекшісі мен білікті мамандарына ел мұратымен шығатын биік асулардан аса беріңіздер деген ниет пен ізгі тілек жолдаймын!

Сәрсенбек Еңсегенов,

ҚР Парламенті Сенатының депутаты

Кәсіпкерлігін биік дәрежеде танытып келе жатқан Жасан Зекейұлы, Сізді «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының 10 жыл, «Жас-Ай» журналының 5 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, отбасыңызға, ұжымыңызға, алдағы атқаратын жұмысыңызға береке, табысты сәттіліктер тілеймін!

Сіз кәсіпкерсіз, бірақ та басқа кәсіпкерлерден айырмашылығыңыз – еңбегіңіздің ел алдындағы жауапкершілігі мол, жүктелген міндет үлкен. Анаңыздың сүтімен, әкеңіздің қанымен дарыған қасиетіңіз қазақ халқының ұрпағына, болашағына ғана септігін тигізіп қоймай, барлық адамзаттың денінің саулығына қызмет етсін деген тілек білдіргім келеді. «Теңіз тамшыдан құралады» демекші, дәл қазір тамшыдан басталған еңбектеріңіз төлегей теңізге айналды. Сондықтан да, «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының алдағы уақытта Елордасы – Астана қаласында да өз қызметін бастамақшы жоспары бар екенін білемін. Сол жоспардың жүзеге асырылуына тілекшімін.



Бақытжан Ертаев,**Халық қаһарманы**

Мен әскери еңбек етіп, зұлмат соғыс күндерін де бастан өткергендіктен, денсаулықтың қадірін жете түсінген жанмын. Денсаулық – адамның ең басты байлығы екенін ескере отырып, осы салада халыққа қажетті ақпарат бере алатын «Жас-Ай» секілді журналдың болуы заңды. Бұл басылымның да берер емі көп болсын!

Осыған мұрындық болып отырған Жасан Зекейұлын «Адам денсаулығының маршалы» десем, қателеспеймін. Журналдың «Жас-Ай» деп аталуының өзі «жасар, ауруыңнан айық» дегенге келіп тұр. Аты жақсының заты да жақсы болса керек. Сіздерге тілерім: игілікті істеріңізбен халықтың қажетіне жарай беріңіздер!

Адамның ағасы
 Денсаулық қорғаушы
 Жасан Зекейұлы
 Маршал
 Жасан Зекейұлына
 2011. 11.17



* * *

Денсаулық тақырыбында қазақ тілінде бірден-бір басылым Республикалық «Жас-Ай» медициналық журналының оқырман қауымына жол тартқанына 5 жыл толды. Ақпарат айдынындағы бес жылдың ішінде журналдың таралымы өсіп, оқырман көңіліне жол таба білді. Басылымның оқырмандары зиялы қауым, медицина саласының өкілдері, негізінен қарапайым халық.

Басылымның басты мақсаты – Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Салауатты Қазақстан» бағдарламасын іс жүзінде насихаттау, еліміздің денсаулық сақтау саласына тың жол ашып, жаңа серпін беру, бабаларымыз мұра етіп қалдырған емдеу әдістерін жаңғыртып, оны заманауи техникамен ұштастыру.

Жасан Зекейұлының жетекшілік етіп отырған «Жас-Ай» медицина орталығы осы күнге дейін 7 мыңнан астам адамға тегін медициналық көмек көрсетіпті. Егер осы игілікті істерді қаржы түрінде есептесек, 315 млн. теңгенің көлемін құрайды екен. Алматы облысы, Талғар ауданы, Талдыбұлақ ауылының тұрғыны Балтабай Жақсыбайұлының «Жас-Ай» медицина орталығына келгенде жағдайы тым ауыр еді. Жасан Зекейұлы науқасты мұқият қарап шығып, мидың әрекет жүйесі мен қозғалыс жүйесінің орта қуысына көп қан кеткені яғни, оң жақ ми бөлігіндегі қанның тоқтауынан аяқтары ұйып, істен шыққаны мәлім болды. Науқасқа он күннен үш рет ем тағайындалып, Жасан Зекейұлы өз қалтасынан науқастың толық айығып кетуіне 380 мың теңге жұмсады.

Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі науқас жандарға үміт отын сыйлау мақсатында көптеген игілікті істер жүзеге асырылып келеді. Бас пен жұлынның зақымдалуынан сал ауруына ұшыраған сегіз жасар Қыдырәлі де тегін ем алып, бүгінде аман-есен айығып кетті. Ол бүгінде

төртінші сыныпта оқып жүр. Чимеровтерге тегін ем жасалып, соның нәтижесінде ағайынды Кәмилә мен Дәмир де дерттерінен құлан таза айықты. Дәл осындай игілікті, қайырымды мысалдарды жүздеп санауға болады.

Жыл сайын қасиетті Рамазан айында сауапты іс жүзеге асырылып, жүз оқушы тегін киіммен, тұрмысы төмен оқушыларға дербес компьютер сыйға тартылады. Сондай-ақ, балалар үйіне теледидар, кір жуатын машина, компьютерлер, қыстық-жаздық киімдер, мектеп құралдары, музыкалық аспаптар сыйлады.

Жасан Зекейұлының дәрігерлік қызметіндегі қол жеткен жетістіктері мен табыстары бір төбе. Ал, азамат ретінде, бүгінгі қоғамға қосып жатқан ерекше үлесі бір төбе, ал еліміздің біртуар көрнекті ақын-жазушыларына деген атымтай жомарттығы, қайраткерлігі өз алдына бір төбе. Сол жақсылықтардың иесі ретінде біраз зиялы қауым бауырларымызға темір тұлпардың тізгінін ұстатты. Сонымен қатар, өткен жылы қазақтың классик ақыны Жәркен Бөдешұлының 70 жылдығына орай, Жасан бауырымыз ақын ағасына көліктің кілтін сыйлады. Бұл – ақынға деген шынайы құрметтің белгісі емес пе!

Өткен жылы Жәкең қазақтың ханы Абылайханның бас қолбасшысы Баян батырдың ескерткішін орнатуға лайықты үлес қосып, демеушілік жасады. Осының бәрін Жәкең ұлтымыздың ертеңі мен бүгіні үшін жасайды. Ол кімге болса да, үлкен өнеге іс.

Медицина ғылымдарының докторы, академик Жасан Зекейұлының ерекшелігі үнемі ізденіс үстінде жүретіндігінде. Тың идеялар мен жаңалықтар енгізуге ерекше назар аударып, дамыған елдерге жасаған іс-сапарлардан қорытынды жасап, сол елдің медицинадағы озық жетістіктерін «Жас-Ай» медицина орталығына жан-жақты қолданып отырады. Бұл игі шаралардың тиімділігі де өте мол.

Еңбек пен ізденістің нәтижесінде 2006-2009 жылдар аралығында білікті басшы, білгір ғалым Қазақстан халық емшілері қауымдастығының «Халық емшілігін дамытуға қосқан үздік үлесі үшін», «Халықтың денсаулығын жақсартудағы емшілік қызметіндегі үздік жетістіктері үшін»,

және басқа да құрмет белгілерімен марапатталып, абыройы арта түсті.

2006 жылы «Үздік дәрігер», ал 2007 жылы «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі» атағына ие болды. Халықтың зор ықыласына бөленген абзал жан 2008 жылы «Алтын жүрек» наминациясының иегері атанды. 2009 жылы Тараз қаласында өткен қазақ емшісі Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы атындағы VI Халықаралық конгресте «Үздік зерттеуші-ғалым, емші» деген атаққа ие болып қайтты. 2010 жылы Вена қаласындағы Халықаралық университетінің құрметті профессоры атағын алып, елге үлкен абыроймен оралды. 2014 жылы академик Жасан Зекейұлы 3 мың жылдықтың үздік емшісі атанып, арнайы медальмен және дипломмен марапатталды.

Нобель сыйлығының лауреаттары Джон В.А.Неттинг және Уил Гулдхир сияқты аса беделді ғалымдар қазылық еткен Сократ Комитеті Оксфорд Саммитінің шешімі бойынша Жасан Зекейұлы 2012 жылы дүниежүзілік ғылыми интеграцияны дамыту мен өз кәсіби қызметінде заманауи озық технологияларды игеру мен барынша тиімді пайдалануға қосқан жеке үлесі үшін ғылым саласында бүкіл әлем бойынша ең беделді саналатын Халықаралық Сократ орденімен марапатталып, беделі өсе түсті.

Қазіргі экономикалық дағдарыс кезеңінде сексеннен астам адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп, ырыс пен берекенің үлкен қара шаңырағына айналған, науқас жандарға қуаныш пен бақыт сыйлап, үміт отын жандандырған, Алатаудың етегінен ойып тұрып орын алған «Жас-Ай» медициналық орталығы туралы көптеген жүрежарды сөздер айтуға болады. Жақсы іс әрқашан да көңілге қуаныш әкеледі. Жасан Зекейұлының шәкірттері бас директордың орынбасары Бибігүл Нұртазаева мен жоғары дәрежелі инетерапевт Бибісара Кеңесқызы және басқа да медицина қызметкерлері жөнінде көптеген жылы лебіздер естуге болады. Ақ халатты, ізгі жүректі жандар – Жасан ағамыздың оң қолдары, игілікті істі жалғастыратын сенімді көмекшілері.



Халқына Жасан жасап жақсылығын,
Мерейі күннен күнге асты бүгін.
Ел мүддесін өзінен биік ұстап,
Көрсетті қасиетін, тектілігін.

Даңқын естіп алыс-жақын жерінен,
Үміт артып қалың науқас көрінген.
Жанұяға қуанышпен оралған,
Шипа қонып Жасан берген емінен.

Алға қойған мақсаты оның саналы,
Сырқатыңды тамыр ұстап табады.
Шаңырағына бақыт қонып жұбайлар,
Болып жатыр емінен соң балалы.

Ақсай басып ауырғандар аяғын,
Тастап жүрер аз күннен соң таяғын.
Қан қысымы көтерілген науқас пен
Күйзелістің емін тапқан нояным!

Отасыз-ақ, «грыжа» мен «ракты»,
Ине-шөппен ем жасайды тұрақты.
Жылы сөзі ұяласа жүрекке,
Күндей себер мейірімін шуақты.

Ине-шөппен емдеудің білдің сырын,
Құдіреті жоғары алған, сенің білімің.
Қызметің, отбасың аман болсың,
Ата берсін арайлап алтын күнің!

Міне, осындай ізгі тілегім,
Дәрігерлік машақатты іс білемін.
Атақ-даңқ, өзі-ақ сені іздеп табады,
Науқастармен бірге ауырса жүрегің.

Түзелбек ӘБЖАНҰЛЫ



*Көкірегі ояу, көзі ашық керемет жан,
Өн бойына құдірет ұялаған.
Шипамыз өз еліме дарысын деп,
Жасан келді елі үшін асып қырдан.
Шипа іздеп мұқтаж жандар жанына,
Кезек күтіп ағылады алдында.
Емнің шипасы табылды,
Жасан келіп, еліміздің бағына.*

ТҮЙІН

Айтқанымдай, мен Семей облысы Ақсуат ауданы Ақсуат ауылында дүниеге келіппін. Кітап қолжазбасы аяқталған кезде, Жасан Зекейұлының жұмыс орнына келдім. Іші әсем безендірілген, бесінші қабаттағы үлкен залдың түпкі жағында сыйлы қонақтар қабылдайтын арнайы бөлме бар. Сол жерде биік үстелге жайылған дастарқан басында Жасанмен бірге оның өзімен қатарлас бір ер мен әйел отыр екен... Мен бұларды қайдан көрген адамым деп, шырамытқандай болдым. Өте бір жақын танысым тәрізді.

– Жәке, жақсы келдіңіз, мына кісілер сіз жазған кітабыңыздың ең бір көңілге ыстық кейіпкерлері... Баяғыда мен Үрімжіге оқуға барғанда, жақын танысып, достасып кеткен Алтайлық Ағажай мен жұбайы Жангүлім ғой, – деп Жасан тебірене үн қатқанда ерлі-зайыпты екеуі орындарынан ұшып тұрып, менімен қауыша амандасып жатты.

– Қытайдан Қазақстанға өткен бойларында ат басын маған тіреп, отырған беттері мен үшін үлкен мәртебе. Достарынан баяғыдағы өртенген үйден аман қалған қасіретті әңгімелері менің әкем Зекей қайтыс болып,



қайғыдан қан жұтқан кезімізде достарым маған үлкен сүйеу болды. Осыдан он бір жыл бұрын мен Алматыға аттанар кезде, екеуі шекараға дейін бірге келіп, қимай шығарып салған еді. Содан бері талай заман өтті. Бүгін сол баяғы қара нанды бөліп жеп, қара шәйімізді бірге ішкен достар құстай ұшып, бірінші болып маған ат басын бұрғаны үшін үлкен рахмет айтамын. Бүгінде достарым Үрімжіде медицина саласының белді-беделді дәрігерлері, – деді Жасан, үзілген сөзін жалғап. Жас шамаларына қарай ерлі-зайыпты екеуі жарасымды толысқан. Өмірден өз орындарын тапқан бақытты отбасы екені аңғарылады.

– Сіз 1989 жылы осы жақтан жиырма жеті жылдан кейін, туған жеріңізге алғаш өтіп, Толы ауданында Жасан, Жангүлім үшеуімізбен кездескеніңіз есіңізде ме? Содан бері жиырма алты жыл өтіпті. Шіркін, уақыт желмен жарысқан бәйге атынан да жүйрік қой – деп Ағажай орнынан тұрып, ықыластана қолымды алды.

– Сол жолы бір күн бірге болып, әңгімелескеніміз әлі есімізде. Кітап кейіпкері болып жатқанымызды естіп, сол үшін Жасан досымызға арнайы келдік. Құрметті Жанат Ахмади аға, сізге алғысымыз шексіз, – деп толқын қатқан Жангүлімнің әдемі жүзі бал-бұл жайнай түсті.

– Жасан, – деді әңгімеге Ағажай араласып, Алматыға аттанарда талай жақсылығын көрген, ұлты қытай болса да, жаны қазақ Шияу Ли ағамызға арнайы кіріп шыққан едік. Ол біздің сапарымызға балаша қуанды.

– О-о-о, қандай тамаша, қандай ғажап! Жасан інімізге Ақжолтай ағаң ыстық сәлем жолдап жатыр, – деп айта барыңдар. Тумаса да туғандай болып кеткен тұлғалы азаматтың шыққан биігін естіп, әрдайым қуанып жүремін. Тілекшісі болып жүремін. Біздің Жасан Шығыс-тибет медицинасының ең биік шыңына шықты. Профессор, академик атанды. Дүниежүзінің ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін Сократ орденімен марапатталды. Бұған қалай қуанбайсың?!. Менің інім Қытай мен Қазақстанның арасындағы бір алтын көпір ғой.

Жасан қазақтың белді руларының бірі – Уақ елінен шыққан әйгілі Бек емші, Өтейбойдақ сияқты шипагерлердің атадан балаға мирас болып келе жатқан дәстүрлі жолын жалғастырды. Жасан інімнің атақ-даңқы дүниежүзіне белгілі кәріс емшісі Хоның қолжеткен биік дәрежесіне жетуіне тілектеспін.

Өттең, Зекей ағам ұлының шыққан биігін көре алмай, арманда кетті. Шәрипа қарындасыма да менен арнайы сәлем айтыңдар. Шынымды айтсам, қарындасым мен інімді қатты сағынып жүрмін. Менен дұғай-дұғай сәлем айтыңдар, – деп Шыңжаң-Ұйғыр Автономиялық ауданында үлкен партиялық қызметте отырған Шияу Ли ағамыз бізбен қимастық сезіммен қоштасты.

Қазақтың салт-дәстүрімен мол етіп жайылған дастарқан үстінде сағынышқа толы, сағымдай бұлдырап, алыстап кеткен сол бір күндер туралы талай-талай әңгіме өрбіді. Жасан әкесімен бірге тай-құлындай тебісіп өскен қимас достары мен замандастары Кейқуат, Сақан, Ризат, Зәмзегүл, Жамалхан, Бәдет, Сұлтан, Сүлеймен, Хабидолла, Қали, Райыс, Шырай және Әнуарды еске түсірді.

*Өмір, өмір, өмір-ай,
Кейде тұнық, кейде лай.*

Бір күн өте шығасың,

Қамшының келте сабындай, – деп, ақын жырламақшы, бүгінде асқар таудай әкесінің адал достарының көбісі бұл фәниде жоқ. Бірақ соңдарында ізгілік, жақсылық жолдарын қалдырды. Өскен-өнген ұрпағы қалды.

Жарасымды әңгіме қыза түскенде ішке рұқсат сұрап, Жасанның көмекші хатшысы кірді.

– Жасан аға, айыпқа бұйыра көрмеңіз – деді Шолпан, биязы үн қатып, қабылдау бөлмесінде Маңғыстау облысынан келген бір кейуана күтіп отыр. Төрт жасар немересі сал ауруымен ауырады екен. Мүмкін болса, сіздің қабылдауыңызды өтінеді.

– Шолпан-ау, ол кісі келген бойда маған ескертпедің бе?! Үлкен кісіні күттіріп қойғаным ыңғайсыз болды-ау,

ішке кіруін өтін! – деп Жасан отырған орнынан ұшып тұрды.

Төрт-бес жастардағы ер баланы қолынан жетектеген жолаушы әйел үлкен кабинетке имене кірді. Ақ жүзін әжім жолдары шимайлаған ақ шашты ананы Жасанның өзі қарсы алып, жылы амандасып, немересі екеуін дастарқанның төріне отырғызды.

– Апа, жер түбінен келген екенсіз, сізді сәл күттіріп қойғаныма кешірім өтінемін. Қытайдан бала кезімнен бірге өскен достарым келіп, біраз өткен-кеткенді айтып, отырып қалыппыз. Қысылмай, дәмнен алып отырыңыздар. Ыстықтай шәй ала отырыңыздар! – деп көпті көрген Жасан кейуанаға шын пейілмен сый-құрмет көрсетіп жатыр.

– Еш оқасы жоқ, айналайын. Орталарың толсын, бұл дүниеде адал да, ізгі ниетті достарға не жетсін! – деді, немерелі ана қолына шай құйылған кесені алып жатып, – Қазақта «Түсі жылыдан түңілме» деген сөз бар. Академик басыңмен өте бір кішіпейіл, инабатты жан екенсің. Бір жаратқан ием әрқашан да жолыңды оңғарсын, қарағым. Мен сонау алыстағы Маңғыстау түбегінен арнайы келіп отырмын. Құдай берген жалғыз немерем екі жылдан бері сал дейтін дертке ұшырады. Бармаған жерім жоқ, аспаған тауым жоқ. Өкінішке орай, ем қонбады. Өзің де жақсы білесің, қарағым. Маңғыстау деген жер – өте бір қасиетті де киелі өлке. Ол – 362 әулиенің мекені. Мен сол әулиелердің бірі, бүкіл қазақ пір санаған Бекет Атаның ұрпағы болып келемін. Осыдан жарты ай бұрын жарықтық түсіме кіріп, «Қызым, немереңе ем қонбай, қатты қиналып жүрсің. Сен Алматыға бар. Сол әсем Алматыда, Алатау бөктеріндегі үлкен жолдың үстінде бір шипалы емдеу орны бар. Немереңе шипа сол жерден табылады» деп аян берді. «Сұрай-сұрай Меккеге де жетесің» демекші, өзіңді тауып келіп отырмын. Атақ-даңқың бір Қазақстан ғана емес, көптеген жерлерге белгілі екен. Қол ұшыңды бере гөр, айналайын!



– Қош келіпсіз, апа! – деді Жасан жолаушы кемпірге жылы ұшырай қарап. – Бәрі де Алланың қолында ғой, құдай қаласа, немереңіз жазылып кетеді. Еш алаң болмаңыз. Қазір шәй ішіп болған соң бас дәрігердің орынбасары Бибігүл Нұртазаева қызыңызға тапсырма беремін. Сіздер орналаса беріңіздер. Ертең өзім немереңізді мұқият қарап шығамын.

Шайдан соң біз далаға шықтық. Сырт қараған көзге Алатаудың бөктерінде, Әл-Фараби даңғылының оң жағына орналасқан «Жас-Ай» медициналық орталығы ерекше көз тартып тұрады. Біз далаға шыққанда Алматының ақ жаңбыры құйып, жауып тұрды. Көп ұзамай-ақ, ақ жауын басылып, күннің көзі шайдай ашылып, көгілдір аспанда ғажайып кемпірқосақ пайда бола қалды.

– Жаңа жауған жаңбыр – ақ нұр ғой – деді Ағажай Алматының табиғатына сүйсініп.

– Ал, кемпірқосақ – біздің нұрлы жолымыз! – деді Жасан, ойлы үн қатып.

Мен осы көріністерге тебірене қарап тұрып, осының бәрін ізгілікке, жақсылыққа ғана жорыдым.

Алматы қаласы.





Сөз басы	4
Бірінші бөлім. Шытырманда	9
<i>Бірінші тарау.</i> Ел ағасы	10
<i>Екінші тарау.</i> Маусым шуағы	26
<i>Үшінші тарау.</i> Қарбалас	46
<i>Төртінші тарау.</i> Тауқымет	66
<i>Бесінші тарау.</i> Бақыт жолы	86
<i>Алтыншы тарау.</i> Халық коммунасы	110
<i>Жетінші тарау.</i> Жаңғырық	120
Екінші бөлім. Шығыс Алауы	143
<i>Бірінші тарау.</i> Таңғы арай	144
<i>Екінші тарау.</i> Қауызы қалың дән солмайды	166
<i>Үшінші тарау.</i> Топырағын таппай, дән өнбейді	208
<i>Төртінші тарау.</i> Ел азасы	239
<i>Бесінші тарау.</i> Асыл нәсілдер	264
<i>Алтыншы тарау.</i> Жұбаныш	274
<i>Жетінші тарау.</i> Ісіне қарай мезіреті	284
Сөз соңы немесе эпилог	292
Түйін	313



Естеліктер үшін



Жанат Ахмади

ТЕКТІЛІК ТЕГЕУРІНІ

(Этнографиялық роман)

Жауапты редакторлар: *Дoқтырхан Тұрлыбек,*
Қаншайым Тәуірбай

Суретшілер: С. Жаманқараев, А. Мұқанов, Ә. Ертуганұлы,
Т. Ұлықпанұлы, С. Байжұмаұлы, О. Климова

Көркемдеуші редактор *С. Табалдинова*

Техникалық редактор *О. Любовицкая*

Компьютерде беттеген *А. Әміреева*

«Жас-Ай» медицина орталығының «Медиа» баспасөз қызметінің, компьютерлік орталығында теріліп беттелді. Теруге берілді 12.08.2015. Басуға 25.03.2016 қол қойылды. Пішімі 84x108^{1/32}. Қаріп түрі “ArialCyr.kz”. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 21.75.

Тел.: 8(727) 302-15-40, 390-19-19. факс.: 302-15-398;

моб.: 8-777-232-18-71. Сайт: WWW.jasai.kz.

Элект. пошта: *zhasai_67@mail.ru*

Алматы қаласы, Витебская көшесі, 42 үй. Әл-Фараби және Розыбакиев даңғылдарының қиылысы. Таралымы 4000 дана.

Тапсырыс №